

**ҚАЗАҚСТАН
ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ
ӘДЕБИ-ӘЛЕУМЕТТІК
ЖУРНАЛЫ**

1922 жылдан шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ –
Қазақстан Жазушылар одағы

**РЕДАКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ –
Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

АМАНШАЕВ Ермек
АХМЕТБЕКҰЛЫ Алмас
ӘШІМҰЛЫ Асанәлі
БЕГМАНОВ Қасымхан
ЕЛУБАЕВ Смағұл
ЖАҚЫП Бауыржан
ИМАНҒАЗИНА Бибігүл
ҚОЖАХМЕТОВА Мағира
ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет
МАТЫЖАНОВ Кенжехан
МӘЖИТОВ Марат
МЕНДЕКЕ Әмірхан
НҰРЖЕКЕЕВ Бексұлтан
ОРАЗАЛИН Нұрлан
ОРАЛБАЙ Өтеген
СЕГІЗБАЙҰЛЫ Кәдірбек
ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт
ФАЗЫЛЖАНОВА Анар
ЫБЫРАЙЫМ Бекен
ІЗМҰХАМБЕТОВ Бактықожа

БАС РЕДАКТОР

Дәурен ҚҰАТ

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ**

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Нұрлан ҚАМИ

ART-РЕДАКТОР

Марат СӘБДІКЕН

ТІЛШІЛЕР:

Жұмабай ҚҰЛИЕВ,

Бектұр ТӨЛЕУҒАЛИҰЛЫ
(Маңғыстау облысы),

Нұрдәулет АҚНАЗАРОВ
(Атырау облысы),

Сабырбек ОЛЖАБАЙ
(Оңтүстік өңірі),

Толымбек ӘБДІРАЙЫМ
(Арқа өңірі).

КОРРЕКТОР

Бағдижамал ТӨЛЕШҚЫЗЫ

КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР

Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Редакцияға түскен шығармалар редакцияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Жұлдызға» сілтеме жасау міндетті.

Жарияланған дүниелердегі деректердің нақтылығына авторлар жауап береді. Пікір-толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.

© «Жұлдыз»

МАЗМҰНЫ:

Алаштың шашырағы

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ	3
--	---

Әдебиет әлеміндегі алыптар

ҚАЙСАР ӘЛІМ МІРЖАҚЫПТЫҢ ОРАЛУЫ	
Хикаят-сапарнама	17
ЖҰМАБАЙ ҚҰЛ АҚША БҰЛТТАЙ АҚПЕЙІЛ...	42
Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ ҚОС МАЙДАННЫҢ ҚАҒАРМАНЫ	45
Светқали НҰРЖАН АТА ҚЫРАН САҢҚЫЛЫ	49
Кәмен ОРАЗАЛИН АБАЙ АУЫЛЫНДА	53

Алтын өзек

Қанат ӘБІЛҚАЙЫР ТӘЖІК ЖАЗУШЫСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ ТАНЫТҚАН ӘУЕЗОВ	59
--	----

«Жұлдыздың» жалғыз сауалы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ ЗАМАННЫҢ КҮРДЕЛІ БОЛМЫСЫН КЕЙІПТЕЙ АЛДЫ МА?	73
---	----

Поэзия

Тоқаш БЕРДИЯРОВ МЕНІҢ ТОЙЫМ БОЛҒАН ЖОҚ...	84
Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ БЕКЕТ-АТА БЕЙІТІ БАСЫНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС	87
Айсұлу ҚАДЫРБАЕВА ӨСИЕТНАМА	91

Сұхбат

«ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ» – МЕНІҢ ЖАН ДАУЫСЫМ	97
---	----

Сүйір тіл

Мыңбай РӘШ КӨЗІМ КӨРГЕН КЕЛЕМЕЖ...	103
--	-----

Оқтаулы мылтық

Үмбетбай УАЙДИН БІЗ БЫЛАЙ БАЙЫҒАНБЫЗ...	108
---	-----

Ақунақ

Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ АЛТАЙ БИ. (Тарихи дастан)	113
Ерғазы МАНАПҰЛЫ ӘЛІППЕСІН ӨМІРДІҢ, ТАУЫСА АЛМАЙ КЕЛЕМІН...	133
Сәрсен ҚАДЫР БАБАЛАРДЫҢ ІЗДЕП ЖҮРМІН САРЫНЫН...	137
Құрманжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ КИІЗҚҰЙРЫҚ ҚАРА АЙҒЫР	141

Сөз сөзгесі

Гүлжаһан ОРДА ТАМШЫМЕН ТЕҢІЗ ТОЛҚЫТҚАН («Ақсақ Темірдің алмас қылышы» жинағы негізінде)	157
---	-----

Қуыс қанат тырналар

Хушанг Муради КЕРМАНИ БАЛА МӘЖИТТИҢ ХИКАЯЛАРЫ	168
---	-----

Ел тынысы

Жұмабек ҚАРАЖАНОВ ТАСҚЫННЫҢ ТАУҚЫМЕТІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ	188
--	-----

Сөз маржаны

ЖЫЛОЙДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ	193
----------------------------------	-----

«Жұлдыздың» шеберлік мектебі

КҮРЕС ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МЕЙРАМЫ (Сұхбат)	203
---	-----

Жұлдызнама

АЙ	207
-----------------	-----



*Алаштың
шамшырағы*

**Уәлихан
ҚАЛИЖАНОВ**



АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

(Ғылыми-танымдық эссе)

БЕЛОРУССИЯ: «ҰЛТ САНАСЫН ЖАҢҒЫРТҚАН»

«Белоруссия үшін Абай бөтен емес».

Бұл сөздерді «Абай Құнанбаев және Белоруссия әдебиеті» деген мақаласында белгілі әдебиеттанушы Владимир Гниломедов жазыпты.

Ол Абай өлеңдерін Янка Купала есімімен бірлікте қарастырады және XIX ғасырдың басы мен XX ғасырдағы Абай мен беларусь ақындарының үндестігіне назар аударады. Адам өмірі, қоғамдағы қалыптасқан жағдай, бай мен кедей, қараңғылық түнегінде қалған халықтың жай-күйі ақындарды алаңдатқаны сөзсіз. «Абай шығармашылығы – буырқанған поэзия, – деп жазады ол. – Ақын Абайдың ой-жүйесі, сезімі мен сергелдені, ұлттық сананың заманға сай келе бермеуі оны қалай толғантса, беларусь ақындарының жан дүниесі де сондай күй кешті. Ол Абайдың «Жаз» өлеңінен мысал алады.

*Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап.*

Сонан соң Янка Купаланың «Жаз» деген өлеңін мысалға алады.

*Жаз, гүл көмкөрген кестелі,
Жүрекке жылы тиесің,
Жайқалған егін дестелі,
Жұпар иісті сезесің (У. К.).*

Табиғат сұлулығы мен адами сұлулығы қабысып, тылсым дүние әлемі қабысып, жарасым табатын сәттері қандай!

Владимир Гниломедов жазушы Морис Симашконың: «Абай – халықтың айнасы, халық жүрегінің рухы. Еуразияның дала төсімен небір халықтар Шығыстан Батысқа өтті. Бірақ қазақтар өздерінің байырғы табиғаты мен

(Жалғасы. Басы журналымыздың №8-9 сандарында.)

жан танымын сақтап қалды», — деген сөзін мысалға ала отырып, ұлттың биік асыл қасиеттерін атап өтеді. Ол — ұлттың қадір қасиеті, кеңдігі, адалдығы мен адамгершілігі, шыдамдылығы.

Абайдың ағартушылық рөлін айта отырып, автор оның «Қарасөздері» мен Якуб Коластың «Өмір туралы әңгімелері» арасындағы ұқсастықты көреді.

«Қазір Абайдың ақындық болмысы, арман-мүддесі жолы адамзаттың құндылықтар өлшемі екені айқын көрініп отыр. Біз оны әлі тани түсуіміз керек. Абай қазақ үшін ғана қадірлі емес, беларусьтер үшін де қымбат», — деп түйіндейді өз сөзін Владимир Гниломедов. Орынды айтылған сөзге қазақ оқырмандары қосылады деп ойлаймын.

Минскіде шыққан «Звезда» альманағында 2014 жылы көрнекті әдебиетші Микола Метлицкий «Ақынды сүйсең, халқын да сүйесің» деген танымдық мақала жариялайды. Ол Абай шығармашылығы Белоруссияға келген кезде ерекше танымал болғанын айта отырып, Кеңес Одағы кезінде және бүгінгі Ресейде аударылған Абай өлеңдерін оқып тәнті болғанын және өзі де Абай лирикасын беларусь тіліне аударуға кіріскені туралы қуана жазады.

«Мен бір тілден басқа тілге аудару үшін сол тілді толық меңгеру қажет емес деп есептемеймін, — дейді ол. — Аударма үшін сөзбе-сөз, болмаса жолма-жол аударма болса жеткілікті. Әлемнің барлық ақыны бір тілде сөйлейді. Ол — поэзия тілі. Ол — сезім тілі, ол — көркем тіл, ол ой мен қиял биігі, шабыттың қайнар көзі. Мысалы, Абайдың «Қыс» деген өлеңін алайық. Ол түпнұсқада көлемді, формасы мен мазмұны өзгеше болғанымен, мен оны төрттағанға салдым. Жалпы, Абай ақынның табиғат жырлары әлемдік поэзияға әкелген тарихи жаңалығы деп білемін. Нағыз поэзия ғана адамдардың рухын жақындастырады. Ақынды сүю арқылы оның халқын да сүйесің».

Расында, солай ғой. Абай өлеңдері Беларусь жерінде оқылып жүр. Оның күәсі де болдык.

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында директорлық қызмет істеп жүргенімде Минскіге институттың Халықаралық қатынастар және сараптама бөлімінің меңгерушісі, көрнекті әдебиеттанушы С.В. Ананьева екеуіміз арнайы іс-сапармен келдік. Ол кездесуге сол кездегі Қазақстанның Беларусь Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Е.Қ. Ертісбаев қатысты.

Бұл мектеп ұлы ақынымыз Абай атында. Кездесу барысында оқушылар Абай өлеңдерін қазақ, орыс, беларусь тілдерінде оқыды. Абай әндерін шырқады. Абай өлеңдері негізінде салынған сурет көрмесін тамашалатты. Микола Метлицкийдің тағы бір мақаласы «Халық рухының нұры» деп аталады. Бұл мақала Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл толуына орай жазылған екен.

«Абай өлеңдерін қазақтың қыз-жігіттері қасиетті мүнәжәт түрінде оқиды, — дейді ол. — Абай өлеңдері адамды баурап, өзіне тартып, еліктіріп алады. «Көзімнің қарасы» сондай жүрек пен сезімді қатар тербейді.

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы.
Бітпейді іштегіс
Ғашықтық жарасы.
Қазақтың данасы
Жасы үлкен ағасы.
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.
Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.

ты — вачэй маіх зрок
што пряцу і змок
эрдцу мук не пазбыць
не ды адпрэчыць на крок
и мудрэц, сам не свой,
Усмак кіуне галавой
Скажа: не між живых
Не стрячай я такой.
Я блукаю у журбе,
Сам не рады себе

Айтуға келгенде

Қалқама сөз дайын.

Россып слоуй залатых

Прыбьярог для цебя.

Ақын, аудармашы Микола Метлицкий «Ақынның алтын сөздері» өлмейтінін, ұлттың басты құндылығы екенін ерекше мақтанышпен жазады.

Беларусьтің атақты мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-журналист, Беларусь Республикасының Мәдениет министрі болған Алесь Карлюкевичті қазақ әдебиетінің нағыз жанашыры деп білемін. Оның 2015 жылы Семейде шыққан «Абай және әлемдік өркениет» атты мақаласы халықаралық конференция жинағына енген.

Ол: «Ресей үшін Александр Пушкин, Польша үшін Адам Мицкевич, түрікмендер үшін – Махтумкули, Украина үшін – Леся Украинка, Тарас Шевченко, Иван Франко, Михайло Коцюбинский, Белоруссия үшін – Франтишек Богушевич, Янка Купала, Максим Богданович, Тетка, Максим Горьцкий, якуттер үшін – Платон Ойунский, армяндар үшін – Ованес Туманян, мажарлар үшін Шандор Петефи қандай рөл атқарса, қазақтар үшін Абай – сөнбес жұлдыз, ұлы ақын.

Абай қазақтар оған өте мұқтаж болған кезде өмір сүрді. Ол қазақ халқының темірқазық жұлдызы болды. Өз халқына жол көрсетті. Ол әлемді таныды, сол жолға халқын бастады», – деп жазды.

Алесь Карлюкевич – Беларусь Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Микола Метлицкийдің аудармасымен беларусь тілінде шыққан Абайдың «Дала жаңғырығы» атты кітабына жоғары баға береді. Ол Абайдың көзі тірісінде кітабы шықпағанымен, оның мұрасы әлемге танылғанын атап өтеді. Иә, Алесь Карлюкевичпен жеке таныспын. Минскіде кездестік. «Абай әлемді шарлайды», «Мұхтар Әуезовтің әлемі» атты интернет сайттары Минскіде шығып тұрады.

Бұл «Звезда» баспа үйі порталы арқылы оқырманға жетіп тұр. Жете береді де...

ТАТАРСТАН:

«ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНОСТЫҚ ПСИХОЛОГИЯСЫ»

Қазақ даласы үшін Татарстан руханият жағынан білім көзі болды. Абай өлеңдерінің жинағы да тұңғыш рет Қазанда жарық көрді.

1995 жылы Алматыда Қарпық «Әл-Халел» агенттігінде «Абай» атты кітап жарық көрді. Сонда белгілі татар әдебиетшісі Флюн Мусиннің «Абай және татар әлемі» атты мақаласы жарияланды. Қарап, зерделеп көрелік.

«Абай көзі тірісінде-ақ татар арасында танымал болды. Татар поэзиясының алыбы Ш. Бабич Абайды көне дүниенің, араб лирикасының атасы Имрелкайспен, замандасы Ғабдолла Тоқаймен қатар алып жоғары бағалайды», – дейді ол.

Ол Алтын Орда дәуірі татар мен қазақты экономикалық, ғылым-білім жағынан, тіл мен әдебиет тұрғысынан аса жақындатқаны туралы жақсы пайымдаулар жасайды.

1552 жылы Иван Грозный Қазан хандығын басып алғаннан кейін, татардың көптеген зиялы қауымы Орталық Азия мен Қазақстаннан қоныс тапты. Осы өлкеде ағартушылық жұмыс атқарды, мектеп-медреселерде сабақ бергені жөнінде деректер келтіреді.

«Татар ағартушылары Абайдың жеке өміріне де әсер етті, – дейді ол. – Алғашқы білімді Абай үйінде, татар молдасынан алады. Онан соң Семейде,

татар ағартушысы Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл жас Абайдың көзқарасына әсер етпей қойған жоқ. «Қарасөзінде» Абай татар халқы туралы жылы лебіз айтады. Расында, солай, Абайдың бірінші қарасөзінде мынадай сөздер бар: «Ноғайға қарасам (татарға – У. Қ.), солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жолын солар біледі, салтанат, әсем де соларда...»

Татар халқының ұлы жазушысы Ғалымжан Ибрагимов кейін өзінің классикалық «Қазақ қызы» романын жазды. Осылай Абайға, қазақ халқына деген құрметін танытты.

Флюн Мусин Абайды татар-қазақ ұлтының арасындағы алтын көпір, «ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды көтерген» ұлы тұлға деп біледі.

2007 жылы Алматыда өткен «Тәуелсіздік және абайтану» атты халықаралық конференцияға татардың тағы бір әдебиеттанушысы Ильдус Тарханов «Әлемтану және Абай философиясы» атты тақырыпта баяндама жасады.

Абайдың қарасөздеріндегі философиялық ойлардың Шығыс пен Батыс философиясымен үндесетінін, өзіндік ой-өрісімен құнды екенін дәйектейді. Абайдың 10-шы, 38-ші, 45-ші сөздерін келтіріп, оны философиялық тұрғыдан таразылайды. Назар аударалық. Оныншы қарасөз. «Біреулер Құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?» Оның жауабын Абай өзі де таба алмайды. Бірақ оның философиясы балаға деген махаббатқа тұнып тұр. Оны 7-ші сөзінен табады.

«Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрсек, біздің хайуан малдан неміз артық. Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды».

Автор сондықтан да Абай өз сөзін балаларға арнайды деп, отыз сегізінші сөзге назар аудартады.

«Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім».

Иә, Абай болашақ үмітті балалардан күтеді. Өмір философиясы осы. Білім мен ғылым – қазақтың жолы.

Татар ғалымы «Қырық бесінші» сөзге ерекше мән береді. Мына жолдарға назар аударуды сұрайды. «Ғалым, сол ғақил. «Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп».

Осындай мысалдарды келтіре отырып, татар ғалымы Ильдус Тарханов Абайдың «Қарасөздерін» қазақтардың этностық психологиясы туралы трактат деп жоғары бағалайды. Бұл сөздер абайтанудың тағы бір философиялық мәнін ашады.

Абай өлеңдерін түпнұсқадан да, аудармасынан да оқыған татар әдебиетшісі Хатип Миннеғұловтың есімін құрметпен атаймыз. 2016 жылы Семейде өткен «Абай және әлемдік өркениет» халықаралық конференциясында «Абай мен татар әдебиеті туралы» баяндама жасады. Ол былай дейді: «Автордың (Абайдың – У. Қ.) өлеңдерін оқығанда мен оны ашық аудиторияда тірідей тыңдап отырғандай сезіндім. Менің көз алдымда домбыра тартылып, ән айтылып, өлең оқылып тұрғандай болды. Иә, иә, Абай ХХІ ғасырда да біздерді, адамдарды таңғалдырады».

Хатип Миннеғұлов Абай ақын туралы осылай үлкен тебіреніспен жазады. Тарих беттерін ақтарады. Абай білімінің ізін іздейді. Нақты деректер келтіреді. Айталық, 1863 жылы Семейде 9 жекеменшік татар мектебі жұмыс істеп, онда 500 бала оқыпты. Қазақ мәдениетінің, әдебиетінің көрнекті өкілдері

Қазандағы «Мұхаммадия», Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния», Троицк, Жайықтағы мектеп-медреселерде білім алған.

Татар жазушылары – Ғ. Ибрагимов, А. Тагиров, Ш. Усманов, И. Салахов шығармаларын қазақ өміріне арнаған.

«Абай шығармалары мен оның өмір жолы туралы деректер ХІХ-ХХ ғасырлар тоғысында татар баспасөзінде жазыла бастады, – дейді ол. – Нақтылап айтсақ, Орынбордың «Вақыт» газетінде (№333) Абай туралы мақала беріліп, бірнеше өлеңі жарияланған. Қырым-татар баспагері Илияс Бораған 1909 жылы Петерборда «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері» деген кітап шығарады. 1916 жылы Орынборда «Абай термесі» атты екінші кітабы шығады. Ал 1922 жылы Қазанда «Абай Құнанбай өлеңдері» деген атпен ақынның толық шығармалар жинағы кітап болып басылады.

Иә, Абай шығармаларының кең таралуына татар бауырлар көп еңбек сіңірді. Бұл – ақиқат. Айта кетелік, 1947 жылы «Абай. Өлеңдер мен поэмалар» кітабы татар тілінде шықты. Оны белгілі әдебиетші Махмұд Максұд тәржімеледі.

1981 жылы Абай шығармаларының толық таңдамалылары «Абай. Өлеңдері мен поэмалары», «Қарасөздері» басылып шықты. Оны баспаға Л. Хамидуллин дайындады. Оған Абайдың 134 өлеңі мен 2 поэмасы және «Қарасөздері» енеді.

Осы аудармаларды татар поэзиясының классигі Сибғат Хаким: «Көптеген аударма өлеңдерде Абай рухы және ақындық ерекшелігі айқын көрініп тұр», – деп жоғары бағалағанын айта кетелік.

Хатип Миннеғұлов «Абай және Тоқай» атты салыстырмалы-типологиялық мақаласында қазақ пен татардың екі ақынының өлеңдеріндегі ұқсастықтарды ұлтқа қызмет студия үлгісі ретінде қарастырады. Екі ақынның өлеңі мазмұндық, ойлылық, халық мұратына деген адалдық, ағартушылық тұрғысынан зерттеледі.

«Абай мен Тоқай – нағыз ұлттық ақындар, – дейді ол. – Халық мұны, халық үні, халық рухы, екі ақынның шығармашылығы – түркітілдес халықтардың ортақ қазынасы.

Тоқай Абайдан 18 жас кіші. Бірақ қазақ жерінде, Оралда оқыған Ғабдолла Тоқай Абай өлеңдерімен таныс болмауы мүмкін емес.

«Абай мен Тоқайдың аттары ғана емес, рухтары да ұқсас. Табиғат суреттерін жазғанда екеуі де ұлттық биіктікке көтеріледі. Абайдың «Қарасөздері» қазақтар үшін өмір кодексіне айналса, Тоқайдың «Туған тіл» өлеңі татардың гимніне айналды», – деп ой түйеді Хатип Миннеғұлов.

Бұл – ұлттың екі ақынына берілген жоғары баға ғана емес, ұлттық ұлықтау!

БАШҚҰРТСТАН: «ПОЭТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ШЫҢЫ»

Башқұрт халқы мен қазақ халқын ұлттық тарих, тіл, мәдениет жақындастыратыны көпке белгілі. Башқұрт елінде Абай өмірі мен шығармашылығы қандай деңгейде бағаланады? Бұл сұраққа жауапты башқұрттың атақты ақыны Мұстай Кәрімнің «Абай – әлемдік поэтикалық мәдениеттің шыңы» деген мақаласынан табасың. Ол мақала «Әл-Халел» агенттігі 1995 жылы жариялаған «Абай» атты жинақта тұр.

«Оның (Абайдың – У. К.) шығармашылығы ғана емес, өзі де біздің рухани қажеттілігімізге айналды, – дейді Мұстай Кәрім. – Ол – сіздің, біздің, барлығымыздың Абайымыз. Абай ұлттың ғана емес, әлемдік поэтикалық мәдениеттің шыңы. Әр кез Абай болсын, әр кез қазақ халқы болсын».

Мұстай Кәрім осылай өзінің, бүкіл башқұрт халқының махаббатын асқақтатты.

Башқұрттың тағы бір әдебиет зерттеушісі — Равиль Бикбаев. «Әл-Халел» агенттігінен 1995 жылы шыққан «Абай» жинағында «Абай Құнанбаев және Шайхзада Бабич» атты мақала жариялады. Ол келтірген деректе 1910-1913 жылдары Шайхзада Қостанай өңіріндегі Торғай даласында бала оқытады. Мұртаза деген молдадан қазақтың мақал-мәтелдерін жазып алады. Жалпы саны — 79.

Бірде Мұртаза молда Шайхзада Бабичке «Абай Құнанбаевтың өлеңдері» деген кітапты әкеп береді. Ол Абай өлеңдерінің сұлулығына, көркемдігіне ғашық болады. Халық сөзі, халық өмірі, әділетсіздік, қараңғылық, бай мен кедей өмірі, толғақты өмірі Шайхзада Бабичтің Абайдың поэтикалық мектебін терең игеруге итермелейді. Абай мектебі Шайхзада Бабичке ерекше әсер етеді. Оның философиялық ой-толғамдары терең ойға жетелейді. Салыстырайық.

Абай:

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.*

Шайхзада Бабич 1914 жылы қазақ даласынан еліне келген соң былай деп өлең жазады:

*Аппақ алтын жырларымды,
Жырламаймын даңқым үшін.
Жырлаймын мен алтын елім,
Өзім туған халқым үшін.
Шешек түсті жырларымды,
Жырламаймын зауқым үшін.
Жырлаймын тек қызғалдақтай,
Қыздарға бай халқым үшін.*

Шайхзада бар болғаны 24 жыл өмір сүрді. Бірақ мол әдеби мұра қалдырды. Абайша ойлап, Абайша жазуға тырысты. Музыкант, әртіс, фольклорист-журналист, педагог, мемлекет қайраткеріне айналған Шайхзада Бабич есімі Башқұрт елінде Абай сынды зор құрметке, мақтанышқа ие. «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» Ш. Бабич есімі уақыт өткен сайын башқұрлардың зенгір көгінде темірқазықтай жарқырап тұра береді.

ҚЫРҒЫЗСТАН: «ҰЛЫЛАР СӨЗІ ӨШПЕЙДІ»

Манас елінің классик-жазушысы, әлем жазушыларының шоқжұлдыздары арасында тұрған Шыңғыс Айтматовты кім білмейді?!

«Әл-Халел» агенттігінің 1995 жылы шыққан Абай жинағында жарияланған Шыңғыс Айтматовтың «Абай Құнанбаев және жалпыәлемдік өркениеттің рухани жәдігері» атты мақаласы бар. Үлкен тебіреніспен оқисың.

«Абай туралы аз жазылған жоқ, — дейді Шыңғыс Айтматов. — Мұндай санға Абайдың өмірі де жетпейді. Бірақ Абай даналығы мен ұлылығы Пушкин, Гете, Шекспир және тағы да басқа ұлылар сөзі сияқты өшпейді, қайта жаңғыра береді. ...Ол өте ұлттық бірегей тұлға болғанымен, Абай — «жалпыәлемдік өркениеттің ұлы өкілі».

Иә, Шыңғыс Айтматов аз сөзге көп ой, көп мағына беретін қаламгер емес пе?!

Замандар өзгеріп, ұлттық құндылықтар арзандап, жаппай анархия жүріп жатқан кезде Шыңғыс Айтматов: «Абай үшінші мыңжылдық кезіндегі рухани және мәдени эволюцияның кілті болып табылады», – дейді. Ол Абай ілімінің терең ұлттық сипаты мен әлемдік ой-жүйенің жолын ашқан ғұлама ретінде бағалайды.

«Жаңа ғасыр Абаймен басталады. Абай біздің қасымызда тұр, – дейді Шыңғыс Айтматов. – Абай тәуелсіздік алған елінің төрінде тұр. ...Абай еуразиялық мәдениетті байланыстырып, жалғастырып тұр. Абай Шығыс пен Батысты қосып, еуразиялық рухтың биігінде тұр. ...Ол – өлмес жолдағы «Жұмбақ адам. Еуропада Данте, түркітектес Азияда – Жүсіп Баласағұн. Ол – тілді мәңгілік жолға салған ғұлама хакім».

Адамзаттың Айтматовының Абай туралы айтқан сөзін бүкіл қырғыз халқының сөзі деп есептеймін.

ИРАН: «АБАЙ-ПІР»

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында 1997 жылы «Абай оқулары» аясында Иран әдебиетшісі Хасан Хаскади «Парсы поэзиясы және Абай Құнанбаев шығармашылығы» деген тақырыпта баяндама жасаған болатын.

«Мен бүгін өте бақыттымын, – деді ол. – Өйткені қазақ ағайындармен бірге әлемнің әртүрлі мемлекетінен келген меймандарды көріп отырмын. Біздің басымызды қосқан – ұлы Абай. Менің елім Абайды пір тұтады. Білесіздер, ирандықтар өздерінің мындаған жылдық тарихында әркез поэзиясын құрметтеді, өлең сөзге ден қойды. Ақындарын ардақтады».

Иә, бұл – шындық. Шығыс поэзиясы қазақ даласына әр жолмен жетті. Қисса, дастандар дала өркениетіне келіп, қазақ халқының поэтикалық сезіміне әсер етті. Соның әсерімен ақындар оны қайта жырлай бастады.

Рудаки, Фирдоуси, Хайям, Низами, Насыр Хосроу, Саади, Хафиз, Руми Балхи есімдері қазақ даласына жетіп, ұлттық поэзиямызды дамытуға ықпал етті.

Ол өз сөзінде ұлы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында қазақстандық ғалым, Ұлттық Ғылым академиясының қызметкері Сафар Абдулланың Абай шығармаларын парсы тіліне аударғанын ерекше атап өтті. «Бұл кітап менің қазақ халқының тұтастай табиғатын тануға әсер еткенін жеткізгім келеді. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған кіріспе сөз Абайды бізге жақындата түсті. Абай өз халқын шексіз сүйе отырып, оның қайғысы мен қуанышын бірге бөліседі, қараңғылықтан шығу жолын іздейді және оны көрсетеді». Автор парсы және қазақ әдебиетіндегі ортақ қасиеттерді көреді.

Ислам өркениеті қосқан поэтикалық бейнелер ұлттарды жақындастырады. Өлең рухын көтереді.

«Мұхтар Әуезов Абайға Шығыс поэзиясының әсер еткенін атап өтеді, – дейді ол. – Ол арабтың діни-батырлық эпостары мен шығыс классиктерінің: Фирдоуси, Низами, Саади, Хафиз, Науаи, Физули шығармаларын ескі өзбек тілінде түпнұсқадан оқығанын атап өтеді. Ержете келе Абай Науаи мен Низами шығармаларына еліктеуден бас тартады».

Хасан Хаскади Абайдың «Ескендір» поэмасы мен Фирдоусидің «Шахнамесіне» тән ортақ қасиеттер бар екенін, бірақ жеке қолтанбалары арқылы сюжеттік ерекшеліктер де байқалатынын атап өтеді. Сондай-ақ Низамидің «Ескендір-намесін» осы тұрғыда қарастырады.

«Абай қазақ дәстүрі мен салтына орай Ескендір бейнесін өзінше сомдайды, – дейді ол. Өз ойын Мұхтар Әуезовтің пікірімен шегендейді. – «Ескендір» поэмасында ол Пайғамбардың орнына Қызыр атаны, Низами Аристотельді енгізген. Ал Ескендердің өзін (Александр Македонский) байлыққа құмар зұлмат адам ретінде көрсетеді. Басқа бір жерінде М. Әуезов «Ескендір туралы аңызды Абай Низамиден алған», – дейді.

«Ол 12 жасында Шығыс ақындарына арнап өлең арнайды. Бұл медреседе оқып жүрген кезі еді», – дейді ол.

*Физули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси.
Хожя Хафиз – бу һәммәси
Мәдәт бер я шағири фәрияд.*

Иран зерттеушісі Абай шығармаларында парсы сөздері жеткілікті екенін айта отырып, бұл оның тіл байлығын арттыруға ықпал еткенін ескерте кетеді. «Тіл жақындығынан гөрі, рух жақындығы қымбат», – деген Мәулен Джалуддин Руми-Балхидің сөзін келтіреді.

«Абайдың қарасөздері бізде (Иранда – У. Қ.) жарияланғанымен, ол өзінің әлемде теңдесі жоқ кітап екенін көрсетті, – деп жазады Хасан Хаскади. Ислам өркениетіне енген бұл кітаптан біз Алланың сөзін естиміз, ол жүрегіне енген Жаратқан арқылы халқымен тілдеседі, сырласады».

Тамаша қорытынды, жүрекке қонған өрелі сөз.

1995 жылы Тегеранда «Абайдың өлеңдері мен ойлары» атты кітап шыққан. Сол кітапқа әдебиет зерттеушісі Әли Асқар Ширдусттың «Өркениет пен мәдениеттің сәулеткері» деген мақаласы жарияланған.

«Қазақ мәдениетінде Абай Құнанбаевтың орны ерек тұр, – дейді Ширдуст. – Ол қазақ халқының дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тілін, мәдениетін өркениет құндылықтары дәрежесіне көтерді. ...Мұның бәрі Абайдың ғибрат сөзінде тұр. Ол – мәдениет пен өркениеттің сәулетшісі. Абай өз халқын сүйе отырып, өзі де адамзаттың сүйіктісіне айналды. Абай – қазақ халқының ұлы тұлғасы!»

«Әл-Халел» агенттігі 1995 жылы «Абай» атты ұлы ақынның 150 жылдығына арналған конференция материалдарын жариялады. Сонда белгілі иран әдебиетшісі Әли Әкбар Веластидің «Абай және қазақ-иран әдеби байланыстары» атты мақаласы бар. Сол мақаладан төмендегідей ойларды сығымдап, оқырманға ұсынып отырмын.

«Абай біздің елімізді қандай биікке көтерсе, өз елінде, қазақ әдебиетінде сондай биікке көтерілді. Ол Құдай берген талантты ғажайып, биік деңгейге көтерді. Әлем әдебиеті Абай арқылы байыды. Абай бұрын-сонды өзіне дейін қолданылмаған «аруз» өлең құрылысын пайдаланды».

Ал 1995 жылы Тегеранда шыққан «Абай өлеңдері мен ойлары» кітабына белгілі әдебиетші Расул Ислами кіріспе сөз жазыпты. «Қазақтарда парсы тілінен енген қаншама сөз бар. Тарих ғалымдарының докторы Меруерт Әбусейітова Орта ғасырларда жазылған әдебиеттердің, тарихи жазбалардың 90 пайызы парсы деректерінен алынған, – дейді. – Керісінше, түркітөктес тілден енген парсы тілінде қаншама сөз бар?! Демек, тіл мен дін, рухани жаңалық – мәдениетіміздің ұлттық өркениетінің белгісі.

ИСПАНИЯ: «ӨЗ МИССИЯСЫН ОРЫНДАҒАН»

1995 жылы «Әл-Халел» агенттігінде шыққан «Абай» кітабына Испанияның атақты қайраткері Федерико Майордың «Абай және бейбітшілік рухы» атты мақаласы жарияланған. Бұл мақаладан испан халқының Абай шығармашылығына деген құрметі мен ізетін көреміз.

«Абай Құнанбаев – біздің замандасымыз, – дейді ол. – Мұндай адамдар кез келген дәуірде сол кезеңнің замандасы болады. Оның (Абайдың – У. Қ.) поэзиясы қазақ фольклорының қайнар көзінен алынып, дала өркениетінің ұлы мұрасына айналды. Өз халқының ұлттық қалпын сақтап қалдыруда ешкім Абайдың алдына шыға алған жоқ».

Пушкин секілді Абай ұлттық мәдени дәстүрлерді қалыптастырды. Бір-бірімен тығыз бірлікте дамитын ұлттық бірегейліктер сияқты, Абай да жаңашылдық арқылы адамдардың рухы мен өмірді байытты.

Білім мен ғылым арқылы ғана адам өз мұратына жетеді. Ол (Абай – У. Қ.) қазақ халқын қараңғылық пен қапастан алып шығу үшін Адам ретінде өз миссиясын орындаған жоқ па?

Білімге сену арқылы Абай адамның қасиетін дәріптеп, оны демократиялық жолға салды. Ол халықтың өзін-өзі басқаруына сенді. Әлеуметтік теңсіздікті жою арқылы, бақытқа жету Абайды саяси тұлғаға айналдырды. Абай рухы бейбітшілік пен мәдениеттер тоғысуына жол сала берсін!»

«Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді халқымыз. Абай рухы әлем төрінде тұр. Ұлтымыздың ұлы хакімі Абай мұрасы адамзат игілігіне айнала бермек.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ: «ӨЛЕҢ ӨРНЕГІН ӨЗГЕРТКЕН»

Ұлы Абайдың 150 жылдық торқалы тойына Корея Республикасы да тартымды тарту жасады.

2016 жылы Семейде «Абай» кітабы жарық көрді. Онда белгілі әдебиетші Ким Бен Хак «Дала мәдениетінің жалыны» атты мақала жазды.

«Ат – көшпелілер үшін нағыз дос, – дейді ол. – Адамзат үшін кентавр адам мен жылқы арасындағы табиғи байланысты көрсетеді. Жылқының адалдығы туралы Орталық Азия халқы біледі. Олардың ішінде қазақтардың орны бөлек».

Иә, Ким Бен Хак әдебиетші, аудармашы ретінде Абай өлеңдерінің рухы мен пішінін жақсы біледі. Жанын түсінеді. Сондықтан да «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» өлеңін мысалға ала отырып, «Далада өспеген адам мынандай өлең жаза ала ма?» – деп таңданады.

*Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.*

*Аяңы тымақты алыш кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.*

Ким Бен Хактің пікірінше, Абай дала ақындарының сүрлеу жолынан шығып, өлең өрнегін өзгертеді. Абай даланы дәріптей отырып, оны замана өзгерісіне жетелейді, оның өлеңдері жүйріктің шабысындай Ұлы далада болашаққа қарай шабады.

Осы жинақта Ким Бен Хак «Абай және қазақ даласының сиқырлы әлемі» атты тағы бір мақаласын жариялады. «Ғасырлар тоғысында сәйгүлік аттай Абай Ұлы далада өзінің өлеңдерімен, қарасөздерімен өлместей із қалдырды, – дейді ол. – Оның өлеңдері қазір әр қазақтың жүрегінде жазылып тұр. Абай – қазақ халқының ғұламасы және қазақ әдебиетінің мақтанышы».

Ол Абай философиясы сындарлы және терең деп есептейді. Абайдың

көзқарасы Шығыс пен Батысты байланыстырып тұр. Олар әртүрлі болғанымен, түрлі түсті тігілген киім секілді, адамзат құндылығына айналады. Ол – гуманизм, адамды сүю, табиғатты аялап, жанды жаралау емес, рухты жаңғырту.

Абай үшін ақынның мықты құралы – сөз. Ол – дос та, ұстаз да және бүкіл жаһан. Абай әлемді мәртебелі поэзия арқылы таниды. Ұлы даланы жырлау арқылы ол адамзатты жырлайды. Абай өлеңдерін оқыған адам қай ұлттан болса да, поэзияның өрнекті сөзі арқылы әлемді таниды, адамның сиқыр әлемін түсінеді. Міне, осы ойлар Ким Бен Хактің мына сөздерінен айқын білінеді.

«Абайдың поэтикалық лирикасы – сұлу табиғат, кең дала, шалқар көл, – дейді ол. – Табиғатқа арналған өлеңдерінде Абай тылсым дүниемен тіл қатысады, сырласады. Табиғаттың төрт мезгілін Абайша жырлаған, Абайша суреттеген ақындар аз болар».

Ким Бен Хак Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін мысалға алады. Корей-қазақ тілдеріндегі нұсқаларын қатар алып, философиялық мәнін іздейді.

*Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас – бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.
Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды хасса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бүлк-бүлк етпей ме сипанғанда,
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
Күйеу ер, қалыңдығы сұлу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға.*

Яғни Ким Бен Хак үшін Абай поэзиясы жай өлең емес, ол – философиялық толғам және өмірдің сәт-сүйініші, күйініші, бары, жоғы, сенімі, үміті, бір сөзбен айтқанда, адам тағдырының ақ-жолақ іздері. Ол 3 өлеңнен мысал келтіреді.

*Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
...Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл –
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл.*

«Оның (Абайдың – У. К.) әрбір трагикалық өлеңінде өмір сабақтары туралы тебіреніс бар, – дейді ол. – Өмірді таныған сайын жаңа құбылысты көресің. Ол құбылыс өзіне тартады, қызықтырады».

*Жүрегім, ойбай, соқпа енді!
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол – шикі.*

*Жетім қозы — тасбауыр,
Түңілер де отығар.
Сорлы жүрек мұнша ауыр,
Неге қатты соқтығар?
Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ет жүрек.
Тірлікте бір қана алмай,
Бұл не деген тентірек?
Жоқ деп едің керегін,
Топ жиып ең бір бөлек.
Кезек келер демедің,
Ендігі керек қай керек?*

Ол Абайдың «Сегізаяғынан» інжу-маржан секілді төгілген сөз моншақтарын тереді. Әлемді тану, түсіну онай ма? Абай заман сөзін айтып, болашаққа жол бастап бара жатыр. Мына өлең жолдарын Ким Бек Хак мысалға алады.

*Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайырылып сөзді кім ұқсын.
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.
Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?*

«Әдетте, — деп жазады ол, — төтеден жол бастағандардың жолы — тар жол, тайғақ кешу жолы. Олар қолына шырақ алып, шым-шытырақ жолға жалғыз өзі кіреді. Ресейден, Еуропадан келе жатқан жаңа ағымды көрсетіп, алға жүрді».

Иә, корей әдебиетшісі әрі аудармашысы Ким Бен Хак Абай өмір сүрген ортаның онай болмағанын ашып жазады, түсіндіреді.

«Абай қазақ даласының қалыптасқан поэтикалық дәстүрін жаңғыртты, — деп жазады ол. — Қорқыт Жиделібайсыннан өлмес өмір издесе, Абай өлмес поэзияның рухын қалдырды. Абай Ұлы далаға жаңа заман алып келді».

Әлбетте, Абай дара, биік мұзарт болғанымен, етегіне еркін елдің жана ұрпағы келді. Жұмбақ адамды тануға келді.

Абай баба армандаған еркіндік туы тәуелсіз еліміздің көк аспанында желбіреп тұр.

Джо Гю Ик Абайды өмір әнінің гимні деп, ал Джон Санг Джин оны әлем ақыны әрі ойшылы деп бағалайды.

Корей елінде Абай ақынды оқиды және биікке қояды.

ПӘКИСТАН: «АШЫҚ ӘЛЕМ АҚЫНЫ»

1995 жылы «Әл-Халел» агенттігі басып шығарған «Абай» кітабында пәкістандық әдебиет зерттеушісі Ахмад Хасан Данидің «Абай, оның елі, халқы және миссиясы» деген мақаласы жарияланды. Автор Абай туып-өскен өңір туралы жақсы деректер келтіреді. Ертіс, Есіл, Тобыл, одан Сарысу, Ембі мен Жайық өзендері сағымындағы ұлы өңірде, оның жүрегінде болған Шыңғыстауда — Абай Құнанбаев өмірге келгенін атап өтеді.

Ақын, философ Абай көзқарасының қалыптасуына медресе, орыс мектебі ғана емес, әжесі Зеренің зор ықпал еткенін тілге тиек етеді.

«Әжесі Зеренің аузынан Абай алғашқы ертегілерін тыңдады. Абылай мен Кенесары туралы батырлық әңгімелерді естіді. Ақтамберді жырау жырларына қанып өсті», – дейді ол. – Осылай Абай әлемдік мәдениет өркениетінің шыңына көтерілді».

...Атақ-даңқ жолы Абайға оңай келген жоқ. Автор ағайын-туыс, рутоптар арасындағы кикілжіңдер Абайды қатты толғантқанын саралайды.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма! –

деген өлең жолдарын мысалға алады.

Исламабадта, Пәкістанның әдебиет академиясында 1995 жылы шыққан Абайдың таңдамалы өлеңдер жинағында белгілі әдебиеттанушы Халид Икбал Ясир «Абай – дәуір мақтанышы» деген мақала жазыпты.

«Абай Құнанбаев қазақ халқының ұлы ақыны ғана емес, ол – ұлы ойшыл, тарихшы, шығыстанушы, – дейді ол. – Біздің еліміз Мұхаммед Икбалмен қалай мақтанса, Абаймен де солай мақтанады».

1997 жылы Алматыда өткен Абай оқулары материалдарына Пәкістанның көрнекті әдебиет зерттеушісі Мухаммед Аббас Ханның «Абай Пәкістан халқының жүрегінде» деген мақаласы енген. Ол Абайды қазақ халқының батыры, даналық безбенін ұстаушы, қараңғылықпен күрескен ағартушы деп біледі.

Семей өңірін аралаған ол тарих беттеріне үңіледі. «Абай заманында бұл жерде 12 мешіт, 1 медресе, бір орыс мектебі, 1 кітапхана, 1 аймақтық музей, 30-дан астам әкімшілік ғимарат болыпты, – деп жазады. – 1883 жылы музей ашылғанда, Абай оған 60 құнды жәдігер сыйлапты».

Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, екі ел арасындағы қарым-қатынас жақындағанын, әдебиеттер алмасуы қалыптасқанын жеткізеді.

«Абай Құнанбаев Алланың әділдігі мен ұлылығын жырлайды, – дейді ол. – Абай қай тақырыпты көтерсе де, ол ең алдымен жалпыадамзаттық құндылықтарды ашады, оның сырына үңіледі. Мен өз халқымды ойлағанда, Абай барлық сөзін бізге, пәкістандықтарға арнап тұрғандай көрінеді».

Иә, мұнан артық қандай теңеу табарсың?!

2004 жылы Алматыда «Абай әлемі» мақалалар жинағы шыққан. Сонда Хизрат мырза Тахир Ахмадтың «Абай – ашық әлем ақыны» мақаласы жарияланған. Сол мақалаға көз жүгіртіп көрелік. Ол аудармашы ретінде Омар Хайямды парсы тілінен тікелей аудармақшы болады. Бірақ тілді жеткілікті білмегендіктен ағылшын аудармашысы Фицджеральдтың аудармасына жүгінгенін жазады.

«Абай Хайямнан өзгереді, – дейді ол. – Ол – шыншыл, тура айтатын ақын. Абай поэзиясы мұсылман әлемінің классикалық үлгілерімен парапар.

Абай – шынында да ұлы адам!

Абай – ашық әлем ақыны.

Абай – жан-жақты және сан қырлы ақын.

Абай – шыншыл, адал ақын.

Абай – ұлы саяси қайраткер.

Абайға қол шапалақтайық. Ұлының аты – ұлы!»

Бұған ешқандай алып-қосар сөз жоқ. Абай жұлдызы адамзат әлемінде жарқырап тұра берері сөзсіз.

ТӘЖІКСТАН: «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ БОЛМАҒАН ҮШ ПОЭМА...»

Тәжік-парсы поэзиясы сан ғасырдың тарихынан өтті. Әрине, Абай да классикалық араб-парсы, шағатай поэзиясынан қанып ішті. Фирдоуси мен Саадиді оқып, жүрегінде тоқып қана қоймай, оны жаңа заманға сай дамытты.

Бұл жөнінде тәжіктің әдебиет зерттеушісі Өлмес Мырсаид өзінің мақаласында тоқталады. Мақала 1995 жылы «Әл-Халел» агенттігі шығарған «Абай» жинағында жарияланған.

«Абайдың насихат пен дидактикаға толы өлеңдерінен Саади мен Хафиз дәстүрлері байқалады, – дейді ол. – Ол (Абай – У. Қ.) Шығыс тақырыбына сүйеніп, бұрын қазақ әдебиетінде жоқ үш поэма жазды. Олар – «Ескендір», «Әзім әңгімесі», «Масфұт». Бұл Фирдоусидің «Шахнаме», «Мың бір түн ертегісі», Низами Ганджавидің «Хамса», сондай-ақ Қайқобыстың «Насихатнама», Саадидің «Гүлстан» поэмасының жемістерін байқатады... Абай Құнанбаев біздің өзара тығыз байланысымыздың, әдебиеттерді байытудың жарық жұлдызы ретінде қала береді. Абай – таусылмайтын қазына!»

Ал 2004 жылы «Дәуір» баспасында шыққан «Қазақтың бас ақыны» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдары шыққан жинақта тәжік әдебиетшісі Вайсидин Абдоллаевтың «Абай және сопылық» атты мақаласы бар.

Ол Саади, Хафиз, Аттар, Хамадани, Мәулана Руми, Жәми, Ясауи, Насими, Науаи шығармалары қазақ даласына жетіп түрленіп, қазақ поэзиясын байытқаны туралы іргелі ой айтады.

«Орталық Азияда үш ірі сопылық орден, яғни ағым пайда болды, – дейді ол. Олар – Накшбануил, Хуфия, Ясауия».

Ғалым осыларды тілге тиек ете отырып, қазақтың атақты ғалымы, академик Ғарифолла Есімнің: «Сопылық және Абай» – тың тақырып. Ол үшін зерттеуді алдымен Ахмет Ясауиден бастау керек. Ясауизм – исламның діни философиясы. Дінге жаңаша көзқарас енді қалыптасып келеді. Ал сопылықсыз Абайдың дінге көзқарасын ашу қиын шаруа», – деген пікіріне қолдау білдіреді.

Абай поэзиясындағы сопылық сарындар туралы айта келіп, зерттеуші оны Абайдың махаббат лирикаларынан табады. «Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?», «Жігіт сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңдерін сопылық өлеңдер қатарына қосады.

«Нағыз Абай – ақын Абай ғана емес, нағыз Абай – діни ойшыл, ғұлама ғалым», – дейді ол. – Абайдың «Қарасөздері» дәстүрлі Шығыс поэзиясына тән болғанымен, ол өмірді қоғамдық болмысымен бірлікте қарастырады».

Вайсидин Абдоллаев Абай поэзиясында сопылық мотивтер көп емес екеніне назар аударады.

Бұл – шынайы ой, дәйекті дәлел.

ӨЗ ХАЛҚЫНЫҢ ҰСТАЗЫ

Абай ақынның поэзиясы әлем көгінде самғап тұр.

Жер шары әдебиетшілері оның шығармашылығын тамсана талдап, оқырмандарына жеткізіп жатыр. Осы зерттеу соңында бірнеше шетелдік әдебиетшінің қаламынан туған нәрлі тұстарын мысалға алғым келеді.

Иван Д. Иванов (Болгария): «Болгар халқының тарихында қасиетті Кирилл сөз құдіретін іздеген болатын. Ол – Жаратқан сөзі. Көне болгар және болгар халқының өз тілінде «Інжіл» бар. Әлемде төрт-ақ ел ғана өз тілінде Інжілге ие.

Абайдың «Қырық бес сөзі» – қазақ халқының ғана емес, бүкіл Орталық Азияның қасиетті кітабы. Абайды оқи отырып, одан біз өзіміздің болгарлық рухты тауып алдық».

Миклош Яцкович (Мажарстан): «Абай – ХІХ ғасырдың нағыз өкілі. Бұл ұлттық сананың оянуы, тәуелсіздік үшін күрес рухын көтерген кезең еді».

Хенрик Янковский (Польша): «...2008 жылы Астанада Раиса Юхниевицтің аудармасымен «Қарасөздер» поляк тілінде шықты. Ол К. Серікбаева мен Р. Сейсенбаевтың орысша аудармасына сүйенді.

Мен Абайдың «Қарасөздерін» полякша аударғанда Р. Юхниевиц тәржімесін негізге алдым.

«Қарасөздер» арқылы Абай қазақтарға жаңа жол мен өмір сүру этикасын көрсетеді».

Иван Курас (Украина): «Абай – біздің замандасымыз. Мемлекет пен Ұлттық жаңғыру өз тарихынды білуден және құрметтеуден басталады. Абай шығармашылығы мөлдір бұлақ сияқты.

Біз Украинада Тарас Шевченконы ұлы деп есептейміз. Абай да біз үшін Пайғамбар сияқты көрінеді. Ол – әлем мәдениетінде өшпес із қалдырған бірегей тұлға».

Франтишек Соукуп (Чехия): «Абайдың дала білімі мен даналығы оны өз халқының ұстазы дәрежесіне көтерді».

Ирма Ратиани (Грузия): «ХІХ ғасырда Қазақстан да Грузия сияқты Ресей империясының қол астында болды. Осы кезде өз халқының сөзін сөйлеп, Грузияда – Илья Чав-чадзе, Қазақстанда Абай Құнанбаев шықты.

Абай Құнанбаев ұлы ақын, философ, гуманист, композитор ретінде қазаққа қызмет етті, ол өз халқының интеллектуалдық (зияткерлік) ақыл-ой санасын көтерді».

Ракеш Шарма (Үндістан): «Ол (Абай – У. Қ.) қазақ поэзиясын тақырыптық жағынан байытты, әдебиетке жаңа форма алып келді.

Абай халықтың ауызекі тілін байытып, оны әдеби тілге айналдырды».

Абай әлем көкжиегінде қазақ халқының рухын көтеріп, жұлдыздай жарқырап тұр.

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болып жүрген кезімде, менің редакцияммен және алғы сөзіммен «Творчество Абая Құнанбаева в зарубежной рецепции» атты кітап жарық көріп еді. Осы кітапты дайындауға С.В. Ананьева, С.С. Қорабай, М.Х. Маданова, А. Машақова, А.Т. Қалиасқарова, А. Ахетов және т.б. көп еңбек сіңірді. Шетелдерден әдебиет зерттеушілерінің мақалаларын аударды. Жоғарыда аты аталған әріптестеріме рақмет айтамын.

Соңы.



Хикаят-санарнама

**Қайсар
ӘЛІМ**



МІРЖАҚЫПТЫҢ ОРАЛУЫ

КЕЛДІҢ БЕ, ӘКЕ, КИЕЛІМ

(Алғы сөз орнына)

Жан әке, мен сенің өміріңнің жалғасындай болып күніреніп артында қалғанымда, тура жиырма жаста екенмін. Шешеміз Ғайнижамал екеуміз тағдырдың талай қатыгездігіне шыдап бақтық. Бір сенің заман алдындағы адалдығың мен ақтығыңды, күнәсіз пәктігіңді «халық жауы» деген жаладан көз жеткізе дәлелдеп ақтау үшін Құдайым бізді ажал шеңгелінен әрдайым аман алып қалған шығар деймін. Тәубе соған да! Қыркыншы жылдың қыркүйегінде анамнан айырылған соң, әкешім-ау, жалғыз қызың елу жылдай өмірін іштей өксікпен өткізді ғой. Жұптасқан жұбайым бар, базарым – балаларым бар, сонда да, беу, дүние-ай, ішкенім – іркіт, құсқаным запыран болды. Күнде таңертең төсектен менімен бірге өмір мен өлім тәжікелесіп қатар тұрып, киініп жататындай. Маған жарық сәуле сыйлаған әкешім, халқына бақыт сыйлаған Міржақып сол әдейі жасалған түнекқапаста «қара құзғын» болып мәңгілікке жата бермек пе? Қамын ойлап, құрбаны болған халқың қайда? «Оян, қазақтың» бебеулеген жаралы да зарлы үні жетпеді ме екен құлағына? Жо-жоқ! Олай деуден аулақпын. Іргелі елдермен төбе түйістірген жұртыңды әлем таныды. Өзіңнің мәңгілік мұратыңа айналған «Егемен болмай – ел болмастың» шапағаты әр үйдің шаңырағынан нұр төгілті. Қуан, әке, осы үшін! Сенің ақ адал есіміңнің кешеуілдеп ақталғанына халқың – қазағың кінәлі емес, шер мен наладан шеңбер құруға өлердей құштар қызыл империя кінәлі еді. Сол айбынды одақтың өзінен-өзі оты сөніп, шаңырағы ортасына опырылып түсудің аз-ақ алдында – 1988 жылдың 4-ші қарашасында мәңгілікке ақталдың, әке! Қазағың қазір көзін ашып, басын көтеріп, жаппай оянып жатыр, әке!

Егемендігінің еркін бір белгісіндей ерен оқиға да осы тұста – 1992 жылғы 1-18 қыркүйек аралығында болғанын қалай мақтан етпеймін. Торғай облысынан жасакталған арнаулы экспедиция мүшелері: алматылық ғалым Марат Әбсеметов, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің осы облыстағы меншікті тілшісі Қайсар Әлім, Жанкелдин аудандық Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы Айдар Талпақов, милиция капитаны Серік Асқаров, Аркалық автобус паркінің жүргізушілері Кенесбай Меркин және

Хамит Райымханов Карель жеріндегі қабірінен сүйегінді аманаттап алып, туған топырағына мәңгілік табыстады. Киелісінің қайтып келгеніне туған елің балаша қуанды. Әкешім, енді сен кіндік қаның тамған жерде тыныстап жатқаныңмен, өшпейтін өміріннің рухы ұрпақтарыңның ой-санасында жаңғырып жатыр. Жалғыз қызың енді сексенге келсе де, өмірге ғашық жас бала тәрізді. Ғұмыр сүргім келеді, өмір неткен сұлу! Қазағым, қайран жұртым, өмірдің тәттісі де, мәндісі де алдымызда тұр емес пе?! Ендеше, қазір оянған халыққа опынбастай ойлану тән-ау!

...Әке, 1995 жылдың 8 қазанында Қызбел өңірінде 110 жылдық тойың дүркіреп өтті. Көк күмбезді кесенең мен мұрағатты мұражайың ашылды. Естен кетпес қуаныштың басы-қасында балаларымды, немерелерімді ертіп өзім де болдым.

Табытыңның мәрмәрмен өрілген қақпағындағы: «Бірлік жоқ, алты ауызды халықпыз ғой, қатардан сол себепті қалыппыз ғой...» – деген өсиет сөзің өн бойымды шымырлатып, еңіреп жібергенде, халқым басу айтқан... Әкешім, мен сенің өзінмен қоса сөзіңді сағынғаннан жылағам.

«Халқымды қатардан қалдырмаймын» деп жаққан жүрегіңнің шырағы сөнбейтініне кәміл сенемін.

*Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова,
Алматы, 1996 жыл*

I ТАРАУ ОРТАҒА ОРАЛУ

*Міржақып Дулатұлының аруағына бағыштаймын.
Автор*

ГҮЛНӘР АПАЙДЫҢ АРМАНЫ

Міржақып Дулатұлы ақталды. Ақ түйенің қарны жарылды. «Халық жауы» деген қара күйе аппақ ардың бетінен шындықтың қырғышымен мәңгілікке қырылып тасталды. Сөйтіп, қазақтың біртуар асыл азаматы рухани ортамызға сағындыртып оралды. Қомпиып қалдық, көзге жас тірелді, жүрек атойлады...

Жатсам-тұрсам бір ой мені түртпектей береді... «Сарықопаның сағынышты сыңсуы, Қоңыраулының қоңыр әуен ағысы, Қызбелдің қызықтыра қол бұлғаған шындалы, қайсыбірін айтарсың, барша сұлулық атаулының мекені – осы туған өңірдің бір аталас перзенттері екенсіңдер. Ендеше, Міржақып туралы келешекке хат жазып қалдыру сенің парызың емес пе?» деп бір әлеуетті үн құлақ түбінде күндіз-түні сарнайды да тұрады. Бебеулейді берекемді қашыра, бара-бара айбарлы үннен, шыққан күннен ұялып, бетімді басатын болдым. Міржақыптың қабырғада ілулі тұрған суретіне әлдеқалай көзім түсіп кеткенде бойым шымырлап, «Не бітіріп отырмын осы?» деп сабырсызданамын.

Осындай түңілу, шымырқану үстінде бір күні – 1990 жылдың 3 қаңтарында Қостанайдан Міржақыптың Алматыдағы қызы Гүлнәр апайға хат жаздым... Былай дегенім есімде: «...Апай, ендігі менің ойым – нағашымның туған жерін, жастық шағын, білім алған ортасын, азамат болып қалыптасқан тұсын, қазіргі бар туған-туыстарын бейнелеп, сипаттайтын танымдық маңызы бар хикаят жазу. Ол үшін біраз дерек жинақталғанға да ұқсайды.

Бергісі Бөпежан апаймен де (Дулаттың екінші баласы Қонысбайдың қызы – Қ.Ә.) сөйлестім. Ол кісі қуатты жүріп жатыр. Өзі 77-де, шалы Шалабай 84-те. Қостанайдың іргесіндегі «Краснопартизан» деген кеңшарда тұрады... Баспасөзден әкеңіз туралы естеліктеріңізді оқып жатырмыз ғой, дегенмен де қысқа да болса нұсқа өз қолыңызбен жазылған мөлтек сырларыңызды тізіп берсеңіз екен. Әкеңіз жайлы не білесіз? Бәрін-бәрін рет-ретімен, хронологиялық жүйемен... сосын қолыңыздағы суреттердің бір-бірден көшірмесін әзірлетсеңіз екен. Әкеге байланысты тағы қандай мұра көздері бар (киім-кешек, күнделікті тұрмыстық дүниелер т.б.) – бәрін ескерсеңіз...».

Ал елендеп хабар-ошар күтейін астана жақтан. Сарсытып барып санама салмақ салғандай болған хат араға алты ай салып үздіктіріп жетті-ау, әйтеуір. Ашып жіберіп құныға оқысам, Гүлнәр Міржақыпқызы былай депті:

«Қадірлі Қайсар жиенім! Хатыңды алдым, дер кезінде жауап жазуға мұршам келмеді, 20 маусымнан бері ауруханадамын. Шынымды айтсам, шаршап, титықтап қалсам керек. Енді-енді денсаулық қалыптасуда. Өзінді көрген деген қандай жақсы, естігеннен көргенге не жетсін. Ниетің – кітап жазу деген мәселе мені қуантады... Өзіңе Тәңірім қуат берсін!

Бұл күнде жасымның ұлғайғаны бар, денсаулығымның мұқалған кезі, мұршамды келтірмеуі қынжылтады. Өткен сұрапыл жылдар жаншып, айтар ойынды, ішкі сырынды уақытында шығара алмай келудің зиянын байқаймын. Өткен, жігер-қайратым барында, сүйікті ақылгөйім Әбенім (Гүлнәр апайдың жұбайы – Қ.Ә.) жанымда жүргенде, осы қызықты, енді туып отырған шуақты күндерім сол кезде болсайшы. Бұл тек қиял ғой, енді жалғыз өзіме күш түскен соң, амал қанша, қолға қалам алудың кезегі келіп отыр. «Жұлдыздын» бсанында менің естелігім басылып шықты, оқып таныс. Көп нәрсені, Міржақып нағашың туралы «Бота апамның әңгімесі» деп, жазып шықтым. Естігенім әлі біткен жоқ, кейін жеке кітап болып басылады.

Әбен жездең бізге нағыз жанымен берілген, көп жайды білісіп-түсінісіп кеткен еді. Папамның «Бақытсыз Жамалын» қолына түсіріп алғанда, бұл нағыз қиын-қыстау заман-ды. Әкемді және өз басымды сыйлайтын, шығармаларымен таныс болатын, жоғары баға беріп, мақтаныш тұтатын абзал жан еді ғой. Өткен, бұл күнді көре алмай кетті. Бар деректерді менің естелігімнен аларсың, қазір жазып жатырмын, «Ана тілі» газетіне үлкен материал даярлап жатырмын.

Үлкен жаңалық! Папамның еңбегімен айналысып жүрген ғылыми қызметкер, Академияның Әдебиет және өнер институтының талапкері Марат Әбсеметов үлкен жұмыс тындырып қайтты. Ол Бел. Бал. (Беломор-Балтық. – Қ.Ә.) каналы бойындағы үш-төрт қалада болды.

Ғылым академиясы Сосновец стансасындағы кісілерге алғысын жолдады. Ондағылар үлкен құрметпен папамның есімін көшелеріне бермекші. Жақында бәріміз бас қосатын шығармыз. Пікірлесу, танысу, ел-жұртпен кездесу – алдағы мақсат, соған жетейік. Үй ішіне, ел-жұртына дұғай сәлем!

*Сәлеммен, Гүлнәр апан Міржақыпқызы Дулатова,
Алматы, 2 шілде, 1990 жыл».*

II ТАРАУ

КАРЕЛИЯ БАҒЫТЫМЕН

М. Дулатұлының қабірі табылды

1. АЛЫСТАҒЫ КАРЕЛИЯ ЖЕРІНДЕ

Сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған қазақ ақыны және ғалымы Міржақып Дулатұлының қайда жерленгені көптен бері белгісіз болып келген еді. Бұл құпия Қазақ ССР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкері М. Әбсеметовтің көп еңбектенуі арқасында жуырда ашылған. Оның өтініші бойынша Карель АССР-інің Сосновец поселкелік Советінің атқару комитеті бауырлас Қазақстанның көрнекті мәдениет қайраткері жерленген жерді анықтау үшін комиссия құрды. Байырғы тұрғындардың айтуынша, ол Сосновец поселкесіне жақын маңдағы ескі зиратта жерленген. М. Дулатұлы 1930 жылы жазықсыз сотталған болатын, ату жазасы кейіннен он жыл түрмеде отырумен ауыстырылды. Ол жазасын Соловкиде және Ақ теңіз – Балтық каналының құрылысында өтеді, фельдшер міндетін атқарып, лазаретте жұмыс істеді. Ақын 1935 жылғы қазан айының 5-інде қайтыс болды. Лазарет қызметкерлерінің және жергілікті тұрғындардың талап етуі бойынша, лагерь басшылығы оны «еріктілер» зиратына апарып жерлеуге рұқсат етті. М. Дулатұлы Қазақ ССР Жоғарғы Соты сот коллегиясының қаулысымен 1988 жылы толық ақталды, сот оның ісін мұқият қарап шығып, одан қылмыс құрамын таба алмады.

*ҚазТАГ («Социалистік Қазақстан» газеті,
№172, 26.07.1990 ж.)*

2. Азаматты ардақ тұту – парыз

Қасіреттің де қуанышқа айналар кездері болады. Бүгін ардақты ағамыз Міржақыптың қабірі табылыпты деген хабарды естігенімде, соқыр көзімнен қуаныш жасы бұрқ ете қалды да, «Жасаған-ай, туған топырағына жеткізу керек» дедім өзіме-өзім бұйырып. Жок, бұл тек өзіме ғана арналған бұйрық емес, ғасырмен құрдас қария басымды осы заманның, ескіше айтқанда, абызы санағандықтан, бәрі-бәріне арнаған аталық кеңесім еді. Бәріне де амалсыз шүкіршілік етіп, ұлы Шекспир айтқандай, «қасіретімізді тәкаппарлыққа айналдырған» жұртпыз ғой.

Халық ұғымында адам жерден жаралады да, қайтадан жер қойнына оралады деген түсінік бар. Мәңгілікке аттанар тумаларымыздың сүйегін қабірге түсіргенде, «Жер-Ана саған аманат!» – деп, бір-бір уыс топырақ тастаймыз. Халқымыздың осы сөзінде қаншама дана дәстүр жатыр. Сол дәстүрді ұрпаққа мирас еткен жұртымыз Абылай ханды мезгіл, жол жағдайы көтермегендіктен уақытша жер қойнына тапсырып, келер жыл Түркістанға апарып, Ахмет Ясауи мавзолейіне жерлеген. Бөкей хан сүйегі де, Арқаның атақты Аққошқары да осындай әдіспен Түркістанға жеткізілген. Абайдың ұлы Әбдірахман мәйіті де уақытша Жетісу жеріне аманатқа тапсырылып, келер жылы Шыңғыс топырағында тыным тапқан-ды.

Мұндай дәстүр Еуропа халықтарында да бар. Венаның қалалық зиратында бүкіл атақты композиторларға ескерткіш қойылған. Солардың ішінде тек Шуберт қана Венада қайтыс болған екен, ал қалғандарының сүйектері

мұнда кейіннен жерленіп, бастарына мәрмәрдан биік белгі орнатылған. Атақты Герцен сүйегі де Лондоннан Ресейге жеткізілгені мәлім.

Жариялылық пен жаңару кезеңі арқасында рухани мұралары туған халқының игілігіне айналған асыл ағалардың сүйектерінің де туған топырағында тыным табуына түгел ұжым қосалық. Мен «Ағалар рухына» атты бір өлеңімде:

...Беймәлім әзір қабірлеріңе арнап,

Көңілімізден аппақ гүл қойдық... —

деген едім. Енді көңілімізден ғана емес, пәк қолдарымызбен де асыл ағалардың қабіріне аппақ гүл қоятын болайықшы!

«Жарты жаңқаң қалғанша» барынды туған халқыңа арнаған, сүйікті аға, жаңадан құндақталмақшы топырағың торқа болғай, рухыңа бас идік.

Әбу Сәрсенбаев,

Қазақ КСР-інің Халық жазушысы

* * *

Міржақыптың жазушылық, ақындық және қайраткерлік қызметін былай қойғанда, ол — ұлы адам. Қатыгез уақыттың ерте құрбаны болып кетті. Ол өз халқының бойындағы салбөкселік, марғаулық және тоғышарлық кемшіліктерді баса айтты. Ғасыр басында ұйықтап жатқан ұлтына: «Оян, қазақ!» деп ұран тастауының өзі неге тұрады. Біз қазақтың ондай перзенттерінің аруағына үнемі табынып өтуіміз керек. Ал алыптар тобының көбінің сүйегі қай жерде қалғанын білмейміз. Бұл өкінішті. Өнебір жылы Шәкәрімнің мәйіті табылғанын сыбырлап қана айтатынбыз. М. Дулатұлының зираты сақталса, оны уақыттың салмағынан өшіп кетпей тұрғанда іздеп, басы-қасында жүргендерге рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Аяулы азаматтың сүйегін туған жер қойнауына әкеліп, бүкіл рәсіммен жерлеу — міндет. Ол туралы екі сөз болуы мүмкін емес. Бұл — тірілерге аманат.

Егер Міржақып денесін қайта жерлеуді жер бетіндегі жақсы елдердің үлкен салт-дәстүріне сай іске асыратын болса, онда тіпті басына өз қаражатыммен барып, әкелісіп қайтуға дайынмын.

Сафуан Шаймерденов,

жазушы

* * *

Сонау аласапыран кезеңнің оқиғалары біздің буынның жанын түршіктіреді. Ашаршылық пен репрессия тұсында сүйегі шашылып, елеусіз қалған қаншама қиын тағдырлы жандар бар. Олардың бәрін Зерде кітабына тіркеп, ел есінде мәңгі қалдыруға жағдай жасау — ұрпақ парызы.

Менің нағашымның жатқан орны табылып, азын-аулақ басына белгі орнатылғаны қатты тебірентті. Қай уақытта болса да, мейірбан адамдар бар екен. Енді Академия мен Жазушылар одағы қолдан келген мүмкіндіктерді жасайтын шығар деген ойдамын.

Ерлан Сатыбалдиев, аудармашы

(«Социалистік Қазақстан» газеті, №172, 26.07. 1990 ж.)

Міржақыптың мүрдесі елге қашан әкелінеді? Қазақ біткен Міржақыбын мақтағанда жерге түспей қояды. Егемен ел болайық, іргеміз сөгілмесін,

келімсектерді тежейік, тіліміз бен дінімізді, ділімізді тот баспасын деп, сонау алды-артымыз болжаусыз алмағайып заманда-ақ әулиелік танытқан данагөйдің ақылына енді ғана шындап жүгініп отырғандаймыз. Туған Торғайы былтыр Ахаң мен Жақана дүркіретіп ас берді, мұражай ашты, ескерткіш орнатты. Сөйтіп, ел қос арыс алдындағы мың парызының бір парызын өтегендей еді...

Міржақыпқа халқы өмірлік қарыздар. Оның мәнісі көп сөзді көтермейді, бар сыры Алашқа аян. Ол – Міржақып Дулатұлының киыр Карелияның Сосновец поселкесінен осыдан екі жыл бұрын табылған зиратында жатқан мүрдесін кіндік қаны тамған жері Жанкелдин ауданының «Қызбел» кеңшарына әкеліп, арулап қайта жерлеу дегіміз келеді. Бұл ғибратты іс әу баста жап-жақсы қолға алынғандай еді, қазір аяғы сұйылып бара жатқандай. Айтамыз да қоямыз, сөйлейміз де созамыз, құрдымға сіңген судай жым-жылас. Мұның жайын облыс, аудан басшыларынан сұрастырсақ, олар да мардымды ештеңе айта алмайды. Енді не істеу керек? Біздіңше, М. Дулатұлының мүрдесін еліне әкеліп қайта жерлеу жөнінде Үкімет тарапынан арнаулы ұйымдастыру комиссиясын құрған жөн секілді. Әйтпесе сөзбұйданың шегі көрінер емес.

Ағайын, Міржақып қабірінің табылғанына, міне, екі жылдан асып барады екен. Содан бері баяғыдай марғау қалыппен жүргеніміз елдігімізге жараса ма? Парыз дегеніңіз дабырасыз, жүрек әмірімен өтелмейтін бе еді? Сол күн қашан туар екен?

Қайсар Әлім,

«Егемен Қазақстанның» тілшісі

(«Егемен Қазақстан» №168, 23.07.1992 ж.)

СОСНОВЕЦ САПАРЫ

Оқиға қарсаңында Міржақып мәйітін әкелуге аттандық.

Бұл іссапардың демеушісі – Кооперация және кәсіпкерлік қызметкерлері кәсіподағының Торғай облыстық кеңесі.

Қарт Торғай бүгін Міржақыптай асыл ұлының алдындағы парызын орындауға ең шешуші қадам жасағандай. Сонау Карелия жерінде алпыс жылға жуық уақыттан бері жат топырақта жатқан Міржақып Дулатұлының мәйітін Жанкелдин ауданындағы өзінің есімімен аталатын кеңшарға әкеліп жерлеу үшін, арнаулы делегация алыс сапарға аттанды. Бұл мәртебелі де ұзақ жолға белді бекем буғандарды Торғайда жүрген Гүлнәр апай Міржақыпқызы да шығарып салды. Өзі баруға денсаулығының жарамағанына қатты қиналып, терең күрсініп қалды. Міржақыптың қабірі жатқан Сосновец кентіне Алматыдан апайдың ұлдары мен кинооператор да ұшып шықпақшы.

Цинктелген табыт тиелген машина межелі жерге келіп жеткенше, түрлі ұйымдастыру жұмысымен айналысу үшін, міржақыптанушы белгілі ғалым, 1990 жылы қабірді ашып көріп, мүрдені танып қайтқан Марат Әбсеметов екеуіміз Арқалықтан ұшақпен жөнелдік. Сәтін салса, кейін әлгі көлікпен қайтамыз. Бұл сапарды Тәңірім қолдасын!..

Қайсар Әлім,

«Егемен Қазақстанның» тілшісі, Торғай облысы

Редакциядан: *Торғай облысындағы тілшіміздің іссапарына қол ұшын беріп,*

демеушілік жасаған, үлкен азаматтық пейіл көрсеткен Кооперация және кәсіпкерлік қызметкерлері кәсіподағы Торғай облыстық кеңесінің төрағасы Мұхаметжан Тұралинге редакция атынан рахметімізді айтамыз.

*(«Егемен Қазақстан» газеті,
№201, 02.09.1992 ж.)*

ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

МІРЖАҚЫП МӘЙІТІН ӘКЕЛЕ ЖАТЫРМЫЗ

Бұл іссапардың демеушісі – Кооперация және кәсіпкерлік қызметкерлері кәсіподағының Торғай облыстық кеңесі.

Санкт-Петербург (телефон арқылы алынды). Айналып кетейін, Карелия жері! 57 жыл бойы бауырында қысып жатқан Міржақыбымызды туған топырағына аманаттау үшін келіп жүрміз өзіңе. Аңқылдақ та бауырмал халқыңа мың да бір алғыс айтамыз осы рақымы үшін.

...Қабірді ашып, Торғайдан әдейі жасап әкелген табытқа сүйекті салу рәсіміне арналған митингі болды. Онда Сосновец поселкелік Кеңесінің төрайымы С. Фролова, кенттің байырғы тұрғындары Т. Кондратьева мен К. Стенникова, міржақыптанушы ғалым Марат Әбсеметов, Міржақыптың жиені, жазушы Ерлан Сатыбалдиев сөз сөйлеп, бұл оқиғаны екі ел арасындағы мәңгілікке жалғасатын достықтың жарқын мысалы деп бағалады. Қазақ халқы карельдіктердің бұл қызметін ешқашан ұмытпайды.

Бейіт басына еңбек ардагерлері, поселке тұрғындары, мектеп мұғалімдері мен оқушылары көптеп жиналды. Олар қолдарына кезектесіп күрек алып, қазақтың ұлы перзенті алдындағы соңғы парыздарын өтеді. Міне, екі метр терендіктен табыт қақпағы көрінді... Бойым қалтырап қоя берді. Алмағайып бір сезімнен жүрек алқынды, тыныс тарылды. Көзім мұнартып, батылым жетпей, дәлдеп қарай алсамшы табытқа...

Тәуекел. Ашылды табыт. Е, аруақ, рухыңа бас идік.

Осынау тарихи оқиға кезінде Алматыдан арнайы келген «Қазақтелефильм» студиясының режиссері, Жастар одағы сыйлығының лауреаты, Міржақып жайлы «Оян, қазақ!» атты деректі фильм түсіруші Халила Омаров, Міржақыптың туған жері Жанкелдин ауданынан алты тәулікте Сосновецке келіп жеткен жігіттер: аудан жастарының жетекшісі Айдар Талпақов, милиция капитаны Серік Асқаров, Арқалық автобус паркінің жүргізушілері Кеңесбай Меркин мен Хамит Райымханов болды. Қазақтың ардақты перзенті, бір кездері газетіміздің бастауында тұрған Міржақыптың сүйегін елге әкеліп жерлеу оқиғасы күллі қазақ халқының, сондай-ақ оқиғаның басы-қасында жүрген «Егемен Қазақстан» журналистерінің де мәртебесін өсіреді деп есептеймін. Сәрсенбінің сәтінде, 9 қыркүйекте табыт тиелген көлік Торғайды бетке алып шықты.

Жоламандығын берсе, Міржақыптың сүйегі туған топырағы – Жанкелдин ауданындағы өзінің есімімен аталатын кеңшарға арулап қойылады.

...Торғайда жатқан Гүлнәр апай не күйде екен?

*Қайсар Әлім,
«Егемен Қазақстанның» арнаулы тілшісі
(«Егемен Қазақстан» газеті,
№209, 11.09.1992 ж.)*

ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР МІРЖАҚЫП РУХЫНА БАС ИДІ

Кеше Міржақып мәйітін әкеле жатқан делегация Қостанай қаласына соқты. Оның мүшелерін облыс орталығы қоғамдық ұйымдарының өкілдері қарсы алды. Облыстық «Қостанай таңы» редакциясының, телерадиокомпанияның журналистері мен «Қазақ тілі» қалалық ұйымының белсенділерімен болған жылы жүзді кездесуде осы тарихи сапарға қатысушылар өз ойларын бөлісіп, көптеген сұрақтарға жауап берді. Кездесудің соңынан Міржақып табыты салынған мәшине қасына ескерткіш суретке түстік.

Ендігі соңғы бекет – Торғай облысы, Жанкелдин ауданының Міржақып Дулатұлы атындағы кеңсары.

Қайсар Әлім,

*«Егемен Қазақстанның» арнаулы тілшісі
(«Егемен Қазақстан» газеті, №213, 16.09.1992 ж.)*

КҮНДЕЛІК БЕТТЕРІНЕН

(қысқаша)

1 қыркүйек, 1992 жыл.

...Иә, сәт сапар басталды! Белгілі міржақыптанушы ғалым Марат Әбсеметов екеуміз қиырдағы Карелия жеріне Міржақып атамздың сүйегін әкелу үшін ұшақпен Арқалықтан түнгі сағат 2-ден 15 минут кеткенде ұшып шықтық. 15 сағат 50 минутта ұшатын Мәскеу көлігі кешікті.

Торғай қаласында Гүлнәр апай жатыр. 24 тамызда келген еді. Ертең 2 қыркүйекте Торғайдан РАФ көлігімен төрт жігіт шықпақ. Біз оларды, Алла қаласа, Сосновецте күтеміз.

Осы сапар жөнінде «Егемен Қазақстанға» телефон арқылы хабар бердім. Стенографисткамыз Рысжан Нұрсапақызы «Ағай, аман барып, сау қайтыңыздар» деп тілектестігін білдірді. Мен оған осы оқиғаның барысы туралы жүрген жерімнен хабар жеткізіп тұратынымды ескерттім.

«Еңбекші Қазақстанда» істеген М. Дулатұлы нағашымның жолымен тағдыр мені сол кісінің тума газеті «Егемен Қазақстан» шаңырағына әкеліпті. Енді өзін жоқтап үлкен мақсатпен жолға шығып бара жатырмыз. Бұл оқиға күллі журналистік ғұмырымның, бәлкім, биік белесіне айналар-ау!..

Е, Алла, жар болсын де!

2 қыркүйек, 1992 жыл.

Орал арқылы Мәскеуге түнгі сағат 4-тен 15 минут кеткенде келіп қондық. Кешкі 18 сағат 22 минутта Петрозаводскіге пойызға билет алдық.

Мараттың айтқандарынан: Міржақып Дулатұлы тақырыбына қаршадайынан дайындық жасаған секілді. Ауылындағы бір қарияның әңгімесін магнитофон таспасына жазып алыпты. Кейін әлгі таспаларды 10-сынып бітірген соң ойнатып көрсе, М.Д. жайлы әңгімелер, оның жыршы аузымен айтылған еңбектері сайрап ала жөнеледі... Гүлнәр апайдың өзі: «Жассың, келешегің бар, бұл үйде болғаныңды ешкімге тіс жарып айтпа» депті Марат әлгі бір қорап таспаларын тыңдатқанда. Зәрезап болған жүрек-ай десеңші! Ғалымдардың кейбірі Марат Міржақып туралы диссертацияның тақырыбын белгілегенде олқысыныпты... Марат – Ағыбай бабаның тұяғы...

...Міне, осы жолдар Мәскеудің Ярослав теміржол вокзалының алдындағы тас ернеудің үстінде жазылып отыр. Жүрер алдында есіме Торғайдағы Гүлнәр апаймен телефон арқылы сөйлескенім түседі: «Марат екеуің алдын ала бара беретін болдыңдар», – деді апай тоқетерін айтып. Сөйтті де, тұтқаны Маратқа берді. «Аға, – деді ол арғы жақтан аңқылдап, – аға, қазір түскі 2.30-да Арқалыққа ұшып жетемін, мені күтіңіз, Мәскеуге бірге ұшамыз...». Апай және бір нығарлап: «Қарыз алсаң да даяр отыр, кейін бір жөні болар», – деді.

...Иә, десейші-ау. Бұл сапарға іштей әзірлік көптен жасалып жатқандай ғой. Осыдан екі жыл бұрын Марат Сосновецтегі М. Дулатұлының қабірін ашып көріп, мүрденің анық-қанығына көз жеткізгеннен кейін, түбі бір елге әкеле қалса басы-қасында болармын-ау деген тәтті тілек ойға маза бермей жүрген. Енді соның сәті түсетіндей...

3 қыркүйек, 1992 жыл.

Сосновецке түстік. Бейне бір өтіп кетердей, жарты сағат ерте жиналып, перронға барып тұрдық. Біз пойыздан түскенде күн ұясына батып, төңірек қараңғылана бастады.

Біз кезінде Маратқа Міржақып ізін көрсетіп, қабірін ашқанда басы-қасында болған Клавдия Михайловна Стенникованың үйіне келдік. Ақжарқын кісі екен, етженді, сары, жетпіске келген, жергілікті мейманхананың меңгерушісі. Шайын қойып, барын алдымызға тосып, жік-жапар болды. Шайға қандырған соң мейманхана кілтін беріп, үйінен шығарып салды.

Жақсылап жайғастық, төрт кереует екен. Барлық жағдай бар. Марат Міржақып, Ағыбай аталары туралы көп ғибратты әңгіме айтты. Бөлме төріне Міржақыптың өзіміз ала келген үлкейтілген суретін қойдық.

«Ертең қайтарда мәшине әйнегіне іліп қоямыз», – деді серігім...

4 қыркүйек, 1992 жыл.

Міне, сонымен Сосновецтің алғашқы таңын қарсы алдық. Қоңырсалқын, ылғалды, ашық таң. Мейманхана ауласында, көршілес үйлер маңында бау-бақша бар екен. Картоп сабағы бүрісіп, суықтан ерте солыпты. Жидек жайқалып тұр. Сәбіз, қызылша – бәрі бар.

Тоғыз сағат қырық бес минутта Сосновец стансасының теміржолынан 50 метрдей жерде орман ішіндегі зираттан Міржақып қабірін барып көрдік... Күн жарқырап тұрды. Ауа тынық, таза. Бір кездері дәл осындай жағдайда Міржақып та стансада жүрді ғой. Елден жырақта, жаны күйзеліп жүрді ғой. Оның дүние салғанынан 57 жыл өткеннен кейін қабірін іздеп ұрпақтары келерін сезді дейсің бе?! Қазақтың данышпаны жүрген жерде болу, бір жағынан, мақтаныш сезімін туғызса, екінші жағынан, аяныш халге түсіреді, егілдіреді жан-жүректі. Беу, қилы заман-ай!

Сосновец поселкелік кеңесінің төрайымы Фролова Светлана Васильевнамен кездесіп әңгімелестік. Ол республикалық «Северный курьер» газетінің Беломор ауданы бойынша меншікті тілшісі Волковамен жүздестіріп, мәліметтер алмасуымызға жағдай туғызатын болды.

Поселкелік кеңестен шыққан соң, Выг өзенінің жағасына барып, Міржақыптың көзімен табиғатты тамашаладық. Кең арналы, арғы беті қалың жынысты орман, оң жағында Беломор-Балтық каналының өзенмен қиылысында бұрын Міржақыптардың лазареті тұрған дөң, яғни бекет бар екен. Одан әрі каналдың бір бұлағы орап ағады. Сол жерде ғой әлгі

тұтқындарды ататын көпір... Канал бойымен ағысты екпінмен май дақтары теңбіл-теңбіл болып жөңкіліп жатыр. Выгтың суы қоңыр, қанқызылдау, үрейлі екен. Қолыммен көсіп алып көрдім.

Сосновец стансасының негізін (1887 жылы) қалағандар ұрпағының бірі Ильин Дмитрий Федорович екен. Соның қазіргі тұратын үйіне бардық. Ол үйде Ғайнижамал мен Әлібек Міржақыпқа келіп, бір ай тұрған ғой.

Кешкісін Выгтың жағасына тағы бардық. Бұл жолы жаңбыр сіркіреп, аспан алаторланып түнеріп тұрды. Міржақып көңілі де алай-түлей болған сәттерде осылайша мұңданған шығар...

Клавдия Михайловнаның үйінде қонақтар отыр екен. Олармен де шамалап дастархандас болдық. Біздің жайымызды білген соң, бұл ісімізге сүйіспеншілік білдірді. Мұнымызды бауырмалдықтың белгісі деп бағалады. Кім білсін бұл шаруаның қалай орындаларын? Бүгін Торғайға – Гүлнәр апайға, Жақан Қосабаевқа (аудан әкімі) екі жеделхат жөнелттік, аман-сау жеткенімізді айтып. Көлікті Жақан сәрсенбіде (02.09.92 ж.) Торғайдан аттандырамын деп еді. Шықты ма екен, сол жағы беймәлім.

Сосновец түні жиырма бір сағат жиырма минутта түсті. Көзге түртсе көргісіз қараңғы түн, үрейлі түн. Міржақып осындай түнде туған жерін ойлап, аласұрған шығар... Сосновецте тұтқындарға арнап тілашарлар жасады, өлеңдерін жазды, сағынышты сәлем хатын жолдады ауылына. Соның біразы Гүлнәр апайдың қолында бар екен.

5 қыркүйек, 1992 жыл.

Таңертең жаңбыр жауып тұрды. Сыртта 20 минуттай бой жаздым. Сағат он кезінде жиналып, Беломор қаласына автобуспен 40 минуттай жүріп бардық. Жағалай орман.

Бізді республикалық «Северный курьер» газетінің Беломор ауданы бойынша меншікті тілшісі Наталья Волкова пошта аялдамасынан қарсы алды. Ол алдымен көркемөнер мектебіне алып келді. Тамашаладық.

Өлкелік мұражайды көрдік. Онда Міржақыптың төрт суреті бар екен: Мелейко. Вит. Бронославович (ленинградтық кинорежиссер) «Канал имени Сталина» деректі хроникасын шығарғанда сол суреттерді пайдаланыпты.

Мен мұражайға «Чернобыль қаһарманы» кітабымды табыс еттім.

«Беломор мұражайына. Міржақып Дулатұлының туысы Қайсар Әлімнен ескерткіш» деп жаздым қолтаңбаны. Марат мұражайға мыналарды тапсырды: «Міржақып Дулатұлының шығармалары», «Авторефераты» және бірнеше құжат көшірмелері.

Мұражай қызметкерлеріне Қазақстан туралы, Міржақып Дулатұлы жайлы қызықты әңгімелеп бердік. «Біздің ең озық ойлы адамдарымыз осында айдауда жүрді, – дедік. – Тағдырдың жазуы солай болды. Біз байланысымызды үзбеуіміз керек. Қиын дипломатияны жалғастыра берген жөн».

Соловкиде М. Дулатұлы төрт дәптер түрікше-қазақша-орысша лагерь сөздіктерін жасаған. Соның бір дәптері Лондоннан табылыпты.

...Сосновецке қайтарда мотоспортшылар мінген мәшиненен келдік. Түстен кейін күн ашылып, Марат мені М. Дулатұлы тұрған лазареттің орнына алып барды. Іргесі ғана қалыпты, ағашы шіріген, жерден жарты метрдей биікте. Үстіне көтеріліп, суретке түстім. Бөренелері әбден мүжіліп, бой-бойы үгіліп, қабықтары қалған екен.

Лазареттен әрі айналып, төмпешікке көтерілгенімізде, соны нұсқап Марат: «Осы жерге тұтқындарды топырлатып көміпті», – деді.

Тасжолмен, кеспелтек плиталар төселген жолмен әрі өрлеп, 14-ші шлюз арнасына асыла салынған ағаш көпірді тамашаладық. Төменгі койнауындағы баракты өртегенде, одан қашып сол көпірдің үстінен құлап өлгендерді таңғы сағат 5-те көрген Міржақыптың жүрегі ауырған ғой. Көпірдің ұзындығы 90 метр екен, әдейі адымдап өлшедім. Канал арнасы жақпар тастар, дәрі тескен үңгірлері көзге бадырайып тұр, қолмен қашап, қайламен шауып, ұсатып, арнаны ұлғайтқандарын аңғару қиын емес. Суы қандай: қап-қара ма, қоңыр қызыл ма? Айырып болмайды. Бір кезде Міржақыптың көзіне түскен қайғылы қатпар арна әлі күнге түсі суық, үрейді алардай көңілсіз, күнгірт екен. Анадайдан 14-ші шлюздің кеспелтек пішіні көрінеді. Одан сол жақта, маңдай төрден Беломор-Балтық каналының сұлбесі зораяды.

К.М. Стенникова 1925 жылы туған, Сосновецке 1941 жылы келген. 1991 жылы «Канал имени Сталина» түсірілгенде, осы кісі Серегинді және басқаларды ертіп барып, Міржақып қабірін көрсетіпті. Осы кісі «Келесі жылы келіп, Міржақыптың сүйегін әкетемін» деген Марат уақытында көрінбеген соң, оған: «Неге үнсіз жатырсыңдар, айныдыңдар ма?» – деп хат жазыпты. «Бәтір-ау, сүйекті танығанамыздан айныды ма екен деп ойладым», – дейді шай үстінде Стенникова сол қобалжыған сәттерінен хабар беріп.

Сосновец поселкелік кеңесінен көшірілген құжат: от 8.06.1990, № 283.

Исполком Сосновецкого поселкового Совета народных депутатов по запросу научного сотрудника Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова АН Казахской ССР Абсеметова М. О. составила комиссию для определения места захоронения казахского деятеля культуры и науки Мир-Якуба Дулатова, репрессированного в 30-е годы по ст. 58 и скончавшегося в Сосновецком лазарете 5 октября 1935 года. Акт смерти № 533 подписан З. Ф. Бударной – зав. Сосновецким лазаретом, И. Я. Облакевичем – ст. лекпомом и М. В. Аристовой – дежурной по лазарету. Реабилитирован в 1988 году. Комиссия в составе:

1. Фролова С. В., председатель исполкома.
2. Исаков Б. В., депутат Сосновецкого поссовета.
3. Соколова М. И., старожил, пенсионер.
4. Серегин Н. Ф., старожил, пенсионер.
5. Ильин Д. Ф., старожил, пенсионер.
6. Стенникова К. М., старожил, пенсионер.
7. Куорти А. О., старожил, пенсионер.

После тщательного обследования места захоронения в поселке Сосновец и заслушав воспоминания старожиллов пришли к заключению:

– могила М. Дулатова, умершего 5 октября 1935 года находится на старом кладбище. На месте захоронения стоит обелиск, сваренный из кусков металла с металлической шишкой и звездой.

Пред. Исполкома Сосновецкого поссовета народных депутатов С. Ф. Фролова (колы).

...Міне, Сосновецте Марат екеуміз үшінші түн түнегелі отырмыз. Торғайдан шығатын көлік қашан келер екен? Шықты ма екен өзі? Гүлнәр апай Торғайда қалай жүр екен? Марат аттанарда дауыс қылып жылап қалған екен... Не ол кісінің Алматыдағы балаларынан хабар жоқ. Марат екеумізге салса, қорап-жәшік жасаттырып, пойызбен алып қайтар едік мүрдені... Көліктің бір хабары болмай, ондай тәуекелге бару оңай ма? Кеше Арқалыққа – Алтынға Сосновецтен хат жазып жібердім. Міржақып нағашыма ұқсап, елге алыс қиырдан сәлем жолдадым. Екі түрлі сәлем-ау...

6 қыркүйек, 1992 жыл.

Выг өзенінің жағасына барып, ертеңгілік бой жазу жаттығуын жасадым. Бойға қан жүргізген сайын сезім сергіп, ой жеңілейіп, сонау алыс жылдарға санамен саяхат жасағандаймын. Міржақып та осынау таңғы күнгірт аспанға қарап қойып, бәлкім, елін, жерін аңсаған шығар... Выгтың кең қолтықты айдынына көз салғанда, өзінің Қоңыраулысы есіне түскен шығар. Выгтың жағасын көмкерген жасыл орман – қанша сұлу, әсем болғанымен, Сарықопаның қамысына қайдан жетуші еді. Орманды ауа дейсің-ау, Қызбел төсінің алуан шөп, гүлді жұпар ауасы неден кем?!

...Беломор-Балтық каналының тарихынан: «Канал 1 жыл 7 айда 1933 жылы салынып біткен», – деді мейманханада көршілес жатқан мәскеулік ғалым Сергей Степанович Кирьяков. Ұзындығы – 227 шақырым, ені – 46 метр, тереңдігі – 4 метр. 19-шы шлюзі бар. Канал тек тұтқындардың қол күшімен салыныпты. Оның құрылысына «халық жауы» атанған керемет инженерлер, іскерлер қатысқан. Негізгі құрал – қайла, арба... Бұл канал Сосновецтен бір жарым шақырымдай жерде екен.

...Ұлылар тыныстаған ауамен көкірек шайғанымның өзіне мәз болып жүріп жатырмын Сосновецте. Бөлмеде жазу жазып отырып қалсам, «Міржақыптың ауасын жұтайыншы» деп аулаға ытқып шыққанымды да кейде аңдамай қалатындаймын...

7 қыркүйек, 1992 жыл.

Бұл күні көрші жатқан Сергей Степановичпен, оның әйелі Валентинамен бірге Беломор-Балтық каналын мәшинеммен барып көрдім. Кәдімгі өзіміздің ауылдағы Қоңыраулыдай ернеулі, жалпақтығы да соған ұқсас: ернеуінен тас жақпар текшеленіп көрінеді. Бір жағалауына ағаш егілген, сонымен қапталдас бетон, тасжол төселген. Манайы қалың жынысты тоғай. 15-ші шлюзде болдым. Оның басқару пультіне көтеріліп, төменге көз салдым. Бәрі алақандағыдай көрінеді. «Бұдан кеменің өткенін көрсеңіз ғой», – деді басқарушы қыз. Олар әбден сиреген, бір тәулікте үшеуі ғана өткен. Бұрын ше, қаздай тізіліп өтетін көрінеді...

Т е л е ф о н о г р а м м а. П. Сосновец 07.09.1992 г. Принята в 11 час. 15 мин. Фроловой для Абсеметова.

Съемочная группа вылетела из Алма-Аты 7 сентября. Расчитываем прибыть в Сосновец 9го. Дождитесь нас. Ерлан. Приняла: Инспектор Сосновецкого пос. Совета Т.Ф. Фомина.

Осы жеделхат Марат екеуміз Алматыға Ерланға телефон заказын беріп, Сосновец поселкесінің төрағасы С. Фролованың бөлмесінде отырғанда қолымызға тиді.

Алматымен сөйлесе алмай зарығып отырғанда қолымызға осындай жақсы хабар тиді. Демек, көлік те Торғайдан шыққан ғой дестік. Айтуларына қарағанда, сәрсенбіде, 2 қыркүйекте аттандыру керек еді. Апай сол көлік шыққан соң, Алматыдағы балаларына хабар берген ғой. Мына жеделхат содан соң салынғаны байқалады. Әйтеуір, көңіл жайланды. Марат екеуміз «көлікке не болды?» деп абыржып жүр едік. Енді бірімізді-біріміз құшақтап, қуанысып қалдық...

Міне, осы жолдарды қағазға түсіріп отырғанда Торғайдан шыққан мәшине «Сосновец, қайдасың?» деп, зуылдап келеді-ау. Е, дәурен, өмірде осындай да ғажайып құбылыс болады екен. Сол тарихи оқиғаның ортасында жүреміз деп кім ойлаған? Торғайдан мәшине келіп, Міржақыптың мүрдесін әкетеді

дегенге бұған дейін біреу-міреуді сендіріп көрінізші. Алдымен келіп алсын да мәшине. Әйтеуір, тарихи оқиғаға жақындап келеміз ғой... Сәті түссін. Бұдан соң Сосновецтегі орта мектептің оқушыларымен, мұғалімдерімен кездестік. Жүздесуді мектеп директоры Людмила Борисовна Кудрявая ұйымдастырды.

Карелия жерін біле түссек деген ынта-ықыласта шек жоқ. Киоскі көрсек, ернеуіне асылып, Міржақып жатқан осы жер жайлы танымдық бірдене болар ма екен деп, көз сүзіп, сұрастыра бастаймыз. Кұрқол да емеспіз, әрине. С. В. Фролова біздің бұл таңсықтығымызды басқысы келгендей, үйіне жүгіріп барып, бір құшақ кітап әкеп берді: «Өзіме де керек еді бұлар, – деді әрқайсысына қысқаша түсінік жасап үлгеріп. – Кеткенше қарап, қажеттеріңмен танысыңыздар».

...Күнделігіме «Отбасыңды осылай сағындың ба?» деп жазып қойдым да, ойға берілдім... Міржақыптың сағынышын өз сағынышыммен салыстырып, өлшеп, безбендей бастаған секілдімін... Мен де тап қазір Міржақыптың сағынышындай інкәрлігімді тежей алмай, зайыбым Алтынымды, балаларым Арай мен Әсетімді, Баубегім мен Гауһарымды, кенжем Алауымды әкелік әлемнің әдемі әлдиіне бөлей бердім. О, тоба! Сағынатын жандарым аман-сау болсын...

8 қыркүйек, 1992 жыл.

Кешкі 21 сағат 08 минутта пойыздан Ерлан келер ме екен деп стансаға Марат екеуміз барсақ, РАФ мәшинесі алдымыздан шыға келді. Одан Торғайдың жігіттері түсіп келе жатыр: Айдар Талпақов – Жанкелдин аудандық Жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы; Серік Асқаров – аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкері; Кеңесбай Меркин – Арқалық автобус паркінің жүргізушісі; Хамит Райымханов – осы парктің жүргізушісі.

Жігіттер 3 қыркүйекте сағат 14те шыққан екен. Жолға бес күн қонып, алтыншы күн дегенде Сосновецке жетіпті. Арып-ашыққан, жол шаршатқан жүздері межелі жерге жетіп жығылған соң, жадырап жүре бергендей. Бұған дейін бір-бірімізді танымасақ та, жанұшыра құшақтасып жатырмыз.

Жігіттердің жүріп өткен маршруты, қысқаша айтқанда, былай еді:

3.09.92. Торғай қаласы – Шилі – Толыбай (Ақтөбе облысы) – Урожайное – Хромтау – Ақтөбе.

4.09.92. Қобда – Жымпиты – Орал – Куйбышев.

5.09.92. Самара – Ульяновск – Чебоксары.

6.09.92. Горький – Иваново – Ярославль.

7.09.93. Рыбинск – Череповец – Тихвинь.

8.09.92. Новолодога – Лед. Поле – Оленец – Петрозаводск – Медвежьегорск – Сегежа – Сосновец.

9 қыркүйек, 1992 жыл.

Бұл күн өте тығыз шаруалы болды. Қол тимегендігі сондай, осы жолдардың өзін кештеу түсіріп отырмын. Борис келіп (Клавдия Михайловнаның күйеу баласы), Ерлан Сатыбалдиев пен Халила Омаровтың Алматыдан жеткенін хабарлады. Ерланмен таныстым, нағашым ғой. Ол «Егемен Қазақстанда» Міржақыптың мүрдесін әкелуге аттанғанымыз жайлы мақаланың шыққанын айтты. Демек, бұл – оқиғаның барысымен күллі Қазақстан құлақтанып жатыр деген сөз.

Ерланмен бүгін қабірді қазып, сүйекті әкететін күн туралы мақаланы Алматыға, редакцияға қалай жеткізу жөнінде ақылдастым. Ол менің қолжазбамды ертең таңертең Санкт-Петербургтен телефакс арқылы жібермек болды.

Қабір басына 9 сағат 40 минутта жиналды. Адам көп. Кинорежиссер Халила үздіксіз түсіріп жатыр. Митинг болды... Екі метр тереңдіктен қабірдің тақтай қақпағы көрінді. Ашылды...

...14 сағат 39 минутта Сосновецтен 23-19 ТГА нөмірлі РАФ мәшинесімен Торғайды бетке ұстадық. Біз – алтаумыз, табытта Міржақыптың сүйегі жатыр... Қош, Сосновец, қош!..

10 қыркүйек, 1992 жыл.

Петрозаводск. Таңғы жетінің кезінде ояндым. Тез киініп, жігіттер тұрғанша вокзалға барып, билетімді тапсырып келдім. Осы мәшинемен Калинин қаласына (қазіргі Тверь) барып калуға бекіндім. Жол аяғына дейін тұтас жүруге денсаулық шыдамаса да, бірауық Міржақып мүрдесі салынған мәшинемен жүре тұрайыншы деген ой да тәтті арманды оятады.

11 қыркүйек, 1992 жыл.

Сағат 6. Тверьге келдік. Жігіттер елді бетке ұстап жүріп кетті. Ақ РАФ теміржолдан баяу қозғала берді... Ішіндегі табытта Міржақыптың мәйіті бар... «Ақ жол болсын!» деп, сапарластарыма тілек айтып қоямын өз-өзімнен күбірлеп. Біз Қостанайда кездесуге уәделестік. Мен Мәскеуден ұшақпен ұшып бармақпын. Жол ұзақ, шыдамайтын болдым да, осыған пәтуаласқанбыз.

...Тверьден Мәскеуге автобуспен келіп, Быково әуежайынан кешкілік Қостанай ұшағына отырдым.

12-14 қыркүйек, 1992 жыл.

Қостанайда Міржақып мәйітін әкеле жатқандарды күтіп, үш күн жаттым. Көшеге шыға қалсам болды, «Егемен Қазақстан» газетінен құлақтанып үлгерген жұрт «Қайырлы болсын, аталарыңның сүйегін елге әкеле жатыр екенсіңдер!» – деп, тілектестігін білдіріп, әр нәрсені қызыға сұрайды. Жергілікті телерадио арналарынан да Сосновец сапарынан оралушылардың Қостанайға аялдайтыны айтылып, қалың ел елеңдесіп отырды. Осының өзінен-ақ халықтың аяулы Міржақыбына деген алабөтен ықыласы аңғарылады. Кезінде Ері елін жоқтап арыстанша арпалысса, енді елі Ерінің сол еңбегін қалай өтерін білмей аласұрғандай еді...

15 қыркүйек, 1992 жыл.

Сағат 15. Облыстық «Қостанай таңы» газетінің редакциясында қалаға түнге салым келіп жеткен жігіттердің басын қосып, кездесу өткіздік. Менің 22 жыл маңдай терімді төккен шығармашылық ұжымым осы оқиғаның ортасында жүргенімді мақтан тұтатынын байқатады. Кездесуді газет редакторы Салық Молдахметов жүргізіп отырды. Журналистер Ермекбай Хасенов, Жұмағали Арғынбаев, Назира Жәрімбетова және басқалар өздерін толғантқан жайлардан толық мәлімет алды. Газет редакторының орынбасары Сәлім Мендібаев экспедиция мүшелерінің жарқын ісіне ризашылығын білдірді. Қалалық «Қазақ тілі» ұйымының төрағасы Сағындық Орынтаев, педагогика институтының оқытушысы

Қалмақан Жақыпов та хош көңілмен пікір айтып, халықтық мүддеге орай атқарылған іске елжіреді, елдіктің абыройын асырған бұл оқиғаны жоғары бағалады. Кездесуден соң сыртқа шығып, ақ РАФ-ты ортаға алып суретке түстік. Қостанайда аз-кем аялдаған Міржақып бір кезде шәкірті Бейімбет Майлин негізін қалаған облыстық газеттің алдында өшпес рухымен мінежат етіп тұрғандай еді...

...Жігіттер алыс жолдан шаршап келе жатқандықтан, Қостанайда түнеп, дамылдауды қалады... Біздің тобымызға осы оқиға барысын «Егемен Қазақстаннан» оқып, біліп отырған ақын Серік Тұрғынбекұлы Астанадан ұшақпен жетіп қосылған еді.

16-17 қыркүйек, 1992 жыл.

Сағат 16. М. Дулатұлы атындағы қауымдастыққа келіп жеттік. Ойпаннан қыратқа көтерілгенімізде, алдымыздан мәшинелі, жаяулы қарсы алушылар көрінді. Токтадық. Көңіл толқулы. Алдымыздан Гүлнәр апайдың өзі шығыпты. Міржақыптың туысы көнекөз Бәйеке Жұмабаев та бар. Сосновецте қабірді ашуға қатысқан Міржақыптың жиені Ерлан Сатыбалдиев пен кинорежиссер Халила Омаров та осында жүр... Бәрі мәресәре болып, бізді қуана құшақтап жатыр.

Жерлеуді ұйымдастырушылардың ұйғарымымен, мәйітті жер қойнына екі күннен соң, жұмада табыстау келісілді.

18 қыркүйек, 1992 жыл.

Міржақып Дулатұлының мүрдесін ақыреттеп арулап, киізге орап, сыртынан кілеммен қапталдап, биік тақта үстіне көлденең қойды.

«Әкемнің артында қалған жалғыз тұяғы едім, ол асылым барлық қазақтың мақтанышы еді», – деп Гүлнәр апай күңіреніп, көзінің жасын бұлағанда жан шыдамайды, қабырғаң қайысады...

Қаралы жиында он адам сөз сөйледі. Оның қайсыбірін тізейін... Ауылдық кеңестің төрағасы Кенжеғали Бекмағамбетовтің сілтеуімен азалы лебіздер айтылды...

...Қабіршілер: Ерәділов Қабиден, Әбілдин Айдархан, Қазыкенов Қуандық, Мұратов Айтуар, Таутабаев Бауыржан, Аппазов Рамазан.

...Киізге орап, кілеммен қапталдап киіз үйден сүйекті алып шыққандар: Бекмағанбетов Бораншы, Шақамбаев Мұстафа, Әменов Хамит, Жарасбаев Ерден, Шақалақов Дүйсенбай, Шайланов Қабдырахман, Есжанов Атымтай.

...Карелиядан марқұмның біз әкелген дене топырағын қабірге аудан әкімінің орынбасары Сұлташ Оспанов салды.

...Туған топырағын қабірге салғандар: Ерәділов Қабиден, Көшеков Базар, Дайыров Сәрінжіп, Бекмағанбетов Бораншы.

...Торғай мешітінің имамы Шоқан Алланың аятын оқыды.

Қабір басы... Сыңсып жылау, жоқтау, бас ию. Ауыл күңіреніп кетті. Жел күшейді, құм боран тұрды, дүние астан-кестен. Міржақыпты Табиғат-Ана шашын жұлып жоқтап, дауыс қылып ескеріп-елеп жатқандай...

Туған жерде бір төмпешік пайда болды. Міржақып енді ғана мәңгілік тыншығандай. Қасиетті туған топырақ-ай, торқадай есіліп, жайлы тие гөр жамбасына марқұмның!

*Арқалық – Мәскеу – Петрозаводск – Сосновец –
Беломор – Қостанай – Бидайық – Арқалық.
1–18 қыркүйек, 1992 жыл*

ІІІ ТАРАУ ҚАРАЛЫ ҚАЙТА ЖЕРЛЕУ АТА РУХЫНА АДАЛДЫҚ

ҚҰДАЙ-АУ, БҰЛ ӨНІМ БЕ?

1992 жылғы қыркүйектің алғашқы он сегіз күнінде он екі мың шақырымға «енку-енку жер шалып» дегендей, Алаш баласының алақанына салған асыл ұлы Міржақыптың мәйітін сонау Карелиядан әкеп, кіндік қаны тамған жер-бесігіне қайта бөлегеннен соң, тым-тырыс жатып алғанымға қысылатын да едім. Иә, бұл бір оқырмандар алдында ақталу, сылтау іздеу немесе жауапкершіліктен жалтару емес еді, сенсеңіз, әрұдай күй кешкенім имандай шыным еді. Журналистік осы ғұмырымда іссапардан оралысымен іле қолыма қалам ұстай алмай, ақ қағаздан жерініп, мең-зең күйде: «Бұл өзі қандай іс болды?» деп бір ысынып, бір суып, төбем көкке жетіп, алмағайып сезімге бөгіп жүріп алдым емес пе? Құй сеніңіз, сенбеңіз, сондай сезім әлдиіне бөлеген тағдырыма разымын.

Қазіргі түйгенім: енді қайталанбайтын осындай оқиғадан соң қайта қыбырлап ояну, өзіңше түлеу, сабана түсу үшін де уақыт керек екен. Міне, сол шекарадан енді өте бастадым ба деймін...

...Қалай болып еді өзі? Тамыздың ішінде міржақыптанушы, алматылық ғалым Марат Әбсеметұлын Торғай қаласында кездестіріп, жүрісінің мән-жайын білгенімде, «бұл іс кімге де болса арман-ау» деп бойым ысып, жүрегім бұлқынып кеткен еді. Содан бертінде Торғайға Міржақыптың қызы Гүлнәр өтіпті дегенді естіп, ойым онға бөлініп, сол жаққа құлағымды тігіп, тәтті қиялға берілетінмін... Қиырдағы Карелияның Сосновец поселкесіндегі ескі зираттан 1990 жылы маусымда Міржақыптың қабірін тапқан әлгі Марат еді ғой. Содан бері екі жылдан астам уақыт өтсе де, «мәйітті әкеліп еліне жерлейікші» деп ықылас танытқандар қатары саусақпен санарлықтай болатын. 1991 жылы дүркіреп өткен Ахан мен Жақанның тойында Гүлнәр апай ғана мінберден шырылдап жатқаны есімде. Кейін «Егемен Қазақстан» газеті «Міржақыптың мүрдесі елге қашан әкелінеді?» деп қоғамдық пікірдің дауылын өршітуге дем бергені мәлім. Содан бері қарай жел оңынан тұрып, шөп басы қыбырлай бастаған сияқты. Енді апай мен ғалымның келіп жатқаны да тегін болмағаны-ау!

Әгерки, Торғай жақтан алыс сапарға экспедиция шыға қалса даяр тұрайын деп, облыс басшыларының қолдауымен демеушілер тауып, өзімше қамданғаным мұндай жақсы болар ма, Гүлнәр апайдың: «Нағашыңның бұл міндетіне өзің де аралас, сауабы тиеді», — деген ақылынан кейін жолға асығыс жиналдым.

...Қыркүйектің дәл 1-і күні Марат екеуміз Арқалықтан Мәскеуді бетке алып ұштық. Бізден кейінірек РАФ мәшинесімен жолға шығатын төрт адам Сосновецке келіп жеткенше ондағы түрлі даярлық, ұйымдастыру жұмыстарымен айналыспақ ойымыз бар. Ұшақ жерден бауырын көтерді. Қасымдағы Марат інімді иығыммен түртіп:

— Құдай-ау, бұл өнім бе, әлде түсім бе? — деймін бір үлкен оқиғаның жалына жармасқанымды енді ғана сезгендей. Ол ой құшағында екен...

БУТЫРКАДАН СОСНОВЕЦКЕ ДЕЙІН

Мәскеуден кешқұрым мінген пойызымыз ертеңгісін түс әлетінде Карель Республикасының астанасы Петрозаводскіге кідірісімен, Мурманск бағытын бетке ұстағалы тұрған екіншісіне ат ауыстырғандай отыра қойдық. Көлігіміз орнынан лықси қозғалғанда Марат:

– Енді тұтқындарды баяғыда жаппай жөңкіле айдаған жолына түсеміз, – деп мені сергектікке шақырғандай болды.

Қос қапталдан жарысқан қою орманды үнги түсіп тартып келеміз. Күн көзінің жетіспейтіндігінен бе, бірте-бірте шырша-қайың селдірленіп, алаңқайлардан жарқабақты-жартасты дөң-төбелер көзге шалына бастады. Мүкті тастардың қожыр-қожыр теңбілдері ақ тарихтың бетіне әдейі баттастырып жаққан күйелеш таңбадай сескендіреді. Енді солар ізінше айдын-алқа көлдерге ұласқанда нілдей көк бояуымен көңілді өсіріп, балаша мәз қылады.

Бұл жолдың бойымен осыдан алпыс жылдай бұрын, мүмкін, одан да ертерек болар, қазақтың талай боздақтары өткен шығар. Кеше Мәскеуде Бутырка түрмесін сыртынан қарап, оның тас камераларында кімдердің шаш ағартқанын әңгіме етiскен едік. Міржақып Бутыркаға 1929 жылдың маусым айында түсіп, сонда ақырғы жазасы кесілгенше алдымен атуға бұйырылып, содан он жылға тартылғанша отырған екен. Сол азап көрінен 1931 жылдың ақпанында шығып, Соловки лагеріне айдалған ғой. Сонда осы жалғыз теміржолмен жүрмей қайтти дейсін.

Бутырка түрмесінде онымен бірге Татарстанның халық суретшісі Бақи Орманшы отырғанын тарихи құжаттардан білеміз. Ал Сосновецте татар жазушысы Махмұт Будаили мен қазақ қайраткері Мырзағазы Есболовтың Міржақыпты өз қолдарынан жерлегеніне де естеліктерінен қанықпыз. Сол ардақты азаматтар да көз сүзбеді дейсіз бе мына біз телмірген табиғатқа.

Петрозаводскіден шығысымен, купедегі картадан құмырсқадай құжынаған станса біткенді көшіріп алып едім, соларды түстеп, оқығандықтарымыз бойынша әрқайсысын жыға тануға талпынып бағамыз. Міне, Медвежьегорск стансасы. Алдымыздан Міржақып шыға келетіндей көзіміз бұлдырап қоя берді. Мұнда ол 1934 жылдың басында фельдшерлердің орталық курсына оқыған. ГУЛАГ-тің Карель бөлімшесінің астанасы атанған тұтқындардың бұл апанында талай қазақ атпалдары да мүжілген шығар, кім білген?!

Кешкі сағат 19-да Майгуба стансасында 19 минут аялдадық. Қайран Мағжанның жаралы жылдарын жұтқан қаралы жер деп тепкілегің келсе де, жерді-елді тілдеп даттауға дәтiң жетпейді. Жер емес, оның елі емес, қызыл жалаулы кенестің қанқұйлы саясатына лағынет айту жарасар. Бірақ та сен, Майгуба, Мағжанның отты жырларын жадында сақтап қалғаныңмен де ыстықсың-ау. Әр ағашың қазақ өлеңінің бір-бір жолындай ма, буынындай ма еді?..

Бәтір-ау, бұл жол Міржақыптың зайыбы Ғайнижамал мен ұлы Әлібекті де Сосновецке (1934 ж.) тәтті қиялмен тербеп әкеп, қауыштырып, көрістіргені қайда?! Арада ай өткен соң, әттең-ай, сол ыстық құшақтарды ажыратып, көздерінен улы жасты сорғалатып, бөліп әкеткен де осы жол едің-ау. Белің үзілгір, теміржол, арманды арманға жалғап, ізінше шорт кескенің қалай? Талай қазақ баласын тарыдай шашып тастадың-ау манайыңа. Өне, дөңкіген мүкті тастар – Міржақыптың, Мағжанның және тағы басқа арыстардың беріш болып қатып қалған жүрегі дерсін.

Бутырка түрмесін көріп, Мәскеуден Сосновецке дейінгі теміржолмен шайқалақтаған жолаушының ойына нелер келіп, нелер кетпес?!
– Сосновецке таядық, – деді жолсерік ескертіп.

Біз қалбалақтап тез жиналдык. Міржақыптың қабірі жатқан поселке үстін қою қараңғылық тұмшалай бастапты. Жерге түскенде баяғыда Міржақыптың бетін өпкен жұмсақ жел «Ғұламаның елінен келдіңдер ме?» дегендей аймалап қоя берді...

ҚАБІР БАСЫНДАҒЫ ОЙ

Сосновец стансасының теміржолынан елу метрдей жердегі орман ішінде ескі зират бар екен, сондағы Міржақып қабірінің қасында тұрмыз. Марат аруаққа Құран бағыштады. Қойылған белгі маңайындағылардың ешқайсысына ұқсамайды, тым ерекше екен. Лагерь мұнарасы іспеттес айқұш-ұйқыш темір белдіктердің ұшар басындағы шарға бес жұлдыз бекітіліпті. Көнекөздердің айтуынша, бастапқыда мұсылмандық ғадетімен ай бейнеленбек екен, онысын кейбіреулер артық көріп, «коммунистше» кеткен ғой. Және қабір белгісі құбыла жаққа қаратып қойған мәйіттің дәл бас жағына орнатылуының өзі (карельдерде аяқ жағына қояды) осыдан екі жыл бұрын Марат пен Нұрлан Сатыбалдиевтің көзінше қазып, ашқан табытта Дулатұлының сүйегі жатқандығына да бұлтартпас дәлел болса керек.

Зират маңын асықпай аралап, ондағы ескерткіш белгілерді сараптап қарап, шым-шытырық ойға берілдім. Бұған дейін Мараттың аузынан естігендерім бар, осында келгелі поселке тұрғындарынан тартқан сыр-естелік және көп, ойға тамызық жетіп жатыр еді.

Біріншіден, Марат Әбсеметұлы мұнда жел айдаған қаңбақтай кездейсоқ келе салмаған. Академик Д.С. Лихачевтің шақыруымен сталиндік құғын-сүргін титықтатқан бұрынғы тұтқындар жиналған Соловки форумына қатысқан ол Л. Кижло, И. Русинов және басқалардан Міржақып туралы әңгімелер естиді. Олардың айтқандары қолындағы 1935 жылдың 5 қазанында Сосновецте толтырылған Міржақыптың өлімі туралы №533 актінің мәліметтерімен сайма-сай келіп тұрған болатын. Ал Сосновецте қабірді дөп басып көрсетіп, ешқандай күмәнсіз дәлелдермен негіздеп берген адамдардың біразымен өзім де бұған дейін жолығып, сөйлескен едім.

Міржақыптың қабірін 57 жыл бойына мәпелеп күтушінің бірі Мария Ивановна Соколовамен тілдескенімді қалай ғана ұмытармын. Оның шешесі көзін жұмарда қызын қасына шақырып алып: «Ескі зиратта қазақтың фельдшері жатыр, мені соның қасына қойыңдар. Қос қабірді бөле-жармай күтерсің», – деп өсиет айтыпты. Ана парызын адал ақтаған Соколова қабірді екінші рет ашып, Торғайдан әкелген табытқа мәйітті салып жатқанда көзінің жасын көл етіп, егіле жылағанда сай-сүйегіміз сырқыраған. Немесе қаусаған шал Д.Ф. Ильиннің ағаштан шауып өрген екі қабат ескі үйіне барып, бір кезде Міржақыптың әйел-баласымен үшеуі бір ай тұрған бөлмеге бас сұғуымыз – еріккендіктен емес еді. Бұған Міржақыптың Сосновецтен әйеліне жолдаған хаттарындағы сол күндерді сағынышпен еске алып, үйді айналсоқтап шықпай қоятыны жайлы үздіге жазғандары (хат Гүлнәр апайдың қолында) да дәлел болса керек-ті.

Үйінің төріне шыққан бізді тамаққа тойдырып болып: «Қарындарың ашады, мейманханаға картоп ала кетіндерші» деп жалынатын зейнеткер

К.М. Стенниковадан естігеніміз – өз алдына бір сала әңгіме. Ол кісі де ертеден «қазақ дәрігері Давлетов» дегеннің қабірін біліп өскенін айтады. Гүлнәр апайдың қолында осы Сосновецтен жіберілген бір құжат бар.

Онда Міржақып көз жұмған соң еліне қайтарылған алпыс заттың тізімі келтірілген. Соның ішінде төменгі алмалы-салмалы тісінің бір үлгісі де қоса жіберілген ғой. Табыттан бас сүйекті көтеріп алғанда, шынында да, төменгісі протез екендігіне көзім жеткен еді.

Міржақыптың Сосновецте ғана емес, күллі Карелия аймағындағы тұтқындар арасында беделді, ғұлама, білгір, әр ұлттың тілін таба білген ірі саясаткер екендігін бейнелейтін құжаттарды аудан орталығы Беломорскідегі мұражайдан көріп, атамызды соны бір қырынан танығандай болдық. Санкт-Петербургтік кинорежиссер В.Б. Мелейко «Сталин атындағы канал» кинохроникасын түсіру барысында тапқан төрт кадрды мұражай қорына сыйлаған екен. Оның бәрі де бізге бұрыннан таныс көріністер болғанымен, Міржақыптың жүрген ортасындағы кесек тұлға-бітімін өзге сипатынан паш етуімен құнды еді. Әлгі режиссер сонымен бірге өз әріптестерінен Міржақыптың ақжелең киіп, фельдшерлік міндетін өтеп тұрған сәтін бейнелейтін кадрдың бар екендігін де естіпті. Оны іздестіріп табу, сөйтіп, ұлы өмірдің ақтандақ тұсын байыту, әрине, келешектің ісі ғой.

...Міржақып жүрек демікпесінен қайтыс болды... Көзбен көрген лазаретте емделіп жатқан тұтқындарды айуандықпен атып, азаптап өртегенінен шошып ояныпты. Сұмдыққа нәзік те аурушаң жүрегі шыдамады. Оның ұлы жүрегі тек «халқым, елім» деп соғатын, сыздайтын. Ол осындай киырда жүріп-ақ әр адамды ұлтына, нәсіліне қарап алаламастан, сөзімен, жүрегімен емдеді. Дәрігерлік қызметіндегі ғажап емі әркімді көрегендікке, бірлікке, мейірімділікке үндеген шырайлы сөзі болды. Халық оның бірауыз лебізіне тәк тұратын, оны ішірткідей қабылдап, тұмардай тағатын мойнына. Сондықтан да оның қабіріне өз тұрғыластары көз қиығын салып жүрді. Қабірінің өзі соңында қалғандарға әсер, күш беріп, болашаққа үміттендіріп отырды. Оны білетіндер немесе олардың ұрпақтары Міржақып қабіріне әлі күнге тағзым етіп, аруағына табынады екен. Осыны көзіміз көрді.

Есіме кешегі бір кездесу сәті түсті. Онда Сосновец поселкелік кеңесінің төрайымы С.Ф. Фролова бізге М. Дулатұлының ескі зиратта жерленгенін растайтын арнаулы комиссияның ресми құжатын көрсеткен еді.

...Міржақыптың қабірі өзгелерінен ерен, бөлек нобайымен дараланып, көңілді біртүрлі мұң торлайды...

ПОЙЫЗ ДҮРСІЛІ

Ертелі-кеш күн-түн демей құлаққа пойыз дүрсілі тынымсыз келіп жатады. Пойыздар Сосновецті баса-көктеп Қиырға, Қиыр Шығыстан батысқа жөнкіліп жатыр. Бұрын да солай болған шығар, қазір де сонысынан жаңылмағандай. Осыдан елу жеті жыл бұрын Міржақыптың құлағына жеткен пойыз дүрсілі енді менің жүрек қылымды шертіп жатқандай. Саған не жорық, әншейін дүрсіл емес пе дерсіз. Жо-жок. Сол дүрсілге Міржақыпша құлақ қойғым келеді.

...Дүрсіл оның сағынышын еселей түседі. Елден хабар әкелді ме екен? Әлде тағы бір тұтқынның аяқ-қолын матап домалатып тастап кетер ме? Кешегідей еді-ау, сол дүрсілдің: «Ғайнижамалың мен Әлібегің келді», – деп сүйінші сұрағаны... Сағынады, аңсайды сол дүрсілді елжіреп. Жастыққа

басы тигенде тағы бір құрама өтті білем, төңіректі өзіндік ырғақты дүрсілімен тербеп оятып, маңайына әлдилей жан бітіріп біртебірте алыстай берді. Өне, соның сәт санап әлсірей үзілген, тұншыққан дүрсілінен жаны шошып, денесі түршікті. Себебі сол дүрсілмен бірге қасында бір ай болған аяулылары көзден тасаланып, шерменді жүректерді жалғаған сүйіспеншіліктің асыл тінін әне-міне үзердей, жанды қинай түсіп ұзап бара жатқан-ды. Оларды қауыштырарда тәтті дүрсіл ең, әкеткенде құрғыр-ай, ащы дүрсілге ұластың ғой. Сол ащы да қатыгез дүрсіл Міржақыптың өміріндегі ең жақұттарын ұрлап кетуімен қорқынышты еді...

Енді несі қалды? Сол дүрсіл бұған елден де хабар әкелмейтін болды, мұның хабарын елге де жеткізбейтін болды... Сөйтіп, Міржақып үшін пойыз дүрсілі әбден құрып, құлағынан мәңгілікке өшкен... Тағдырға не шара?! Сол дүрсіл бірақ оның қабірін елу жеті жыл бойы теміржолдың іргесінен елу метрдей жерде тербетіп жатыпты.

Енді сәті түссе, сол дүрсілден безініп, еліне, туған жеріне жамбасы тиіп, мәңгілікте, шын мәнісіндегі мәңгілікте тыныш жатар...

Міржақыптың туған жеріне пойыз жолы әлі тартыла қойған жоқ. Туған жерінің жүрек лүпілі – дүрсілі ғана тербетіп, мәпелейді оны. Азапты дүрсілді оның ұрпақтарына енді естірте көрмесін. Сенің қайғы-зарыңды, мұң-наланды, алты Алаштың баласы-ау, бір Міржақыбың нардай көтере білді ғой. Соны ұмытпағайсың.

...Көрпемді тарс тұмшалап жатсам да, құлағыма пойыз дүрсілі жетеді.

Міржақыпша елендей түсемін... сеніммен, үмітпен елендеймін.

ТҰМАНДЫ ЖАРҒАН КҮН

Таң. Выг өзені тұманға тұншығып тұр екен. Ағаш басын көкмұнар шалып, ауыр сұлбасын өзен арнасына малып-малып алғысы келгендей жөңкіліп, тұтаса көшкен қалың тұман табиғат ажарына кір-қожалақ қолын қасақана салып, оның жалынан жабысып, айырылар емес.

Мен бой жазу жаттығуын жасап болғанша тұман үдей түсіп, тіпті қоюланып кетіпті. Выгтың айдынды кең қолтығының садақтай иіліп барып күрт солға қисайып кететін тұсы, қарсы жағалаудағы тұтасқан орман бойы, әрірек қапталындағы Ақтеңіз-Балтық каналының 14шлюзінің еңсесі, одан беріректегі көпір пошымы, тіпті қолсозым жердегі дөң-қырат, мұның қолтығында жасырынып, төбесі ғана қылтиып тұрған ГЭС-тің зорайған бейнесі көзге әрең-мәрең шалынады. Тұман сіресіп, нығыздалып, қою түтіндей шұбатыла сұстанып, маңайына көңілсіздік пен көзсіздікті үйіріп, сәт санап билігін бекіте түсті осылай...

...Бір сәт қарасам, әлгі тұман селдіреп, өзен аңғарынан үрке қашып, кейін серпіліп, ағаш бастарындағы жезтырнағын босатып, әуелей көтеріліп, демі біткендей божырап, тоз-тоз түтіліп, қойны-қонышын үрлеген желден сұсы қашып, дірдектеп, ауаға сіңіп, сөйліп бара жатыр екен. Сол-ақ екен, өзен бойы, аймағы аршыған жұмыртқадай аппақтанып, бозамығы сәулеленіп, жылтырай бастады. Мен енді еріксіз күн мен тұманның аспандағы (көкжиектегі десем дұрыс болар) тайталасына, бәсекесіне, күресіне арашашы болуға бекініп алған екенмін. Бұған, әрине, едәуір уақыт та керек болды.

...Е, сәт, үмітімді демей гөр! Төменнен табаны тайған тұманның жоғары ыдыраған сайын әл-дәрмені, қуаты құрып, абдырап, сұрқы қашып, тіпті

күннің күш ала қоймаған әлсіз қызуымен таласарлық қауқары қалмағанын сезіп тұрмын. Күнді қызуы көтеріліп, бұла күштенбей тұрғанда-ақ тұсап-матап тастайыншы дегенімен, ойы жүзеге аспай, санын соғып қалды. Қайта өзі құрдымға терең батып кете барды. Күн, әне, сызатын ашты, әлеуетті жарығымен Тұманды тескіледі.

Алабажақ селдір матаның арғы жағынан жарық сәуле түсіргенде қандай сурет көрінуші еді, дәл сондай болып Тұманның берекесіз бейнесі көрінді.

Тұман ыдырап, күн жарқ етті! Сонау көктен «Оян, қазақ!» жасыны сорғалап түскендей болды:

*Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!..*

немесе:

*Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн һәм шықпай, тұр таң атпай?!
Оянған қазақтың алтын күні мәңгілікке жарқырай берсін!*

ОТБАСЫН ОСЫЛАЙ САҒЫНДЫ-АУ...

– Үйден, Алматыдан шыққаныма айдан асып барады, – деп Марат інішегім күрсінгенде көкірегі қарс айырылып, төсегінде төрт бүктетіліп қалады. – Балаларымды сағындым, аға! Келініңізді де, шынымды айтсам...

Маратқа, сағыныштың сағымында күнде еріп, күйзелінкіреп бара жатқан інішегіме ойлы көзбен қараймын да, «Міржақып та осылай отбасын сағынған шығар» деп, қиялға берілемін... Отбасын сағынып, сарғайып күн кешкені анық қой оның. Сағыныш өртін қалай басты екен? Жар махаббатын, бала иісін ансаған асыл жүрек қайтіп қана сабасына түсе алды екен?

Біздің мына сағынышымыз ертең басылатын, сонысымен тәтті сезімге бөлей түсетін сәттік ансау, армандау секілді болып көрінеді маған. Ал өмір бойы сағынып өтуге белді бекем буған адамның сағынышынан артық жан азабы жоқ шығар, түге. Ондай сағыныш – ерліктің белгісі де.

– Мені келініз Міржақыптан қызғанады, – дейді Марат дөңбекшіп. – Иә, солай. Қазір ойланып отырсам, ғылым қуып, отбасын ұмытатын кездерім көп екен. Мен, расында да, Міржақыпқа ғашықпын ғой...

Міне, Марат осы сәт маған нағыз сағына білетін ыстық жүректі адам болып көрінеді.

Сағыныш сағынышты түртеді екен. Үстел үстіндегі Міржақыптың суретінен көз айыра алсамшы... Міржақыптың шаш қойысынан аса бір талғампаздық аңғарылады. Сол жақ шекесінен оңға жарып қайырған екен. Қасы қою да, сұйық та емес. Тіке қараған мейірімді көзінен ішкі сезімнің шиыршық атқаны байқалады. Көзқарасынан әлдебір пандықтың, тәкаппарлықтың нышаны аңғарылады. Ерні толық, әдемі сызылған... Міржақыптың жылы жүзінен бөлменің шырайы кіргендей. Бұл сурет бірер күннен соң, сәтін салса, елге қайтатын мәшинеміздің маңдайшасына ілінбекші...

Сағынышты іркуге болмайды. Марат маған Міржақыптың төл жазуын көрсеткенде қайран қалдым. Хат 1914 жылы Орынборда жазылған екен. Қаламұшпен көрікті етіп, сұлу жазыпты. Әріптері таза, мөлдіреп, әсем тізіліп түскен. Ойлары да анық, қарапайым. Өмірбаянын баяндапты. Мұғалімдері жайлы айтады. Бір жерінде М. Тоқтабаевтың аты-жөні келтіріліпті.

Ұлы адамның қай мінезіне, қарекетіне, бәрі-бәрісіне таңдана, сағынышпен қарағанның несі айып? Ұлылық сонысымен де құдіретті

ғой. Дәл осындай маржан жазулар амандығын, арманын, ыстық тілек-сағынышын арқалап, осы Сосновецтен елге де талай жөнелген кездері болды ғой.

Әкесінің көп хаттары Гүлнәр апайдың қолында сақтаулы. Соларды көрген сайын қыз жүрегі егілмейді дейсің бе? Сағыныш деген сол, әне, шексіз бір әлем. Гүлнәр апай сағына білгендіктен де көз майын тауысып, әкесі жайлы кітап жазып жүр. Оның үзінділерімен танысып та үлгердік. Қазір есептеп отырсам, Гүлнәр апайдың Торғай қаласында жатқанына да он жеті күн болыпты. Мараттың айтуынша, жай жатпаған көрінеді. Әкесі жайлы бастаған кітабын көңілдің күші, жүректің үні, көздің жасы дегендей, әрі жылжытып жатса керек. Әкеге тартқан біртуар мінездің қарымы қуантар түбі. Соған сенейікші.

...Мен де тап қазір Міржақыптың сағынышындай іңкәрлігімді тежей алмай елге, түү алыс Арқалықтағы отбасыма Сосновецтен амандығымды айтып, хат жаза бастадым...

ЖҮРЕКТЕСІҢ, КАРЕЛИЯ!

Келем деген, көрем деген жер ме еді бұл. Дәм жазған екен, жеті күн болдық өзінде. Торғайдан шыққан мәшине келіп жеткенше бір тыным таппай, Сосновецтің Міржақыпқа қатысты жерлерін араладық. Тойымсыз көңіл мүлде тояттауды қойды, бәрін, кез келген құбылысты Міржақыпша көріп, сезгің келеді. Поселкені орай аққан Выгтың айдынына төніп, оның қызыл қоңыр суынан өзгеше бір сыр ұғуға талпынамын... Айдынға ұласатын ГЭС-тің каналы бойымен буырқанған толқын лекиді. Таза емес, бетінде күн сәулесімен мың құлпырған дақ-тенбілдері бар. Кешегі тұтқындардың суша аққан қанынан шіміркенген Выг мына заманның экологиялық зардабынан май ішіп, жүрегі айнып, лоқсып жатқандай ма? Әрегірек көз салсам, қалың жынысты тоғай көкпенбек боп мұнартып, сол белден асып түссе Ақтеңіз – Балтық каналының төбесінен топ еткіземін деп жетелейтіндей.

Каналды тұңғыш көруім ғой. Оған жеткенімше, жолай жақпар тастардың бойын қуалап, үңірейген үңгірлерден үрейім ұшып, баяғыда Міржақыптардың қайламен қашап, қаппен тасып салған каналына да іліктім-ау. О, Тәңірім, канал дегеніміз – біздің ауылды сипай ағатын Қоңыраулы дерсің. Ені де шамалас, тек мұның тереңдігі өзеннен әлдеқайда таяз болып шықты. Біздікінің жақтауы құлама жар болып келсе, каналдікі тайпақтау, тастан қашалғаны көрініп тұр. Қолында қайласы, алдында арбасы бар Міржақып канал қазып жатқанда өзі шомылған Қоңыраулысын еске алмады деймісің. Сол дана баланың есінде қалған Қоңыраулы, бүгінгі күйің нешік? Буылтық-буылтық бөгеуден арының азайып, қаһарыңа мініп таси алмай, арнаң ортайып бір жүдесең, кәрістердің жағаңа талғамай салған бау-бақшасынан аққан улы зәрден суың ластанып жатқаның, әне. Жұрт жаппай ынтығып тартатын темекі қорабының сыртына Ақтеңіз-Балтық каналының суреті салынғанын Міржақыптардан бастап біз де көріп келеміз ғой. Насихаттың күшіне не жетсін. Сондағы каналың осы ма?! Енді ғой менің еркіме жіберсе, айналайын Қоңыраулыны бүгінгі бір темекінің безендіруіне себеп етер едім-ау!

Каналдан қайтарда баяғы тұтқындар қарғып, қойша қырылып өлетін тоғыз көпірден өттім. Ұзындығы тоқсан метр тұзақ көпірі әлі күнге қанды қақпандай жүрек қариды. Есіме Беломорск қаласында болғанымызда

республикалық «Северный курьер» газетінің меншікті тілшісі Н. Волкова айтқан, зәрені алар мына әңгіме сап ете қалғаны. Каналдың Ақтеңізге құяр сағасындағы шлюзді қайта жөндеу кезінде экскаватордың шөмішіне адам сүйектері толып шыққан ғой. Сонымен қоса құжаттар да іліксе керек, солардың ішінен Махмұт тектес есім бе, әлде тегі, әйтеуір шығыс халықтарының ныспысын айғақтайтын дәлел қағаздар бар екен. Көмусіз қалған ол қандай қандасымыз екен? Жалпы, Сосновецтің кез келген жерін тереңірек түртсе, сүйек шықырлайтынын екінің бірі біледі бұл жерде. Соғыс тұсында аэродром салу кезінде де қаншама мүрдені тып-типыл етіп тегістеген. Н.Ф. Серегин қарттың өз аузынан естідік, картоп қазып жатқанда он екі адамның сүйегі іліккен ғой күрегіне.

Тұтқындардың сүйегімен ойнаған солақай саясаттың түпкі көздегені орындалып, канал бір жыл жеті айда іске қосылды. Күре су жолының Ақтеңізге қосылуынан сол кезде халық шаруашылығына қисапсыз пайда келгенін пайымдаймыз. Бірақ өзекті өртейтін тұспалымыз және жоқ емес. 1966 жылы А. Солженицын «Архипелаг ГУЛАГ»-ті аяқтаған соң, Ұлы Ақтеңіз каналына әдейі барып, жайын көрмек болады ғой. Сонда сегіз сағат ішінде өздігінен жүретін бір баржа ғана өтіпті каналмен. Бұған таңғалған жазушы: «Елімізге қасқалдақтың қанынан бетер керек болған, Ұлы канал, мына қимылсыз күйіңе не жорық» деп, бір жағы мысқылдап, бір жағы әжуалап, қатты налыса керек. Сол қыбырсыздыққа сол жолы біз де таңырқдық. Кемелер шабан өтеді екен, таситын жүктері жоқ дей ме, қайдам. Асарлап салынған каналдың күйкі тірлігі осындай. Соның бар ғой, суына көз салсам, қан ағып жатқандай шошынам, жағасындағы жақпар тастарды тұтқындардың сүйегі ме деп қалам...

Соқыр, таяз саясат не істетпейді. Соның басты иелерінің бірі Кировтің де Сосновецтегі ескерткішінің жетісіп тұрмағанын көрдік. Басында шәпкесі, үстінде шинелі, оң қолында шиырлап ұстаған газеті бар «жалынды революционер-шешеннің» сол қолына шұрқ тесік еркек сандалын іліп кетіпті, онысы желмен шайқалып салбырап тұр. Міне, мазақ, орынды мазақ. Халық қаһарына іліккен саясаткердің қазіргі сықпыты осы. Жаңа тұрмысты уағыздап, ұрандатқан «жалындының» Міржақыптай талай боздақтың өмірін қиғанын тарих, сірә, кешірмес.

Елде көлік келгенше қарап жатпадық. Екі жарым мыңдай халқы бар шағын Сосновецтің экономикалық-әлеуметтік ахуалына тереңірек бойлағын келеді. Бастапқы байлығы ағаш екендігі бөренеден қиыстырған үйлерінен, текшелеп жиған қайыңотынынан байқалады. Тағы бір несібесі балық десек те, дүкендерінен соның бір қалбырын көре алмай дал болдық. Еті, сүті, қант, наны удай, сыртқа еккен картобы үшін кезектесіп күзет қойған ашқұрсақтау ел екен. Әйтеуір, орманның қып-қызыл жидегін нәпақа қылып, жексенбі күндері отбасымен өре көшіп теріп, онысын шетелге бұлдап, Финляндияға тауарға айырбастап, қажеттерін шығаратын жанкешті еңбекқор адамдарын көрдік. Өз жерінде Карель деген аты бар да, үлесі шамалы, тілі де біздегідей шырайы ашылмаған ел екен, бір ғажабы, адамдары қазақы мінез дерсін. Міржақыптың мүрдесін әкетуге қимайтындай... әйтсе де осы іске етене араласып, тайлы-таяғымен жөңкіліп жүрді.

Тек жатпай, мұнда талай кездесулер өткіздік. Орта мектептегі жүздесуге поселкелік кеңестің төрайымы С.Ф. Фролова бастап барды. Марат әріден қозғап, қазақтың тарихын желілеп таратып, зиялыларымыздың орыс интеллигенциясымен арақатынасын безбендеп, Міржақыптың сан қырлы

енбегіне тоқталып, мұнда келуіміздің мәнісін айтқанда шәкірт пен ұстаз біткен мейірленіп тыңдады әңгімені. Сыртқа шығып бара жатқанда, бір оқушының «Ей, сен білесің бе, біз осындай Сосновецте тұрып жатыр екенбіз ғой» дегенін естідім. Бұл кездесуден бір түйгенім – мұндағы жас ұрпақ әлі де болса өз өлкесінің тарихын, кезінде осында атақты тұтқындар өмір сүргенін жөнді біле бермейді екен. Байқаймын, жүздесулерге қатысқан мұғалімдер де осындай ой түйіп, өз қызметтеріндегі осал буынға сын көзбен қарағандай жетіліп, шындалып қалғанын сездім.

Бұл жүздесуден көп нәрсе ұтқанымызды енді шамалаймын. Біріншіден, бұрынғы орталықтың әмірінсіз қазақ, карель халқын жақындастыра түскендейміз. Екіншіден, адамгершілік, рухани, мәдени өркениет үлгісінде достық пейіл еселенгендей еді. Мың сөзден бір іс артық, ендеше, Міржақып қабірін осыншама жыл мәпелеп күткен халықтың өнегесінен айналмассың ба? Үшіншіден, Мараттың «Балалар, әкелеріңнен Сосновецте кімдердің тұрғандығын сұрап қалындар» деуінің өзі үлкен сабақ іспетті еді.

Мен кездесу соңында мектеп директорына Торғай облысындағы «Қызбел» кеңшарында жабдықталған М. Дулатұлы мұражайының мекенжайын жазып қалдырдым.

Сегізінші қыркүйектің кешінде төрт жігітіміз Торғайдан алтыншы тәулік дегенде аман-сау жетіп, мәре-сәре болып қауыштық.

...Тоғызыншы қыркүйек. 9 сағат 40 минут. Зират маңы қаракұрым халық. Мен қазылып жатқан Міржақыптың қабіріне қобалжи қарап, бүгін Ерлан арқылы Санкт-Петербургтен «Егемен Қазақстанның» редакциясына телефакспен берілетін мақаламды асығыс сүйкей бастадым.

МҰНЫМЕН ПАРЫЗ ӨТЕЛМЕС

Құдайдың қолдауы да, қазақтың асыл ұлы Міржақып Дулатұлына туған топырағы бұйырып, оның мәйіті 1992 жылдың 18 қыркүйегінде Жанкелдин ауданындағы өз есімімен аталатын кеңшар орталығына қайта жерленді. «Жаза гөр топырақты елден, Алла!» деп жалбарынғанындай, аузына бұл сөзді Құдай салды ма екен, арманы орындалды. «Әкемнің сүйегін көзімнің тірісінде елге әкеп жерлесем» деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Гүлнәрапай парызын өтеп, уһдеп демін алғандай. Жалпы, бұл оқиғаның сәтті түйінделгеніне халық сүйініп жүр. Сыртта қалған ұлының сүйегін егемен елінің арқасында ғана әкеле алған мемлекеттің бұл қадамы да құптарлық. Әйтпесе бұрын қайда қалыпты? Бұл – біле-білгенге адамгершіліктің жарқын өнегесі, ежелден бауырмалдықты, қайырымдылықты, мейірімділікті ту еткен атам қазақтың байырғы дәстүрінен жаңылмағанының нышаны.

Міржақыптың бейіті қазір төмпешік болып қана шағын парк ішінде жатыр. Ауданның кейбір басшыларының айтуынша, басына белгі-тас қойып, қарайта салмақшы. Мұның қисыны қалай болар екен? Ел арасында мұны қомсынушылық байқалады. Міржақыпқа зәулім кесене тұрғызуды орынды санайды. Күні ертең бұл жерге заманымыздың заңғар ойшылына, қазақ мемлекеттігі үшін күрескен қайраткеріне тағзым ету үшін жер-жаһаннан небір игі жақсылардың жиналары сөзсіз ғой. Сонда қысылмайтындай болуымыз керек қой. Ірі, кесек нәрсеге ұсақ есеп жүрмес болар. Кейде той-томалақты қолдан балалатып, шашылып-төгілгенде дархандығымызға құрық болсайшы сол. Ал тарихи, әдеби, мәдени тағылымы теңдессіз рухани мұрамыздың осындай мәңгілік өлшемінен қаржы аяп, үнемшіл бола

қалғымыз келеді. Турасын айтсақ, өсер елдің мінезіне жат қылыққа бой ұрмағанымыз жөн-ау. Тіпті кесене үшін арнаулы қор ашсақ та, ертең бетіміз қызарып, ұялмау жағын қарастырайық.

Міржақыптың туғанына 110 жыл толуына орай Марат Әбсеметұлы мұрындық болып, Дулатұлының бес томдық таңдамалысын, бір томдық хаттары мен естеліктерін, түрлі құжаттарын әзірлеп шығармақ екен. Осы талпынысқа көп болып көмектесейік. Қазір міржақыптану ғылымы қалыптасу үстінде. Тәңірім оның бір басына бәрін үйіп-төгіпті-ау. Міржақып – ақын, жазушы, публицист, фольклоршы, этнограф, педагогматематик, тарихшы, лингвист, философ, сазгер, саяси қайраткер, дәрігер. Ол – теолог, яғни дін ілімін зерттеуші, сол саланың теориясын жасаушы. Демек, осының өзінен-ақ аңғарылып тұрғанындай, оның қаншама асыл мұралары әлі бір жүйеге түсірілмей, шашыраңқы жүр. Бізге беймәлім еңбектері де жеткілікті шығар. Шетелдерде Міржақыптың мұралары ғылыми өрістің алтын дінгегіне айналған, соның негізінде диссертациялар қорғалыпты. Жоғары оқу орындарында оның ілімдері бойынша арнаулы лекциялар курсы жүргізіледі екен. Біздің енді жерге қарап отыруымыз жараспас.

Қалауын тапсақ, Міржақып рухын қастерлеудің жолы көп. Астанадан да, Арқалықтан да келістіріп ескерткіш сомдап тұрғызсақ, қандай жарасымды болар еді. Совхозда салынып жатқан мұражайын жай қалқита салмай, сырт көздің сынына татырлықтай қылып, талғаммен жасақтаған жөн. Онда қойылатын жәдігерлерді сұрыптауға да жүрдім-бардым қарамау керек.

Жәдігер демекші, біз әлі мұражайдың баға жетпес осы қазыналарына зерек қарай алмай келеміз... Оларды қабылдап алу, тапсырушымен шартқа отыру, қорда сенімді сақталуына кепілдік беру жағына салақпыз. Баяғы қазақшылықпен «алдым, бердімнен» әріге аспаймыз. Ал мұның аяғы опық жегізіп жатады.

Осымен үлкен бір іс тындырылды деп жағаны жайлауға жіберуге тағы болмайтын сияқты. Қай парыздың да мінсіз өтелмегі оңай емес. Соңғы кезде жаміғатқа жағар бір жаңалық тарап жүр ел арасында. Жүсіпбек Аймауытов пен Ғазымбек Бірімжановтың мүрдесі Мәскеудің Новодевичьево зиратына жерленіпті дейді. Сол рас болса, несіне үнсіз жатырмыз?.. Қараңызшы, анау туысқан қырғыз жаққа. Ақаев, Айтматов ортақ қорымнан сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болып кеткен әкелерінің мәйітін тауып, ақ жуып, арулап қойды емес пе? Өркениетті елдің қасиеті осыдан-ақ танылар. Елдіктің, азаматтықтың белгісі өшпес өсегімен, дәлелсіз дауымен емес, мұнтаздай ісімен көрінері аян.

Міржақып Дулатұлы «Енбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жауапты редактордың әдеби көмекшісі болып қызмет етіп жүрген кезінде, 1928 жылдың 29 желтоқсанында тұтқындалыпты. Ендеше, өзіміздің әріптесімізге деген ілтипатымызды есте сақтау жоралғысын босағамыздан бастасақ, артық болмас. Міржақыптар уығын қаласқан қара шаңырақтың қанатының астында жүру – біз үшін әрі мақтаныш, әрі сес, әрі өтелмес парыз іспетті-ау! Сол ұлылардың шапағаты тие берсін дейміз де!

«Бақытсыз Жамалдың» трагедиясын жырлаған қайран Міржақып. Өзгенің бақытын құтайтамын деп, күллі қазақтың мұңын шағамын деп, бүгінгі елдіктің туын желбіретемін деп, «халық жауы» атанып қиыр шетке айдалып кетіп едің, бақытсыз мұңлық күйін кешіп едің. Сол жаланың күйігі, міне, көрген түстей өтті де кетті... Аруағына табындым!

Арқалық – Сосновец – Арқалық



Нұр-ғайып

**Жұмабай
ҚҰЛ**



АҚША БҰЛТТАЙ АҚПЕЙІЛ...

Біле білгенге, дүниенің ең әбжілі – уақыт қой. Ойыншықтарға алданған баладай, жаратылыстың түрлі ғажаптарына, төрт маусымның алмасуына алаңдап жүргенінде, мезгіл шіркін өзімен бірге сені де ақиретке қарай бір көш жерге сүйрей кетеді.

Арпалысып жүріп тісіне ақау, шашыңа қылау түскенін де аңғармай қаласын.

Алайда, жастайынан нұрлы жолға түсіп, еңсере еңбек етіп, иініне Алла жүктеген парызды жанкештілікпен атқарып өтетін азаматтар да кездеседі.

Солардың бірі – тоқсан жастан аса ғұмыр сүріп, оның жетпіс жылында қасиетті қаламын қолынан тастамай, қазақ поэзиясына, прозасына, сын жанрына өлшеусіз олжа салған Әбекең, қадірлі Әбу Сәрсенбайұлы ақсақал биыл 120 жасқа толды.

XX ғасыр басында өткен ұлт қаһармандары, сахара сардарлары тек көркемсөз ұсталары ғана емес еді, олар тұмысынан ұстаз, әкелікке, ағалыққа жаратылған, қазақтың әлеуметтік, қоғамдық, мемлекеттік істерінің жана замандағы негізін салушылар және соны өрге сүйреушілер болды, рухани көсемдік қызмет атқарды.

Әбекең үш қоғамдық дәуірді – феодалдық, капиталистік, социалистік кезеңдері бастан кешкен қазыналы қарт. Төңкерістен бұрын да, кейін де қаулап өскен қазақ зиялыларының соңғы жұрнағы осы Сәрсенбайұлы болғанда, алдыңғыларының тіпті алапат ірілігі бізді еріксіз тандандырды.

Шандоз шайыр «Ұстаздар мен тұстастар» атты толғаныстар мен естеліктер кітабында өзіне үлгі тұтып, піріндей ардақтап өткен әдебиетіміздің шамшырақтары жайлы, өнер жолындағы дәстүр жалғастығы туралы пайымды пікірлер түйеді.

Міне, осы алыптардан тағылым алған Әбекең жұрт «төңкерілген сағымдай» бірде алшы, бірде тәйкі түсіп жатса да, баяғы сүтпен кірген саф мінезінен айнамайды.

Ақын палитрасы өте бай. Талай мамыражай заман мен қанқұйлы соғысты көрген атамекен туралы толғаныстары қандай! Осы дала үшін ата-бабаларымыз иманын да үйіре алмай, айдалада опат болды. Көмілмей қалған есіл ерлердің «омыртқасын аш бөрі мүжіп, ортан жілігін оқ жылан сорды». Айталмыш қасіреттерді Әбекең өз поэмаларына арқау етті.

Сондай-ақ, жиһандық соғыстың сират көпірінен аман-сау өткен өрелі ақын өнер әлемінде жүріп өткен өмір жолдарына байыппен көз тастап,

тәубасынан жаңылмай өтті. Ол осы ғарасат майданын «Ақырғы гранаталар», «Соғыс жұлдызы» дастандарында өшпестей бедерледі. Біздің ұрпақ күні кешеге дейін Сәрсенбайұлының «Ақша бұлт», «Өлім ойпаты», «Жатырқама, жас сәби», «Солдат шинелі», «Сен құрметте оны», «Жеңіс жолы», «Жалғыз емен», «Түн» өлендерін жаттап өсті.

Ай сөйледі:

Жасаймын деп кепілдік,

Мен жиһанмын куәлікке өтімді —

Қазақ, башқұрт Тарих атты ананың

Көзден аққан екі жасы секілді, —

деп, жырлаған Мұстай Кәрім осы өленін бес жыл бойы зұлмат соғыста қол ұстасып өткен қандыкөйлек досы Әбу Сәрсенбайұлына арнап жазғандай.

Қаламына қыдыр ұялаған қаламгер әр жылдары «Толқында туғандар», «Капитан ұлы», «Теңіз әуендері», «Офицер күнделігі», атты роман, хикаяттарды дүниеге әкелді. Әдебиетімізде теңіз тақырыбын тұңғыш игеріп қана қоймай, теңіз романтикасын, балықшылардың іс-әрекетін, айдын табиғатын, жайқын судың құбылыс— мінездерін, теңізшілер қолданатын түрлі атаулар мен сөздерді қазақ оқырмандарына алғаш паш еткен Әбу Сәрсенбайұлы болатын. Оның теңізшілер, балықшылар туралы хикаяттарын парактай отырып, мына бір айшықты тіркестерді осы жерде келтіре кетуді жөн көрдік:

«Көнігі балықшылар ауа райына байланысты белгілерді, мысалы, балықтың ойнауын, шағалалар қиқуын, бытықананың жиналуын, итбалықтың алаңдауын, т.б. құбылыстарды жаңылмай, дәл болжай алады.

Теңізде «норд-ост» желі тұрғанда су деңгейі көтеріліп, тереңнен келетін жал-жал толқын көлденең соққылап, қайықтардың жүруін қиындатады.

Желкенді кемелер сап түзеп теңіз төріне өрлегенде, айдын су үстінде бейне бір ақшаңқан қала тұрғандай, керемет көрініс пайда болады.

Теңіздің таң алдындағы тымықтығына жетер сұлулық жоқ.

Қараңғы түнде шыпырлаған балық дыбысы естілісімен, ау құруға дайындық басталады.

Балықтың қанды тұздығы жағалауда ойдым-ойдым боп ерекше көзге түседі.

Түйенің қабырғасын коньки қылып байлап, балалар айдын мұзда сырғанап жүр.

Нөсер теңіз үстімен іргеге ұстаған кара көк шымылдықтай селдетіп барады.

Қарақаттай мөлдіреген кара уылдырықтың дәмі-ай!

Көп ұзамай дөңгелек үкі аузынан иісі ашқылтымдау кара-көк теңіз суы бұрқ ете қалды.

Балық соятын әйелдердің үсті-бастарына балық қабыршақтары баттаса қатып, ашы тұздықтың аппақ соры сауыттана сіресіпті.

Міне, осындай теңізшілер, балықшылар өмірінен алынған тосын

тенеулер, бедерлі сөз оралымдары Әбекеннің хикаяттарында молынан жолығады.

Теңіз тақырыбын өз шығармаларына арқау еткен әлемдік деңгейдегі Эрнест Хемингуэй сынды санаулы жазушылардан ғана тұратын Дүниежүзілік маринистер мен баталистер қоғамына тұңғыш рет мүше болған қазақ жазушысы — тағы да осы Әбу Сәрсенбайұлы.

Бір қарағанда, адамзат баласы қолына қалам алғаннан бері жырланбаған нәрсе жоқ та шығар. Алайда, сонау грек заманынан бері қаузалып келе жатқан әбден таптаурын тақырып болса да, әр заман, әр дәуірдің ақын-жазушылары осы жайды өзінше толғап, басқаша құбылтып, желісін ұзаққа тартады.

Осы орайда, Әбекең өлеңдерінде, прозалық дүниелерінде мазасыз ой, ізденіс, өзгеше толғаныс, тебіреністер айрықша көзге түседі. Тереңнен күмбірлей шығатын мейірімді дауысы, тақуадай таза керімсал күлкісі, жарқын да ойлы жүзі, байыпты көзқарасы, іші буырқанып жатса да, сырт көзге сездірмейтін сырбаздығы, психологиялық ұстамдылығы Әбекен тұлғасын көпшілік ішінде даралай түсетін.

Әйгілі ағалшын ақыны Джордж Байрон: «Әйелсіз тіршілік кешуге, қаратан өтуге болмайды, ал, әйелмен өмір сүру одан да қиын», — деген екен. Осы қасан қағиданы бұзғандар сапында Әбекең мен оның жары Ләзиза апай да тұрар еді. Екеуі «ища» деспей, жетпіс жылдай тату-тәтті ғұмыр кешті. Ләзиза апай да журналист, азды-көпті шығармалары бар, оның ішінде күнделік жанрына баса мән берген адам. Сол кісінің күнделіктерін оқи отырып, мына бір тосын дерекке көзім түсті: «Қазақстанның бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметовтың қабылдауында (12.VIII.1943ж) болдық. Мәжіліс екі жарым сағатқа созылды. Бірсыпыра әңгіме қозғалды. Өзі қазақша таза сөйлейді екен. Ауылшаруашылығы, өндіріс, тағы басқалар жөнінде қалай жазу керектігін айта келіп, ақырында бір мәселеге айрықша тоқталды. Осы күні бозбалашылық көбейіп кеткенін, әсіресе, аудандардағы жауапты қызметкерлердің өздері — балалары, әйелдері бар адамдар бозбалашылық істейді. Майдандағылардың әйелдерімен жүреді. Буаз болған әйелдердің баласын түсірту, туғанын өлтіру фактілері бар. Осыған қарсы күресу керек», — деді.

Міне, әлгіндей азғындық, сорақылықтар республика басшысы Ж.Шаяхметовтың аузымен айтылып отыр. Соғыс жылдары кезіндегі, ауылдағы осы бір әбілет басқыр қиянатты жырға қосқан Өтежан Нұрғалиевті «Соғыс уақытында ел ішінде мұндай сұмдық оқиғалар болған жоқ», — деп талайлар күстаналап еді-ау!

Бірақ, шындық өртенген көңдей, түтіндейді де жатады ғой, демек осындай көрдемше қылықтарды әлі тұмшалаумен келеміз. Әлбетте, әлгі көн сияқты, тасқа басылған жазбалар да өшпейді ғой, осылайша Ләзиза апай да өз күнделігінде талай ақиқатты ақтарады.

Иә, әңгіме өзегі Әбекеңнен шығып кетті-ау!

*Халықтың қасіретін жанмен ұққан,
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды?
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің,
Жандары «біз де айт» деп сыбырлайды, —*

деп Иса Байзақов термелеткендей, өмірден көп беріп, аз алған, ақша бұлттай ақпейіл Әбу ақсақалдың сәруар бейнесі де салқар сағым ішінен елес беріп өтеді. Ауызша уәдесінің өзі антқа бергісіз Әбекеңдей сахабалар туралы жазу — бізге борыш, парыз десе де болады. Сәрсенбайұлы теңіз жағасында кіндігі кесілген өнерпаз еді. Ендеше, оның теңіздей өнернамасына әр дәуір өрендері жолшыбай соға жүретіні кәміл...



Мәстүлек

**Ермахан
ШАЙХЫҰЛЫ**



ҚОС МАЙДАННЫҢ ҚАҒАРМАНЫ

Мәлік Ғабдуллин 1915 жылы Ақмола облысы, Зеренді ауданына қарасты Қойсалған ауылында туған. Көнекөз қариялардың айтуынша, Мәлік жастайынан сөзге жүйрік, еті тірі, қайсар да қайратты хәм батыл болып өсіпті. Сегіз жасқа толғанда ауылынан екі шақырым жердегі Құлет елді мекеніндегі мектепке барып, бастауыш сыныпты сонда бітіреді. Мұнан әрі Көкшетау қаласындағы жетіжылдық қазақ мектебінде білімін жалғастырады.

Мәліктанушы ғалым Серік Негимовтің айтуынша, Мәлік көпбалалы отбасында туған. Яғни, бір үйде 10 бала болған: 6 ұл, 3 қыз. Өкінішке қарай, олардың бәрі 1932 жылғы ашаршылықтың құрбаны болған. Анасы Әлия да осы кезде дүниеден озады.

1931-1935 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институттың «Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінде оқиды. 1935-1937 жылдар аралығында Өзбекстанның Ферғана қаласында азаматтық борышын өтейді. 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне әдеби қызметкер боп орналасады. 1938 жылы «Қазақстан пионері» газеті редакторының орынбасары, КСРО Ғылым академиясының қазақстандық филиалына қарасты Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер боп еңбек етеді.

Мәлік Ғабдуллин атындағы музейдің директоры Құдайберлі Мырзабектің айтуынша, көрнекті жазушы Сәбит Мұқанов пен бозбала Мәлік былайша танысыпты:

– Сәбит Мұқанов іссапармен Көкшетау қаласындағы вокзалға келеді. Онда бір жауынгер тұтқынды алдына салып, айдап барады екен. Қолында қызыл шүберек байланған, қасында бір пионер бар. Баланың түрі есімде қалып қойды. Кейін танысымның үйіне барып демалдым. Біраз уақыттан соң, мені «Сізді бір бала шақырып тұр» деп үйдің иесі оятты. Оянсам, бағана вокзалдан көрген бала маған келіп, сәлем беріп тұр екен. Ол маған «Сізді мектепке кездесуге шақыруға келдім. Атым – Мәлік деп өзін таныстырды. Мен мектепке баруға келісімді бердім.

Кейін қазақ жазушысы Мәліктің шығармашылық қабілетін қалай байқағанын өзінің естелігінде былай баяндайды:

– Мені мұғалімнен бастап, оқушылардың өзі жылы қабылдады. Оқушылармен кездесуді өткіздім. Сол кездесуде Мәлік атты бала

менің шығармашылығым туралы жақсы баяндама жасады. Мен сүйсіндім.

– Мәлік Ғабдуллин Алматы ауыл шаруашылық институтында оқып жүрген кезінде Сәбит Мұқановтың ақылымен сол кездегі ҚазПИ, яғни қазақ педагогикалық институты филология факультетіне оқуға ауысады. Алғашқы кезде жататын орын болмай, Сәкен Сейфуллиннің пәтерінде тұрады. Оқып жүріп, бір күні баспаға келеді. Ауылдан келген бала, кітаптың, газеттің қалай басылатынын көргісі келеді. Осылайша, баспада Мәлік пен Бейімбет Майлин танысады. Ол кісі сол баспаның басқарушысы болды. Екеуі біраз әңгімелескеннен кейін, оның тегін бала емес екенін аңғарады. Баспаға жұмысқа шақырады. «Осында оқып, жұмыс істей бер» дейді. Қателеспесем, Мәлікке айына 80 тиыннан ақша төлеп тұрады, – дейді Мәлік Ғабдуллин атындағы музейдің директоры Құдайберлі Мырзабек. Бұл да – оқырман қауым үшін тың деректердің бірі.

– Бекен деген атамыз болды. Ол – мерген, аңшы екен. Мәлік ағамыз сол кісінің тәрбиесін көрді. Алладан тілеп алған жалғыз ұл еді. Мәлік ағамыз туар кезде Бекен атамыз қасқырдың арланын атып алған екен. Оны інісі Ғабдуллаға берген. Құдайға шүкір, батыр ағамыз қазақ елінің мақтанышы болды, – дейді Мәлік Ғабдуллиннің немере інісі Сәкен Бекенов «Өмір жолы» атты деректі фильмдегі естелігінде.

Мәлік Ғабдуллин 1941 жылы өз еркімен майданға аттанады. Майданда И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияда шайқасады. Саяси сауаттылығының арқасында политрук болады.

– Ол жауынгерлердің рухын көтеруге бар күшін салды. Соғысқа аттанған қазақтардың көбі орысша білген жоқ. Мәлік ағамыз олардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Қазақ әскерлерінің рухын көтеріп, оларға білгенін үйретеді, – дейді Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театрының директоры Мұратбек Оспанов. Бұл пікір – жоғарыда айтылған сөзіміздің тұздығы.

1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған шайқаста ол басқарған сарбаздар фашистерге тойтара сокқы береді. Кескілескен ұрыстың нәтижесінде жаудың екі танкісін гранатамен жарып, жаудың 12 солдатын тұтқынға алады. Осы шайқаста Мәлік Ғабдуллин ауыр жараланады. Соған қарамастан, жауға қарсы оқ боратады. Оның бұл ерлігі алғаш рет белгілі жазушы Борис Полевойдың «Правдада» жарияланған «Эпостың тууы» атты очеркінде баяндалды. Сөйтіп, қазақ батырының есімі бүкіл Одаққа тарайды. Көптеген қазақ қаламгерлері Мәлік Ғабдуллинге арнап шығармалар жазады.

Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 1943 жылдың 30 қаңтарында Мәлік Ғабдуллинге «Кеңес Одағының Батыры» атағы беріледі. Бұл атақпен қоса, Ленин ордені және «Алтын жұлдыз» медалі қоса тапсырылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, Борис Полевой өзінің туындысында ержүрек жауынгерлерін көзімен көріп, олардың батырлығына елжіреген дивизия командирі, генерал-майор И.В.Панфиловтың толғанысын былайша суреттейді:

– Өзінің көргісі келді. Сұнғақ бойлы, талдырмаш жасты Панфилов ұзақ айналдырып қарады. Шынын айтқанда, Мәліктің денесіне соғыстың әскери киімі әлі қона да қоймаған кезі еді. «Мә, саған ғылым адамы! Жарайсың! Жаман солдат болмассың» деді ол Мәлікке жарықшақты дауысымен. Сөйтті де, Мәлікті өзіне қарай тартып алып, кәдуілгі орыс халқының әдетінше, бетінен үш рет сүйді. Бұлардың қасында жақын тұрған адамдар, көп езу

тартпайтын, салқын жүзді атақты генералдың сыр бермейтін жүзінде әкелік қуаныштың лап бергенін байқасып қалысты.

Кеңес Одағының Батыры атағын алардың алдында қуанышы қойнына сыймай, өзінің ұлы да ұлағатты ұстазы Мұхтар Омарханұлы Әуезовке хат жолдайды:

Қымбатты Мұха!

13 қарашада жазған хатыңызды алдым. Аманшылығыңызға қуаныштымын. Мен де аман-саумын. Талай тас камалды талқандап бұзып, жауды қуып барамыз. Сақылдаған аязда, сартылдаған соғыс сахнасында қолдан келген күшті жұмсап жатырмыз. Мен наградқа «Қызыл Жұлдыз» орденін алдым. Жақында бір тамаша операция жасап, немістің «Қу бас» деп аталатын дивизиясының штабын талқандап шықтық. Осы операцияда тамаша ерлер шықты. Біздің полктан үш адамды Совет Одағының Батыры атағына ұсынды: 1) политрук Клочков, ол 28 батырдың қолбасшысы еді. 2) Тоқтаров Төлеген деген қызыләскер, Риддер қорғасын заводынан келген жас, 21-дегі жұмысшы. 3) Мен. Таяу күнде Указ болып қалар. Дивизия көлемінде абыройым жақсы, бәрі құрметтейді. Әсіресе, Совет Одағының Батырына ұсынылған соң, комдивтің өзі қолымды алып амандасады. Қазір ротаның политругі емеспін, батальон комиссарымын. Жұмыс көп, осы кезде қызу майдандамыз. Бұл хатты оттың сәулесінде түн түскен кезде Сіздің хатқа жауапты тездету ретінде асығыс жаздым. Тағы да хат жазармын. Хош, сау болыңыз. Еңбек творчество майданында жақсы-жақсы шығармалар жазуыңызға тілектеспін.

Ініізіз Мәлік

Ал Мәлік Ғабдуллин Кеңес Одағының Батыры атағын алғанда аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы:

*Ел күйзелген кезінде,
Ел намысын құрметтеп,
Ерлік еткен, бауырым!
Ер намысын ардақтап,
Жау жағадан алғанда,
Батырлық еткен, бауырым!
Құтты болсын айтайын,
Шын жүректен Мәлігім!*

— деп қуана құттықтаған екен.

«Өзіме ғана емес, өзгеге де болсын» деген қағиданы ұстанған Мәлік Ғабдуллин шығыстың қос шынарының бірі – Мәншүк Мәметоваға «Кеңес Одағының Батыры» атағын бергізу үшін үлкен еңбек сіңіреді.

Қазақ халқының біртуар батыр ұлдарының бірі болған ұлағатты ұстаз, мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым һәм жазушы Мәлік Ғабдуллиннің тарихтағы, әдебиеттегі және ғылымдағы орны айрықша. Ол қазақ елі үшін ерен еңбек етіп, артына мол әдеби мұра қалдырады. 1947 жылы «Қобыланды батыр» жырын ғылыми зерттеудің проблемалары» атты кандидаттық диссертация қорғады. Оның қазақ фольклоры мен әдебиеті туралы жазған 100-ден астам мақалалары республикамыздың газет, журналдарында жарияланды. «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты монографиясында қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, лиро-эпостық дастандар, айтыс өлеңдері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер туралы терең талдаулар жасап, олардың ғылыми танымдық әрі тәлім-тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді. Сондай-ақ ауыз әдебиетін зерттеудің ғылыми-методологиялық негіздерін айқындайды. Бұл еңбек бірнеше рет жарық көреді. Сонымен бірге ол 8-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті», педагогика институты студенттеріне арналған «Қазақ

фольклоры», «Фольклор және әдебиет» оқулығын жазады. Ғалым-ұстаз ретінде ол жас ұрпақтың тәрбиесіне ден қойып, «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» деген кітабын басып шығарады. Ол еңбегінде балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, патриотизмге, адалдыққа тәрбиелеу, олардың болашаққа сенімін арттыру, жас баланы дұрыс сөйлеуге үйрету хақында ата-аналарға кәсіби кеңес береді. Сонымен қатар қазақ әдебиетінің көп томдық тарихын шығаруға күш салады. Оның «Қазақтың батырлық эпостары» зерттеу еңбегі 1972 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болады. Сөйтіп, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосады.

Жазушының көркем шығармадағы тырнақалды туындылары дивизиялық, майдандық газеттерде жарияланады. Шығармалары соғыстан кейін жеке жинақ болып жарық көреді. «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очерктері», «Сұрапыл жылдар» атты кітаптарына енген шығармаларында майдан өмірін суреттеп, жауынгер тұлғасын және олардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандық бейнесін суреттейді.

Мәлік Ғабдуллин – Кеңес Одағының Батыры. Қазақтың қабырғалы қаламгері, ғұлама ғалым, әдебиет зерттеушісі, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Педагогика ҒА-ның академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

1944-1946 жылдары КСРО Қорғаныс министрлігі Жоғарғы саяси басқармасы үгіт-насихат бөлімінің бастығы, 1946-1951 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтының директоры, 1951-1963 жылдары Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, содан өмірінің соңына дейін Қазақ КСР ҒА-ның М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклор бөлімінің меңгерушісі болып абыройлы қызмет атқарады.

Мәлік Ғабдуллин – II-IV сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. КСРО Жоғарғы Кеңесінің парламенттік тобының құрамында Финляндияға, Бельгияға, Югославияға барады. Ғабдуллин еңбекшілер депутаттарының Алматы облыстық, қалалық Кеңестерінің депутаттығына, Қазақстан КП Алматы облыстық, қалалық, Фрунзе аудандық комитеттерінің мүшелігіне бірнеше рет сайланды. «Ленин», «Қызыл Ту», «Еңбек Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз», «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

Мәлік Ғабдуллин 1973 жылы 2 қаңтарда 58 жасқа қараған шағында Алматы қаласында дүниеден озады.

Даңқты батырдың Алматыда тұрған үйі мен қызмет атқарған институтында мемориалды тақта орнатылған. Өзі туып-өскен аудандағы мектеп пен көше аттары Мәлік Ғабдуллиннің есімімен аталады. Көкшетауда батырға арналған мұражай мен ескерткіш ашылған. Астана, Алматы, Түркістан және Көкшетау қалаларындағы көшелерге есімі берілген. Сондай-ақ еліміздегі 8 мектеп Мәлік Ғабдуллин есімімен аталады. Олардың бәрінде «Жас ғабдуллиншілдер клубы» жұмыс істейді. Көкшетаудағы Мәлік Ғабдуллин музейі мен аталған мектеп арасында тығыз байланыс орнатылған. Жыл сайын бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылып, «Ғабдуллин тағылымдары» атты семинарлар, онлайн-конференциялар, жылжымалы көрмелер, жыр мұшайралары өткізіліп тұрады. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген – осы.



Ағу жыл толқыын

**Светқали
НҰРЖАН**



АТА ҚЫРАН САҢҚЫЛЫ

Төменде – торғайдан сәл биік ұшып жүрген қыранның үні аса айбарлы естілмес, әруақ шақырмас. «Құстар жәрмеңкесінде» өз қызығын тойлап жүрген сансыз құстың мың түрлі дауысы Құс Патшасының өзінің дабысын басып кетер. О-о, олардың ішінде не жоқ дейсің! Сақалтай да, жағалтай да, сауысқан да, қызғыш та, қасқалдақ та, шүрегей де, құзғын да, бұлбұл да бар. Әрқайсының арманы әр түрлі. Сол армандарының мөлшері мен өлшеміне, екшеуі мен көксеуіне сәйкес сан қилы дыбыс шығарады. Ал қыран үні – шыңынан Ай тайғанаған, мұзынан жұлдыз сырғанаған, құзында дауыл үріп, боран ұлыған құзарларды жаңғыртқанда ғана қалғып жатқан сананды, мүлгіп кеткен сезімді сілкіп оятады. Ол кезде жер мен көктің арасын жайлаған тәмам құстың үні құм жұтқан тамшыдай зым-зия жоғалмас па!

Жұбан есімі бала шағымызда-ақ етене естілетін. Шабыттың шаңқан бозына тақым салып, Құсни Сөз кеңістігін шарлай самғаған ақынның фашистердің Моабит түрмесінде опат болған татар ақыны Мұса Жәлел туралы «Жыр туралы жыры», «Қыран дала», «Сел», «Мен – қазақпын!» поэмалары үстін-үстін жарияланып, екім-дабысы екпіндей естіліп, атақ-данқы жаңғырып тұрған шақ-тын. Сол еңбектерінің өтеуіне Советтер Одағы атты алып империяның ең жоғарғы атақтарын да алып жатты. Оның үстіне 1979 жылы Жазушылар Одағына төраға болып баруы абыройын одан сайын асқақтатты. Сол жылдары ол Маңғыстауға келді. Біз, әрине санатқа енбеген, сапқа кірмеген сарыауыз бозбала едік, ол құрмаларға қатыса алмадық. Бірақ Жұбан ақын өлкенің ауылшаруашылық мәселелерін дұрыс үйлестіре алмай отырған облыстың өкімді, ауданымыздың «кекілді» басшыларының екі аяғын бір етікке тығыпты. Төңкеріске дейінгі Адай уезі мен қазіргі өндірісі өркен жайған облыстың ахуалдарын небір цифрлармен салғастыра сапырғанда, кетіп жатқан кемшіліктерді тамыршыдай тап басып айтқанда партия жауынгерлері басын көтере алмағанын сол жиынға қатысып, қыран-ақынның үнін қасынан естіген ағаларым тамсана әңгімелеп берген. Бұл-дағы ұлтымыздың еңсесі төменшіктеп, қазақы рух төлежіп қалған шақта қайта бір сес көрсетіп, халықтың мысын көтеріп кеткен сапар еді...

79-дың жазында Алматыға оқуға аттандым. Ол кезде ҚазМУ-дың Бас

корпусы Жазушылар Одағына жақын орналасқан болатын. Одақтың кепиет-қасиетінен қаймығып бір жарым ай бойы көшенің арғы бетінен сығалап есігінен ене алмай кеткенімді бұдан бұрын да жазғанмын. Әр ағаштың әр бұтағында сан түрлі құс өз әнін шырқап, өз көксеуін арман қылып жатқан бір барақат тапқан жаздың жайсаң шағы-тын. Сол ағаштардың арасынан сығалап жүргенде ілкі көрген қаламгерің кім дейсің ғой? Жұбан Молдағалиев! Үстінде сұр костюм, Коммунистік (қазіргі Абылай хан) даңғылмен жоғарыдан құлдап келеді екен. Шынымды айтсам, көшемен Тірі Ескерткіш жүріп келе жатқандай әсерде болғаным! Иә, кәдімгі, тіректұлғасы құрыштан, ал жүрек-тұнбасы пайым мен парасаттан, махаббат пен ерліктен құйылған Жұбан ақынның, қыран-ақынның ескерткіші еді ол! Ең алдымен, қаламгерлер Қағбасының алдынан оның басшысын көргенімнің өзі мен үшін игі ишара-тын...

Сондай – алмалы Алатаудан да асқақ арман-қиялымыз бен құпиялы Құлзымнан да терең киелі сезімдерімізді 86-ның қанды Желтоқсаны тұншықтырған кезеңге де тап келгенбіз. Оның алдында да талай шиқыман өтіп, талай шикан жарылған. Бүгін ашығын айтуға тиіспіз. Ырас, ақын туралы осы уақытқа дейін аз жазылған жоқ. Бірақ неге екені де белгілі, ақын өмірінің барлық тұсына әлі күнге дейін толық сәуле түскен жоқ. Аспан ашық, дұшпан қашық десек те. Сол баяғы сананы сыздатқан жасқаншақтық, миды мұздатқан үрей ұлт-ұрпақтың бойын әлі иелеп тұрғандай. Әйтпесе, ақынның 1983 жылы Жазушылар Одағының басшылығынан аяқ астынан бас тартқанын неге ашып жаза алмаймыз? Кезінде ЦК-ны дүрліктірген «Хатшыға хат» жырының шын астарын неге әлі күнге дейін қымтауға құмармыз? Сол ЦК-ның уә ғиззат-лу, уә хурмат-лу, уә елтифәт-лу, уә мадақ секретарының алдына барып: «Біз – Жазушылар Одағы ұлтты ұйыстырушы, бір бағытқа ұйымдастырушы орда болуымыз керек еді, жоқ, біз қазір бір қазақты үшке бөліп, қала берді, рулық жікке бөліп отырған залалды қордаға айналдық. Сізге арқа таңып, өкше тіреп, аласуанданып жүргендерді тыйыңыз!» дегенде, Қазақия ұлысындағы ең Зілман Күрсі бар ызбарын түсіне һәм тісіне жиып: «Бұл жерде мен отырғанда, ол солай болады!» депті. «Шамырқанса шалқасынан түсер асау» ақын шарт кеткен, жұмыстан босату туралы арызды тастап, мынау талансыз, тауансыз орынды талақ қылып жүре берген. Ал Зілман Күрсі: «Таяғы аман қойшының, қалғандарын қойшы, інім!» деп татарлы-қатерлі күлкімен кеңкілдеп күле берген. Өйткені ол ұсақ ұлттарды жойып жіберуге мүдделі жаналғыш империяның құлақкесті құлы болатын. Сондықтан да Жоғарының пәрмендерін асыра орындап – «қой санын 50 млннан асырамыз!» деген жарымес бағдарлама жасап, күллі қазақ жастарын қойшы қылып жіберуге; Қазақстанның астанасынан бір де бір қазақ мектебін немесе балабақшасын аштырмауға; Қазақиядағы 800-ге жуық қазақ мектебінің жабылуына сеп болуға; Алматыда қазақ санын 16 пайыздан асырмауға; қазақ жерін турап-турап жатқа беруге; ұлттың ұлы ғалымдары мен тұлғалы перзенттерін қудалауға жанын салды. Отаршыл Билікке қалтқысыз адал болғандықтан да оның кеудесіне сол кезеңдегі ең жоғарғы атақ Соц. Еңбек Ері алтын жұлдызы әлденеше мәрте тағылды! Сондықтан да оны «аяулы да Әке-партиясы» 31 жыл бойы мәпелеп, осыншама ұланғайыр кеңістікті басқартып қойды! Егер ол шын мәніндегі Ұлттық Тұлға болса

31 мүйнетке де қияр ма ол орынтақты! Жаналғыш империяның қырағы дүрбісіне қазақтың одан да өткен хас дұшпаны ілінгенше биліктің боз жорғасынан түспеуінің себебі сол ғана...

Міне, осы тұста жұбан-үн – қыран-үн тағы естілді:

Мен де сорлы емеспін өңгесінде,

Зияны жоқ жүрсе егер бұл да есінде:

Бәлки, хатшы боларсың өлгенше сен,

Мен ақын боп қаламын өлгесін де!

Бұл Зілман Күрсіге қарата тура атылған оқ еді, дәл межесіне тиді! Жалмажан «Хатшыға хат» шығып бара жатқан журналды жинатып, туратып, редакторын жұмыстан қуып әлекке қалды. «Қыран дала» поэмасын жарыққа шығармауға жарлық берді. Бірақ бұл кезде Жұбанның қыран даусы Зілман Күрсінің төбесіндегі аспан астын жаңғыртып тұрған. Содан да оны жаншып тастауға шамасы келмей қалды...

Хош, сонымен, «тоқырау» деп аталған жанжегі заманның яғни қойшы-қойманшы мінетін мың салса миземес месторыдай қоғамның үстінде изендеп, ұйқылы-ояу келе жатқанбыз. Елге «қалдыбас патша» басшы болып, қызыл сөзбен көбікті судай сапырып жатқан шақ-тын. Әлгі месторымыз ойламаған жерден «белеңі бар бедеудей» ерін бауырына алып тулап берсін! Ұйқымыз көгәштап жуған шәйідей ашылды! Бір қарасақ, Брежнев алаңында «Қазақстанға қазақ ұлтынан басшы тағайындалсын!» деген ұран көтеріп, Жүмекен мен Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін шырқап тұр екенбіз! Иә, ол әннің «қайырмасы» қалай аяқталғаны әмбеге аян. Желтоқсанның 19-жұлдызында біртұтас советтер одағы «енбекшілердің күшімен» біздің – қанында бұғып жатқан: Алып Ер Тұнға мен Еділ патшаның, Құлтегін мен Хан Шыңғыстың, Сайын хан мен Едігенің, Керей мен Жәнібектің, Қасым мен Есімнің, Әбілқайыр мен Абылайдың, Сырым мен Кенесарының, Исатай мен Махамбеттің, Жанғожа мен Есеттің, Сыдық сұлтан мен Ер Досанның әруағы оянып кеткен жас буынның, Азаттық аңсап бұлықсыған қазақ ұрпағының мұз үстінде лаулаған жалынын суық су шашып өшірмекке, сапер күректермен ұрып өлтірмекке жасаған әрекеті нәтижесін берді. Қанша заманнан, сонау 31-дің қанкешу қырғынынан кейін қайта тігілген Азаттық Туымыз жығылды! Еңсеміз бүгілді! Жеті насырымыз жерге тығылды! М.Мағауиннің «Аласапыранында» жазылған: «Шайқас қысқа, бірақ сұрапыл болды. Күш тең емес еді...» деген Манақ батырдың мүжәлсіз хәлін сол қарау кезең, қаран күнде біз де басымыздан кештік. Сол кеште бұрын Маңғышлақ облысын басқарған, енді әлдебір республикалық деңгейдегі дәрежелі қызмет атқарып жүрген кісі теледидардан екі тілде: «Сүттей ұйып отырған біртұтас советтік семьямыздың шырқын бұзып, тынышын кетірмек болған бір топ маскүнем, нашақор бұзақылар ылаң туғызып, көргенсіз әрекеттер жасағысы келді. Ұлтшылдықтың уын жұтып елірген тобыр еңбекшілердің күшімен қуып таратылды! Олар біздің күн сәулелі партиямыздың жүзіне ешқашан кір жұқтыра алмайды! Ленин салған сара жолға еш кедергі келтіре алмайды! Керек болса біз оларды басып-жаншып, таптап өтеміз!» деген ырайда аса ызбарлы мәлімдеме жасады. Дәл сол сәтте СССР-дің астанасы – «отанымыздың жүрегі» Мәскеуде кейінгі шерқұмар «желтоқсаншыл», сол кездегі серқұмар қазақ ақыны Кеш өткізіп жатты. «Останкино» телеарнасы

ол Кешті қара жамылған Қазақияға да көрсетіп бакты. Айтқандай, сол шалықты шайыр келер 87-нің сәуіріндегі өкіметтік жиында Колбиннен: «Советтік шалқар дариядан ауызданбай, ұлттық тар шеңберде қалып қойған санасы ауру қазақтар үшін» кешірім сұраған. Кейін оның бұл опасыздығын өзі де, халқы да ұмытып кетті... Мұның бәрі, әрине, бізге октай қадалған оқиғалар еді. Сонынан, қазаққа келген күллі игілікті бір өзі иемденгісі келген сол шенқұмар ақын Жұбанның «Мен – қазақтың!» атты ұран-жырын да жоққа шығарғысы келгені кімге жасырын?

Дүниеде өз ел, өз топырағында көрген өгейліктен асқан кембағалдық болуы мүмкін бе? Сол бір желтоқсанның ызғарлы күндерінде осы айтқан кембағалдықтың тұңғық құрдымына батып едік. Қайда барсаң – қорлау, тергеу, зәр шашу... Біздікі – іштен тыну, тіс шықырлату ғана. Міне, сондай күндердің бірі – жыл соңында Ульяновскіден келген қызыл комиссар Колбин жазушылармен кездескелі жатыр деген хабарды естіп біз де тайлы-таяғымыз қалмай қаламгерлер Қағбасына жеттік. 30-жылдар ойранында «Шұбартау көтерілісін» басуға қатысқан, қаламдоздар «алжығандар алқасы» деп қыжыртатын ұйымды басқаратын кеспелтек шал 1-хатшының алдынан домаландап шығып: «Мен сізді 25 жыл күттім!» деп құшақтай алғанда кіретін қара жердің тесігін таппай қалғанымызды айтпай кетсем арыма сын! Қонаевтың басқа қазаққа жыли бермейтін жүрегі осы шалға тым мейірімді еді, тіпті, бұрынғы пәтерін де сыйлаған. Құдай-Тағала өмірге енді қадам баса бергенде мандайымызға қара сойыл тиген бізге осының бәрін көрсеткенде: «Сатқындық деген осындай жиіркенішті нәрсе, абай болындар!» деп ескертсе керек...

Колбин төралқада отырған, Тенгиз Абуладзенің «Покаяниесіндегі» сұмпайы кейіпкер құсап көлкілдей күліп қояды. Сөзді Жұбан Молдағалиев алды. Тереңнен толғай келіп: «Аландағы қанжоса болған қазақтың ұл-қыздарын көргенімше сонау қан майданнан қайтпай қалғаным жақсы еді!..» дегенде, 1-хатшының көлкілдеген күлкісі сап тыйылды, жәдігөйлердің елпілдеген түр-түсі де сәт бұзылды! Кенет мұзжалақ құздың ұшарынан мұзбалақ қыран санқылдап қоя берді: «Қымбатты жолдас, сіз менің халқымнан не дәметесіз? Қазақстан «халықтар достығының лабораториясына» айналды. Барымызды алдыңыздар. Тілімізді де, сенімдінімізді де. Сіздің бауырларыңыз тың көтерді, даламдағы бабаларымның молаларын шынжыртабан трактормен таптады. Оны да кешірдік. Бізден енді не талап етесіздер? Мен сіздің жағыңызда бола алмайды екем!..»

Торғайдан сәл биік ұшқандарын өздерінше дәреже көріп жүрген барлық құстар: сақалтай да, жағалтай да, сауысқан да, құзғын да, шүрегей де, тіптен қызғыш, қасқалдақ, бұлбұл да тілдері байланғандай үнсіз қалды. Қарлы құзда қыран ғана санқылдап тұрған бір айғарақты күн, айбаракты сәт еді!..

Сол сәтте біз «желп-желп еткен ала ту жиырылып ойға түскенмен» қанымызда қыран-үннен оянып, қайта атой салған сонау Мөде қаған мен Озған пайғамбардың рухын ешкім де «басып-жаншып, таптап» өте алмайтынын терең сезініп едік!

Құлағымызда қыран-ақынның: «Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске!» деген бабау-жыры күніреніп тұрды. Сол күніренген үнге еріп күн астына – Азаттықтың алау таңына қарай қадам басқанбыз...



Әз-әзіміз

Биыл ұлы Абайдың 180 жылдық мерейлі мерекесімен орайлас келіп отырған көрнекті халық жазушысы, абайтанушы-мұхтартанушы, майдангер, ұстаз Кәмен Оразалиннің туғанына да 105 жыл толып отыр.

К.Оразалиннің «Абайдан соң» роман-тетралогиясының алғашқы нұсқасынан үзінді (*1 кітап, екінші тарау*) 1964 жылы жергілікті Абай аудандық «Совхоз туы» газетінің (25-27.09.64.) №116, №117 сандарында «Абай ауылында» деген атпен жарияланған болатын. Бірақ, сол кездегі солақай саясат «жазылып жатқан кітапта феодал, алашаордашыл адамдардың аттары кіріп кеткен» деген желеумен, кітаптың шығуына көп кедергі келтіріп, сегіз жылдан кейін ғана 1972 жылы кітап жарыққа шыққан болатын. Бірақ, сол уақытқа орай жазушы шығармасындағы Абайдың інісі Шәкәрім мен баласы Тұрағұлдың аттары өзгертілді.

Жазушы К.Оразалиннің 105 жылдығына орай бүгінгі нөмірімізде сол кездегі бірінші кітаптың алғашқы нұсқасынан (*екінші тарау*) үзінді жариялап отырмыз.



АБАЙ АУЫЛЫНДА

Абай өткен соң дүние бір жолата күйреп кеткендей сезінген Әйгерім, Ақылбай өлімінен тағы бір қасіретті қаза таныды. Айналасы сексен күннің ішінде үш бірдей асыл жан бұл дүниеден кетті. Кейде, «енді кім қалды?»... дегендей боп жан-жағына ойымен көз жіберетін ол, бір сәт орны үңірейген жандарды байқағанымен асып-төгіліп, келіп-кетіп жатқан ел толқыны көңілге демеу, бойға қайрат беретін.

Абайдың көзі тірі кезінде де бұл үйден адам арылып көрген жоқ. Нендейлік думан, сән салтанатты өз қолынан жөнелтіп еді, Әйгерім. Сондағы көрген жандары аз ба еді?

Абайдың тіршілігі байқатпай ма, жоқ әлде сондағы көріністің шама-шарқы олқы ма, дәл бұл күндердегідей өз үйіне күндіз не түн демей ағылған адам тасқынын көрген емес.

Тегінде, Абайдың тірі кезінің өзінде Әйгерімнің дастарханы жайылып, келушінің ойсыраған күні жоқ. Бірақ, дәл бұл күндердегідей адам — молшылығын тани білген жері жоқ болатын.

Бұл күндері Ақылбай мен Мағыштардың іргелері жылына жайлау күндерінде ғана жақындасатын бөлек-бөлек ауылдар бар еді. Қазіргі тіршілік бұларды күз уақытында да ажыратпай бірін-бірі сағалаған шаққа душар

етті. Балалардың сабаққа баратын жұма күнін біліп отырған Әйгерім кеше Тұрағұлдың келуінен көпті күткен.

Тұрағұл да енші алып, бөлек кеткен баласы болғанымен бүгін әдейі қонуға арнап келген ыңғай танытты. Басқа уақыттарда да әкесінің орнына келіншегімен бірнеше күндерді өткізетін ол, бұл жолы жалғыз келді. Әр жыл осындай күзгі шақта, ел балаларын берер кезде Абай алдына келушілер мол-мол сыр қозғайтын. Нендейлік арман айтылмаушы еді сонда?..

Сол әкесімен болған әңгімелерін есіне түсірді ме, жоқ әлде, ағалары Ақылбай мен Мағауияны жоқтады ма күздің ұзақ жауынды түнін бүгін ұйқысыз өткізді. Өзінен гөрі қайтыс болған екі баласының үй-ішін уатуға жасы үлкендеу туыстар солардың маңында көбірек болуын өсиет еткен де, Әйгерімнің өзі болатын. Сондықтан да Тұрағұлға «қарағым неге жалғыз келдің», – дей алған жоқ.

Тұрағұл жауынды түннің көбін далада өткізді. Үйге келген шағында да бел шешіп жата алмай, киімшең жантайып уһледі. Әйгерім баласының бұл күйін танымайды емес. Бірақ, әлденелерді сұрап Тұрашының өзімен-өзі қапалықта өткізген шағын бұзады.

Баласының күйін ұққан Әйгерім өзі не күйде? Бауырында бала болғанымен Абайдай сүйген жар қайрылмасқа кетті. Пендешілікпен бір төсекте жастықтас болғандығын арқаланып Әйгерімнің де сөзге кезек алып жүрген уақыттары болғанды.

Тірлікте түсінгенімен арғы қасиетін аңдамаған екен. Енді, бүгін соның бәрінен айырылып, қаншалықты жан рахатын көргендей? Әйгерім Тұрағұлға қарағым, сырқаттандың ба, неге мазасыздандың? – деуге батылы жетпейді.

Ана мен бала сөз қозғаса-ақ, мына жауынды қараңғы қапырық түн тынысы атаулыны бір жолата өшірердей ызғар шашты.

Түн ұзақ па, ой ұзақ па оншасын болжауға шыдамы жетпеген Әйгерім таң атуға тақалды-ау деп болжағаннан кейін, күннің шығар сәтін күтіп мазасызданған-ды. Абай өзі бар кезінде де «бұзылған тамдағы» сабақ басталатын жұмада күн шыға үйге от салғызып, «қуаныш сәтін» күтіп отыратын. Мұндайлық Абай көңілінің байлауы көпке үлгі болып кетті де, кімде-кім болсын сабақ басталатын күні ретінде қарсы алушы еді. Жылда Абай үйімен ілесіп, қазан көтеретін ел биыл сол қамқоршы жанның жоқтығын сезінбестей етуі шарт. Сондықтан өз үйіне көптің көз тігіп, барлық тіршілік тұтқасы Абай атымен байланысты деп жоритын қауым алдында бұрынғы салтты Әйгерім де өзгерте алған жоқ. Тілеу-ниетін көпке арнаған үй ішінің бүгінгі ерте қозғалған ыңғайынан-ақ жұрттың аңсағаны орындалғандай болатын.

Шешесі таңғы шәйдің дастарханын жасауға рұқсат еткенге дейін үндемеген Тұрағұл енді, міне өз тілегін айтты:

– Тәте, Мүрсейітті шақыртып алсақ деп едім. Сөз осымен бітіп қалды. Баласының не себеппен Мүрсейітті шақыртқанын түсінгендей үнсіз бас изеп үй қызметіндегі келінінің бірін жұмсап еді. Арада көп ұзаған жоқ сәлем беріп жасы қырықтардың ішіндегі сұлу өсірілген сақалына буырыл араласа қоймаған, үлкен көзді ақсары орташа денелі адам келіп кірді. Оның жүріс-тұрысы жинақы екен. Кебісін тез шешіп, түзу денесін тік ұстаған күйінде төрге жоғарлады да, Тұрағұлдың оң жағынан жайғасты.

Сәлден кейін басындағы қара барқыт тақиясын қозғай түсіп, Әйгерімнің жүзіне аса зор инабаттылықпен, рұқсат сұраған ажармен қарады.

– Жеңеше, күн сылбыраң болған соң кешігіңкіреп келермін деп уақыт күткен ем, шақыртып келгеніме кешірім өтінемін. Әйгерім Мүрсейіттің сөзіне ден қойып, ризалық білдірген белгі етті.

Мүрсейіт малдасын құрып отырған болатын. Аспазшы келіншектің күйі де ұмтылып, алдына тартқан күйі сөзін жалғастырды.

– Абай ағамызға «аллаһпар»! – айтып, дұға жасаушылар аз емес. Көбінің бары сол шығар. Мүрсейіт осы бір сөздерінің өзін екшеп, нақысына келтіре жайлап айтты. Тәрізі ол сөйлеген сөздерін де соншама ұқыптылықпен дәл басып, анықтай жеткізгенді ұнататын жан сияқтанды.

Үй-іші оның ыңғайын бұрыннан аңдап бақса керек. Тұрағұл оның сөзінің әлі бітпегенін біле отырып, күйін өзгерткен жоқ.

– Тұраш інім бәрімізге ортақ игілікке апаратын қасиетті аманат жүктеп еді, женеше, – деп өзінің сөзіне ден қоя тыңдап отырған Әйгерімге әдейі арнаған ой түйінін аңдатты.

– Күз күні сылбыраң болғанымен, осы өткен жұма маған мол қазынаны реттетті. Салқын күні жылы үйдегі от басында Абай ағамның өлеңдерін көшіре отырып, жаттағанға не жетсін! Бұл менің Тұрашым тауып берген ендігі өмірімнің көш басшысы болар ма деп шамалаймын.

Мүрсейіт Бікі баласы өз руы Әнеттен бөлініп, біржолата Абай ауылының туысы болып кеткен. Кейінгі жылдары Ысқақтың үйімен еншілес дос адам қатарына жеткен Мүрсейіт тәрбиені де Абай маңынан алғанымен бертін келе Абай өлеңдері қолына тиген соң бүтіндей өзгерген жан. Тіпті, орыс ғылымына ден қойып, өз бетімен Семей қаласын аралауға жараған қыр қазағының бірі еді.

Абай өткеннен кейін Тұрағұл мен Кәкітайдың ойына жаңадан бір арман ұялады. Ол – Абайдың жазғандарын бір жинап бастыру. Бірлі-жарым ғана өлеңдері жарық көргені болмаса, әлі жинаусыз Абай шығармаларын іздестіріп, қағаз бетіне түсіру шарт.

Бұл міндет ел арасында, осы ауылда орындалуды тілейді. Содан кейін жоғарғы орыннан ізденіп Абай шығармаларын кітап етіп бастырса, өлі аруақ, бүгінгі тірі ағайын туыстары да риза болар – деп шамаласқан.

Мүрсейіт Абайдың тірі кезінің өзінде-ақ, оның өлеңдерін ауыстыртпай дәл көшіретін, әрі анық, әдемі етіп жазатын шеберлігімен көзге түскені бар. Басқа орыннан іздегенге дейін әкесінің өлеңдерін ел ішінен жиып, әзірлік жұмысын дайындауда Тұрағұл осы Мүрсейітті қолайлаған. Кәкітаймен ақылдасқанда, ол да өз арманының ендігі бір аңсаған биігі екенін айтты.

Осылайша, бұл әңгіме Тұраштың аузымен Әйгерімге жеткізілген болатын. Оған көп күндер болған жоқ. Қазір өз ісінен рахат тауып, жадырап отырған Мүрсейіттің сөзі Әйгерімді қобалжытқан болатын.

– Кешегі Абай марқұм жоғын өзіңізден іздеттіретін еді. Балалар ісінің дұрыстығын сізден көріп отырған сияқтымын. «Абайымыз» деуші еді көпшілік. Іні бауырларымыздың мақсатына басшы бола көріңіз. Осыдан соң Әйгерім шәй құйып беріп отырған келіншекке отты тоқсыра қалата түсіп, аздан соң, ауыр күрсініп барып ойын қайта жалғастырды.

– Абай марқұмның көп сөзі маған таныс болмағанымен, ана Тұраш екеуіңізге қанық шығар. Елінің елдігіне көңілі жібіп өткен жоқ қой. Әйел деген сырлы бір жан екенін енді тандым білем. Жарға жардың ақырғы кош айтар қабір басы емес пе? Сол еншіні де бізге қимаған.

Осы бір сәтте Әйгерімнің дауысы дірілденкірей, ойын бөліп-бөліп айта бастады. Бірақ, отырыс күйінен айнымай әлде кімдерге кінә артқандай, өкініш өксігін ақтара сөйледі.

– Кенжем Абаймен туысты. Бір бейітте жатқанын қомсынбаймын. Абайды Абай деп басына жеке белгі жасай алғамыз жоқ... Өзінен қалған азды-көпті дүние бар. Аямаймын Күке, соны балалары әкесінің жазғанын бастыруға жұмсасын...

Бұдан әрі Әйгерім сөйлей алған жоқ. Жасқа толы көңілін тыйып, үнсіз қалды. Сонда да оның тынысындағы ауыр күй үй ішіндегілерді де бірге тұнжыратып, сирек қабақ қақтырған болатын.

Осы кезде сыртта суыт жүрісті адамдардың ат тұмсығын тіреген жүрісі білінді. Қысқа-қысқа амандық жөнін қатысқан сөздер де естіліп, жүріс нығая осы үйдің табалдырығын нұсқайды.

Сырттағы қозғалыс үнін естісімен-ақ, Әйгерім кимешек – шәршісін түзеңкірей, жасқа оралған ойлы көздерін сүртіп-сүртіп жіберді де, денесін тез жинап ап, еңсесін көтере есікке бұрылды.

Анасының қозғалыс ыңғайы үй-ішіндегілерге де бір сілкініс тудырғандай сақтандырған. Есіктен Шәкәрім тек өзіне ғана жарасымды тынысы кең мол үнімен:

– Ассалаумағлейкөм! – деді. Мұның артында ілесе келе жатқан Кәкітай да жіңішке дауысымен Шәкәрім дауысын соза түсті. Бұл екеуінің де көптен бері Абай үйіне келіп отырғаны осы болатын-ды.

Алғаш ел жайлаудан бауырға құлағанда өз үйлерін осы бұзылған тамға әкеп орналастырғаннан кейін Шәкәрім Тышқандағы Ақылбайдың, Мағыштың бейітін көтеруге аттанған-ды. Оған жиырма шақты күн өтті. Қазіргі ыңғайлары сол жұмыстарын бітіріп келгенге ұқсайды.

Бұл екеуі Абайдың тірі кезінде осындай бір жұмысты бітірген шақта ғана арнайы сәлем бере келетін. Сондай сәтті көп көрген Әйгерім қайнысы мен баласы кіріп келген кезде көзіне тірі Абайды елестететін сияқтанды. Ол жан-жағына жалтақтап қарай түскенімен Абайды көре алған жоқ. Мүмкін көзіне толып кеткен жас қаға беріс жасаған да бола ма? Әйтеуір сырттан келген жолаушылардың қозғалысы мен амандасулары әлсін-әлсін Абай орнына көзін үңілте түсті.

Ендігі бір сәтте анасының өзгеріс күйін аңдағандай болған Тұрағұл:

«Мұныңыз не?» – деп қарап қалғанын танып еді. Баласының көз қарасынан көпті түсінген Әйгерім өз ойынан сілкініп ажырасқандай ілезде айығып кетті.

Бұл уақытта Шәкәрім мен Кәкітай су киімдерін шешіп босаға жаққа іліп үлгерген еді.

Дастархан басына еркінірек жайғасып қалған Тұрағұл мен Мүрсейіт те оларға қызмет етіп төрді нұсқап тұр.

Осының бәрі аз уақыт ішінде өткенмен Әйгерім көп нәрсені аңдап, болжай қалды. Тағы бір қарбалас шақта Абай, Ақылбай, Мағауия бәрі-бәрі де үй-ішінде анталаса қалғандай елестеген болатын. Әлден соң:

– Төрге шығыңыздар? – деген Тұрағұл сөзінен кейін ғана өзіне қайта келгендей болған Әйгерім, Шәкәрім мен Кәкітайдың әлі де дастархан басына келмей шешінген бойда өзіне қарап қалғанын аңғарса керек.

Енді, қайнысы мен баласына түс токтата қараған ол мұндайлық қат-қабат шақта бірден үн қата алған жоқ.

Шәкәрімнің мол денесі де толығынан, толықтығынан айрылып қалғандай сыптығырланып, сақалы, өсіңкіреп кетіпті. Биік маңдайында қатпарлар молайып, бет-бейнесі салбыранқы тартқан. Бұрынғы ажарлы өңі сынық. Оның үстіне су өткен киімдері де көріктілік беріп тұрған жоқ. Ал, жаратылысында бойшаң емес, Кәкітай қазір қартайып, азып, жүдеп қалыпты. Шүңірейген көз жанарында қажыған жанның азалы ізі бар. Тіпті, бір сәтке осы дүниенің бәрінен түңіліп келгендей сағы сынып, құр тірлік сұлдермен жан-жағына аңырып қарайды.

– Ақылбай, Мағауиямен бір жолата қош айтысып келген беттерің ғой...

Бұлар келгеннен бергі қысталаң шақтан жаңа ғана тыныс тапқандай

Әйгерім сөзінің ақырын өз мәнінде айта алмай үнсіз қалып кетеді.

Көп атынан айтылғандай әлгі сөз Шәкәрім мен Кәкітайды да қайра жауапқа тартты. Жетектеген жоқ. Олар төр алдына ибамен көтерілді де ауырлау қозғалыспен баяулап жайғасты.

Үй-іші жым-жырт. Шаңырақтан сапырлата салғыласып жақпар-жақпар күздің түсі суық үңірейген қара-қошқыл бұлттары асығыс өтіп жатыр. Анда-санда болмашы жаңбыр тамшылары сіркіреді. Құлын кісінеп, бұзау мәңіресе болды адам дауыстары жиілеп естіледі. Жел қатая түскен. Түтін атаулы төбеден суырыла тартып, кигіз есіктің етегін есікке сілтей ұрып қалып тұр. Аздан соң үй-ішінде орнаған мол тыныштық Әйгерімнің өксікті үніне қайта ауысты.

– Күн өзге, түн өзге болғанынан Абай, Мағаш, Ақылбайды ұмыта алар ма екем. Сендер бейіт көтеруге кеткеннің өзін тірі адамға жасалған камдай көретінмін. Оларға істелетін іс көп тәрізденіп, тіпті бізден қол үзбей бірге жүре беретіндей өлімге қиған шағым жоқ.

Әйгерімнің бұл соңғы сөзіне де үн қатқан ешкім болмады. Бәрі-бәрі де сөзге аралассақ-ақ, өздерінің ауыр күйлерін қозғап алатын сияқтанып, үнсіз.

Тек, қана шәй құйып отырған келіншектің қымсына қимылдаған қозғалысы бар. Бар денесі қалжырай ма, жоқ әлде, икімі қашқан ба, әйтеуір, қолдары дірілдеп, жүзін жоғары көтермейді.

Үй-ішіндегі тыныштық біразға созылған шақ болатын. Есік сыртына жақындай адам жүрістері білінді. Бұлар Мұхтар мен Ахметті жетектеген Дінәсіл мен Әуез. Және қастарында Қасымбек бар.

Үлкен адамдардың келуі үй-ішіндегі үнсіздікті тез сейілтіп жіберді. Жамыраса амандасып, бауырдағы елдің жай күйі де қысқа-қысқа сөз орамына ілініп ақыры Әуез Ақылбай мен Мағаш бейітінің көтерілуін қазаның соңғы белгісі болсын деген тілек айтты. Отырғандар да бұл сөзді жедел қостай, бәрі-бәрі де еселеп құйылған ыстық шайға таман жақындай берді.

Әйгерім дастарханға жаңадан бауырсақ, мейіз төктіріп, өз қолымен тәрелкедегі балды Дінәсіл мен Әуездің алдына таман сырыңқырап:

– Менің кішкене нағашымның сапары қайырлы болсын, – деді. Мұхтарымыздың сабаққа ынтасы бар тәтесі, анада Семейде байқағанмын. Жақсы келдің айналайын таңғы дәмге, жақсы оқитын бол.

– Айтсын, тәтесі, – дейді, ойындағы арманын естіген Дінәсіл.

– Балаларым көп болғанымен Мұхтарыма тілегім ауып еді. Баласының алдын қай ата – дәл болжай алған? Үміт шіркін сөне ме? Мына Қасымбекті де ренжітіп, Мұхтарды өз қолымда оқытқалы отырмын, әзір Ахмет екеуін ажыраттырмаймын. Жаңа сапарға арнап шыққан жолында әдейі осы үйге алып келдім.

– Дұрыс табылған ақыл.

– Тілегіңіз қабыл болсын.

– Орайы осы, – дескен сөздер естілді.

Көп тілегі көңілін көтере түскен Дінәсіл баласының алдына таман тағамды сырыңқырап жатыр.

– Енді атаң үйінің дастарханынан тамақ ішіндер.

Мұхтар әкесінің бұл сөзіне де етпеттей беріле қойған жоқ. Қымсыну мен қыстығу да аңғартпайды. Дәлді бір нәрсеге үніле қарайтындығын да білу қиын. Әйтеуір маужыраңқы тарқан ажармен өзімен-өзі әлденені күткен ыңғайы бар сияқты. Үй ішіндегі сөздің бәріне әбден кәнігі болғандай алаңдамайды. Өзінің күткен бір межесі бардай сол ойының ыңғайынан шыға алмаған күйі бар. Ол қазір шай ішіп отыр. Дастархан басындағылардың бірде-біріне бұрылмастан ауық-ауық шаңыраққа қарайды. Әлі де жосылып жатқан

ызғарлы бұлттың шамасын күні бұрын болжап қойғандай оған деген қызға қарауы жоқ. Кейде, сырттағы үйге құлақ түріп, селт етіп қалып отыр. Тағы бір орайда әлде неге алақызып ұшқын шашқан ойлы көздері сәл жасаураған сияктанып кірпіктерін сирек қағады.

Бірақ, баланың бұл күйін қазір кім тап басып ажырата алғандай.

Дінәсілдің Мұхтарға арнаған сөзінің жалғасындай аздан соң Әйгерім жөн-жобаға ауысты.

— Абайдың іні, балаларының бас қосқан сәтінде Мұхтаржан дәл келді білем нағашы әже?! Інім мен Кәкітай келген соң, ойға әр нәрсе оралған еді. Бәрінен де мына Мүкең..... отыр.

Бұл сөзге соңғы келгендер түсіне алмай қалды. «Ол не әңгіме жөні» дегендей Әуез бен Дінәсіл әр кешіне бір көз қиығын тастатқан болатын. Әңгіме өзі туралы қозғалған кезде Мүрсейіт кеседегі шәйін үстел үстіне қойып Әйгерімге кішілік құрмет көрсете берді.

— Мына іні-балалары Абайдың сөздерін Мүкеңе жаздырып жатыр. Семейде кітап қып бастыра алмаса Әбдірахман оқыған..... дейін қуынбақ. Бізден не көрді Абай, өзінен қалған пұлын осы жолдан аямаңдар деп отырмын. Әруақ жар болсын!

— Алла қабыл қылсын, — деп Әуез бен Дінәсіл жарыса үн қатты. Бұл сөздерден бәрінің де жүзіне жылылық жүгіріп, көңілдері жадыраған адамдар Әйгерімнің ыңғайына қарай ойыса берді.

— Жеңешем дұрыс айтып отыр нағашы, — деді Шәкәрім, — біз басына бейіт тұрғызған Мағауия мен Ақылбай да ұмыт болатын адамдар емес. Абай ағам сияқты олардың да келешегі бар. Сол себептерден біздің басымыз аман, малымыз түгел.

Бұзылған тамда жас баланы алғаш сабаққа беру — дағдымызға айналған ғой. Мына Кәкітай екеуміз Тышқаннан түн қатып жеткеніміз осы. Мұхтарыңыздың сабаққа барғаны қайырлы болсын нағашы әже!

— Айттсын қарағым. Оқытатын молдасының жөн-жосығын да білгеніміз жоқ. Ең алдымен Абай қарағымның дастарханын ырым көріп, осында әкеп отырмыз.

Балаларды оқытатын молда жәйы Шәкәрім мен Кәкітайға белгісіз әңгіме екен

«Мұның мәнісі қалай еді?» — дегендей олар Тұрағұлдан жауап күтіп қалды. Тұрағұлдың Мүрсейітті шақыртқан жайын енді-енді аңдаған Әйгерім баласын тыңдағысы келген ыңғай аңдатты.

Үй-ішіндегілердің тегіс өзіне аңтарыла қалғанын көріп отырғанмен Тұрағұл жауапқа сасқан жоқ. Өзіне тән мызғымайтын берік күйімен біраз ойланып барып сөзін бастады.

— Абай ағамның өлеңдерін жинастырып жатқан соң күн бұрын алаңдатпаймын, — деп Мүкеңе еш нәрсе айта қойған жоқ едім. Талай-талай молдаларға балаларымызды оқытып көрдік қой. Биылша шет жақтан кісі іздемей-ақ, өз адамымызға оқытсақ қолайлырақ болатын шығар деген ойым бар. Менің мына жас балаларға ұстаз тағайындамағым сіз едіңіз, бұған қалай қарайсыз Мүке!

— Жолың болсын қарағым Мүрсейіт, — деді Дінәсіл, — кеше Бікі марқұм өзінді қандай тәрбиелеп еді, бәрін де білесің, көрдің.

Мүрсейіт бір сәтке аңырғандай бөгеліс тапты да сонан соң жедел үн қатты.

— Көптен үлкенмін бе, қисыны осылай келсе, сөзіңіз сөз қарағым Тұраш!

Сабақты кімнен оқитынын енді ғана білген Мұхтар Мүрсейіттің жүзіне тесіле қарады...



Алтын өзен

**Қанат
ӘБІЛҚАЙЫР**



ТӘЖІК ЖАЗУШЫСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ ТАНЫТҚАН ӘУЕЗОВ

Тәжікстанның «Шарқи сурх» (қазіргі «Садои Шарқ» журналы. «Шарқи сурх» («Қызыл шығыс») кеңестік кезеңдегі атауы) атты ғылыми, әдеби, қоғамдық һәм саяси журналының 1957 жылдың қазан айындағы №10 санында Мұхтар Әуезовтің 60 жылдық мерейтойына орай тәжік жазушысы Жалол Икрамидың (тәжікше Чалол Икромӣ) «Нависандаи азиз ва мухтарам» (Қадірлі, әрі құрметті жазушы) атты алғысөзімен «Абай жолы» романының үзіндісі жарияланыпты. Сол алғысөзді оқып шыққанда Әуезов пен Икрами арасындағы рухани байланысты, көңіл қимас достықты, бір-біріне құшағын айқара ашқан бауырлықты байқағандай болдык.

Тәжік қаламгері Жалол Икрами: «Халықаралық оқырмандардың сүйікті жазушысы, атақты тұлға, қазақ халқының аса қадірлі перзенті, бауырымыз Мұхтар Әуезов қазір Қазан төңкерісінің 40 жылдық мерекесі қарсаңында өзінің шығармашылық жолында үлкен жетістіктерге жетіп отыр. Біз осы мереке аясында қадірлі әрі құрметті жазушымызды құттықтап, оған зор табыс тілейміз», деп бастайды «Садои Шарқ» журналындағы мақаласын.

Тәжік жұртшылығы үшін «Садои Шарқ» («Шығыстың дауысы») журналының тарихы тым терең. Бұл журнал 98 жылдан бері жарық көріп келе жатқан Тәжікстандағы ең көне басылымдардың бірі. Бүгінде Тәжікстан Жазушылар одағының әдеби басылымы саналатын журнал 1927-1932 жылдар аралығында «Рахбари дониш» («Білім жетекшісі»), 1932-1937 жылдар аралығында «Барои адабиёти сотсиалистӣ» («Социалистік әдебиет үшін»), 1937 жылдардан кейін «Шарқи сурх» («Қызыл Шығыс») атауымен оқырмандарға жол тартқан. 1964 жылы басылым қазіргі атауын иеленіп, «Садои Шарқ» болып өзгертілген. Сол ұлт руханиятының алтын мінберіне айналған «Садои Шарқ» («Шарқи сурх» кезінде) журналында Әуезовтің шығармашылығы туралы «Қадірлі әрі құрметті жазушы» атты мақала жазған Жалол Икрами кім?

Тәжікстанның халық жазушысы Жалол Икрамидың 1909 жылы қазіргі Өзбекстанның Бұхара қаласында дүниеге келген. 1928 жылы мұғалімдер даярлайтын училищені тәмамдап, 1930 жылы Душанбе қаласына қоныс аударған. Әдебиет табалдырығын алғашында ақын ретінде аттап, кейіннен

Садриддин Айнидің кеңесімен біржола прозаға ауысты. Осылай кеңестік кезеңдегі тәжік прозасының жетекші өкіліне айналды.

Жалол Икрами ғылыми-зерттеу мекемелерінде, баспа мен театр саласында өнімді еңбек етті. Тәжікстан Жазушылар одағына мүше болып, 1964 жылы Рудаки атындағы мемлекеттік сыйлықты, 1976 жылы Тәжікстан Халық жазушысы атағын алды. Ол тәжік әдебиетіне «Шабе дар ригистони Бұхара» («Бұхара шөліндегі түн», әңгімелер жинағы, 1927), «Душман» («Жау», 1933), «Тухми мухаббат» («Махаббат дәні», 1934), «Тирмор» (1935), «Зухро» (1940), «Шоди» («Шаттық», 2 томдық роман), «Ман гунахгорам» («Мен кінәлімін», 1957, психологиялық роман), «Тори анкабут» («Өрмекшінің торы», 1960, тарихи роман), «Духтари оташ» («От қызы», 1962), «Дувоздах дарвоза-и Бұхоро» («Бұхараның он екі қақпасы») және «Тахти вожгун» («Тақтың аударылуы»), «Дувоздах километр» («Он екі километр», Бұл роман 1967 жылы жазылғанымен 1988 жылы ғана жарияланған), «Зоғхой бадмур», «Фарзанди Хатлон-замин» (1984 жыл), «Он чи аз сар гузашт» («Өткенім туралы»; мемуар) секілді туындылар сыйлады.

Икрами кеңестік дәуірдегі тәжік прозасының ең ірі жазушысы, әрі драматургының бірі болды. Осындай қаламгер алғысөздегі ойын: «Қараңғылық пен феодалдық езгінің тар қыспағынан азаттыққа шыққан қазақ халқы, басқа да халықтар сияқты, Қазан төңкерісінің жемісі ретінде ұлы бақытқа жетті. Сол бақытты баянды ету жолында Мұхтар Әуезовтің әдебиеттегі еңбегі зор. Оның «Абай» романы халықтың тарихын, тұрмысын, өмірін бейнелеген ұлы шығармалардың бірі болды. Бұл роман қалың бұқара арасында үлкен сүйіспеншілікке ие болып, әр үйге жетті, әр жүрекке қуаныш сыйлады. Қазан төңкерісі қазақ халқына азаттық әкеліп, ұлттық тәуелсіздікке, теңдікке, бақытқа жол ашты. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып, қазақ халқы өзінің ұлы перзенті Абай Құнанбаевты мәңгілікке таныды. Ал Мұхтар Әуезов болса, өзінің «Абай» романы арқылы осы ұлты таныған ұлы бейнені әлемдік деңгейге көтерді», деп жалғайды.

Бұл жерде ескерте кететін бір жайт бар. «Абай жолы» романының алғашқы томы 1942 жылы, екінші томы 1947 жылы, үшінші томы 1952 (кей деректерде 1954) жылы, ал төртінші томы 1956 жылы жарыққа шықты. Романның алғашқы екі томы «Абай» деп аталған. 1956 жылы төрт біріктіріліп «Абай жолы» деген ортақ атаумен оқырманға жол тартты. Яғни, Икрами мақаласында сол алғашқы нұсқаға сүйеніп, «Абай» романы деп отыр.

Әуезовтің 60 жылдығы һәм Қазан төңкерісінің 40 жылдығы қарсаңында жазылған мақаланың әр жолынан кеңестік кезеңнің рухы сезілетінін жоққа шығара алмаймыз. Материалдағы «Халықтар теңдігі, азаттыққа қол жеткізу» секілді мерзімдік идеологияға сай жазылған мәтіндерді бүгінгі күннің көзқарасымен қарауға келмес. Десе де Жалол Икрами «заманы түлкі болғанда тазы болып шалып», ауызға Қазан төңкерісін ала отырып, Әуезовке деген құрметінің шексіз екенін байқатады.

Ең қызығы сол, осыдан бар болғаны 5-6 ай уақыт бұрын «Тәжікстан коммунисті» («Коммунист Таджикистана», 1957, 24 сәуір) газетінде Мұхтар Әуезовтің «Жалол Икрамидың жана кітабы жайында» деген атпен сын мақаласы жарияланыпты. Ол мақаланы оқып шыққанда Әуезов тәжік қаламгері Жалол Икрамидың «Мен кінәлімін» атты романын бірде мақтап, енді бірде «ұр тоқпақтың» астына алғандай әсерде боласыз.

Әуезов Икрамидың туындысы туралы: «...мені романдағы негізгі кейіпкерлердің күресі мен әрекеттері ойландырды. Олар бір қырынан ғана көрсетілген және тым идиллиялық («идиллия» гректің «eidyllion» картина, шағын өлең деген сөзінен шыққан. Яғни, Әуезов автордың

романдағы кейіпкерлердің табиғат аясындағы қамсыз, алаңсыз өмірін тым поэтикалық тұрғыда жазғанын меңзеп отыр) сипат алған. Біржақты бейнелер белгілі бір жасандылыққа, жанжалсыз жағдайларға әкеледі. Автордың бас кейіпкері Әнуардың жеке өміріндегі өткір тартыстарды, күрделі драмалық шиеленістерді кеңінен ашуға үлкен мүмкіндігі бола тұра, оны толық пайдаланбағаны өкінішті әсер қалдырады. Сірә, ол шынайы драманы жасауға батылдықты етпегендей» дейді.

Әуезов саналы ғұмырында өзінің туған халқының руханиятын кемелдендіру жолында қажыр-қуаты мен күш-жігерін аяған жоқ. Қазақтың бас ақыны Абайдың өмірін өзек ете отырып, ұлттың тұтас дүниетанымы мен этнографиясын қамтыған шоқтығы биік «Абай жолы» эпопеясын жазды. Кеңестік тоталитарлық жүйенің сызып берген тар шеңберін шиырлап жүріп, алаш баласының келешегі үшін тыным таппай тер төкті. Арқа сүйер алдыңғы буын ағалары, қанаттаса шабатын үзеңгілес достары һәм артынан құлдырандай ерген інілері репрессияға ұшырағанда Әуезов «жапанға біткен бәйтеректей» (Жамбыл) жалғыз қалды. Арда туған азаматтарымыздан айрылып, ел есеңгіреп қалғанда Мұхтар Әуезовтің саяси-қуғын сүргінге ілінбей, дін аман ортамызда жүруі ұлтқа олжа болды. Ол Абайдың «Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма» дегеніндей соқтықпалы, соқпақсыз жолдардан өтіп, бір өзі мыңмен күресіп, Әлихан, Ахмет, Міржақыптардан мұраға қалған Алаш идеясын ұрпақ санасына сіңірді. Жазушылық жолда том-том кітаптар жазып, көркем әдебиет майданында арпалысса, ғалым ретінде ұлттың жоғын түгендеп, кемін бүтіндеп, ол аз болса, мындаған шәкірт тәрбиеледі.

Бүгінгі әдебиеттегі көзқараспен қарасаңыз осындай қазақ әдебиетінің классигі тәжіктің қабырғалы қаламгерінің романын іске алғысыз етіп, сын тезіне салған секілді көрінеді. Бүгін Әуезовтің көзі тірі болып, қазіргі қаламгерлердің бірінің туындысын «кейіпкерлердің күресі мен әрекеттерін бір қырынан ғана көрсеткен, поэтикалық тұрғыда тым идилиялық сипат алған, біржақты бейнелер белгілі бір жасандылыққа құрылған, туынды шиеленіссіз жазылған, бас кейіпкердің жеке өміріндегі өткір тартыстарды, күрделі драмалық шиеленістерді кеңінен ашпаған, автор қаламгерлік мүмкіндігін толық пайдаланбаған, шынайы драманы жасауға батылдығы жетпеген» деп талдау жасаса не болар еді? Мұндай мірдің оғындай һәм сүйекті тесіп өтер сынды былай қойып, аға буын қаламгерлердің жанашырлықпен сипай қамшылаған ескертпесін көтере алмайтын заман келді. Қазір әдебиетте әділ баға, тең таразы, сындарлы сын жоқ. Әдеби басылымдардан түрлі туындыларды бірыңғай мақтаған, мадақтаған мақалаларды ғана көреміз. Ал, сынап қалғанның өзінде жанашырлықтың емес, бас араздықпен жазылған мәтіндерге кездесеміз. Соңғы кездері сын найзасы бастан салу, аяқтан шалу, негізсіз қаралау, қаламгерді біржақты мұқалтуға ғана сілтенетін болды.

Әрине, Мұхтар Әуезовтің бұл талдауын қазіргі замандағы тізгінді бір жаққа ғана тартатын сынаржақ, сыңарезу сынмен салыстыруға келмейді. Сырт көзге тәжік қаламгері Жалол Икрами сол сынға: «Абай» романы тек қазақ үшін ғана емес, бүкіл кеңес халықтары үшін де қымбат қазынаға айналды. Әрбір оқырман оны сүйіспеншілікпен қабылдады. Бұл роман әр халықтың жүрегінен өзіндік орнын тапты. Әуезовтің туындысы халықтар достығын, олардың бірлігін, өзара түсіністігін нығайтты. «Абай» романы — халықтың арман-мақсаттарының айнасы. Оның жарық көруі қазақ ұлтының рухани өміріндегі үлкен оқиға болды. Бұл роман халықтың тарихи дамуының маңызды кезеңін көрсетті. Мұхтар Әуезовтің ұлылығы сол, өз халқының тағдырын, оның асқақ армандарымен ұштастыра бейнеледі. Сол себепті Әуезов тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл кеңес халықтарының

сүйікті жазушысына айналды. Оның «Абай» романы Сталин сыйлығына ие болып, әлемдік әдебиетте жоғары бағаланды», – деп жауап беруі қазақтың «таспен атқанды, аспен ат» деген қағидасына сәйкесетіндей көрініп, бір-біріне кереғар көзқараста жазылған осы екі мақаланы қатар оқыған бүгінгі оқырман абдырап қалары анық. Одақтас тәжік елінің қаламгерін сынаған Әуезовке де, сол сынға мадақпен жауап қатқан Икрамиға да қандай баға берерін білмей дал болары және мәлім.

Әрине, біз сол замандағы саяси ахуалды терең сезінбейміз. 1937-1938 жылғы қуғын-сүргінді көрмеген, 1940-1950 жылдарда әдеби туындылары үшін әділетсіз қуғындалған қаламгерлердің басынан өткен қилы тағдырды тек қағаз бетінен оқыған, оқысақ та терең сезіне қоймаған ұрпақпыз. Мәселен, Әуезовтің шәкірті Қайым Мұхамедхановтың жарының мына естелігін қараңызшы: «Кеш бата үйдің есігі тарсылдан талқан бола жаздап, біреулер алқын-жұлқын кіріп келді де, үйдің астаң-кестең тінте бастады. Қайымның кітаптары мен қолжазбаларына жаудай тиіп, тіркеп жазады да, сыртқа шығарып әкетіп жатыр. Жазу-сызуы бар қағаздардың бәрін қидай сыпырды. Мұхтар Әуезовпен жазысқан хаттары бір сандықтай болып қалып еді, оны сол бойы әкетті. Кейін Қайым қанша іздесе де, КГБ-ға, басқа орындарға барып, қаншама өтініш жазса да, сонда тәркіленген заттардың ешбірін қайтара алмады», – дейді.

Абайдың әдеби мектебі туралы ғылыми еңбек жазғаны үшін қызыл коммунистердің қырына ілігіп, тоталитарлық жүйенің жауына айналып, жазықты болған Қайым Мұхамедханов 1951 жылдың 1 желтоқсанында ұсталып, талай жыл тас қапастың тұрғыны болды. Абактының адам жаны төзгісіз азаптауларын көріп, сонда да ғылыми идеяларынан бас тартпай, тағдырдың тақсіретті сынағына төтеп берді. Басына қанша қара бұлт үйіріліп, замананың дауылы жаны мен тәнін мұздатса да Абайдың әдеби мектебін жоққа шығармады. Қайым Мұхамедханов өзіне жасалып жатқан қысым мен зұлымдықтың артында Мұхтар Әуезовтің мойнына қыл бұрау салар қара ниетті саясаттың тұрғанын жақсы түсінді. Өз ұстанымынан тайқып мойнын ілінген азапты қамытты шешсе, ол қамыт ұстазының мойнын қажарын білді. Өйткені тергеушілер «Абайдың әдеби мектебі туралы диссертация жазуға сені Мұхтар Әуезовтің мәжбүр еткенін мойында!», – деп азаптайтын. Қайым Мұхамедханов өз өмірін қатерге тіге отырып, қазақтың Ұлы жазушысына құрылған тұзақтың қыл арқанын үзумен болды. Ең ақырына дейін өз рухын да сындырмай, ұстазын да сатпай қарсыласты.

Біз бұл арада қиыннан қиыстырып, Қайым Мұхамедхановтың мысалын Әуезов пен Икрами арасындағы жоғарыдағы сырды ашпақ үшін әдейі кірістіріп отырмыз. Жалол Икрамидың Әуезовке қатысты ақ жарма тілегін айтардан бар болғаны жарты жыл бұрын, яғни 1957 жылдың басында «*Мен кінәлімін*» атты психологиялық романы жарияланып, туындыда коммунистік қоғамға сыни көзбен қарағаны себепті кеңестік тоталитарлық жүйенің аяғын басып кеткен еді. Кеңестер Одағы ауқымында түрлі пікірталастың аңысы туып, замананың желі қаламгерге қарсы соға бастаған-ды. Социализмнің бір сызықпен сызылған «тура жолында» қалыс басып, аяғы шалынып кеткен қаламгерді қорқау қасқырдай талауға салып, біржола мұқалтып хәм тұқыртып «жазалайтын» күн таяп келе жатты.

Жазалау дегенде 1957 жылды баяғы 1938 жылдардағы Хамза Есенжановтың «Қазақтың ұлан-ғайыр даласына не жетсін? Жайлауға киіз үйді тігіп тастап, қымыз ішіп, бөйге тамашалап жатсаң ғой, шіркін» деп абайсызда айтылған жалқы ауыз сөзі үшін басына «ұлтшыл» деген таз кепешті кигізіп, 25 жылға соттап, Итжеккенге айдайтын, оның 18 жылын «тар жолда, тайғақ кешіп»

түрлі лагерлерде өткізетін Сталиннің заманымен салыстыруға келмес. Тіпті, Икрамидың романы жарияланған 1957 жылды, осыдан бар болғаны 5-6 жыл бұрынғы, яғни 1951 жылы тұтқындалған Қайым Мұхамедхановтың тағдырымен таразылауға да болмайды. Хрушевтің «жылымық кезеңі» жеке басқа табыну дерті асқынған Сталин дәуірімен екшегенде «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» жайлы уақыт болғанына тарих куә. Хрушевтің «Жылымық кезеңі» жып-жылы самал боп өбіп, қазақ һәм тәжік әдебиетінің арқырап ағуға тиіс арнасын сәл де болса кеңіткенін жоққа шығармаймыз. Десе де, ол заман да талай азаматты қырына алғанын, жаппай жазалау тоқтағанымен, алдымен газеттер арқылы жаланың қара күйесін жағып, соңынан жүйенің көрігіне салып түзейтінін, түрменің орнын жындыханаға ауыстырғанын жұрт біледі. Мысалы, Кеңестер одағының басшысы Хрушевке Қазақстандағы қазақ ұлтының мүшкіл хәлін баяндап, қазақ мектептері мен қазақ тіліндегі оқулықтардың тым аздығын айтып хат жазып, 1957 жылы партиядан шығарылып, нақақтан жындыханаға жабылған мұғалім М.Елікбаевтың тағдырын еске алыңызшы. Жалол Икрамидың басына да осы хәлдің келуі әбден мүмкін еді. Олай болмағанның өзінде кітабы қырық қидаланып, үш әріптің адамдары сенімсіз адам ретінде жіті бақылауға алары анық-ты.

Жалол Икрамидың «Мен кінәлімін» романы тәжік жұртшылығына кеңестік кезеңдегі әлеуметтік шындықты, адам тағдырын, заман қайшылықтарын дәл өмірдегідей шынайы суреттегені үшін құнды. Қаламгер коммунистік-тоталитарлық жүйенің жеке адамның тағдырын қалай әсер етіп, сарсаңға салатынын боямасыз суреттей алған. Туындыда «ой түбінде жатқан сөз шер толқыта шығып» жазушы қоғам алдындағы жауапкершілік, ар-ождан мәселелерін тереңінен қозғай отырып, кейіпкерлердің болмысы мен заманға деген ішкі жанайқайын түрлі астарлармен шебер суреттеген. Қысқарта айтқанда, Икрамидың кейіпкерлері өздеріне тән тағдыры арқылы дәстүрлі сана мен жаңа қоғамдық құндылықтардың қақтығысына түседі.

Жазушы басты кейіпкер Әнуардың өмірі арқылы адамның ішкі әлеміне, мың бояулы жанына үніледі. Әнуардың қоғамдағы келеңсіздіктердің бәріне өзін кінәлі санап, заман әділетсіздіктеріне төзбей іштей күресуі жеке тұлғаның ғана емес, сол кезеңдегі барша азаматтың жанын жауратқан жағдай еді. Осылай Жалол Икрами қылышы қанды, бұғауы шеңгел кезеңнің өзінде заманның моральдық һәм этикалық мәселелерін тереңінен қаузап, қозғай алды.

Әрине, соцреализмнің сүзгісіне сүзіліп, елегіне елене отырып қағазға түскен бұл туындыны бүгінгінің таным безбеніне тартып, әлем әдебиетіндегі үздік романдардың озық үлгілерімен шендестіріп, тәжік қаламгерін асыра дәріптеуден аулақпыз. Қазір заман да, қаламгерлер өзгеріп, баяғыдай төбе қылтитсаң қиып түсер цензураның өткір қылышы келмеске кетті. Өз заманында Әуезов пен Икрамилар қоғамның қоясын ақтарып, шырқыраған шындығы мен жанайқайын бүкпесіз жазуға қолдары қысқа болды. Сөйтсе де, жағымсыз кейіпкерлердің іс-әрекетін сынаған болып, аузына елдің ішінде толқып жатқан шерлі сөзді салып, түрлі астарлармен айтарларын айтты. Икрамиды «Мен кінәлімін» романының орысша аудармасын оқып шыққанда өзара диалогтардан кейіпкерлердің сөйлеу мәнеріне дейін сезіп, іс-әрекетінен кескін-келбетін көз алдымызға елестете алдық. Оқиғаның басталуы, дамуы, шиеленісуі, шешімі бәрі классикалық үлгіден ауытқымаған. Сюжетті – шымыр, детальдері – нанымды. Кейіпкердің жақсылығы мен жамандығын өмірдегідей шынайы тең суреттей біледі екен. Демек, Икрами адамды жағымды немесе жағымсыз деп екіге жарып қарайтын соцреализмдік танымды бұза алған.

Көркем туындыға қойылатын басты талаптың бірі — автордың позициясының жасырын болуы. Тәжік жазушысы өз позициясын айғайлап, аттан салып айтпай, мәтін көлеңкесіне жасыра алыпты. Бұл тұрғыдан алсақ та Икрамидың өз заманындағы қаламгерлерден оқ бойы озық болғанын оңай-ақ аңғаруға болады. Оқырман ретінде шығарманың жүлгесінен, оқиғаның желісінен, өрбуінен, аяқталуынан жазушының көкейіндегісін, яғни не айтқысы келгенін, сезіп отырдық. Икрами кейіпкердің образына бір түсті бояқ жаға бермей, олардың психологиясын дөп басуға, жан дүниесіндегі қайшылықтарды айпара ашуға ұмтылады. «Мен кінәлімін» романындағы басты кейіпкер Әнуар қоғам үшін қылмыскер емес, тура жолдан адасып, аяғы сүрініп кеткен жан. Осы сүрінуді суреттеу арқылы Икрами кеңестік кезеңдегі қарапайым адамның ішкі әлеміндегі күрделі толғаныстарды, жауапкершілік сезімін поэтикалық сипатта бейнелеген. Ал, қызығы қосымша кейіпкерлердің образынан да қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін көресіз. Олардың мінез-құлықтарына қарап отырып, бүгінгі адамдардың да түрлі пенделік мінездері көз алдыңыздан көлбеңдей өтеді. Жазушы олардың да жан сырын, ішкі монологтарын нәзік жеткізе алған. Ал, табиғат көріністері француздардың шығармаларындағыдай кейіпкердің көңіл-күйімен астасып, символикалық мәнді иеленген. Қысқарта айтқанда, Икрамидың «Мен кінәлімін» романы тәжік прозасындағы драмалық тартыс пен психологиялық тереңдікті жаңа деңгейге көтергені анық. Осындай туындының тоталитарлық жүйенің қырына ілігуі заңды да сияқты. Қызылдардың қанды қылышы кез келгенді қиып түсер қилы заманда романды социалистік реализм әдісімен жаза отырып, автордың өмірлік шындыққа адалдық танытуы расында ауыр жазаға лайық «қылмыс» болатын.

Біз осындай шынайы туындылары арқылы «қылмыскер» атанып, басы дауға қалған, қаншама қазақтың таланттарын білеміз. Олардың барлығы да Мағжанша айтқанда «Абақтыда айдан, күннен жаңылды». Қаншама есіл ер қабырғасы қара тас түрмеде, жарық сәуле, жылы күнді көре алмай:

«Тапал, салқын, тым қараңғы үңгір тар,

Есігімде мықты қара құлып бар.

Кіп-кішкене терезелер темірлі,

Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!», — деп азапқа түсті. Хрушев кезеңінде ондай азаптау болмады дегеніңізбен, түрменің орнын жындыхана алмастырғанын, өзгеше ойлайтын, басқаша жазатын азаматтар «психологиялық дертке шалдықты» деген айыппен астыртын қоғамнан оқшауланғанын тағы да еске саламыз.

Қош. Сонымен 1957 жылы 9 сәуір күні Кеңестер одағының астанасы Мәскеуде тәжік әдебиеті мен өнерінің онкүндігі басталып, 11 сәуір күні Кеңес Жазушылар одағында тәжік прозасының бірнеше өкілінің туындылары талқылаудан өтті. Бұрын әлемге Рудаки, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Жами сынды классик акындардың шығармаларымен кеңінен танылған тәжік әдебиеті Қазан төңкерісінен кейін жаңа дәуірге аяқ басып, Айни бастаған кеңестік қаламгерлер шоғыры қалыптасып үлгерген кезең еді. Десе де социалистік заманның рухындағы шығармалар көптеп жазылғанымен, кейіпкерлердің шынайы болмысын, адами мінездерін, тағдырын жазар өріс тарылған-ды. Сол тар өрісті кеңіткен 48 жастағы жазушы Жалол Икрамидың «Мен кінәлімін» романының тағдыры қыл үстінде тұрды. Алғаш болып Икрамидың кітабы жайында филология ғылымдарының докторы, шығыстанушы, сыншы, парсы-тәжік тілінің білгірі Израэль-Иосиф Брагинский, өзбектен шыққан әйгілі әдебиет сыншысы Иззат Сұлтановтар ойларын ортаға салды. Осы екі әдебиетшіден кейін мінберге көтерілген

Мұхтар Әуезов Икрамидың туындысын асыра мақтамай-ақ, басты кейіпкердің іс-әрекеті бір сарынды баяндаудан тұратынын, шығарманың күрделі тартысқа құрылмағанын мысалға келтіріп, кітаптың атауы да сюжеттік, психологиялық тұрғыдан ақталмағанын айтып, сипай қамшылап сынай отырып, жазушының өз кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін ашудағы шеберлігін, табиғатты суреттеудегі өзіндік мәнеріне де тоқталып, ақырында ақ батасын береді.

Біздің білуімізше, Әуезов саналы ғұмырында Кеңестер одағы деңгейіндегі әдебиетке қатысты түрлі даулы мәселелерге араласып, білімі мен білігінің арқасында қара қылды қақ жарып, кесімді сөзін айта білді. Шоқан Уәлихановтың қағазға түсіруімен әлемге танылған «Манас» жыры соцреалистік тұрғыдан талауға түсіп, кеңестік темір шеңгел цензураның пышағына ілінгелі тұрғанда да қырғыздардың «Шоң қазағы», яғни Мұхтар Әуезов кеудесін «оққа» төсеп, қорғап қалды.

Әуезовтің осы бір ерлігін «Ұраным, Алаш» кітабында Тұрсын Жұртбай: «Өзінің жұртындағы дау мен дамай, айып пен жала, сатқындық пен табалау, басыну аздай, Мұхтар Әуезовке осы 1951-1953 жылдардың аралығында қырғыз ағайынның «алақандай намысын алып беруге» («Манастағы» Ер Ағыштың сөзі) атсалысуына тура келді. «Атаң көрі, қоки» деп бір кіріссе, оңайшылықпен екпінін баспайтын шағын елдің талқысы да оңайшылықпен өткен жоқ. Мұхтар Әуезовтің шәкірті ретінде әшкереленген Жамғырчинов жер аударылып тынған. Алайда олардың ең ұлы ұлттық мұрасы, ұлттық ұйытқысы, қырғыз ұлтының екінші мағынасы – «Манас» эпосының тағдыры тәлкекке ұшырап, содан айырылып қалу қаупі туды» деп сипаттайды. Осыны айта келіп: «Қырғыздар үшін сондай бір талмауытты тұста КСРО Ғылым Академиясының ұсынуымен «Манас» эпосының тарихилығы мен халықтығы қақындағы Бүкілодақтық көлемдегі талқы Фрунзеде (Бішкек) өтуге тиісті болды. Эпос пен фольклор туралы қорытынды тұжырым жасауға тиісті бұл жиналысқа ең таңдаулы шығыстанушылар мен түркологтар, фольклоршылар, әдебиеттанушылар, тарихшылар, жазушылар қатысу жоспарланды. Егерде осы жолы «Манастың» беті теріс қайырылып кетсе, қырғыз халқы ғана емес, әлем жұртшылығы өзінің ұлы эпостық мұрасын зерттеуге, оны басып шығаруға кемінде елу жыл кенжелік танытар еді. Қазақ эпостары мен фольклоры да соның кебін құшар еді», – деп түйеді ойын.

Сол Тұрсын Жұртбай ағамыз айтқанындай, «Мен кінәлімін» романын жазғаны үшін Жалол Икрами қуғындалмай қалғанның өзінде оның бұл туындысын оқырмандар кемі 35 жылдай оқи алмай қалары анық еді. Яки Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» романындағы аштық жылдарды бейнелейтін тұстары қиылып қалғанындай, цензураның өткір қайшысының жемі болар еді.

Осы орайда кеңестік дәуірінде қазақ-тәжік халықтарының әдеби байланыстары қарқынды дамығанын, қазақ басылымдары тәжік қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып жарияласа, тәжік тарапы да қарап қалмағанын айтқымыз келеді. Мәселен, Тәжікстанға барған сапарымызда біздің қолымызға Бердібек Соқпақбаевтың «Пионери Точикистон» газетінің 1963 жылғы 21 қыркүйегінде жарық көрген «Қутбнамо» (Компас) және «Машьал» (Алау) журналының 1966 жылғы №5 санында «Қазақ әдебиетінен» деген айдармен жарияланған «Ердени худпараст» («Жексен – жекеменшік») әңгімелері түсті. Қызығы аудармашы бас кейіпкердің Жексен деген атын өзгертіп, Ерден деп алыпты. Ал, «Қутбнамо» (Компас) түпнұсқадан алыс кетпеген.

Тәжік жұртына «Қутбнамо» мен «Ердени худпараст» әңгімелерімен танылған Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романының алғашқы журналға жарияланған нұсқасын бірнеше жыл бұрын тауып, кенестік цензураның пышағының өткірлігі туралы бірнеше мақала жазған едік. Жалол Икрамидың романы да сондай құқайды көруі мүмкін екенін ескерте отырып, бірер мысалды алға тартайық.

«Өлгендер қайтып келмейдінің» түпнұсқасында (бірінші дәптер) басты кейіпкер Еркін «Халық жауының» баласы болып суреттеледі. Кейіннен білесіз, бұл тұс қысқарып, қидалауға түскен. Сол қысқартылған тұстарды оқып шығалық.

«Бұл жолы әкем келе қоймады, кешіге берді: енді кеп қалар деп, елендеумен біз отырмыз. Кенет есік алдында жатқан қар сықырлады. Е, бәрекелді, әкеміз болар деп едік, ол болмай, басқа біреулер тық-тық еткізіп есікті қақты. Балалық мінезім ұстап: – Да! – деп, айқайлап жібердім. Сау етіп үш-төрт адам кіріп келді. Кейбірін танысақ та, кейбірінің түсі басқа, суық. Алдыңғы біреуі сөлбірейтіп шинель киген, портупея асынған, белінде наған. Шешем екеуміздің көздеріміз атыздай болып кетті.

– Тінтеміз, – деді шинельді.

«Неге?», «Не үшін?» деп сұрауға бізде шама жоқ. Біреудің үйін тінту, адамын ұстап әкету ол кезде онша қиын емес. Тінте бастады. Жүк, төсек-орын, қора-қопсының әптер-тәптерін шығарды. Не іздеп жүргендерін құдайым өзі білсін. Күмістеген ескі ердің құйысқан, тартпа, өмілдірігімен қоса ескі құранды да әкетті.

Соңынан білдік, әлгілер біздің үйге тінту жасап жатқанда, екі милиционер Жабырда жылқыда жүрген жерінен әкемізді қамауға алып, Қарасазға айдап әкетіпті.

Ойламаған жерден шаңырағымыз ортамызға түсіп, астан-кестең болдық та қалдық. Шешем зар жылап:

– Жұртым-ау, бұл не сұмдық? Қандай пәле болғанын айтсаңдаршы? – деп, біресе зыр жүгіріп ауыл совет кеңсесіне, біресе колхоз кеңсесіне барады. Бірақ ешкім оған ештенені түсіндіріп айта қоймады.

Ол кезде Тұйықта колхоз председателі Нүрәлі. Әкем қамалғанның соңынан: «Мамырбай халық жауы болып ұсталыпты. Қытайдағы бандамен байланысы бар екен!» деген тажалдан суық хабар дүңк ете қалды. Мәссаған, керек болса! Бұл біз үшін күн жарқырап тұрғанда төбемізден шарт етіп жай түскенмен бірдей еді. Әкеміздің қамалуына байланысты... біз басқа сұмдықтың бәрін күтіп едік. Бірақ дәл осыны күткен жоқ едік. Сауатсыз, қараңғы адам. Осы колхозды қолдан тұрғызысқан қу тақыр кедей. Қаршадайынан бастап өмірі байларда жалшылықпен өткен. Қой аузынан шөп алмас момын. Сондай адам қайтып халық жауы болады? Қысы-жазы бел шешуге мұршасы келмей мал соңында жүріп, Қытайдағы бандамен қалай байланыс жасайды? Бұлай деп үн көтеріп, ауыз ашуға әл қайда. Жұрттың бәрі көлеңкесінен қорқады. Сол кеткеннен әкем байғұс зым-зия кете барды. Қарасазға бір түнетіпті де, Жаркенттің түрмесіне әкетіпті. Соңынан бір-екі айдан соң қайта әкеп, жасырын сот жасапты. Бізді оған қатыстырмақ түгіл жолатқан да жоқ. Шешем байғұс неше күн сыртынан торуылдап жүріп, жолыға да алмай қалды. Тек: «Мамырбайға он жыл беріпті» деген хабарын бір-ақ есіттік. Құдай-ау, не үшін? Не қылмысы үшін? Кімдер куә болыпты?

Біз жауап таба алмаймыз. Тек ел аузында әралуан пыш-пыш алып қашты әңгіме бар. «Мамырбайды бандамен байланысы бар деп, қаматушы да, оған негізгі қаралаушы, куә болушы да Нүрәлі екен», – дейді. Кім біледі, болса – болар дейміз. Бұлай ойлап, сезіктенуге бірсыпыра себеп те бар. Неге екенін

мен өз басым анық білмеймін, бірақ әйтеуір әкем Нұрәліні жек көретін. Оның аты естілсе, жиырылып тұратын. Техникумге оқуға кеткенге дейін Сәрсебек ағайым кеңседе Нұрәлінің қарауында есепші болып істеді. Сонда әкемнің бірнеше рет: «Балам, Нұрәлі жаман адам, байқа. Сақ жүр!» деп, айтып отырғанын еститін едім. «Несі жаман?» деп, мән беріп сұрап қоймаушы едім. Және бір себеп: сол әкем ұсталардан үш-төрт ай бұрын, 1937 жылдың күзінде, біздің Тұйықтан Бөкей, Мәмбет деген адамдар халық жауы болып ұсталды. Бөкей – ұста, ал Мәмбет еті тірі белсенділеу адам. Әртүрлі қызметтер атқарып жүретін. Ел соларды да: «Нұрәлі ұстатыпты. Нұрәлі тыншы екен» деген сөздер айтып жүрді. Үшінші себеп: әкеміз қамалған соң Нұрәлі бізге тіпті қырын қарап алды. Халық жауының баласы, халық жауының қатыны деп, төбемізге талай рет қамшы ойнатқан кездері болды. Міне, осының бәрі тегін бе? Ал бірақ әкемді қаматып айдатушы дәл осының өзі деп, біз тап басып айта алмаймыз. Оны өз көзімізбен көріп, өз құлағымызбен естіген жоқпыз. Расында да дәл солай ма? Жоқ, солай емес пе деп, көңілге күдік кіретін кездеріміз де болады».

«Әкем қамалғаннан соң бір айдан кейін киім-кешегін арқалап, ағайым сүмірейіп үйге келіп тұр. Сөйтсе, оны халық жауының баласы деп, әрі оқудан, әрі комсомолдан шығарып жіберіпті. Ол тіпті өзінің 1917 жылы туғанын да мақтаныш көретін. Жасы он төртке толар толмастан комсомолға жазылған. Енді, міне, сүтке тиген күшіктей бәрінен аласталып отыр».

«Бір күні ойнап-күліп Нүсіпбай екеуміз белдеуге таласып жанжалдасып қалдық.

Нүсіпбай: – Халық жауының баласы, кет! Жолама біздің үйге деп! – мені ұрып, қуып жіберді.

Мен кете бардым. Ұрғаны ештеңе емес, «халық жауының баласы» деген сөзі етімнен өтіп, сүйегіме бір-ақ жетті. Төбелесейін десем әлім келмейді. Үйге келдім де, ет кесетін мүйіз сап қара пышақты алып, Нүсіпбайға қайта бардым. Пышақ ұстаған қолым артымда жасырулы. Нүсіпбай мені көріп:

– Неге келдің? Мен саған бұл араға жолама деп айтпадым ба? – деп, қодиланып, қарсы жүрді.

Мен үндемей жақындап келдім де, пышақпен Нүсіпбайдың бетінен көлденеңдей тартып кеп жібердім. Нүсіпбайым баж етіп, бетін басып, отырды да қалды. Қара қан қолының сыртын жауып кетті. Мен жалт беріп, зыта жөнелдім. Үйге де сокпастан қырқаны асып, басым ауған жаққа тартып отырдым. Сол күні ауылға жолаған жоқпын. Егінжайдағы ескі қырманға түнеп, ертеңінде қараңғы түсе үйге бір-ақ келдім. Мені жазым боп қалды ма деп ойлап, үйдің іші, бүкіл ауыл-аймақ болып іздеп жүр екен...

Нүсіпбайдың беті тыртық боп бітті. Менен қалған таңба».

Цензураға кеткен бұл беттердің орны қалай толтырылды. Түпнұсқа қаншалықты өзгеріске түскенін бағамдау үшін оны да назарыңызға ұсына кетейін.

«...Алтыншы оқып жүрген кезім. Әкем жуырда қайтыс болған. Қысты күн. Топ бала жар қабақтан сырғанақ теуіп жүрміз. Нүсіпбай дейтін менен екі-үш класс алда оқитын, сотқарлау жуан білек бір баламен жанжалдасып қалдым. Екеуміз боқтастық. Нүсіпбай:

–Әкеңнінаузын...жетім,—деді.Жетімдегенсөзіетімненөтіп,сүйегімежетті.Екеуміз жата кеп төбелестік. Нүсіпбай менен әлді, күшім келмейді. Таяқты көбірек жеп қалдым. Өшім кетіп бара жатыр. Жетім деп қорлағаны тағы бар.

Сазарып үйге келдім. Нүсіпбайдан қалай да өш алуым керек. Қалай алам? Ет кесетін мүйіз сап қара пышағымыз бар. Әлгіні жеңімнің ішіне тығып алдым да, сырғанақтың басына қайта бардым. Үн-түнсіз кеп, Нүсіпбайдың бетінен пышақпен көлденендей тартып жібердім... Нүсіпбай баж етіп, бетін басып, тұрып қалды. Қара қан қолының сыртын жауып кетті».

«Жетім» деген сөз, әрине, кімге болмасын ауыр тиеді. Бірақ Бердібек Соқпақбаевтың Еркін кейіпкерін жетім деген сөз жасытпаса керек-ті. Оның жүрегіне тікен болып қадалған – «Халық жауы» деген жәбір.

Кенестік дәуірде «Халық жауының» балалары көзге шыққан сүйелдей болғанын, ата-анасының қылмысына бола перзенттері шетқақпай көріп, қоғамның табасына қалғанын тарихтан білеміз. Тіпті, арғы тегі ақсүйек, яки байдың балалары да кенестік жүйедегі ең сенімсіз адамдар сапында болды.

Осы орайда «Мен кінәлімін» романын жазған Жалол Икрамидың тегіне қатысты тәжік оқымыстысы, академик Мұхамеджан Шукуровтың мына бір дерегін алдыға шығарған дұрыс секілді. Ол жерде Икрамидың кенестік жүйеге ата-бабасының бай болғандығы себепті ұнамағаны айтылады.

М.Шукуров әдеби ортада Әуезовпен бірнеше рет кездескен, оны жақыннан таныған адам. Ол Тәжікстан Ғылым академиясында 1997 жылдың 24 маусымы күні өткен М.Әуезовтің 100 жылдығына арналған ғылыми конференцияда біз сөз етіп отырған Әуезов пен Икрами арасындағы байланыс туралы тың деректерді алға тартқан. Академик сол конференцияда Әуезовтің өзі билік тарапынан бақылауда болғанын Әбдіжәміл Нұрпейісовтің естелігіне сүйене отырып әңгімелейді. Шукуров соғыстан кейінгі жылдары Мұхтар Әуезовтің қуғын-сүргіннен қашып, Мәскеуді паналап, МГУ-де дәріс оқығанын, бұл туралы мәліметтерді Брагинскийден естігенін, Әуезовті қатты құрметтеген Брагинский артында көп естелік қалдырғанын айта келіп: «Мәскеуде жүрген жылдардың бірінде Брагинскийге «Әуезов Қазақстанға оралса, тұтқындалады» деген сыбыс жетеді (*мүмкін, бұл хабарды МГУ-дегі КСРО халықтары әдебиеті кафедрасының оқытушысы, Әуезовпен әріптес болған А.Шариф жеткізген болар*). Сонда Брагинский бұл жайды Б.Ғафуровқа мәлімдеген. Академик Ғафуров Сталиннің қабылдауында болып, «осы замандағы ең ұлы әдебиетшіні саяси қуғыннан қорғауды» өтінеді. Осыдан кейін Сталиннің тапсырмасымен М.Әуезовке тағылған барлық айыптар алынып тасталады. Мұны Әуезовтің өзі де білген», – дейді.

Естелікте айтылған Бабожан Ғафуров 1946–1956 жылдар аралығында Тәжікстан коммунистік партиясының бірінші хатшысы болған, 1956–1977 жылдары КСРО-ның Шығыстану институтын басқарған, 1949 жылы тарих ғылымдарының докторы, 1951 жылы академик атанған саяси һәм шығармашыл тұлға. Яғни, Шукуров Әуезовтің Икрамиға тигізген шапағатын Бабожан Ғафуровтың қазақ қаламгеріне жасаған жақсылығымен байланыстырады. Біз бұған дейін Ғафуров пен Әуезов арасындағы жақындық туралы мәліметтермен танысқан емеспіз. Сондықтан да, мұны әрі тереңдетуге білігіміз жете қоймас. Десе де, сол жылдары Әуезовтің басы даудан айрыла қоймағанын жақсы білеміз.

Мәселен, 1951 жылы Жазушылар Одағының V-пленумында Мұхтар Әуезовтің «ұлтшылдығы» тағы да бетіне қара күйе болып жағылды. Оның «Хан Кенесі» мен «Абай жолы» шығармаларына шүйлігушілер көбейді. «Хан Кене» пьесасын буржуазиялық ұлтшылдық тұжырымында жазылған, интернационалды еңбекшілерге кереғар туынды» деп, Абайдың образынан да ұлтшылдық белгісін тауып, тіпті оның театр сахнасындағы пьесаларын қаралайтындар шықты.

1952 жылы «Правда» газеті Әуезовті қайтадан ұлтшылдыққа айыптайды.

1953 жылы «Абай жолы» романы Жазушылар одағының жиналысында талқылауға түсіп, Жаймұрзин жүргізген жиналыста С.Нұрышевтің «ҚазКСР ҒА Хабаршысы» журналының 4 және 11 нөмірлеріндегі сыни мақалаларының қателіктері баса айтылды. Мәселен, 4 нөмірде Нұрышев Әуезовті «1932 жылдан бері өзгермей, сол қалпында қалды» деп айыптайды. Мұндай «ұлтшыл» деген айып жазушының қызметіне де, шығармашылығына да үлкен кедергі келтірді. 1953 жылы арнайы бұйрықпен Қазақ ұлттық университетіндегі қызметінен босатылып, оқып жатқан аспирантурасынан қуылды. Әуезов осы оқиғадан кейін негізсіз жаламен айыпталғанын баяндап, КСРО мәдениет министріне хат та жолдайды. Алайда оның жан айқайына лауазымды тұлғалар ләм-мим тіл қатқан жоқ. Сөйтіп, Әуезов еріксіз Мәскеуге кетуге мәжбүр болады.

Яғни, бұл жерде Шукуровтың топшылауы шындыққа жанасуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Бір кездері Тәжікстанды басқарған Бабожан Ғафуровтың Әуезовке араша түсіп, Сталинге кіруі әбден мүмкін. Әңгімені Шукуровтың жазбасымен әрі қарай жалғастырсақ.

«Өз кезегінде (Ғафуровтың жақсылығынан кейін) Әуезов те тәжік әріптесі Жалол Икрамиге үлкен қолдау көрсетті. Икрами де ресми билік үшін сенімсіз адам саналатын, өйткені ол ақсүйек әулетінен шыққан еді. 1957 жылы Жалол Икрамидың «Мен кінәлімін» романы жарық көріп, туындының тақырыбы, идеялық-көркемдік негізі жағынан тәжік прозасына тың леп әкелді. Сөйтсе де ол шығарманы әдеби орта бірден жылы қабылдай қойған жоқ. Роман кейіпкері ауыл мұғалімі, мектеп директоры Әнуардың образы мен оның отбасылы адам бола тұра облыстық оқу бөлімі инспекторы Зайнабқа ғашық болуы оқырман тарапынан «моральдік азғындықты дәріптеу» деп бағаланып, шығарманың тағдыры тығырыққа тірелді. Икрамидың «Мен кінәлімін» атты романынан бұрын жазған «Зухра» повесін де әдеби орта салқын қабылдап, сынға ұшыраған. Сол дәстүр қайталанып, Икрамидың романын шарпыған қауіпті жағдай 1957 жылғы Мәскеуде өткен Тәжік әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде сөйілді. Мұнда бірқатар жазушылар мен сыншылар туындыны қорғап шықты». Осы айтыста Мұхтар Әуезов белсенділік танытып, романды қауіптен арашалап, «Осылай, қазақ жазушысының әділ пікірлері шығарманың тағдырын анықтап берді», дейді.

Осы талқылаудан кейін арада бар болғаны 15 күн өткенде Әуезовтің осы бір уәлі сөзі «Жалол Икрамидың жаңа кітабы жайында» деген атпен «Тәжікстан коммунисті» («Коммунист Таджикистана», 1957, 24 сәуір) басылымында жарияланды. Талқылауда Әуезовтен бұрын сөйлеген филология ғылымдарының докторы, шығыстанушы Израэль-Иосиф Брагинский мен өзбектің әйгілі әдебиет сыншысы Иззат Сұлтановтардың сөздері жарияланбай, тек Әуезовтің баяндамасының газетке басылуынан да қазақ қаламгерінің салмағын саралауға болатындай.

Икрамидың сиясы кеппеген туындысы қылкөпірде аяғын қалт-құлт басып құлап кетейін деп тұрғанда Әуезовтің: «...мені романдағы негізгі кейіпкерлердің күресі мен әрекеттері ойландырды. Олар бір қырынан ғана көрсетілген және сәл тым идиллиялық («идиллия» гректің «eidyllion» картина, шағын өлең деген сөзінен шыққан. Яғни, Әуезов автордың романдағы кейіпкерлердің табиғат аясындағы қамсыз, алаңсыз өмірін тым поэтикалық тұрғыда жазғанын меңзеп отыр) *сипат алған. Біржақты бейнелер белгілі бір жасандылыққа, жанжалсыз жағдайларға әкеледі. Автордың бас кейіпкері Әнуардың жеке өміріндегі өткір тартыстарды, күрделі драмалық шиеленістерді кеңінен ашуға үлкен мүмкіндігі бола тұра, оны толық пайдаланбағаны өкінішті әсер қалдырады. Сірә, ол шынайы драманы жасауға*

батылдық етпегендей» деп сынап алып, оған қоса: «Бұл кітапта мені ерекше қызықтырған тұстардың бірі – кейіпкерлердің ішкі болмысын ашудағы психологиялық тереңдік. Жеке тұлғаларды жазушы бір ғана бояумен – қара не ақ түспен емес, мінез-құлқының бар қырын, түрлі реңктерін көрсете отырып сипаттайды. Бұл тек қана олардың іс-әрекеттерінен, негізгі ерік-жігерінен ғана емес, сонымен бірге ең жасырын сезімдерінің нәзік әуездерін бейнелеу арқылы да айқындалған. Икрамидың көптеген кейіпкерлерінің бейнесі нанымды әрі кейде нәзік әсер қалдырады», – деп бағалауы талантты қаламгердің басына үйірілген қара түнек бұлтты сейілттіп, тағдырын қатерден арашалап қалды.

Әуезовтің мінберден айтқан сөзі мен мақаласынан кейін роман төңірегіндегі айтыс-тартыс бәсеңдеп, Икрамидың бұдан кейінгі шығармашылық жолы ашылды. Әрине, аға қаламгер Әуезовтің бұл жақсылығына қайырым жасау шығыс мәдениетін бойына сіңірген Жалол Икрамиге парыз екені анық. Икрами Мұхтар ағасына деген інілік алғысын араға 5-6 ай салып: «Мұхтар Әуезовтің ұлылығы сол, ол «Абай» романында өз халқының тағдырын ұлттың асқақ армандарымен ұштастыра отырып бейнеледі. Сол себепті Әуезов қазақ халқының ғана емес, бүкіл кеңес халықтарының құрметті жазушысына айналды. Оның ақын Абай туралы жазған романы Сталин сыйлығына ие болып, әлемдік әдебиетте де жоғары бағаланды. Мұхтар Әуезов өзінің ғылыми әрі әдеби еңбектері арқылы тәжік халқының да сүйікті ұлына айналды. Қазақ халқы оны туған перзенті ретінде мақтан тұтса, тәжік оқырмандары да Мұхтар Әуезовтің шығармаларын жылы қабылдап, өздерінің сүйікті жазушысы санайды», деп «Шарқи сурх» журналындағы «Нависандаи азиз ва мухтарам» (**Қадірлі, әрі құрметті жазушы**) атты алғысөзімен айтыпты. Тәжік қаламгерінің «Мұхтар Әуезов өзінің ғылыми әрі әдеби еңбектері арқылы тәжік халқының да сүйікті ұлына айналды» деген пейілді ықыласындағы «тәжік халқы» дегеннің орнына бірінші жақтағы «менмен» алмастыра оқысаңыз, автордың «Әуезов сүйікті ағама айналды» деген лебізді сөзін естігендей боласыз.

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің алып бәйтерегі, ұлт руханиятына өшпес із қалдырған тұлға. Бұл орайда классик жазушының «Абай жолы» эпопеясын халқымыздың шежіресін шерткен мәңгілік дастан деп бағалаймыз. Тәжікстанның халық жазушысы Жалол Икрами осы асыл туынды туралы тебірене жазып, Әуезовті «барлық халықтардың сүйікті жазушысы, аса қадірлі тұлға» деп бағалауы біздің ойымызша әдеби пікір емес, қазақ пен тәжік ұлттары арасындағы рухани жақындықтың айғағы болса керек. Осылай қазақ әдебиетінің аяққа нық тұрып, әлемнің есігін қағуына бар күшін салған Әуезов туыстас халықтармен арадағы әдеби байланыстарды нығайтуға да аз тер төкпегенін көрдік. Бұл ерлік істер көршілес елдердің қаламгерлерінің өзара рухани бәсекеге түсуіне жол ашқанын да айта кеткеніміз жөн. Осы орайда тілі жағынан туыспаса да, діні мен тіні рухтас қазақ пен тәжік халықтарының әдеби байланыстарының тарихында ұлтымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің есімі алтын әріппен жазылуы керектігін байқаймыз. Өйткені, Алаштың әйгілі қаламгерінің дара тұлғасы мен жазушылық таланты Қазақстанда ғана емес, шекарадан тыс шетелдерде де лайықты бағасын алған.

Икрамидың мақаласында айтылған «әр үйге жеткен, әр жүрекке қуаныш сыйлаған роман» деген тұжырым Әуезов шығармашылығының құдіретін айқын көрсетеді. Шынында да, «Абай жолы» тек кітап сөресінде шаң басып жататын шығарма емес, ол халықпен бірге өмір сүрген, оның жан дүниесін жарыққа шығарған, әр жүрекке үміт отын жаққан рухани құбылыс.

Аталған мақаладан Әуезовтің көркем проза саласындағы тәжірибесі, әсіресе оның «Абай жолы» романы тәжік жазушысына ерекше ықпал еткенін де байқаймыз. Икрами «Абай жолы» эпопеясының көркемдік қасиеттерін жоғары бағалай отырып, ғылыми және әдеби шығармашылығымен тәжік ұлтының сүйіспеншілігіне бөленгенін, қазақ халқы өз таланты ұлының есімімен мақтануға әбден лайық екенін айтады.

Ұлы қаламгерлер өзінің талантымен, жазу мәдениетімен өзге де жазушыларға ықпал ететіні мәлім. Мақаланы оқи отырып көркем проза саласында Жалол Икрами бастаған тәжік әдебиетшілеріне Әуезовтің ықпалы болғаны күмән тудырмайды. Бұл туралы академик М.Шукуровтың: «Тәжіктер мен тәжік әдебиеті үшін Абдулла Қадыридін «Өткен күндер» және «Құрбандықтағы шаян» романдары, Айбектің (Муса Ташмухамедов) «Қасиетті қан» және «Науаи» романдарына Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы ерекше ықпал етті. А.Қадыридін және Айбек шығармаларында өзбек және тәжік халықтарына ортақ өмір суреттелген. Мұхтар Әуезовтің романында да тәжіктерге өте жақын оқиғалар мен характерлер бейнеленген. Бұл шығармалар тәжік халқына өзінің тарихын түсінуге, қайта ой елегінен өткізуіне жәрдем етті», дейді.

Өкініштісі қазір, осындай әдеби байланыстар мен өзара ықпалдар жоқ. Орта Азия елдерінде қандай ақын, қандай жазушылардың бар екенін, олардың не жазып жатқанын білмейміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ғылым да, мәдениет те, әдебиет те оқшау дамымайды. Әлемдік кеңістікте өзара ықпалдастық пен шығармашылық тұрғыда барыс-келіс жасау кез келген ұлттық әдебиеттің өсіп-өркендеуінің басты шарты. Яғни, халықаралық әдеби байланыстардың әлсіреуі әдебиеттің дамуына елеулі кедергі келтіріп жатыр. Әдебиет әрдайым диалог арқылы дамиды. Кеңестік кезеңде көршілес елдермен, алыс мемлекеттермен жасалған байланыстар жазушыларға жаңа тақырып, тың идея, өзгеше форма әкелген. Оның дәлелі – Мұхтар Әуезов пен Жалол Икрамилардың сырға толы мақалалары.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, тәжік әдебиеттанушысы Атахон Сайфуллаев: «Әуезовтің әділ сыны кейінгі жылдары Икрамидың шығармашылығына оң ықпалын тигізді. Мәселен, Әуезовтің романдағы шиеленістің әлсіздігі туралы пікірінен Икрами нәтиже шығарып, «**Духтари оташ**» («От қызы», 1962 жыл) романында туындысын ширықтыра түсті. Бұл екі қаламгер арасындағы достық ескертпенің жемісі деп бағалауға болады» дейді. Сондай-ақ, Атахон Сайфуллаевтың: «Егер Икрами сынды прозашы «Абай» романы мен оның кейіпкерлерінен зор әсер алдым десе, мұндай ықпал оның өз шығармашылығында да көрініс таппай қоймайды» деген пікірі және бар. Осылайша, қазақ әдебиетінің ірі өкілі Мұхтар Әуезовтің шығармашылық ықпалы тәжік прозасының дамуына да игі әсерін тигізіп, екі халық әдебиетінің байланысын нығайтқанын мақтанышпен айтуға тиіспіз.

Ал қазіргі таңда мұндай мүмкіндік шектеліп отыр. Әдебиет тек ұлттық шеңберде қалып, бір арнамен аға бергендіктен, жаңа серпіннің болмауы сезілуде. Халықаралық байланыстардың жоқтығы әдебиетіміздің әлемдік аренада насихатталуына тосқауыл қойып, жаңа әдеби тәжірибе мен әдістердің еркін алмасуын тежеп отыр. Халықаралық байланыс – тек шығармашылық танысу ғана емес, ол мәдени дипломатияның құралы. Әдеби форумдар, фестивальдер, аударма жобалары арқылы ұлттық сөз өнері жаңаша тыныс алады. Егер мұндай алаңдар болмаса, жазушының да, оқырманның да көкжиегі тарыла бермек.

Біз Әуезов пен Икрами мақалаларының жұмбағын шешумен отырып, әдебиеттің дамуы үшін халықаралық диалогтың ауадай қажеттігін де

сезіндік. Бүгінгі таңда мұндай байланыстар үзіліп қалғандықтан, әдеби үдеріс тоқырауға ұшырап отыр. Әдебиеттің ертеңі әлемдік мәдени кеңістікпен бірлескенде ғана жарқын болмақ. Егер біз әдебиетімізді жаңа деңгейге көтергіміз келсе, алдымен халықаралық ынтымақтастықты қайта жандандыруға тиіспіз.

Әуезовтің өз заманында әдеби құбылыстарды теориялық тұрғыдан пайымдай білуі, халықтар әдебиеттерінің байланыстары туралы беделді пікірлері оның Тәжікстанның әдеби қауымы алдында мәртебесін көтерді. Сондықтан да болар Әуезовтен тәлім алған тәжік жазушылары ұстазы туралы тәжік баспасөзінде аз жазған жоқ. Ол туралы бұдан кейінгі жазбаларымызда айтатын боламыз.

Біз сөз етіп отырған екі мақаланың бүгінгі күн үшін де мәні ерекше. Уақыт өзгерді, идеология құбылды, бірақ Әуезовтің де, Икрамидың да мұрасы бастапқы қалпында қалды. «Абай жолы» әлі де халықтық арманның, әділет іздеген жүректің, рухани бостандыққа ұмтылған халықтың айнасы болып келеді. Икрамиды тәжік халқы төбесіне көтереді. Сондықтан да, Мұхтар Әуезов пен Жалол Икрами халықтар арасындағы дәнекер болып қала береді. Олардың шығармашылық жолдағы бауырлығы арқылы қазақ пен тәжік ұлттарының рухы бірігіп, бұл тарихи оқиға басқа да туысқан халықтардың жүрегін тербері анық. Демек, әдебиет деген ұлттық шеңберден асса, халықтарды жақындастыратын, достыққа шақыратын ұлы күшке айналады деген сөз.

Енді осы журналдағы «Абай жолы» романының үзіндісін аударған, яғни романды тәжікше сөйлеткен аудармашы **Эммонуил Муллокандов**қа бірер сөз арнай кетейік. **Эммонуил Муллокандов** аударма саласы арқылы тәжік әдебиетінің ХХ ғасырдағы дамуына ерекше еңбек сіңірген тұлға. **Эммонуил Муллокандов** тәжіктің әдеби аударма мәдениетін жетілдіруге, тіл тазалығы мен стильдік нақтылықты қалыптастыруға ерекше үлес қосты. Ол Душанбе қаласында мәдени-ағартушылық, баспа және баспасөз саласында еңбек етті. Ұзақ жылдар бойы «Точикистони Сурх» газетінде аударма бөліміне және мемлекеттік баспаның («Госиздат») әдеби аударма бөлімінде жетекші болып, қаншама туындыларды тәжік тілінде сөйлетті. Әдебиетке қатысты көптеген сын мақалалар жариялап, жас жазушылардың тілі мен стилін жетілдіруге бағыт-бағдар берді. Муллокандов аударманың сапасын көтеру мақсатында тілдік стильдің әлсіздігі, артық арабизмдер мен күрделі грамматикалық құрылымдардың орынсыз қолданылуы секілді проблемаларды көтеріп, аудармашылар мен редакторларды тілге аса жауапкершілікпен қарауға шақырды. Әдеби шығарманың ең әуелі оқырманға түсінікті, әрі көркем болуы тиіс екенін жадында тұтты. Осылай Эммонуил Муллокандов тәжік әдебиетінде аудармашылық мәдениеттің биіктеуіне, әдеби тілдің тазалығы мен көркемдігін арттыруға қызмет етті.

Әлемге танылған отыздан аса әдеби туындыны тәржімалап, тәжік руханияты үшін артында өшпес із қалдырған аудармашының «Абай» романының алғашқы нұсқасын аударуы – қазақ әдебиеті үшін де мәртебе. Бұл орайда Әуезов пен Икрамиды қазақ пен тәжік елдері арасына рухани көпір орнатқан тұлғалар ретінде танып, олардың кітаптарын екі ұлттың тілінде басып шығу қажеттігі сезіледі.

*(Мәдениет және ақпарат министрлігі мен
Қазақстан Жазушылар одағының
«ТМД елдерінің архивтеріндегі қазақстандық
жазушылардың зерттеу жұмыстары»
жобасы аясында жазылған мақала)*



«Жұлдыздың» жалқы сауалы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚАЛАМГЕРЛЕРІ ЗАМАННЫҢ КҮРДЕЛІ БОЛМЫСЫН КЕЙІПТЕЙ АЛДЫ МА?

Проза – дәуір айнасы десек, қазіргі қазақ қаламгерлері заманның күрделі болмысын, мінезін кейіптей алды ма? Кім не жазып жатыр? Прозалық шығармалар қандай бағыт алып, қандай тақырыптарды қамтуда? Аталмыш мәселені «Жұлдыздың» жалқы сауалына» салып көрдік.

Жадыра ШАМУРАТОВА, жазушы:

– «Қазіргі қазақ қаламгерлері заманның күрделі болмысын, мінезін кейіптей алды ма? Кім не жазып жатыр? Прозалық шығармалар қандай бағыт алып, қандай тақырыптарды қамтуда?» деген сұрақ түсінікті. Жалпы прозада қазіргі шақтың қозғалыс-әрекетін беру деген мақсаттың өзі «жазғанымды келешекке оқытам» дегеннен әлдеқайда анық мақсат па дейсін. Осы орайда оқырман ретінде жазушының өз кезеңін сезініп, тап осы уақытты жазғанын құп аламыз, өйткені келер буынның оны қабылдау-қабылдамауы деген мүлдем басқа сұрақ, бұл тіпті мағынасыз, өйткені бүгінгі соншама тез өзгеріп жатқан уақытта қазір біз ұстанып отырған мәдениеттің өзі тым құрыса он бес-жиырма жылға тұрақтылық таныта алмайды. Сондықтан жазушы тек бүгін ғана жаза алатынын жазып, жақсы дүние бергенінше бере алса – ол керемет нәрсе.



Меніңше, проза әрдайым адамның ойлауымен, қоғамдағы жағдай, экономикалық, саяси ахуалмен де тығыз байланысты, өйткені, Жүсіпбектің «Күнікейдің жазығын», Бейімбеттің «Айт күндері» мен «Қара шелегін», одан беріде Т.Нұрмағамбетовтің «Жыланның уы», «Сәмбі талдың мұнын» қайта оқып отырып, жазушы қай кезеңде туып, қандай өмірді кешсе, сондай проза туады екен деген ой келеді.

Көркем дүниені адамның өзін-өзі тануының құралы деп есептейтін біз сияқты оқырман ішінара әлі бар. Білмеймін, мүмкін, бүгінгі алгоритмдер мен жылдам әсерлердің дәуірінде бұл қияли ой көрінетін де шығар, өйткені көркем әдебиет мұндай стратегияға келе бермейді, қазір

алгоритмдер салмақты әдебиетті ығыстырды, терендіктің орнын үстірт әсер басты, біз бұны трендтер ауысуы деп түсіндіргіміз келеді, бірақ, бұл шын мәнінде белгі. Мәдени дамудың ең қиын кезеңді бастан өткеруінің белгісі. Идеалдардың күйреуі, қоғамның инфантилизациясы... осыдан келіп қазір кітаптан көп нәрсе жоқ, бірақ сол ағыл-тегіл кітап оқылмайды, елдің бәрі білімді, бірақ соған қарамастан мәдениетіміз биік емес, қарама-қайшылық белең алған мәселелер көп. Жарайды, бұл бөлек тақырып (сіздің осындай сұрақ қойғаныңызға рахмет, бұл жайында бөлек мақала жазуға болады екен деп ойлап қалдым), енді тақырыпқа келейік.

Қазақ әдебиетінде жақсы дүние жоқ дей алмаймыз, бірақ, ақпараттық шудың арасынан құнды дүниені байқамай қаламыз. Урбанизация, әлеуметтік теңсіздік, экологиялық дағдарыс, ұлттық болмыс пен жаһандандудың қақтығысы, жаңа буынның рухани дағдарысы сияқты мәселелер қазірдің өзінде біздің прозада жазылып жатыр. Әсіресе жастар прозасында қаладағы жалғыздық, цифрлық дәуірдегі адам тақырыптары көтеріледі. Дегенмен, әлемдік әдеби үрдіспен салыстырғанда қазақ прозасындағы қозғалыс баяу. Жазушыларымыз көп жағдайда тақырыпқа батыл бармайды, қоғамдағы жаңа құбылыстарға жылдам реакция беру дәстүрі әлі қалыптаспаған. Мысалы, интернет, жасанды интеллект, урбанистік мәдениет сияқты құбылыстар жайында шығармалар әлі де көп емес. Көбіне жазушыларымыз идеяны астарлап, символикалық түрде беруге бейім, осыдан келіп бұл оқырманға «қазіргі уақыттың нақты суреті» емес, ой-толғам, метафора ретінде жетеді.

Сапа да біркелкі емес. Үлкен буынның кейбіреуі ескіше баяндауға ұмтылады немесе өзін қайталайды, ал жас буын мәтінді «үзік» құрылымда құруға бейім, миф, аңыз, дін, философияны қазіргі уақытпен байланыстыруға, кейіпкердің ішкі санасын негізгі нысан етуге талпынған ізденісте болғанымен, кейде шеберлік жетпей жатады.

МИФТЕР МЕН АҢЫЗДАР

Осы жерде Ғалымбек Елубай деген есім ойға оралып отыр. Пікір өзімдікі – соңғы жылдардағы қазақ прозасының үлкен жаңалығы Ғалымбек Елубай дер едім. Ерте сөнген жазушы, шағын әңгімелерімен ерекше болып келді. Соңында «Жүз жетінші көктем» деген жалғыз кітабы қалды. Бізге «Алтай адамы» деген ұғымды әкелген ғажайып суреткердің ерекшелігі мистикасында ма, магиясында ма? «Ай жамылған әруақтардағы» Шұғынықтың жалғыз ұлының оянбай қалуы, «Сүйек күлі», «Көл бетіндегі зираттағы» оқиға, «Мықтың үйі» даланың өз мистикасы емес пе? «Су жұтқан іздер» әңгімесі «Бұл әңгімелер сол бір жатаған балшық тамдар секілді ескіріп кетті» деп басталады, автор неге ескі әңгімені қозғап отыр?

«Екі баласы бар әйел алайын деп жатқанын естіген ағасы сонда шелектегі судан аяғын ақырын суырып алып Ізтілеуге ежірейе қарап:

– Із қалды ма? – деп сұрапты.

– Жок!

Онда есінде болсын! Бұл да сондай шаруа. Кегінді жазықсыз жаттан алыпсың ғой. Айда! Өз қатынының үйіне бар!

Автор осылай бір ауыз сөзбен түйе салады.

Су қозғалыстағы стихия, жолындағысының бәрін жуып-шайып кетеді, кейде өткен істердің су аяғы құрдымға кетіп не уақыттың шаңында қалып, ізі қалмайтыны да рас. Айта кетелік, бұл жерде метафора деген тек тілдік құрал емес, көркем ойлау кезінде қаншама әрекет беріліп, қаншама мінез

ашылды. Мәселе – «жиырма жыл бұрын бұғалыққа басы сыймай бұлқынып кетіп, жиырма жыл кейін бодан болған жұртына» Такламакан шөліндегі түрмеден оралған Ізтілеудің бұл ісін педофилия деп үкім шығаруға да, өзі жоқта даладан ұл тапқан әйелінен өш алу үшін қорғансыз жас қызды құрбандыққа шалды деген айыптауға да тіреліп тұрған жоқ. Оның бәрі өткен оқиға. Мәселе – шеңбер болып шыр-көбелек айналып жатқан дүбір дүниеге ынтазар адамның мейманасы барда, өзімшілдігі барда мына жердің бетінде кек алу да, әлімжеттік те жасала беретінінде және оның бәрінің шешіміне әділеттің нүктесі қойыла бермейтіндігінде.

* * *

Қазіргі прозаға тән негізгі бағыттардың бірі – тарихи романдарда халық жадындағы мифтер мен аңыздар көркемдік құралға айналып, оқырманға өткеннің символдық мәнін жеткізеді. Мысалы, Асқар Алтайдың «Былғары табыт» романында мифологиялық элементтер мен аңыздық сарындар бар. Баяғы тарихи шығармалардағы сияқты құрғақ баяндау азайып, кейіпкер психологиясына, ішкі драмасына көбірек мән берілген. Шығармадағы оқиға бүгінгі уақытта болып жатыр. Былғары табыт кімдікі, ғалым бастаған топ оны не үшін қазбақшы болғанын білгенше қаншама аңыз естіп, адамдардың іс-әрекеттерін бақылап, табиғаттың тылсым мінезіне куә болып, адамның ашкөздігінің ақыры неге соғатынын ойлап отырып, соңына қалай жеткенінді байқамай қаласын. Бір жағы «Былғары табытты» мистикалық реализм бе дедік. Өйткені бұнда адам санасынан тысқары дүниелердің элементтері бар. Сақ қағанатының сарқын қағаны мен сұлу бегімі елес болып он үштегі Отанға көрінетіні, баланың бір ес жиғанда қабірде жататыны... Шын өмірдегі оқиғалар мен әруақ әлемі өзара ұштасып, ұшырасып отырады. Әрине, мистика бұнда ең маңызды емес, кейбір мәселелерді кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы ашып көрсету үшін керек болып тұр. Мистиканы кейде магиялық дейміз. Ол романда сюжеттік элементтер үшін емес, бір-бірінен алыс екі бөлек ұғымдарды тұтастықта қарай отырып, оқырманды иландыру үшін керек болған. Магиялық реализмдегі сияқты Толу да екі әлемде өмір кешеді. «Көзге көрінбес қырық қабат тылсым әлемді әруақтық санамен көретін» Толу мен Отан гипнотикалық трансқа түсіп уақытқа сапар шегеді. Толғанбайдың санасындағы тұңғыш сақ қағанатын құрған бірінші Тәңірқұт – білге Сақа қаған дәуіріне тап болғаны... Классикалық мифологиялар мен архаикалық мәдениет мағлұматын пайдалану да бар. Автор бұны эксперимент ретінде алып отырмаған сияқты, осы тәсіл арқылы әлеуметтік, жекелік проблемаларды қозғап, ұлт, мемлекет ретінде шешілуі тиіс үлкен мәселелерге назар аудартқысы келеді. Сондай-ақ, ұлттық экологиялық мәселелерге үн қосу, қазақтың тарихына үңілу, оның ішінде ұжымдастыру, қуғын-сүргін тарихының қайғылы беттері, қазіргі заман адамының күрделі қарама-қайшылықты ішкі әлемі, оның қоршаған ортамен және өзімен қарым-қатынасын көрсету мақсатын байқаймыз.

* * *

Асылбек Ықсан да «Сарайшық трагедиясында» хоррор мен мифтік сарынды ұштастыра отырып, тарихи-әлеуметтік астармен беріп, ар жағындағы әділетсіздік пен жазадан құтыла алмайтын адамдық күнә туралы ойға жетелейді. Шығармада алма бағының тарихы ерекше мәнге ие. Ғалымдар еңбегімен өсіріліп, кейін халыққа қуаныш сыйлаған бақтың токсаныншы жылдары кесіліп, отқа жағылып, күйреуі тек табиғат трагедиясы емес, рухани

азғындықтың да көрінісі. Мұнда жазушы алмаға киелілік сипат беріп, оның тағдыры арқылы адамзаттың әділетсіз істеріне табиғат пен тарихтың үнсіз қарсылығын көрсеткен. Шығармадағы аңыздық қабат та шығармаға арқау болып тұр. Хан қызы мен бағбан арасындағы қасіретті махаббат тарихы, ханның қатыгездігі мен бағбанның қорлықпен өлтірілуі әділетсіз биліктің сипатында көрінеді. Ал бұндағы фантастикалық элемент – бағбан рухының алма ағашын кескен жігіттің бейнесіне еніп, кек алуы – хоррорлық эффектін күшейтеді. Жігіттердің кеме жасап, үлкен теңіз арқылы алысқа, одан әрі ұлттың тарихының бір кезеңдерінде болған салтанатты шағына, ескірген даңқына ұмтылуы сияқты армандары да оған таңғажайыптық реңк қоса түседі. Ал енді алма ағашының «қанын» бірден сезіп, көзді ашып-жұмғанша жетіп келетін елес – «әділет орнатушы». Автор қорқыныш пен мистиканы қолдана отырып, әділетсіздіктің, ашкөздіктің, табиғатқа қиянат жасаудың түбі қайғылы аяқталатынын меңзейді.

ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ПРОЗАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Урбанизация: ауылдан қалаға ағылған жастардың тағдыры, мегаполистегі жалғыздық, рухани күйзеліс жазушы Қуандық Түменбай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Жазушының жаһандану, ұлттық болмыстың босаңсуы, дәстүр мен заманауи құндылықтар қақтығысы көтерілген «Бөтен» әңгімесі жайында айтайық. Автор мұнда адамгершілік пен қатыгездіктің арасында таңдау жасамайды, бірақ шығармада мұңға да, бақытқа да орын бар. Қазақ қызының қытай жігітін ұнатып, содан балалы болғаны, туған балалары өліп-өліп, өлім сарқытындай бір қызға қарап қалған шешесінің қытайдан туса да жиенін жанолжа, мыңжылдық қуаныш көруі... жатжұрттың қазақ қызына емексіп қарауын кешірмейтін Бекбосын сияқты намысты жігіттерді қанша бағаласаң да, өз қолыңды өзің кесе алмай пұшайман болатынын... «Бөтеннің» аты Жалғас болды. Қаны қытай болса да, қазақтың келешегі осылай жалғасады енді! Бұл «қан алмасудың» түбі не болатынын болжаудың өзі көңілсіз... Өткен жылы халық саны жағынан Үндістанның Қытайды басып озғанын, ал қытайлардың өзінің қартайған ұлтқа айналып бара жатқанынан секем алып, үшінші бала тууға рұқсат беріп, тіпті әйелдеріне бүкіл жағдайды жасап жатқаны, олардың үрім-бұтағы әлемнің әр жерінде берекелі дән сияқты шашылып, түскен жерінде өркен жайып жатқаны, бір сөзбен айтқанда миграциялық экспанция мәселесі бізді ойландыруы тиіс.

РОБОТТАР ТАҚЫРЫБЫ

Біз оқырман ретінде жаңа буын құндылықтары: интернет дәуіріндегі жастардың мінезі, «клиптік ойлау» деп аталатын ойлау формасы, виртуалды кеңістікке тәуелділік жайлы шығарма оқығымыз келеді. Жаңа дәуір, роботтар өмірі жайлы тақырып бізге қызық. Жазушы Ділдәр Мамырбаеваның роботтар тақырыбына жазған дүниелерінің бірнешеуін оқып көрдік. Роботтарға жұмысымызды жеңілдететін техника деп қана қарамау керек, роботтар тақырыбы – бүгінгі күннің ғана емес, ертеңгі шындықтың да әдеби көрінісі болуы мүмкін. Автордың «Жерұйық қайда?» деген сұрағының ауқымы кең: жерұйық тек жайлы жер емес, қоғам десек, адамзат арман еткен әділетті, таза қоғам қайда бар? Біз құр армандап жүрміз бе әлде ондай қоғамға шынымен жетуге бола ма? Егер оны қоймай іздесек немесе жаңадан құрамыз десек, жер бетінен іздеу керек пе әлде басқа планетадан құрған дұрыс па? Жерұйық

бізден қашты ма әлде біз өзіміз одан жерініп, басқа бірдеңе іздеп жүрміз бе? Және осы шығармадағы Жақсылық пен астробиологтың арасындағы диалог жай жауап қатысу емес. Бірі – табиғат заңына сүйеніп ойлайды («озон қабаты жоқ болса – тіршілік бола ма?» деген сұрағын алға шығарады), екіншісі – адамның тоқтаусыз, тежеусіз, қанағатсыз амбициясына қарап болжау жасайды. Жерді әбден улап болған адамзаттың бұны қателік, жауапсыздық, қазіргі өркениет үшін сын деп қабылдауға санасы әлі дайын емес. Егер біз алда-жалда шынымен де «Жаңа әлем» қалыптастыратын болсақ, онда оған кімдер өзін лайық санай алады, ол «әлемде» кім өзін еркін сезінеді? Әлбетте элиталар ғана ұтуы мүмкін. Бұл жерде әлеуметтік теңсіздік те көрінеді. Бұл диалогтың ішкі драмасы – адамзаттың ендігі бағытына қатысты үміттің азаюына қатысты. «Жерұйық» – Асан Қайғының іздеген жұмағы еді, ал енді сол жұмақ жерден жоғалып барады. Біз, әрине, автордың «Адам жаңа планета іздеп жүр ме, әлде жоғалтқан арман-мұратын, табиғатпен үндестігін, жалпы тазалықты іздеп жүр ме?» деген сұрағын түсіндік. Ділдер Мамырбаева бұл шығармада да тек қана ғылыми фантастика жазып отырған жоқ. Ол жоғалған адамзаттық құндылықтар жайлы, экологиялық апаттың салдары, технологиялық амбицияның шегі, әлеуметтік әділетсіздік, рухани құлдырау жайында айтып отыр. Балалар мен жасөспірімдерге арналған көркем мәтін ретінде бұл шығарма олардың санасына әжептәуір күрделі де болуы мүмкін, бірақ автор бәріміз үшін аса маңызды сұрақтарды нәзік жіппен әкеп ойымызға байлайды. мес шығар дейміз, ол баланы ойлануға, болашақты елестетуге, қиялға берілуге жетелейді.

МӘН ІЗДЕУДІҢ ЖАЛҒАСЫ...

Сананың ағысы, көп дауыстылық (полифония), уақыт пен кеңістікті еркін қолдану сияқты эксперименттік формаға бара алатын жазушы Дидар Амантайдың «Ғұмырнама» деген шығармасы бар. Өзіне ғұмырнама жазып, кейін содан шыға алмай, бүкіл мақсатымен, ғұмырымен соған байланып, өзінен-өзі маталып, тіреліп қалған Қайдос мырзаның қателігі – жұрт өзін шежіресі бойынша қабылдайды деп ойлағанында еді (өзіне сенімсіз адамдар біреудің өзі туралы пікіріне тәуелді. Бұл біздің тарихты біресе олай екен, біресе бұлай екен деп, біресе аталарымыздан әлемде теңдесі жоқ ғажайып тұлға жасауға құмарлығымыз секілді нәрсе ғой). Қайдос ғұмырбаян арқылы өзінен идеал адам жасамақ. Бірақ, оның соңы уайымға айналды. Адам өзін ессіз мақсатқа байласа оның соңы уайымға көрінеді. «Уайым – қайғының қорегі. Қайғы уайым жеп өмір сүреді. Қайғыдан құтылуы үшін уайымның көзін табуы керек. Тапты. Қайнары ғұмырнама. Ол өмірбаянын жоюға тиіс еді. Бақыт сонда келеді. Бақыттың бір аты алаңсыздық». Өзі қолдан жазған ғұмырнамадан шыға алмай, еркін тыныстап өмір сүруді ұмытқан ол ақыры соны өртеп барып тыныштық табады.

РЕАЛИСТІК ДӘСТҮР

Әлбетте қазақ әңгіме жанрындағы сенімді позицияда қашанғыдай реализм бағыты тұр. Бірақ, ол бұрынғысынан өзгерген. Тармақталған. Бүгінгі әңгімелерде оның сюрреализм, сыншыл реализм, метафоралық реализм, магиялық реализм деген түрлері бой көрсетуінің себебі – жана заманға сай пайда болған жаңа адамдардың типін суреттеу үшін осы ағымдар керек болғаны анық.

Қанат Тілеуханның әңгімелерінен адамның күрделі қарама-қайшылықты

ішкі әлемі көрінеді. Кейіпкерлерінде қаһармандық сипат жоқ, бәрі өзіміз сияқты қарапайым адамдар, ондағы әкені де, шешені де, әпкені де, ағаны да танытын сияқтымыз. Сюжетті әлеміштеп, көмкеруге, жазу техникасын қиындатуға тырыспайды, жайбарақат отырып (кейде бақылаушы позициясында) сол ет пен сүйектен жаралған, артық сөйлеп, кем қылық көрсететін біз секілді адамның өміріндегі оқиғаларды береді. Бір отбасындағы адамдар, бір үйлі жанның әрқайсысының көңіл-күйі, сезімі, айнала дүниеге қатынасы көрінеді, автормен бірге оқырман да өзіміз дұрыс деп таныған шындық өмірдің нақты көрінісін, салдарын, әлдебір құпияларын түсінуге тырысамыз. Ол кейіпкерлеріне баға бермейді, кейіпкер жанында не болып жатқандығы туралы да ұзақ-сонар түсініктеме жоқ, бірақ, әрекет, диалогтар арқылы оқырманға көңіл-күй дарытуға тырысады.

Бүгінгі прозаның тағы бір өкілі Абай Аймағамбеттің әңгімелерінің формалық жағына келсек, көркемдік құрылым мен баяндау тәсілі дәстүрлі, сонысымен жақын, жылыұшырайды. Уақытпен үндестік бар, бүгінгі қазақ қоғамы мен адамының болмысын бейнелейді. Кейде шымшып, кейде күлдіреді. Бірақ ең бастысы әр кейіпкердің дауысы, ішкі драматизм бар – өзімізді көрсетеді. Ең керемет ұнағаны – «Классиктің ақиқаты». Абайдың бұл әңгімесі – қазақ әдебиетінің көлеңкедегі шындығын көркем бейнелеп берген әдеби-философиялық миниатюра десек болар. Өйткені бұнда «жазушы – әдеби жүйенің ішіндегі билік орнында тұр және әдеби жұлде – әділеттің өлшемі емес, жақындық пен пайда құралы» деген бүгінгі «шындықтар» айтылады.

ӨЗГЕРГЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Қанағат Әбілқайырдың «Періштелер жоқ жерде» шығармасында билік пен халықтың, бай мен кедейдің арасы барған сайын ашыла түсуі анық көрінеді. Бұндағы адамдар ақшаны оңай табатын, жолдарын меңгерген өзіміздің қазақтың жігіттері, бірақ, олардың бүкіл іс-әрекеттерінен мағынасыздық көрінеді. Не істесе де бар мақсаттары – естен кетпестей көңіл көтеріп, іштері түйілгенше қарқылдай күліп, бір-бірін басып озып мақтану ғана. Ақша оңай келген адамның бос уақыты көп, ақшасы көп адамның қиялы да ұшқыр, жаңа қазақтар бір-бірін көзі бақырайып, тіл-ауыздан қалардай таңғалдыру үшін ғана (тек таңғалу үшін) адам етінен сүйсініп жейтіндей дәмді ас әзірлетіп, шетелдің танымал деген мегажұлдызын әкеліп қарсы алдына жымитып отырғызып қоя алады. Ақшаң болса, оның еш қиыны жоқ. Осы қағанағы қарқ болған топқа кереғар елеусіз біреу – кедей халықтың өкілі – жас жігіт. Ол жігіт өзінің жаны үшін қорықпайды, еріккен байлардың көңіл көтерерлік бір сәттік ермегі үшін жанын жалдап, оққа ұшуға бейіл. Жалғыз арманы – қаланың шетінен үй алса болды. Егер жазатайым еріккен, мас, дарақылардың оғы тиіп мерт болса, өле қалатынын біледі, ал, өлмесе, онда ақша алатынына сенеді. Өмірдің шешімі не деген тар еді дейсіз, біреуге қызық керек, қарқылдап күлу керек, ал кедей жігітке жаны қадірлі емес, үй алса болды. Біздіңше, Қанағаттың бұл әңгімесі – ақша біткен байлардың бәрінің психологиясы сондай дегенді емес, түбі адамзатты құртатын – оның шектен тыс еркіндігі, содан туатын жүгенсіздік пен бетімен кеткендік дегенді меңзейді. Қалай десек те, біздің бұрын түк көрмегендік, тәрбиесіздік, шектен шыққандық, жүгенсіздік деп есептейтіннің бәрі осы күні бір-ақ ауыз сөзбен еркіндік деп аталатын болды. Бұл басқа еркіндік екен, бұл еркіндікті бір сезінген адам моральдық нормаларға шекесінен қарап, мемлекеттің

шегелеп қойдық-ау деген заңына да пысқырып қарамайды екен. Осы шексіз еркіндіктен түсініктер өзгереді, құндылық деп келгендер аяқасты болады, содан да дүниенің аяғы басына келіп, адам баласы биік мұраттарға ұмтылуды қойып, ақшасы болғанымен жаны бос, сол үңірейіп тұрған жерді мағынасыз қызық, бос ермек, анау-мынаумен толтырмақ.

* * *

Былтыр қазақ оқырмандары Мақсат Мәліктің «Абыл мен Қабыл», Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам», Әлібек Байболдың «Мұтылған» романдарын оқыды, бұл кәдімгідей серпіліс болды. Осы жерде айта кетейік, бұл жазушылар пародия, интертекст, мифке қайта жүгіну сияқты постмодернистік тәсілдерді меңгере бастаған. «Абыл мен Қабыл» тола символ, бұл шығармаға қатысты біраз пікірлер жазылды да. «Ағыраптағы аты жоқ адам» романы болса, осы оқиғаға автордың және қарапайым адамның көзқарасын білдіреді. Бұл батырлық жайлы емес. Оның кейіпкері кішкентай адамдар, жазалау машинасына басылған, өлмесе де қайтып қарсылық таныта алмастай жарақаттанған қауқарсыз адамдар. Неге бұлай болды, адамдар неге қиналды? Үйін қорғағаны үшін осылай жазалауға бола ма? Адамдардың өмірін құртып, есінен айырғысы келетін жүйе қандай жүйе? Жол арасынан біреулердің мұңды жанарын көресің, алак-жұлақ етіп шошынған қарасын байқайсың... Ол тек Елдеске қатысты емес. Оқиға кейіпкердің өзін шиеленіс, қарсылық кезінде кінәлі деп сыртынан көрсетіп жіберген інісін іздеуінен басталады. «Бетіме қалай қарар екен, сол кездегі қылығына өкінетін шығар» деп келсе, інісі көп жылдан бері жындыханада болып шығады. Елдес жындыға айналыпты. Елдестің көргендері, бала кезден бергі көз алдынан өткен көріністер, жалғыз қалғанда көзіне қос көрінуі, әпкесінің баласын бағып жүргенде оны пойыз басып кеткені, үйлерінен қуылып, тергеуге алынып, жаны қиналғанда туған ағасын сатып жіберуі — оның бәрі санаға салмақ. Адамның санасы жұмыртқаның қабығынан әлсіз. Осы жерде айтайық, автор жүйке ауруының әртүрлі қалпын әжептәуір жақсы зерттеген, сырқаттың ішкі-дүниесін жақсы жеткізеді, мамандармен байланыста болғаны көрініп тұр. Жалпы адамның есі ауысуының да мәні болады. Кейде біз бұл аурудың белгілерін осы қоғамның өзінен байқап қаламыз. Мысалы, Пушкиннің «Пиковая дамасындағы» Германның аузына келгенді айтып кететіні бар емес пе еді, біздің де кейде көп әңгімеміз осыған ұқсайды. Жалпы сандырақтау, биополярлық ауытқу, шизофрения, мидың ауруы дегендер кейде инфекциядан, уланудан да болады. Біздегі әсіре діншілдер, әсіре патриоттар, Құдаймен сөйлесетіндер, өте мақтаншақтар, аса дарақылар, өзін көрсетпесе ұйықтай алмайтындар, сайқымазақтар, сондай белгісі бар адамдар, әлдебір идеяға берілгеннен мына нақты өмірді сезінбейтіндер қанша?

Романда түрме бар. «Ең жақсы мәтін автордың өзінің бастан кешкен оқиғасын беруінен туады» дейді ғой, мысалы, Воннегут деген жазушы немістердің тұтқынына түсіп, Дрезденді қалай бомбалағанына подвалда мал соятын жерде жасырынып отырып куә болады, сосын қирандының астынан мындаған сүйекті алып шығады. Нәтижесінде жиырмасыншы ғасырдың «әлеуметтік қатыгездік машинасы» деп бағалаған оқиға бойынша романын жазып шыққан. Кенестің диссиденті Варлам Шаламов — өзі айдауда болған, Сталин лагерінде 21 жыл жүрген адам, сюжеттері мен кейіпкерлерін беруде натурализммен келеді, бұнда ГУЛАГ-тың естелігі бар. Өмір бойы түрмеде отырып, «Қылмыс» романын жазған өзіміздің Қажығұмар Шабданұлын

айтсақ та жетіп жатыр. Біз, әрине, Қанат Әбілқайырға «түрмеге неге түспедін» деп талап қоя алмаймыз, соның өзінде автор еңбектенген.

Әрине, кейіпкердің түрмедегі он төрт жылын тағы біраз беруде уақыт қысқан шығар дейміз (романның бар-жоғы үш айда жазылғанын ұмытып кете береміз), бұл соншама маңызды да болмас, десек те, қалай болғанда да кейіпкердің бастан кешкені бізді бей-жай қалдырмайды. Өйткені, тап қазір осы жерде отырғанымызбен бейбіт күннің өзінде адамның кінәсіз жазаланып, қиянат шегіп, кінәлілер миығынан күліп, моральдік тәлкекке тап боларлық нешестүрлі жағдаймен бетпе-бет келуі мүмкін...

* * *

Соңғы жылдары қала прозасы – ауыл тақырыбы үстем болған классикалық қазақ прозасында өзгеше бағытта көріне бастады. Үлкен шаһардағы тұрмыс, ішкі күйзеліс, оның себеп-салдары Сағадат Ордашева, Есбол Нұрахмет, тағы басқа авторлар шығармаларында көрінеді. Осы қарбаластың ішінен мән іздеу, әйел шеккен мехнат, жалғыздық, әлеуметтік теңсіздік мәселелері Самал Шәймерденованың әңгімелерінде кездеседі.

Жастарды неге айтпайсындар деп жатады, әрине, жақсы шығарма болса оқудан тартынбаймыз. Мысалы, Ә.Жақсылықтың «Нотрдамда» құлшылық ету керек пе?» шығармасындағы Карл қоғамы таңған ойлармен емес, өзінің миымен еркінше ойлай алатын, іштегі логика мен қоғамдағы пайымның сәйкессіздігін көре алатын кейіпкер, осы бюрократ, мадақшыл, өзінің тот басқан топсаларына ғана сенетін «догматичный» қоғамды қабылдамайды. Қоғам да өзгеше ойлайтындарға келгенде суық, аяушылықтан ада, оғаш көрінгендер үшін жындыханадан орын дайындап қойған. Бірақ қарсылыққа ұшыраса да, қамалса да үрейге жеңдірмей, дүрбелеңге түспей, мына өмірге түкке қажетсіз қағида, ережелерге қарсылық білдіре отырып, еш маңызы жоқ, мезі қылғанның бәрінен қашқысы келетін, шегінбейтін Карл сияқты адамдар түбі адамзаттың жетіліп, қоғамның әділеті күшейетініне сендіреді.

Еркіндікті іздеу арқылы өз ішіне, айналасына үңілетін мінез керек бізге. Әйтпесе, адалдық туралы әңгіме айтып, бірақ әділетсіздікпен үнсіз келісіп, өзімізді жиі алдағаннан да ішіміз үңірейіп жүре берсек, ұшпаққа жеткізер шын өзгеріс көрмей-ақ қартайтынымызға шүбә жоқ... Шынында... өзін өзгеріс тілемей тұрып... Нотр-Дамда құлшылық жасау керек пе, жоқ па?

* * *

Сөз соңында айтайық. Бүгінде біздің қаламгерлерге жаңашыл жазады деген ұнамды сияқты, өйткені дәстүрлі дегенді ескішіл деп түсінетін болдық. Әрине, бізге жаңа дүниелер керек. Осы уақытқа сай, бүгінгінің әңгімесін айтатын, жаңа ой керек. Десек те, әдебиеттегі дәстүршілдік деген – тозған мақыра-мүкәммал үйіліп тұратын ескі сарай емес, ол деген өзінің алдындағы үздік үлгілерді білу, бір сөзбен айтқанда ең жақсы нәрселердің жиынтығы ғой, қаламгер бойында талантпен қоса керемет қуат, шығармашылық әлеует болса ғана дәстүрге ілесе алады, әйтпесе... Қалай болғанда да жазуға келгенде биік моральді ұстанатын, эпитет пен метафоралар қолданатын мектеп жоғалмауы тиіс, олар (Жүсіпбек, Бейімбет, Мұхтар, Әбіш, Сайын, т.б.) – жазудағы үздік үлгі болып қала береді.

Және де... нені оқиды, нені таңдайды, әркім өзі біледі, әрине. Бірақ біз оқырман ретінде ойымызды әрі-бері қозғап, автор жасырып отырғанға назар аударып, шамамыздың жеткенінше түсінуге жетелейтін ауырлау, былайша айтқанда «жеңіл оқылмайтын» проза оқуға үйренсек, бұдан тек өсер едік.

Бізге интеллектуалдық проза керек. Оқырман осындай авторды оқыған сайын одан көркем мазмұн мен терең философиялық қабаттың табиғи үйлесімін көре береді, біртіндеп соған үйренеді, оның миы да эмоциядан бұрын ойлауға әзірленеді. Бұл енді жеке пікірім (келіспеуге болады).



Мирас МҰҚАШ, жазушы:

– Интернет дәуірінде ақпарат алмасу, қажет дүниенді дереу тауып алып, жылдам шолып шығу ыңғайлы-ақ. Ғаламда жаңа заманның технологиясы көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатыр. Алайда көркем әдебиет адамзаттан ешқашан ажырамайды. Ең бастысы қазіргі таңда кітапқа, әдеби шығармаға деген құрметтің арта түскенін аңғаруға болады. Бұл көңілге қуаныш сыйлайды. Өйткені қаламгердің ішкі толқынысынан, ойынан туған туындының қашанда ұпайы жоғары тұруы тиіс. Әсерлі кино көргендейін, адамды түрлі сезімге бөлейтін шығарма оқудың ләззатын түйсінетін оқырман бар кезде көркем туындылардың да ғұмыры ұзақ болары анық.

Қазір тамаша, тың тақырыптарға барып жүрген замандастарымыз бар. Жүрексініп, ықпай ауқымды шығармаларға қалам тербеудің өзі қазақ әдебиетінің көкжиегі кеңі түскенін айғақтайды емес пе. Мәселен біз өмір сүріп отырған қоғамның айнасы іспетті деректі шығармалар жазылды. Оған Ырысбек Дәбейдің «Қоңызын», Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адамын» жатқызуға болады. Ал Максат Рамазанұлының «Абыл мен Қабыл» сынды күрделі, психологиялық тақырыпты оқырман назарына ұсынуы қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа ғой. «Жошы хан» сияқты тарихи шығармалар мен «Бекзат» сияқты бойына рух құятын кітаптар жарыққа шықты. Тізбектей берсең бұл тізімнің де көлемі арта береді. Мен өз замандастарым бойынша ғана айтып отырмын. Дәл қазір түйсінбеуіміз мүмкін. Бірақ уақыт өте келе мен жоғарыда атаған ауқымды дүниелердің салмағы да арта түсетініне еш күмәнім жоқ. Жақында жас жазушы Абай Аймағамбет Арал тақырыбын тереңінен қаузайтын тамаша повесть жазып шықты. Әлі жарық көрмеген сол туындыны оқып көріңіздерші. Жас жазушының тынысы қандай кең екенін байқайсыз. Қазақ әдебиетінде осындай жігіттер келіпті деп шын мерейленесіз.

Ал жеке өзіме келер болсақ қазір аудармамен айналыса бастадым. Якут, саха жазушыларының шығармалары қызықтырады. Табиғат, тайга, адамдар мен жануарлар арасындағы байланыс, сенім мен наным түсінігі таң қылдырған. Демек оларда да Джек Лондон шығармаларына өте ұқсас штрихтар жеткілікті. Өйткені өмір сүру болмыстары өте ұқсас. Біздің қазақы дүниетанымға да сәйкес келетін тұстарын аңдайсыз. Әрине әлеуметтік, қоғамға ой салатын шағын әңгімелер де жазылды. Бірақ жарыққа шықпады. Жастау күнімізде сиясы кеппей жатып, басылымдарға жарияланғанын қалап тұратынбыз. Қазір жан-жақты қарап, толықтырып барып ұсынуды жөн санаймын. Өйткені оқырман алдындағы жауапкершілік жүгін көтере аламын ба деген алаң болады. Әрбір қалам ұстаған жан баспаға барар дүниесіне немқұрайлы, асығыс қарамаса екен деп те ойлайсың.

Демек қазір түрлі бағыттағы тақырыптар қамтылып, жазылып жатыр. Жазушылар одағының арнайы жобалары бойынша да қаншама құнды кітап оқырманмен қауышты. Әлі де жазылып, ұсынылып жатыр. Министрліктің мемлекеттік тапсырыс аясында іріктеліп шығатын кітаптарының өзі мол мұра. Бүгінгі қазақ әдебиетінің, қазақ көркем шығармасының мұрасы.

Заман, технология қазіргіден де қарқынды дамиды. Әдебиетке де әсерін тигізуі ықтимал. Алайда қайталап айтайын көркем туындының алар орны өз биігінде қалады.



Әлібек БАЙБОЛ, жазушы-драматург:

– Жазушы Ұларбек Дәлейұлының 2024 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Жошы хан» тарихи романына Шыңғыс қаған және оның үлкен ұлы – Жошы ханның қым-ғуыт, аласапыран заманда дүниеге келуі, жастық шағы, қатысқан қан-қасап жорықтары, өмірінің соңғы кезі алтын арқау болған-ды. Онан, Орхон (Орхун), Селенгі бойындағы қайталанбас көшпелі мәдениет, байырғы бабалар дәстүрі, танымы, көзқарасы, ұстанымы, шеккен дәурені шығармада шынайы суреттелген. Романдағы тарихи шындық пен көркемдік шешім мәселелері автор концепциясы негізінде жүзеге асары анық. Ұларбектің Жошы әлеміне үніліп, ұңғыл-шұңғылына бойлап, оның қоршаған ортамен тығыз саяси қарым-қатынасын көрсетуді, күрескердің ерлік хикаясы мен қиын заманның қыспағынан қымсынбай өткенін ащы шындық, асқақ романтикамен бейнелеуді басты бағдар еткені байқалды. Ағын судай тасқындаған уақиғалар легі тарихымыздың мақтан тұтатын тұстарын да, көкірек қарс айырыла, күрсіне бас шайқар трагедиялық жағдайларын да баян етеді. Ұлттың құт-берекесі – бірлігі мен ынтымағында. Одан айырылсаң болғаны – жат жұрттың қорлығына ұшырайсың, жер бетінен өшесің. Осынау идея – аталмыш көркем шығарма өзегі. Өткен дәуір шындығын көрсететін «Жошы хан» романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық, жанрлық, стильдік жаратылысында фактілердің атқарар қызметі орасан. Себебі, деректер, құжаттар мен хаттар көп бұрмаланбай, көркем шығармаға дәлме-дәл көшкен-ді.

2025 жылы «Мұтылған» атты тұңғыш романим ойлы оқырманға жол тартты. Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының, сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбайдың, Одақ орынбасары, жазушы Бейбіт Сарыбайдың мұрындық болуымен, «BELES» құрылыс компаниясының президенті Махат Төрәлінің демеушілігімен «Жас қалам – жаңа роман» жобасы жүзеге асты. Мақсат Мәліктің «Абыл мен Қабыл», Қанат Әбілқайырдың «Ағыраптағы аты жоқ адам» және менің «Мұтылған» атты романдарымыз басылып шықты. Осы ретте, игі істің басы-қасынан табылған азаматтарға алғыс айтам. Бұл айтулы уақиға болды деп есептеймін. Әр баянды бастама – кейінгі тарих. Айталық, Есенқұл қажы Маманұлының 1914 жылы тұңғыш қазақ романына бәйге жариялағанындай (С. Торайғырұлының «Қамар сұлу», Т. Жомартбайдың «Қыз көрелік») немесе 2000-шы жылдары «Сорос-Қазақстан» қорының «Қазіргі заманғы Қазақстан романы» (Николай Верёвочкинның «Зуб мамонта», Т. Әсемқұловтың «Талтүс», Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара», Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», Илья Одеговтың «Звук, с которым встает Солнце») байқауының әдебиетке қозғау салғанындай, жоғарыдағы ізгі іс те көптің көкейінен шықты.

Тегінде, романға шейін новелла мен әңгіме жазып машықтанған дұрыс. Балаларға арналған роман жазбақ ойда бар. Әзірге ойластырып, пісіріп жатырмын, іште. Сол себепті, оған дейін балет тілімен айтқанда, экзерсис қажет.

Әлі үлкен дүниелер жазылады. Сенем. Романның керек болмаған кезі жоқ. Оқырман қыска-қыска дүниелерден де шаршайды. Сонда романды

іздейді. Себебі, оның орнын ешбір жанр баса алмайды, алмастыра алмайды, оқығанда шөлің қанады ғой, ләззаты бөлек, ешбіріне ұқсамайды. Жанрды таңдайтын, талғайтын оқырман бар. Бұл бір жағынан көлем, ал екінші жағынан кісінің мұң-мұқтажына, ахуалына, қыжылына, сол сәттегі көңіл-күйіне, сұранысына да байланысты. Мөлтек романдар да (микро-романдар) жазылып жатыр. Бұл да – уақыт талабы. Қазір жаһанданудың қарқыны қатты. Адами құндылықтарды тәрк ететін, сезім, көңілді ұмытыңқыраған, қатал технократтық қоғам орнауда. Мен құрғақ сюжетті аса ұнатпаймын. Әр шығармада, әр материалда оқырманға бір хабар, бір идея жеткізуге тырысам. Егер идея болмаса, онда көркем шығарманы жазудың да керегі жоқ деп ойлаймын. Әуелі, бұл – ұзақжылғы ізденістің нәтижесінде туындаған дүние. Қоғамдағы қордаланған мәселелер әркез маза бермейтін. Осы романымда Мұтылған атты кейіпкер арқылы азаматтық ұстанымымды білдірдім. Сөйтіп, ішке сыймай жүрген дүние сыртқа шықты. Мазмұны, формасы (пішіні), құрылымы – ой-қазанында пісіп-жетілген нәрселер.

Уақыт – Алланың еншісіндегі дүние. Біз – адамзат соны орны-орнымен жұмсай білсек өзімізге де, өзгеге де пайдамыз тиеді. Уақыт жағынан тарлық көрмедім...


Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы «Мұтылғанның өмірі» атты толғауында: *«Жаралы жаным шықсын деп / Қара жер мені жұтсын деп / Өлген соң елім мұтсын деп / Атымды қойдым – «Мұтылған» деп жазады. Бұл – қиналыстан, ішкі толғаныстан, жанның қысылғанынан шыққан сөз. Мұтылған – ойшыл Шәкәрімнің бүркеншік есімі. Романымда қазіргі қазақ қоғамы туралы айтылған-ды. Сол себепті, Мұтылған деген атты, қазақ үшін таныс ұғымды тағы бір жаңғыртып, оған басқаша реңк дарытқым келді. Мұрат деген жігітті Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерін жатқа білгені үшін, ойшылдығы үшін, ұлтшылдығы үшін ел-жұрт Мұтылған деп атап кетеді. Бүкіл уақиға орталықтан шеткерідегі Т ауылында өрбиді. Романымның жанры да жаңаша – метароман. Жазушы, әдебиеттанушы-ғалым, алаштанушы Нұржан Қуантайұлы «қазақ әдебиетіндегі тұңғыш метароман» деп баға берді. Романымды жазу барысында саналы түрде классикалық жолдан қашуға тырыстым. Себебі, біреудің сәтсіз көшірмесі яки эпигоны болуды қаламадым. Ал, қалғанын оқырман қауым романнан оқып алар, спойлер керек емес, кітап сатылымда бар.*

Осы ретте, жаңалығыммен бөлісе кетсем. Былтыр Қазақстанның 7 ірі театрында драмаларымның премьерасы өткен еді. Ал, биыл, яғни 2025 жылы 8 кітабым жарық көрді. Бұл – көп жылғы ізденістің, адал еңбектің, табандылықтың, қажыр-қайраттың арқасы. «КІТАП баспасынан» 7 кітабым, ал 1 кітабым «Балалар кітапханасы» топтамасы аясында, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, методист-ғалым, «Әліппе» оқулығының авторы Бижан Құрманғалиқызының жетекшілігімен «Arman-PV baspasy»-нан жарық көрді, атауы – «Бәйшешек». Ал, қалған «Ясыны іздеу», «Оралу», «Құбыжық. Әлем драматургиясы – I», «Туған күн. Әлем драматургиясы – II», «Сенім», «Әділ қазы», «Мұхамедсәлім Кәшімұлы шығармашылығы және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ағартушылық идея» (PhD доктор, әдебиеттанушы-ғалым Гүлназ Бөкенмен бірге) секілді кітаптарда аударма, драматургия, эссе, әдеби сын, әдеби портреттер, әлем халықтарының аңыз-әңгімелері, алаштану, проза, көсемсөз бағыттары қамтылған. «Мұтылғаннан» кейін «Жат» деген роман бастадым. «Арық сөйлеп, семіз шық!» – дейді ғой, қазақем. Әзірге, пәлен-түген деп ештеңе айтпай-ақ қояйын, Алла қаласа, аяқтаған соң әлеужеліден ести жатарсыздар!..



Инжу-маржан

**Тоқаш
БЕРДИЯРОВ**



МЕНИҢ ТОЙЫМ БОЛҒАН ЖОҚ...

КЕЛЕСТІҢ ЫСТЫҚ ТОПЫРАҒЫ-АЙ!

Қызғалдағын теріп сонау белестін,
Оңтүстіктің шаңына аунап
мен өстім.
Алып кеттім аттанарда әскерге,
Жалғыз уыс топырағын Келестің.

Сол топырақ бойтұмар
боп байланды,
Өз көзімен көрді қырғын майданды.
Сол топырақ қызыл
қанға малынып,
Балшыққа да мың сан рет айналды.

Сол топырақ шапшып
алға адырдан,
Анам болып талай
шықты алдымнан...
Бойтұмарым — жалғыз уыс топырақ,
Көк қапшығым қағылғанда —
болды нан.

Ұғымы пәс, діндәр адам емеспін,
Табиғатпен тату-тәтті тел өстім.
Туған жерге мені әкелген жетелеп,
Жалғыз уыс топырағы Келестің!

МЕНИҢ ТОЙЫМ БОЛҒАН ЖОҚ

Менің тойым болған жоқ,
Болмайды да,
Өмірден жарсыз өттім,
Сол қайғы ма.
Шабыттанып, шарқ ұрып анда-санда,
Бір желпініп аламын жыр жазам да.

Есік тойым болмапты есейгенде,
Бесік тойым өтіпті бір заманда...

Менің тойым болған жоқ дүрілдеген
Қосағымның білмеймін
түсін де мен.
Үкілі көрпе-жастық қыбыр етпей,
Шымылдығым әлі тұр түрілмеген.

Мұрты бар жайсаң жігіт
болғанменен,
Неке үйіне барғам жоқ
«Волгаменен».
Мақсатым, бала-шағам,
байлығым боп,
Жүрегім болашаққа жолдады өлен.

Қапелімде бұлт шалса қабағымды,
Жүрегіме жанымын қаламымды.
Сағындырып жазамын өлеңімді,
Сағындырып сүйемін қарағымды.

ЕСІМДЕ ЖОҚ...*Тал түбінде күттім кімді?*

Білмеймін...

Зенгір көкті кезеді Ай.

Есімде жоқ кімдерменен кездестім?

Ой, жігіттік кезең-ай!

Есімде жоқ,

қабылдап ед біздері,

Қай сквер, қай мекен?

Жанарыма қадалған

Сол кездегі «мерген» көздер

қайда екен?

Қазір, міне, қадалмайды сол көздер,

Ішке бүгіп өз сырын.

Бір ғанибет екен-ау,

Қыз-келіншек тастап өтсе

көз қырын.

АУЫЛЫМ МЕНІҢ**БЕЛДЕ ЕДІ...**

Шаңға аунаған бүлдіршіндер

дәл бүгін,

Таныс та емес, жат та емес.

Бір кездегі тәтті тағам қайранмын

Қазір неге тәтті емес?

Осы бүгін міндетім деп білемін;

Ізет жасау ағалық.

Бір кездегі орамалдар қып-қызыл —

Кетіпті ғой ағарып...

Елге оралдым.

Түстім, міне, көліктен,

Адамдарға көз тастаймын жағалай.

Бірге өскен құрдастарым қайдасың?

Қызықсың-ау, заман-ай!

ӘДЕТ

Мен әскерден оралғанда, обал-ай,

Болып еді мынадай бір салт пайда:

Ә дегендед ақ төсеке жоламай,

Жатып жүрдім қатқыл,

сарғыш тақтайға.

Төңірегім кетті неге тарылып,
Неменеге таңсық емес ақ жайма?

Армиялық «подъемды» сағынып,

Түнеп жүрдім скверге, вокзалға.

Айдаланы кеттім кезіп, құм жұтып,

Ойлағам жоқ ошақ қасын,

бас қамын.

Ақша тапсам өз қалтамды ұмытып,

Мүгедектің қалпағына тастадым.

Шақырады жасыл жайлау, құз биік...

Тек далада, тек далада — керегім.

Креслоға отырып ап ызданып,

Жыр жазуды үйрене алмай келемін.

МҮШЕЛТОЙ ТУРАЛЫ

Өмірім бұрқырап өтті ғой,

Ашыған қымыздай сабада.

Күндерім — телеграф сымдары,

Жылдарым — ыздиган бағана.

Сымдарды байлап, сүрінбей

Албырт ойларым зулайды.

— Ей, жас ұрпақ, тындандар,

мені — деп,

Жүрегім тулайды.

Қызынып,

Аңғармай, қалыппын...

Бұл өмір тым тәтті, ал, енді.

Білмеймін,

Өткен күндердің —

Нешеуін өрт шалды?

Нешеуі бал еді?

Сұм соғыс салды ғой әлекті,

Ол күндер қиын-ды.

Мені елуге жетсін деп,

Он сегіз жасар майдангер

Қыршынынан қиылды.

Біршама жырдан қол үзіп ем,

Ауырдым.

Көңіліме туды үрей.

Жақсы өлең жазсам елу жол,

Мен үшін сол — қуаныш, юбилей!

* * *

Ораламын жастық шақтың жұртына
Киіз үйге енсем – сол.
Сәбидей ғып көтеріп тұр шаңырақты
Сексен уық – сексен қол.

Жұмырткадай ақ отауда дүрілдеп,
Малшылармен басымызды қосамыз.
Сырлы уықтың арасында газеттер,
Керегеде – қосауыз.

Шаңырақтан сығалаған жұлдыздар,
Бір табақ құрт іспетті.
Ақ сазандай қыз білегі ойнайды
Күрпілдетіп піспекті.

* * *

Қар аппақ.
Тал аппақ.
Дала аппақ.
Маялар жұмыртқа.
Мұржалар мамырлап боздайды,
Көгілдір ымыртта.

Күн қызыл етегін жиды әне,
Дүниенің сөнгендей көз-шамы.
Көгілдір ымырыттың жүзінде сусиды
Боз тұман – боз шәлі.

* * *

Уақыт,
Уақыт,
Уақыт,
Ұршықтай ызғып тұр.
Тынымсыз күйгелек көңіл-ай,
Алсайшы мызғып бір.
Сарала жұп-жуас күз келіп,
Алады жаз демін.
Берерің болса бер, өмір,
Уақытым аз менің!

Шіркін, албырт шақтар-ай,
Көп еді-ау қуаныш, әлегің...
Әжімге сүңгіген жастықты
Суырып алмақшы қане, кім?!

Итеріп тастайды архипке
Уақыт жылдарды сырғытып.
Жас ұрпақ – қалың, қол армия
Кезекті тұр күтіп.

Азалы уақыт жетсе егер,
Сынады қыранның қанаты.
Өмірдің салты сол –
Той – думан,
Жар сүю,
Жалақы...
Нелер бір тетікті армандап,
Күтеміз әрдайым біз жеңіс.
Өмірдің салты сол –
Ойлану,
Тебіреніс,
Ізденіс.

Сөйлейді тарих боп, тас болып,
Бүгін де, кеше де.
Уақыт қолынан өтеді
Әлеумен толқыны нешеме!

АТШЫ, ТАҢЫМ

Терезеге қараймын кеп телміре,
Осындайда сезіледі таң көркі...
Палата ақ, керует ақ, жастық ақ
Тек қап-қара жан дерті.

Бар қуаныш, бар тіршілік, бар қызық
Әлдеқайда сытылды.
Сықырлаған он бес темір керует
О да сырқат сықылды.

Ауыл қызы елестейді көзіме,
Көйлек киген бүрмелі...
Бейтаныс көз күлімдейді әйнектен,
Сұйылған шақ достарымның дүрмегі.

Бауырмал қол айран созса
бір шөлмек,
Көңіл шіркін қалады ғой көп өсіп.
Терезеге қадаламын мұнайып
Жалт қараймын сықырласа
көк есік...

ҚОС МЕКЕН

Түрікменстан!
 Ол — менің туған жерім.
 Қазақстан!
 Ол — менің тұрған жерім.
 Тұрған жерді
 туған жер дей алмасам,
 Кішірейіп қалардай
 тұлғам менің.
 Қыран сынды
 ұшумен ұшпау неден?
 Шабыт оты
 Менде де күшті-ау деп ем.
 Енді ойлаймын:
 Япыр-ау, емес пе бұл
 Екі кеме құйрығын ұстау деген!

Суға кетпен!
 Дайынмын барша сынға,
 Керегімнің бәрі де бар қасымда.
 Туған елді туған ел дей аламын
 Туған тіл мен туған ұлт арқасында!

Көкірегім қазақы тұнған өлең,
 «Елім, елім» деуден еш тынған емен.
 Енді ойлаймын:
 Қарақұм құрсағында
 Түрікмен болып жаралсам,
 кім болар ем?..

* * *

Бір-біріне еліктейді ақындар,
 Еліктеуге менің дағы хақым бар.
 Керек десем —
 Гете менен Гейне бар,
 Керек десем —
 Махамбет бар, Қасым бар.

Өзгешелеу толғанамын бірақ мен,
 Жүріп өтем жол түспеген қыратпен.
 Мен де өзімше
 жер тағдырын толғаймын
 Жүрегіме түскен нәзік сызатпен.

Бұрын-соңды естілмеген еш тілде
 Жыр жазамын еліктемей ешкімге.
 Өзім жайлы, өлке жайлы, өйткені
 Өзімдей ғып айта алмайды ешкім де!

ҚАЙРАН ҚАЗМУ

3. Қабдоловқа

Қайран ҚазМУ —
 alma mater, кіндігім,
 Сенде ашылды он екімде бір гүлім.
 Тірлігімнің куәсіндей жарқырап,
 Көкірегімде жұлдыз жанып
 тұр бүгін.
 Шабытымның шарықтатып
 каз, қуын,
 Сол жұлдызды жаққан өзің,
 ҚазМУ-ым
 Алматының аспанының астында
 Көрдім талай қыс қызығын,
 жаз дуын.

Қайда барсам қалауым мол,
 жолым кең,
 Тер төгуден мен емеспін ерінген.
 Жүріп келе жатқандаймын әлі де
 Сенің шулы, ұзын коридорыңмен.

Кедергілер кездесе де не түрлі
 Мақсатымнан бұрған емен бетімді.
 Абайсызда, сәл осалдық көрсетсем
 Ұстаздарым көріп қалар секілді.

Қайран ҚазМУ,
 ғұмырымның арнасы,
 Артық айтсам, көңіліңе алмашы.
 Мен өмірден күнде өнеге үйренсем,
 Ол да сенің сабағыңның жалғасы.

Мінезінің бәрі жайлы, бәрі ұяң
 Студентің секілді әлі Ғалиям.
 Қызметтегі отыратын кеңсем де —
 Айнымаған сенің аудиторияң...

Келемін сол арманды аңсауменен,
Өлеңім өркендемес жан сауғамен.
Тойғандар елемесе өзі білсін,
Тоңғандар тапса деп
ем қамсау менен.

Сөзім де өзім сынды қарапайым,
Сөзімді қарапайым таратайын.
Деген ем демеу тапсын
еңкейген қарт,
Естісін еңбектеген бала сайын.

Жай айтып, мен несіне ақталамын,
Ақтығым жақын менен жатқа мәлім.
Алдыма ала дорбам түссе дағы,
Ешкімнің ала жібін аттамадым.

Тәңірдің бұйыртқанын несіп етіп,
Ел жайлы сөйлегенде есіп-есіп,
Дүйім жұрт бір дүрлігіп қалса болды
Дүйсенбек деген ақын осы десіп.

ҚЫЗЫЛ НАР

«Әйтшу, әйтшу, қызыл нар,
Бескалаға түзу бар...»
Бала кезден құлақта
Қалып қойған ызың бар.

Сол ызынды қозғаған
Жел ме дерсің боздаған?...
Отаулардың оты өшіп,
Соғыс оты маздаған.

Борап жатқан Жалшағыл,
Жалшағылда малшы ауыл.
Қасіретті көтерді
Болса дағы қанша ауыр...

Кәріге де, жасқа да
Қол жаяды аш бала.
Астығы бар, базар бар
Алыс дейді Бескала.

Табылмаса үзім нан
Белгілі ғой біздің хал...
Ауылдың бар көлігі —
Жалғыз ғана қызыл нар.

Арып-ашып ай сайын
Ауылдың бір қайсары
Қызыл нармен қалайда
Қала шығып қайтады...

Қарай-қарай Құзбелге,
Енді күдер үзгенде,
Көз ұшынан... қызыл нар,
Көрінетін біздерге.

Бидай толы қабы бар,
Жаймасында тары бар,
Әзер басып аяғын
Жетуші еді жануар.

«Әйтшу, әйтшу, қызыл нар,
Бескалаға түзу бар...»
Бала кезден құлақта
Қалып қойған ызың бар.

Әңгімені ең ұзын
Бастайды енді сол ызың.
Көз ұшында ... қызыл нар
Нан секілді бір үзім...





Мам сарай

АЙСҰЛУ ҚАДЫРБАЕВА,

*Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.
ҚР «Құрмет» орденінің иегері*



ӨСИЕТНАМА

* * *

Әлди, әлди, ақ бөпем!
Ақ бесікке жат, бөпем!
Ақ бесігің — ақ отау, —
шамшырағын жақ, бөпем!

Шамшырағы жағылсын, —
алтын нұрға малынсын!
Жаныңа не керектің
бәрі ішінен табылсын!

Ақ отауың — ақ бесік, —
сәндейін, кел, үкілеп. —
«Басқа қонған бақ!» — десіп,
дұғамды айтып, «Сүфілеп!»

Ақ бесіктен ұғарсын
жылулық не екенін, —
сымдай тартқан сымбат пен
сұлулық не екенін.

Сап-сары ала саф алтын —
ақ бөпемнің жөргегі, —
соның жұпар иісінен
рахат тапқан көр мені!

Соның жұпар иісінен
рахат тапқан көр мені!
Keң сарайдай ашылды
көкірегімнің өңмені!

* * *

Кел! Кел, бөпем! Келе ғой,
құндағыңа орайын.
Есендігің жолында
құрбандығың болайын!
Бал татыған балғыным!
Садаған-ақ кетейін!
Сені берген Құдайға
мың шүкірлік етейін!

Отпен аптап маңайын,
кел, бесікке салайын.
Тәтті ұйқыңды күзетсін,
айылдарын таңайын.
Айылдарын таңайын,
қимылыңды бағайын.
Сен де көзінді іліп ал,
мен де сәл дем алайын.

* * *

Ғұмыр жолы бұлың-ды... —
кімдер білген құнымды!
Айып етпе мұнымды, —
саған айтсам мұңымды.

Әр бекетте — бір зекет, —
тағдыр құрған өрмегі...
Бұл жалғанда Әжеңнің
аз болған жоқ көргені.

Бұл жалғанда Әженнің
аз болған жоқ көргені. —
Кім сүйремеді есікке
алтын басын төрдегі.

Қарыстырып жағымды,
сындырмаққа сағымды,
қыйнамады кімдер кеп
шыбындайын жанымды.

Айналдырып бастағы
ақ жаулықты шұлғауға,
қардай аппақ ар-ұждан —
кім ұмтылмад былғауға.

Қара аспанды төбемнен
қара бұлттай төндіріп,
еңкеймеген еңсемді
еңкейтуге көндіріп.

Еңкеймеген еңсемді
еңкейтуге көндіріп,
тұтай қалса үмітім,
сол бойда оны сөндіріп...

Самай шашым — қырауда, —
қос жанарым бұлауда! —
Сен болмасаң, құлдығым,
қалған екем құлауға!..

* * *

Кел! Кел, бөпем! Келе ғой,
бесігіңнен алайын!
Желбіреген жібектей
тұлымынды тарайын.

Талаптанып, талпынып,
қанатты ертең қағарсың!
Еркін басып аяқты,
айналаңа қарарсың.

Кең жазира далана
жіберерсің көзінді,
қиырына жетсем деп,
тауысарсың төзімді.

Қиырына жетсем деп,
тауысарсың төзімді!
Шың басында шынардай
сезінерсің өзіңді!

Құйындайын құйғытып,
қиял ойнап ойында, —
бір тылсым күш осы сәт
дүр сілкінер бойында!

Қырандайын қалықтап,
ұмтыларсың ұшпаққа!
Ай — Жұлдызды кең әлем —
айқара кеп құшпаққа!

Жаббар ием! Күнімнің
ықыласын демей көр!
Ғайып-Ерен, Қырық Шілтен,
қолтығынан демей көр!

Аруағы бабамның
аялай көр баланды!
Қара жерге, қазықтай,
нық қадасын қадамды!
Сол бір күнге іліксем,
мен де азайтам аланды.

Аттай қойшы, құлыным,
қаз бастырып қарайын, —
«Жүріп кетер ме екен», — деп,
елеңдеп тұр маңайың.

* * *

Оу, халайық! Халайық!
Қане, бермен қарайық!!!
Аяқтағы тұсауға
қайшы жүзін салайық!

«Бисмилләһи!» — десейік!
Ала жіпті кесейік!
Алға аттасын ақ бөпем,
қадымдарын шешейік!

Қадамдарын санайық, —
әудем жерге барайық!
Одан әрі қайтеді, —
оны өзіне салайық!

Кел, бөпешім! Келе ғой
Бізге ерікті бере ғой!
Тұсауыңды кесейік, —
желмаядай желе ғой!

Тек, Тәңірім бөпемді
сүріндіре көрмесін!

Бәле-жәле дегенге
іліндіре көрмесін!

Іліндіре көрмесін, —
сүріндіре көрмесін!
Бұл жалғанда не жаман —
бірін біле көрмесін!!!

Жас қосылып жасына,
бақыт қонсын басына!
Жайсаңдар мен жампозды
үйір етсін қасына!

Артық пенен кемісті,
сараптап оң-терісті,
ақиқатпен алға озсын,
таң қалдырып тегісті!

Бұлбұлдайын сайрасын,
шын сөзінен таймасын!
Шарға түскен болаттай,
бойында күш қайнасын!

Болмас жақсы, жамансыз. —
Айлаң — жетім, амалсыз.
Ел шетіне жау тисе,
боп жүрмесін табансыз!

Буырқанып, бұрканып,
мұздай темір құрсанып,
қарсы атылсын дұшпанға,
«Шабысам!» — деп тұрса анық!

Ер боп туып не керек,
ел қадірін білмесе, —
кіндік қанын тамызған
жер қадірін білмесе, —
тағдыры үшін солардың
қолға қару ілмесе, —
қалың топпен қиқулап,
жау шебіне кірмесе!
Ер боп туып не керек,
осы айтқанның барлығын
өздігінен білмесе, —
алға салып айдасаң,
көткеншектеп жүрмесе!

Өзің жәйлі, құлдығым,
Арман-тілек биікте!
Әлгіге ұқсап, Әжеңді
қалдырмассың күйікке!

Бойда күшпен толағай
түсе алмай жатсаң додаға-ай,
ойындағысы Әжеңнің
орындалғаны бола ма-ай?!
Әр кім бір бізді сөкпей ме:
«Мына бір сорлы, өнкііп,
нағып жүр, — деп, — сомадай!»

Беттегі көнді,
қайтерсің,
жамаймыз, онда, қалың қып!
Кетті де теріс айналып
көзіміз түскен қалыңдық!
Қайтіп те бұған шыдармын,
ұзыннан түсіп сұлармын,
іштегі дертті
жалын қып!

* * *

Қайда бұрсам жүзімді,
аңдысқан жау — айналам.
Тығырықтан халқымды
шығарар күш қайда бар?!

Ел тағдыры — тепкіде!
Жер тұтқасы — ептіде!
Тұқымдық жоқ тектіге!
Діннің кілті — «Сектіде!»

Сән-салтанат — Сарайда! —
Жан жолатпас манайға!
Жалға жегіп жалпымды,
қарық болды малайға!

Есік жабық арызға!
Түсінік жоқ парызда!
Батпақтайын батырды
бұқараны қарызға!

Сиқыр жолы қиын-ды, —
айналдырды миымды!
Азаматтық ұғым — тұл!
арман қылдық тиынды!

Етек-жеңі салпылдап,
әр кімге бір жалпылдап,
кешегі кербез қазағым
атанды бүгін «Тарқылдақ!»

Есі-дерті — базарда, —
қарау қалды ажарға.
Ызғырлықтың өтімен

теңгенің қуып көтінен,
өз көрін өзі қазар ма?!

Бір істі алса қолына,
кедергі дайын жолына.
Бірді бірге аңдытып,
тіміскі түсті соңына.

Жазықсыз батып жалаға,
көкірек толды налаға.
Басқасы – басқа! –
Жармасты,
әр түрлі айла-шарғымен,
бастағы баспанаға!

Күйінді жаным күйінді!
Қайтейін, қазақ, күйінді!
Опырылды шаңырақ!
Үйің болды
«Үйінді!»

Жетім мен жесір жемін жер
айналам толған жебірлер!
Көтеріп елдің дәулетін,
келістіріп сәулетін,
бұқараға дем беру
кімнің болсын ойында! –
Сүйретілген тірі өлік,
сүметілген кебіндер!

Тосын да тосын, тосын-ай!
Қазағым жайы осылай!
Ел болар күн туар ма,
бір жерде басын қосып-ай!

Толастап Заман дауылы,
қара да нөсер жауыны,
дүр ете түсер күн қайда
қазақтың қазақы ауылы?!

Тамырлары тартылып,
қақсып жатқан қуарып
жаңарар ма мына әлем,
даламды нұр суарып!

Мойындағы бұғалық –
құрып кеткір бұ «Нарық!»
сілкінгенде, әншейін,
түсе қалса, құба-құп!

Жасырайын несіне,
елге келген «Несие!» –

ахіретке жеткенше
жыйылмайтын «Несібе!»

Үлкені осы қайғының –
ұшты желге байлығым!
Көрінгеннің қолында –
байлық түгіл, шайлығым!

Байлық түгіл, шайлығым,
арман болды айлығым!
Бір жылт етсе сезімім,
көкірегімнен шайды мұң!

«Жаны – арынан садаға!»
Ерлер қылған іс қайда?!
Арландайын ақсиған
азудағы тіс қайда?!

Саңқылдаған сұңқарым!
Жер тарпыған тұлпарым! –
ғайып болып,
дiңкемді,
кім біліпті құртарын!!!

Құзғын қаптап көгімді,
көк қабаты сөгілді!
Дию-пері, жын-жыпыр,
түгел жерге төгілді!

Айлаға сап астарлы,
су ми қылды бастарды!
Желіктіріп, желпінтіп,
соңына ертті жастарды!

Сынаптайын сырғыған,
көз тоқтатып, көзіне,
бір қарауға мұң болдық! –
Ит түсінсін сөзіне!!!

Іс қылам деп жоспарлы,
соғып жатыр жоқ-барды.
қарсы келсең, маңдайдан
салып қалад шокпарды!

Не бір, не бір білімді
тырнағына ілінді!
Көрсен, көзге – Құбыжық! –
«Айтпа, – дейді , – мінімді!»

«Егер, айтсаң мінімі,
көкке ұшырып күлінді,

құрытамын, – деп отыр, –
үрім-бұтақ, түбінді!»

Қақшаң-қақшаң!
Екі көз
бақшаң-бақшаң аспанда!
Не істемейді бұл пенден,
мейманасы тасқанда! –

Он сегіз мың ғаламның
өзіндей-ақ иесі, –
соғып кетер демейді
дүниенің киесі!

Адамзаттың тағдырын,
Бейне бір, өзі шешіп жүр!
Көзден аққан қанды жас
белуардан кешіп жүр!

Шаруасы жоқ, мүлде,
сауап пенен обалда!
Бір Құдайдан болмаса,
тосқауыл жоқ бұларға!
Тосқауыл жоқ
бұларға!!!

* * *

Мен де бір күн өтермін! –
Дәм таусылса, не етермін!
Арқалап осы салмақты,
жер қойнына жетермін!

Жер қойнына жетермін, –
нендей амал етермін?!
Қисайғанды түзетпей,
құйрық-жалын күзетпей,
кете барсам өмірден,
бекермін-ау,
бекермін!

Болып жатқан бұл жәйтқа
менің де бар ма үлесім?!
Менің де болса үлесім, –
өткізген өмір күресін!!!

Өткізген өмір күресін! –
Рухым қайтіп түлесін?!
Осыны ойлап күні-түн,
қартайғанда, Әженнің
күйзеліп, жаны жүдесін!
Дұшпанда кеткен есенің

сұраса Құдай есебін,
не дермін, жаным?!
Мұндайда,
Дуылдап бетім ұяттан,
шығып та кетед,
жүде, есім!

Керіліп жатқан кең байтақ,
көрдің бе, мына өлкеңнің
тағдыры бүгін талқыда! –
Жағыдайы жұмбақ ертеңнің!

Жыюға келмей етегі,
далиып жатқан мекенің
қурылып барад!
Білмеймін
шын себеп бұған не екенін?!

Ерсіл де қарсыл, әйтеуір,
сабылып жүрген бір халық, –
бастары қатып,
есінен
жаңылып жүрген бір халық.

Қорыс қып қазып,
тапқанын
толассыз тасып отарба,
әкетіп жатыр шетелге! –
Айналдық нағыз отарға!!!

Қиқулап ұшқан аққу-қаз,
көтеріліп көгіне,
қона алмайтындай көрінед
қайта айналып көліне!
Айналайын құлдығым,
осындай заман тап болды,
кайтейін, сенің шөбіңе!!!

Жасырып сенен бұл сырды,
Амалым қайсы айтпасқа?! –
Тіршілік кетті теріске, –
айналды-ау беті
қайтпасқа!

* * *

«Әкеден бала тумай ма?!
Атаның жолын қумай ма?!»
Дүркіреткен дүниені
Шыңғыстан қалған
ду қайда?!

*Сұхбат*

«ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ» – МЕНІҢ ЖАН ДАУЫСЫМ

Жанар Әбдішова – өмірдің талай сынынан өтіп, 30 жылдан соң әдебиетке қайта оралған жазушы. 1950 жылы Алматы облысында өмірге келген. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Оның кейіпкерлерінің дені қазақ әйелдерінің өмірі мен көңілін, тұрмысын суреттейді. Мысалы, жазушы шығармаларынан күнкөріс қамымен базарда жүрген немесе күйеуі тастап кеткен, біреуге ғашық болған, зорлыққа ұшыраған әйелдерді көріп, олардың тағдырына терең бойлайсыз. Солармен бірге күліп, қабағыңызды түйесіз. Әңгіме кейіпкерлерінің арасында мықты, керемет аналар да бар. «Өмір сүргім келеді» кітап атауы кімді де болса бей-жай қалдырмасы анық. Сондықтан, жазушымен тілдескіміз, әңгімелерінде неге тек әйелдердің тағдырына қатысты мәселелерге баса мән бергенін білгіміз келді. Ол мақсатымызға жеттік те. Оның сырын жазушының өз аузынан естіген жөн болар.



ЖАРЫҚ ДҮНИЕНІ БІР КҮН КӨРГЕНІҢНІҢ ӨЗІ БАҚЫТ

– Кітапты неге «Өмір сүргім келеді» деп атадыңыз?

– «Өмір сүргім келеді» – шынын айтсам, менің жан дауысым. Дәрігерлер рақты «обыр» деп айтып жүр ғой, бірақ, мен ол атауға қарсымын. Құлаққа түрпідей тиіп, өмірден күдер үздіреді.

Алланың сынағы болар, рак ауруына ұшырадым. Ота жасатып, әрен дегенде жаным қалды. Ауырып жүрген кездері өмір мен өлім туралы көп ойландым. Өлім туралы үкімді естіген қылмыскерлер қандай күйде болатынын білмеймін, бірақ, мен рақты естігенде қатты күйзеліске түстім.

Өлгім келмейді, әрине. Өмір сондай ыстық. Алайда, ауырғаным анық. Қатты қиналдым. Жыладым. Сөйтіп жүріп бір тәубеге келдім. Бір күн жарық дүниені көргенімнің өзі үлкен бақыт екен ғой деп, өзімді сабырға шақырдым. Құран-Кәрімді қолыма алдым. Сабырға шақырған, адамға терең ой салатын сөздерді оқыдым. Бұл да бір Алланың сыны екенін жан-дүниеммен түйсіндім. Құранның ғибратына жүрегіммен бойладым. Пешенеме жазылған тағдырға риза болуға тырыстым.

Рак ауруын бірнеше этаппен емдейді. Мұны көбісі білмейді. Сонын салдарынан көптеген науқас ауруды асқындырып алады. Мысалы, ыстық бұлауға, неше түрлі ойға, күйзеліске түсіп, дертінің ұшығуына жол бергендерді көрдім. Химиямен емдеген кезде жақпай өліп кеткендер де болды.

Әйел еркекпен тең құқылы дейміз ғой, бірақ, «қыздың жолы – жіңішке»... қазақта ешқашан да әйел еркектен асқан емес. Көптеген әйелдің басында дертіне байланысты трагедиялық жағдайлар болды. Омырауларын алып тастағанда ерлері «мүгедек немесе өлетін әйелмен тұрмаймын!» деп, басқа әйелдің қолына кіріп алғандар да болды. Сол әйелдердің ескексіз қайықтай жалғыз қалып, тұншыға жылаған кездеріне де куә болдым. Құдай қосқан жарлары жан-дүниелерін түсінбей, қиын жағдайға тап келгенінде тастап кетті. Солармен қосылып мен де жыладым.

Нарық заманы келгелі медициналық көмек ақылы болды. Ауруханаға жату да қиындады. Порталға тұру, квота алудың өзі үлкен күш, қаншама уақыт алады. Мен мұны басымнан өткен соң айтып отырмын. Бұл машақат аурулардың халін қиындата түседі. Докторлардың қалтасына салатындай ақшаң болса жақсы. Соның бәріне жүгіретіндей рақпен ауырған адамда қандай күш болсын? Сол екі аралықта-ақ олар шаршап, қатты күйзеледі. Қағаз жинауға шамалары келмей, ақша таба алмай, «суға кеткен тал қармайды» демекші... өлместің күнімен дәрігерлермен сөйлесіп жатқан әйелдерді көрдім.

«Өмір сүргім келеді» сол кездері жазылды. Осы арқылы рақ дертіне ұшыраған әйелдерге кішкене де болса көмектескім келді. Кітаптағы әңгімелер рақпен ауырған адамның жай-күйін дәл береді. Аурулар оқып, психологиялық тұрғыда көмек алса деген ой болды. Өйткені, өліммен бетпе-бет келгенде адамның көңіл-күйі бәрібір бұзылады. Кәкімбек Салықов ағамыз «Бір ауыз сөз» атты өлеңінде:

«Бір ауыз сөз қасіретті тияды,

Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды», – деп жырлайды ғой. Сол сияқты аурулар бір ауыз сөзге қарап қалады. Жақсы сөз естігісі келеді. Бір ауыз сөздің құдыретін ұғынасын.

30 ЖЫЛДАН KEЙІН ӘДЕБИЕТКЕ ОРАЛУ

– Сіз бұрыннан жазатын ба едіңіз, әлде бұл қасиетіңіз кейіннен ашылды ма?

– Мен әдебиетке ерте келдім. 30 жасқа жетпей-ақ, әңгімелерім жарық көрді. Бірақ отбасы жағдайымен әдеби ортаға еніп, шығармашылық жолына түсуге мұршам болмады. Алайда әңгімелер жазылып жатты. Соны Алла көргендей, осы ауруға ұшырадым. Бұлай деп отырғаным, өзіммен-өзім қалдым. Ота жасатып, үйге келгенімде, ешкімді күтуге жағдайым болмады. Сол күндері бұрынғы жазғандарымды қолыма алдым. Кішкентай қызым Асылша маған ноутбук алып беріп, компьютер үйретті. Компьютерде сүйсініп отырып, жұмыс істедім. Әңгімелерімді үлкен ықыласпен, аса ыждағаттылықпен жаздым. Корректурасын да, бәрін өзім жасадым.

«Жалын» журналында Жұматай Жақыпбаевпен қатар отыратынбыз. Сол уақытта сәбилі болдым. Балам әлсіз болып туылды. Содан жұмысты да

тастап, баламның денсаулығымен әуре болып кеттім. Дүниеден хабарсыз болдым. Білетінім – балам, оның денсаулығы, аурухана болды. Сөйтіп жүргенде бір күні Жұматаймен жолығып қалдым. Ол маған «сен бақыттысың, жумайсың ба?» деді. «Нені жуамын?» десем, ол, қалжындағаны болар: «Сен бір әңгіменмен («Беймаза көңіл») классик болдың. Ешкімді мақтамайтын Мұхтар Мағауин мақтап, әңгіменді жас жазушылардың жинағына кіргізді» дейді. Кітап шыққалы бір жыл өтіп кеткен, ештеңені білмеймін. Қуаныштан жүрегім атқақтап, кітапты іздедім. Дүкендерде жоқ. Кәмила Құдабаева деген жазушы апамыздан сол кітапты аттай қалап алдым. Есімнің шыққаны соншалық, оның қаламақысы бар екенін де білмеппін.

Содан әңгімелерімді алып, Жазушылар одағына бардым. Ойым «Құласам нардан құлайын» – Мұхтар Мағауинге жолықпақшымын. Бір жағы рақпен арпалыстым, екінші жағынан әңгіме жазып, өзімнің жағдайымды түсінбей қалдым. Менен жазушы шыға ма, шықпай ма төрелікті сол кісіден естігім келді. Жазғандарың жарамайды десе, қояйын деп шештім. Ол үшін бірнеше күн даярландым. «Барымды киіп, бақанымды қолыма алып» демекші, бар күшімді жиып бардым. Сөйтсем ол кісі шетелге кетіп қалыпты. Маңдайым тасқа тигендей, жолым болмағанына жылап, Одақтың фойесінде отырдым да қойдым. Бір кезде Берік Шаханов ағамыз көріп, жағдайымды сұрады. Келген шаруамды айтып ем, «Мағауиннің орынбасарлары бар, ол кісіден кем емес, көздері қаракты, соларға жолық» деді. «Жұлдыз» журналында Мағауиннің орынбасары жазушы Тұрысбек Сәукетай екен. Жазғандарымды тастап кеттім. Ертеңіне Тұрысбек телефон соғып: «Сен неғып жүрген адамсың, жазуың тастай ғой, сен жазушысың» деді. Содан әңгімелерім «Жұлдыз» журналына шықты. Төбем көкке екі елі жетпей қалды. Бір әңгімемді Жұмабай Шаштайұлы «Қазақ әдебиетіне» жариялады. Басқа газет-журналдарға жібердім. Бәрі жарияланды. Жазушылар Одағына мүшелікке өттім. Осылайша мен әдебиетке 30 жылдан кейін қайта келдім. Аурудың өзі маған үлкен ой салды. Өмірге басқаша қарайтын болдым. Өмір сүруге, бір күндік жарық дүниенің қадырына жетуге, талантымды пайдалануға жол ашқандай болды. Ауру мен үшін өте қымбат сынақ болды. Әлі де жүрегім дірілдеп тұрады. Ауруды, сол кездерді есіме түсіргім келмейді. Бір күнгі көрген жарығыма шүкіршілік етемін. Өз аяғыммен жүргеніме тәубе. Өмірге шын қуанышпен қарайтын болдым. Әркім өз өмірін бағалай білуі керек.

ЕЛГЕ ДЕ, ӘЙЕЛГЕ ДЕ, ҮЙГЕ ДЕ ЕРКЕК ИЕ БОЛУЫ КЕРЕК

– Әңгімелеріңізде әйелдер тағдырына басымдық беру арқылы нені жеткізгіңіз келді?

– Негізгі ойым – Алла тағала әйелдердің жанын нәзік, әлсіз етіп жаратқанын, оған еркектің демеуі қашан да қажет екенін жеткізу. Қазақ халқы әйел бақытты болуы үшін, бірінші, ер балаларды жақсы тәрбиелеуі керек. Еркек әйелге ие болуы керек. Еркек – үйдің егесі. Еркек осы дүниенің иесі, қожайыны болуы керек деген идеямен жазамын. Әйел қанша жерден алтын басты болса да, одан бақыр басты еркектің тырнағының да артық екенін жеткізгім келеді. Қазақтың қыздары бақытты болуы үшін, ұлдарымызды оқытып, дұрыс жолға салу – бізде әлі де жетпей жатыр.

Балаларымыз бүгінде кітап оқымайды, соған қатты алаңдаймын. Бұл – идеологиялық олқылық. Бүкіл техника, мәдениет, өнер, бәрі қазақша сөйлесе екен, қазақ тілі тірілсе деп армандаймын. Мұның барлығы, ерлеріміздің осал болмауын талап етеді.

– Ауруды қалай жеңдіңіз?

– Ауруды мен жеңдім деп асылық сөйлей алмаймын. Бір Құдайдың шапағаты, дәрігерлердің көмегімен тірі жүрмін. Рак – емі табылмаған дерт.

Білгіштер, яғни, көріпкелдер ХХІ ғасырдың орта шенінде немесе аяғында мұның емі табылатынын айтуда. Оның емі өте қарапайым, тіпті, аяғымыздың астында жатқанын білгенде естері ауысқандай болады дейді. Демек, рақтың емі күнде басып жүрген шөптен не сондай бір нәрседен табылады. Біз оны көреміз бе, көрмейміз бе?..

Бірақ мен рақпен ауырған адамдарға үкімет тарапынан үлкен көмек керектігін айтқым келеді. Соның ең бастысы – ақысыз ем. Рақпен ауырғандар метастаза берсе, біткен адам ретінде қарайды. Содан адам тез күйіп кетеді. Ақшасы болса, жан-жаққа апарып емдетсе, адам өлгенінше бір сеніммен кетеді. Жағдайы жоқ жандар метастаза сөзін естісе, өлім анық келгендей өздерін тастап жібереді.

Бұл дертке ұшырағанымға он шақты жыл болды. Дәрігерлерге барып тұрамын. Кеңестерін аламын. Өзімнің денсаулығымға ерекше күтіммен қараймын дей алмаймын. Адаммын ғой, әртүрлі жағдай болады. Тек, Семей полигоны емес, қазақ жерінің барлығында онкология өршуде. Сондықтан, үкіметіміз идеология мен халықтың денсаулығына баса көңіл бөлуі керек. Қалғанының бәрі болады. Қазақтың болашағы әйелдердің және олардан туылатын балалардың денсаулығында.

ӨКІНІШ

– **Кезінде қазақ мектебінің ашылуына да атсалысыпсыз...**

– Бұрын Боралдайда тек немістер мен орыстар тұрды. Ірі зауыттар болды. Сол кездері Боралдайда қазақша сөйлеу мүмкін болмады. Бізді орыс мектебіне жіберіп қазақ тілінен сабақ бергізді. Бұл қазақ үшін революция сияқты болды. Көп жыл бойы қазақ тілі Боралдай мектептерінде спорт залда, табиғат аясында, коридорда өтіп келген. Бірінші рет маған өртенген кабинет берді. Тұрсынбек Баймолдаев деген алымды, ұлтжанды жігіт болды. Іле ауданында оқу бөлімін басқарды. Сол кісі қазақ сыныптарын ашуға қатты көңіл бөлді. Жас мұғалімдерді барлық орыс мектептеріне жіберді. Ғафура Сағиқызы, Гүлнар Қабиденқызы, Заида Тілепалдықызы сынды қазақтың керемет қыздары болды. Солармен бірге өзге ұлттарға көрсету үшін киіз үй тігіп, қазы-қарта, жал-жаямызды дайындап, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды жаңғыртуға белсене кірістік. Мектепке барғанда білгенім, балалар қазақша сөйлесуге ұялады екен. Содан балаларға өз тілінде сөйлеуге тек құлдар ғана ұялатынын айттым. Сыныпқа кірісімен қазақ басылымдарын оқимын. «Қазақ тілі естуге жағымды ма?» десем, бәрі бірауыздан «иә!» дейді.

Содан қазақтың ұл балаларымен жұмыс істей бастадым. Оларға әр сабақ сайын «Сен осы елдің қожайынысың, «Қожа» деген кинода баланы бекер Қожа атамаған. Ол – өз үйінің, елінің қожасы. Сендер де біздің қожайынымызсындар. Сондықтан, өз тілдерінде сөйлендер!» деймін.

Сөйтіп жүріп көшелердің атын қазақшаладық. Ол жұмыстың бәрі үлкен күшпен жүрді. Бір таң қалғаным, ең алғаш Қазақ тілі туралы заң шыққанда өзге ұлттар бірден лап етіп, қазақ тіліне бет қойды. Заңға өзгеріс еніп, орыс тілі ресми екені жазылғанда олардың беті қайтып кетті. Сонда мен қатты өкіндім. Бұл өкініш әлі күнге дейін кеудемде.

Заңға өзгеріс енгізбеу керек еді. Сонда бүгінде елдің кемі алпыс пайызы қазақ тілінде сөйлеп жүретін еді. Заң қабылданғанда өзге ұлттар «Бүйректен сирақ шығарып» ешқайсысы қарсы болған жоқ. Орыстар басқа республикаларға қарап, қазақтың өте қайырымды халық екенін түсінді.

Бірақ ол түсінікті біз өз іс-әрекетімізбен жойып жібердік. Қазақтың қазақ болып қалуы әрбір отбасының қолында. Қазақ тілі мен қазақы тәрбиені жоғалтпау маңызды. Дәл қазіргі күні жігіттеріміздің қой бастаған серкелер сияқты еңсесін тік көтеріп жүруі, бізге керек болып тұр.

МЕНІ ҚЫЗДАРЫМНЫҢ ДЕМЕУІ ҚАТАРҒА ҚОСТЫ

– Қанша бала-шағаңыз бар?

– Кішкентай кезімнен баламның көп болуын армандағанмын. Бес құрсақ көтердім. Оның екеуі шетінеп кетті. Құдайға шүкір, үш қызым бар. Сол үшеуі мені бағып-қағып жатыр. Солардың демеуінің арқасында аман қалдым. Ең қиын сәттері мені демеп-жебеген қыздарым мен жолдасым, екі бауырым болды. Ыстығыма күйіп, суығыма тоңды. Барлығына шыдады. Әйтеуір тірі жүрсе деген тілекпен емдетіп, жағдайымды жасады.

Сізге ұқсап қалам ұстаған қыздарыңыз бар ма?

– Кіші қызым Асылшаның жазуы жақсы. Журналистика факультетін бітірді. «Аққуды жаралауға болмайды» деген әңгімесі журналға шықты. Бірақ ол өнерін жалғастырмады. Раушаным әл Фараби атындағы ҚазҰУ-де жұмыс істейді. Францияға барған сапарын, Мұстафа Шоқайдың қабіріне тағзым жасағанын жазды. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері туралы мақала шығарды. Асылша менің қолыма қаламды қайта алуыма көп атсалысты. Компьютер сатып әперді. Үйретті. Мені жетектеп, үлкен қызмет істеді. Немерелерім бар. Бәрі қазақ мектебіне барады.

Негізінен мен туғаннан жолым ашық болған адаммын. 1-сыныптан бастап маңдайым жарқырап жүрді. Училище бітірдім. Қазақ Ұлттық университетінде білім алдым. Кіл беске оқыдым. Университетте жүргенде Болгарияның астанасы София қаласына барып түрік тілдерінен дәріс алдым. Мен балық болсам, оқу мен үшін су сияқты болды. Оқудан еш қиналмайтынмын. Көп оқитынмын. Бірақ мен ғалым болмадым. Рымғали Нұрғалиев ағай күйеуіме қалжындап: «Сен біздің академик болатын қызымызды алдың» деп айтатын. Ғалым болған соң дүниені дүр сілкіндіретін жаңалық ашу керек. Қарапайым ғалым санатында жүргім келмеді. Әлі күнге дейін елді таң қалдыратындай жұмыс істегім келеді. Қартайып отырсам да, ойым – осы. Францияда болдым. Сол кезде байқағаным, олардың мәдениеті қазақпен байланысты. Кезінде репрессияға ұшыраған азаматтарымыздың еңбектерін сол жақтан көрдім. Франциядан алған білімім менің рухани наным болды.

ЕРТЕҢГІ КҮННЕН ҮМІТ ҮЗБЕ

– Қиналғанда өзіңізді қалай сабырға шақырасыз?

– Мен де әйелмін, қиналғанда егіліп жылап аламын. Бірақ көз жасымды ешкімге көрсетпеймін. Ауыратынымды айтқым келмейді. Себебі, айналамдағылардың көңіл-күйін түсіргім келмейді.

Күйзелген шағымда көбіне жұбанышты Құран-Кәрімнен таптым. Ұлағатты сөздерге еліттім. Ұлы Абай «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дегенді бекер айтпаған ғой. Құранда адамды шынайы өмір сүруге тәрбиелейтін, астамшылықты басып, сабырға, тәубеге келтіретін мотив бар. Әңгімелерімнің желісі де Құраннан алынған.

Мысалы, қорқынышты басу үшін адам өзін-өзі тоқтату керек. Қорқыныш рақпен ауырғандарда да, сотталатындарда да, жай нәрсені бүлдіріп қойғандарда да болады. Адам қандай жағдайда да сабырға келіп, ертеңгі күнін күтуі керек. Ертең Алла тағала саған не береді соны көру керек. Бұл

өте қарапайым қағида. Бұрынғылар неге көп өмір сүрген десек, оларда иман болған. Сабырлы, біз сияқты бірден өздерін бомба құсап жармаған. Ертеңгі күннен жақсылық күткен. Өзінің де, өзгенің де жанын жемеген. Бұл қасиеттің ұзақ өмір сүрудің бір жақсы жолы екенін байқадым.

Әңгімелерімнің арқауы – өмір мен өлім, өмір бар жерде өлім бар. Қазіргі өлімнің көбі экологиядан болып жатыр. Бүгінде маған рақпен ауырған, қиындыққа түскен әйелдер келеді. Маған ауыр болғанымен, білгенімді айтып, ертеңгі күнге үміт үзбеу керектігін айтамын. Не істесең де, Алланың маңдайыңа жазғаны болады. Бірақ адам өзінің энергиясын сақтауы керек.

БАҚЫТ ҰСАҚ-ТҮЙЕК НӘРСЕЛЕРДЕН ТҰРАДЫ

– Сіздің ұғымыңыздағы бақыт дегеніміз не?

– Мұқағали ақынның «Бақыт дегеннің не екенін білмей жүргенде бақытты екенмін» деген өлеңі бар ғой. Бақытты болу шартты нәрсе деп ойлаймын. Бақыт, меніңше, бір сәттік нәрсе.

Менің ең бірінші бақытты болған кезім – «Жалын» журналына әңгімем шыққанда, жүрегім жарылып кете жаздады. Мысалы, баламның бір жетістігін көрсем бақытты боламын. Бақыт деген ұсақ-түйек нәрселерден тұрады. Бақыттымын деп аузыңды толтырып айтуды мен күпіршілікке санаймын. Жалпы, Құдайға шүкір. Бір қазақтың әйеліндей өмір сүріп жатырмын. Бақытты адамның қандай екенін мен білмеймін. Мүмкін Ахмет Байтұрсынұлы бақытты шығар, аты ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан. Ал, қалғандары күпіршілік.

Сүрінген әйелдерге не айтасыз?

– «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ». 40 жасымда да мен өзімді ақыл тоқтаттым дей алмаймын. Адам көре-көре көсем болады. Көп қателесетіндердің көргені аз деп ойлаймын. Жезөкшелік жолға түсіп кеткен қыздар туралы жаздым. Бірақ, оларды соншалықты жексұрын етіп көрсетпедім. Сол жолдағылар да жап-жақсы, сұп-сұлу қыздар. Бәлкім, байқамай, қисық жолға түскен, сүрінген шығар. Сондықтан, оларды қаралап, теріс айналғым келмейді. Олардың адасуына біз де кінәліміз. Жастармен дұрыс жұмыс жүргізе алмадық. Егер жігіттеріміз отбасын құра алмай, қыздарымыз жаман жолға түсіп жатса, ол тұрмыстың түзу еместігінен. Егер тұрмысы бақуатты болса, адам жақсы істерге ұмтылады. Жастарға қашан да жағдай жасалуы керек.

– Адамның тағдыры өз қолында деген пікірмен келісесіз бе?

– Адамның өмірі өз қолында дейтіндермен бір жағы келісемін, бір жағы келіспеймін. Өміріміз өз қолымызда болса, бәріміз жақсы болып кетпейміз бе? Қағанағымыз қарқ, сағанағымыз сарқ болып жүрмейміз бе? Мен Алланың алды кең деген сөзге мойынұсынамын. Себебі, алдында бірнеше жол тұрады. Мысалы, менің бір інім қалаға келді. Базардан орын алып, саудаға кірісті де байып кетті. Кейіннен оған оқуға түсіп, жақсы қызметке де араласуға немесе отбасын құруға, тірлігін өзгертуге болатын еді. Яғни, оның алдында өмірін өзгертуге бірнеше жол тұрды. Оған мүмкіндігі де болды. Бірақ ол ақшаның соңына түсті. Ақыры сол жолда мерт болды. Інім баю жолына түскенде өзінің тағдырын таңдады. Тағы бір мысал, қыз тұрмысқа шығарда «Қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды» дегендей бірнеше жігіт болады. Қай жігітті таңдайды – тағдыры сондай болады. Өйткені, ол қыздың тағдыры жігіттің өмірімен байланысты. Сондықтан, әр жолдың өзіндік соқпағы бар.

Сұхбаттасқан – Түймегүл ИБАШЕВА



Сүйір тіл

**Мыңбай
РӘШ**



КӨЗІМ КӨРГЕН КЕЛЕМЕЖ

ТАНЫСЫМ ТЫРНАЙБЕРГЕН

– Жол қысқарсын, бір әңгіме айта отыршы, – деді бір ағамыз жолаушылап келе жатқанда.

– Естігенімді айтайын ба, көргенімді айтайын ба?

– Е, естігенді әркім сан саққа жүгіртіп жалғанын араластырып соға береді, көзбен көргенге не жетсін.

Осы сәтте менің көз алдыма бірінің бойы аласа, бірінің бойы сырықтай ұзын екі таныс елестеп кетті. Бірін тамыз айында ойда, бірін қыркүйекте қырда кезіктірген едім. Сенесіз бе, екеуінің күрт өзгеріп кеткен қылығы, жүріс-тұрысы қоянның көжегіндей ұқсас болды да шықты. Соларды суыртпақтағым келіп:

– Құп болады, ендеше өз көзіммен көргенімді айтайын. Жаңылмасам, әлгі екеудің бірінің есімі Тырнайберген, екіншісі – Көңілжак. Тырнайбергенмен ертеректен таныс едім.

«Сенің атыңды қалайша Тырнайберген қойған?» дегенімде:

– Мен ана құрсағында тоғыз ай жатқанның өзінде тынымсыз болған болуым керек, шамасы, содан әкем Тырнайберген деп атапты, – деді.

– Е, есімде не тұр, тәйірі. Қазір есейіп, ержеттін. Енді тырнай бермесен болғаны, – деп әзілдегем. Ол күрек тісін ақситып:

– Қойыңызшы, Сіздің бір жеріңізді тырнап тұрмын ба, ха-ха! – деп қалжындаған.

Айтпақшы, Тырнайберген талантты сахна шебері боп ширыға берді. Жо...ға, о не дегеніңіз, мен Тырнайберген туралы тырнақ астынан кір іздейін немесе мұқатайын деп отырғаным жоқ. Ол, шынында да, нағыз дарын иесі. Алла Тағала алшысынан үйіріп бере салған. Қолыңнан келсе Тырнайбергендей дүйім жұртты көзіне жас шығара күлдіріп, алақандарынан от шашырата соқтырып көрші бәлем, әй, келмейді-ау, келмейді... Ендеше сөзімді бөлмей, тындай бергін.

Иә, тамыздың тамылжыған бір күнінде ұлан-асыр тойға сапар шектік. Аппақ шағаладай киіз үйлер қалашыққа айналып кетіпті. Бізге бөлінген алты канат киіз үйді де таптық-ау. Күннің аптабынан шаршап-шалдығып, шөлдеп дегендей, келе сала кесе қымызды төңкеріп тастағанбыз.

– Тише... Әне, Тырнекең келе жатыр! – деп ескертті үй иесі. Біз дабдырымызды азайтып жым болдық.

– Ол қай Тырнекең? – деп едік.

– Қойсаңызшы, әне есікке таяп қалды! – деп және ескертті.

Әне-міне дегенше орта бойлы, төртпақтау келген кәдімгі көзіміз талай көрген Тырнекең табалдырықтан аттай берді.

– Жоғары шығыңыз, Тырнеке!

– Төрлетіңіз, Тырнеке!

– Апырай, байқаңызшы, сүрініп кетіп жүрменіз, үй іші ығы-жығы, – деп үй иесі қолтығынан көтере кіргізді.

Сізге өтірік, маған шын, біз бұрын білетін Тырнайберген бір баска да, мына Тырнайберген бір баска іспетті.

Жүзі ашулы секілді. Еш пендемен амандаспайды. Басқан әрбір ізіне ақы алатындай үнсіз қалпында төрдің төбесіне кеп отыра кетті.

– Ау, кеп қапты ортамызға Тырнайберген, Көркімен осы тойға шырай берген, – деп өлендете жөнелмесім бар ма! Сонша мақтап қай сайтаным түрткенін білмедім.

– Бәрекелді! – деп өзге жұрт қолпаштаған болып еді. Тырнекең тырп етер емес. Мән бермек тұрмақ «Мына майда-шүйделер қайдан келген» дегендей жаратпаған кейіппен біз жаққа бір қарады да қойды. Онсыз да келте мұрнын шүйіріп көкке көтергенде, жалпақ беттің қай тұсына жоғалып кеткенін білмей қалдық.

Тойдың құрметіне осы ауыл азаматтарының атына жақсы сөздер айтып, жік-жапар болып-ақ жатырмыз. Атамаңыз деймін...

Тырнекең тырп етпейді. Кесе толы қымызды сылқ еткізеді де жұртты жаратпаған қалпын өзгертпейді-ау, өзгертпейді. Әншейінде ауыз жаппас, Тырнекең той дегенде түк таппас болып қалған.

– Әу, Тырнеке, мынау той құрметіне, үй иесінің атына дегендей, бір тілек білдірсеңіз қайтеді, ел адамысыз, өнер тарландарының бірісіз, – деп көпшік қойып-ақ жатырмыз. Жо-ға, Тырнекең тырп етпейді, естісе де естімегендей, көрсе де көрмегендей. Бет әлпеті сызданып алған. Шолақ танауы онан сайын жоғалып, түбіне қарай кіріп барады. Ал керек болса... «Медальдың екі жағы болады» дегенді жиі естуші едім. Осы сәтте сол ойыма оралып отыр.

– Жұрттың жазғанын жаттап алып күлдірмей-ақ қойыңыз, тіс жарып мына көпшіліктің құрметіне бірдеме десеңізші? – деп жалынып та көрдік.

Тырнекең тырп етпейді.

Тырнекең бұндай емес еді ғой күні кеше... Не пәле болды екен? – деген ойға қалдым.

Сол сәтте «семіздікті қой ғана көтереді» деген мақал ойыма оралды. Тауып айтқан. Халық айтса қалт айтпайды ғой.

Бұл пәтшағар да жұмыр басты пенде ғой, не гәп болды екен, ә... Қай бабын таба алмай отырмыз? Қайтсек «мырза» Тырнекең бізбен бірауыз тілге келер екен? Қанша бас ауыртып, жүрек сыздатсақ та шешілмес жұмбақ болды да қойды.

– Бұрын мұндай емес еді, адам аяқ астынан өзгереді екен-ау, – деп маған сыбырлады қасымда отырған ақын інім. Сөйтті де ол:

– Әй, Мәке, мына жұрттың көңілін көтеріп қолға домбыра алыңызшы, – деп қолқа салды.

Өз басымда кеуде керу, тәкаппарлану деген болмайтынын ішім сезеді. Сол қалпыммен домбыраны шерте жөнелдім.

– Бәрекелді, бас, бас домбыраға!

– Және бір тастап жіберіңізіші! – деген дауыстарды естігенде камшы басқандай қайраттана, көңілдене түскен сияқтымын.

Күн кешкірген сәтте біз арнайы автобусқа жайғасып үйімізге оралатын болдық. Осы сәтте Тырнекең зайыбымен жеңіл машинасына жайғаса берді. Кабинаға отырар алдында келте танауын көкке бір көтеріп, табиғаттың өзін жаратпай аттанып бара жатқандай әсер қалдырды. Мен үйге келген соң да ұзақ уақыт ұйықтай алмай дал болдым. Екі жамбасыма кезек аунай беремін. Оқыс өзгерген Тырнекең енді менің жүйке тамырымды тырналап жатқандай.

– Неге бұлай? Е... ақымақ басым, ойыма жаңа түсті. Тырнекен кейбіреулердің қолы жетпей жүрген орынға отырып, мансап қуған сабаз екен ғой. Ау, қайта көппен тіл табысу, көппен бірге болып оның жоғын жоқтаушы болу керек емес пе? Тырнекеңнің неге танау шүйіргенін енді ғана түсінгендеймін. Содан соң дереу ұйқыға кеттім.

Көзбен көргенімнің бірінші сериясы аяқталды, енді екінші сериясына көшейін.

КӨЗ КӨРГЕН КӨҢІЛЖАҚ

Тырнекеңді бір тойда, ойда көрсем, Көңілжақты қырда, қаланың іргесінде кезіктірдім. Тырнекең орта бойлы болса, Көңілжақ ұзын бойлы. Мен Көңілжақты осыдан отыз жыл бұрын ығы-жығына дейін жақсы білетінмін. Ғалымдық жолға бекем түскен азамат. Обалы не керек, бой десең бойы, ой десең ойы бар інілеріміздің бірі. Жасырып-жабары жоқ, соңғы он жыл сынайында онымен сирек жолығысып жүрдік. Үй ішіміз араласпасақ та амандығымыз тұзу болатын. Алыстан кездессек бас шұлғысып, жақын ұшырассақ қол алысып дегендей амандығымыз тұзу болатын. Ал керек болса, «Жерден жік шықсын, екі құлағы тік шықсын».

Мен жуырда сауықтыру орнына келе қалдым. Бас дәрігерге жолығатын шаруам болып тоса тұруға тура келді. Шипажай фойесінде отырғанмын. Аяқ астынан кезігіп қалған жүзі таныс пенделер жарқылдай амандасып өтіп жатыр.

– Қашан келдіңіз? – деген тонның ішкі бауындай жақын жамағаттар да ұшырасып қалды.

Бір сәтте ұзын бойлы, таңқыш танаулы Көңілжақ келе жатты. Жұмсақ креслоға жайғасып үнсіз отырған маған тесіррейе қарады. Амандаспады. Мен мән бермедім. «Мүмкін байқамаған шығар» деп ойлады. Тегінде, пенделердің бір-біріне кешірімді болғандарына не жетсін. Қызық болғанда, менің палатам Көңілжақтың палатасына көрші болып шықты. Е, енді дұрыстап амандасатын шығар деп ойлады. Айтпақшы, Көңілжақтың анау-мынауы көрмегенсуінің гәбі де байқала бастады. Оның палатасы – люкс екен. Ұйықтау бөлмесі өз алдына, өз залы, өз алдына ваннасы, тоназытқышы дегендей... бәрі бар.

Арада бірер күн өтті. Дәрігердің ұйғаруымен арасан сулы ваннаны қабылдаған соң, тынығу бөлмесіне келгенім әлгінде ғана еді. Кешікпей сол бөлмеден буы бұрқырап Көңілжақ келді. Амандық та, саулық та жайына қалған. Танауын шүйіре келді де оқшаулау креслоға жайғасты.

– Әу, жасың кіші ғой, амандығыңды сатамысың? – дедім.

Ол естімеген болды. Мен әлгі сөзді қаттырақ айттым. Мән бермеді.

– Әлде құлағыңның мүкісі бар ма, онда кешір, – дедім.

– Мүкісі де, сайтаны да жоқ! – деп дөрекі қайырып тастады.

– Сен өзің тұрпайы сөйлейтін болыпсың ғой?

– Онда шаруаң болмасын!

– Шаруаңыз деу керек...

Көңілжақ танауын шүйірген қалпында шығып кетті. Арада екі-үш күн өткен соң шипажайдың екінші қабатында фойеде отырған едік. Көңілжақ келе жатыр екен.

– Осы бір жігіт тым бюрократ! – деп қалды бір әйел.

– Неге олай дейсіз?

– Сәлем алмайды да, сәлемдеспейді және біздің үстелімізге көрші болып келгенін көрмеймісің. Ас ішкенде «тәбетіңіз ашылсын, ас тәтті болсын» деген іспетті сөздер айту керек емес пе. Тіке жүріп келіп отырады да, тіке кетеді. Өзінен басқа ешкімді ұнатпайды. Өзі де, әйелі де солай, – деп әлгі келіншек ашуланып кетті.

– Қой, кейімеңіз, адам аласы ішінде, мал аласы сыртында, – дей салдым.

Көңілжақ сол қалпынан айныған жоқ. Өзінен басқа жан жоқтай көкті төбесімен тірегендей болды да жүрді. Мейлі, оған біздің неміз кетеді десек те, адамның күрт өзгергеніне қайран қаласың. Кешікпей менің ойыма Көңілжақтың бүгінгі дәрежеге жету үшін бір мықты ғалымның жеңінен кіріп, желкесінен шығып жүрген кездері көз алдыма келді. Мынадай өлең жолдарын жаздым:

Оқта-текте тыныққанда Күбек кеп,
Қыр соңынан қалмаушы едің сүмектеп.
Бір қолыңмен аузын ашып қисайған
Шарабынды құюшы едің шүмектеп.

Ой, байғұсым, неменеге ісіндің?
Е, байлықтың буы екен ғой, түсіндім.
Болмаған соң жағынатын бір мықты,
Өзің «ноян» боп қалыпсың, пұшығым!

ШОТМАНДАЙ

Шыр етіп жерге түскеннен-ақ жазған шіркіннің мандайы шаппа шоттай қайқайып шыққаннан ба екен, кім білсін, әйтеуір Шотмандайдың аты да затына сай пенде екеніне куәгерміз. Бой десең бойы бар, ой десең (астапыралла, кешіре көріңіздер, олай дей алмаймын)... Олай дейтініміз осы ой жағының олқылығынан да Шотмандай Шуылбаев өзінің отыз жылдық қарекетінде отызға тарта мекеменің табалдырығын тоздырып, жүздеген пенделердің жүйке тамырларын қоздырды.

О басында аяғын мысықша жайлап басып, жымия келген Шотмандайды өзі бір иман жүзді адам болмасын деген алдамшы үмітке де бой алдыруымыз ғажап емес. Асықпаңыз! Шотмандай Шуылбаевтың шатағы мен шуылына көзіңіз жетіп, төбе шашыңыз тік тұратын болады. Ә, дегенде түксіз жыланды інінен шығаратындай «жылы сөздерімен» іші-бауырыңа кіріп алатын Шотмандай алғашқы аптада-ақ кеңсірігі сезгіш иісшіл иттей кімнің қандай екеніне көз жүгіртіп, көңіліне түйіп алады. «Шотеке, Шотеке» деп жатып жастық, иіліп төсек бола кетіп жеңінен кіріп, желкесінен шығып жүрген Жөкеннің жөн жұмысын да, жөн емес жұмысын да жұрттың көзінше сыпыра мақтап келіп Шотекең: – Хо-хо... oho... міне, осылай істеу керек. Жөкенше, жолдастар тсс... сөзімді бөлмеңіз, – деп қара қасын қайқы шот мандайына қарай жиыра көтеріп қойды.

– Кәне, кімде сөз бар? – деп Шотекең көзілдірігінің бір жақ сабының ұшын әлдеқашан сарғайып таусылуға айналған қикы-жикы күрек тістеріне әлсін-әлсін тигізе кісімси қарап қалып еді.

– Маған сөз беріңізші, – деді жасы егделеу, осы мекемеде табан аудармай көп жыл істеп, ыстығы мен суығын бастан кешкен Дәулетов.

– Сөз Дәулетовке... тише, товарыштар, – деп Шотекең сәл кірбін тартқандай сырықтай салалы саусақтарымен көкшіл сеңсең бөріктей бұйралау шашын бір сипап қойды.

– Шотмандай Шуылбаевич, екі сөзіңіздің бірінде «Жөкенше», «Жөкенше», деп жарлық айтқаныңыз жанымызға батып барады, – дей беріп еді Дәулетов.

– Немене, немене? – деп Шотекең шатыр-шұтыр еткен нажағайдай шабаланып алды. – Әу, не жарлық, қандай жарлық? Дәулетов, өзің не шатып тұрсың? Смотри, смотри...

– Өзіңіз деп сөйлеңіз...

– Өзің... Ал не қыласың маған?

– Не қылғанды кейін көрерсіз. Сөзімді бөлмеңіз, Шуылбаев жолдас, меңгеруші екенмін деп танау шүйірмеңіз, осы жасқа келгенше көргенбіз танаулардың талайын, – деп Дәулетов ашуға булығып барып сөзін әрі жалғастырып кетті.

– Енді кім сөйлейді?

– Мен, – деді Майқы Шайқыбаев.

– Сөз Шайқыбаевқа.

– Дәулетовтің айтқанына мен де қосыламын, – деп бастады Майқы. – Себебі...

– Шайқыбаев, қысқарта сөйлеңіз, – деп Шуылбаев көзілдірігін құлағынын үстіне қарай бір жылжытып қойды.

– Сөзімді бөлмеуіңізді өтінемін, Шуылбаев жолдас, осы мекемеде меңгеруші болып келгендердің көбісін бастан кешірген едім, тап сіздей алақолдыны көрсем, көзім шықсын!

– Немене, алақолың не ей? – Шуылбаев жұдырығын тастай ғып түйіп алып, аумақты үстелін тоқ еткізіп салып қалды.

– Алақол дейтінім, ала қойды бөле қырқатыныңызды айтамын, неменеге «Жөкен», «Жөкен» деп жыпылдайсыз, өзгеміз шошқа тағалап жүр ме екенбіз, табелін былықтырып, бір жазған анықтамасын қайта жазып, әркімнен бір сұрап жүретін Жөкеніңізді жар құлағыңыз жастыққа тимей неге мақтай бересіз.

– Е, мақтамай... Ал айтшы білсең!

– Астыңыздағы машинаға Жөкеннен басқа ешкім мінбейді – бір деп қойыңыз. Сол машинаның кузовына қой мен қарбызды, қауын мен жүзімді толтырып беріп жүретін де Жөкен екенін жасыра алмаймыз, мұны екі деп қойыңыз...

Бұдан әрі жалғастыруға Шотмандайдың да шыдамы таусылды білем:

– Жә, жетеді, қайдағы Дәулетов пен Шайқыбаевтардың бұл жапқан жалаларына сайтан болмаса адам сенбейді.

– Сөзімді неге бөлесіз? – деп Шайқыбаев та шарт ете қалды.

– Сөзді доғар! – деп күрек тістерін күдірейте маңдайын қайкита қалды Шуылбаев.

Көп ұзамай-ақ Дәулетов те, Майқы Шайқыбаев та Шотмандайдың жүйке қоздыратын қорлығына шыдай алмай мекемеден кетуге мәжбүр болды.

Ал Шотмандай ше? Ол қанша екі иығын жұлып жеп «Жөкен, Жөкен, Жөкенше» деп, жіліктің майындай жылпылдағанымен, жолы болған жоқ. Жағымпаз «Жөкесі» де, сағымпаз көкесі де табандарын жалтыратып отырды.



Оқтаулы мылтық

Үмбетбай
УАЙДИН



БІЗ БЫЛАЙ БАЙЫҒАНБЫЗ...

Кімнің байығысы келмейді. Баюдың жолында, баюдың барысында ерлі-зайыптылардың басынан нелер өтіп, нелер кетпейді. Баю үшін бір мезгіл ыңқытып арақ ішіп, мысалы мына мен мас болып маңқылдап та көрдім. Несін жасырайын, аузыма бір қасық арақ кірсе мақтанып байлық жайлы айтып, жұрттың миын шірететінім есімде.

Байлыққа қарай бара жатқан жолда, құрсын, біздің үйде болды ғой неше түрлі комедияға бергісіз комедиялар. Мына біздің би бір құдайдан тілеген қатын. Құдайдан тілеген қатын дейтінім, кейін қалған кешегі кеңес қоғамы тұсында менің айлық табысым 100-110 сом деңгейінен жоғары ыршып көрген жоқ. Осы деңгейді келіншегім көпке шейін қомсынып «осы-ақ па?» деп жүрді. Содан мен айлаға көштім. Ол қандай айла дейсіздер ғой? Айтайын. Кассирге жалынып-жалпайып айлық табысымды 1 сом, үш сомдықтарға майдалатып, сөйтіп бір етектей ақшаны келіншегімнің алдына тезек төккендей төгемін де саламын. Көзі жайнап, бетіне қан жүгіріп, ол «мынаның бәрі біздікі ме?» деп, мұрынының үсті терлеп, ақша санап кетеді. Арасында үһілеп қояды. Бір жақсының бір жаманы бар деген емес пе, сөйтіп жүргенде оның көзі көпке үйреніп, анау-мынау көпті азсынатынды шығарды. «Осы-ақ па?» деп...

«Ауру қалса да, әдет қалмайды». Қазір теңге заманында да, яғни байығанға шейін айлық табысымды сол баяғы әдетімше кассир қызға майдалатып, әл-Фараби бабаның сәлде ораған бейнесі бар бір-бір тенгеліктерді үйге арқалап әкеліп жүрдім. Кассир қыз «қойыңызшы ағай, қайдағы жаман ырымды шақырмай» деп ауызының ауданын бір-екі рет үлкейтіп еді, мен бір қорап шоколадпен тұншықтырып қойдым.

Сонымен, біз былай байыдық...

Жоқшылық, тапшылық адамға не дегізбейді, байығанға шейін біздің үйде болмашы нәрседен өрт шығып, эпицентрі белгісіз қашықтықта қаншама рет жер сілкінді. Ана жетпейді мен мына жетпейдінің шақпағынан от шашырап, болды ғой талай үшінші дүниежүзілік соғыс...

Вопшым, біз былай байыдық...

Әрине, онай келер байлық жоқ. Орталық стадионның тазалықшылары бөтелке жинап байыпты деген қызық хабар құлағымызға тиіп, ерлі-зайыпты екеуіміз төсекте қатар жатып, жарысып сөйлеп, содан бірімізді-біріміз түсінбей, аяқ жағы дүниежүзілік соғысқа айналып кеткен түндерді қазір есіме алсам жүрегім ойнайды. Менен гөрі келіншегімнің дауысы ашықтау. Оның дауысы балконнан, терезенің көздерінен шыға бастағаннан электр,

телеграф сымында қаз-қатар отырған торғайлар үркіп ұшып, көршілер есік-терезелерін сарт-сұрт жаба бастайды.

Ұзын сөздің қысқасы, біз былай байыдық.

Бір күні телефон шыр ете қалды. Мен тұтқаны жұлқып көтеріп, «арғы бетке» құлақ тостым.

– Тындап тұрмын.

– Бұл кім екен, маған Дірек ағай керек еді.

– Өзі.

– Салаумағалейкүм, мен Лысый деген інішегіңіз болам. Бір қарағанда балаңызбын.

– Қалай «бір қарағанда», қазақпысың?

– Қазақпын. Сіз мені танысыз, ағай. Ақтаулықпын.

Лысый мекен-жайды жазып алып: «қазір сізге сәлем беріп шығамын, көп уақытыңызды алмаймын» деді.

Бәтеңкесінің өкшесі мыж-мыж, балмұздақ па... жоқтан шүкір мұртына ақтандақ бірдеме жұққан, көзілдірігі сатпақ-сатпақ ербиген біреу үйге кіріп келді. Лысыйымыз осы болды.

– Аға, мен төрге шықпаймын, асығыспын. Шаруамен жүрмін, – деп Лысый әрмен қарай: Ақтау-мұнай-шеvron деді ме, арасына Американы қосты ма, бірталай түсінікті-түсініксіз сөздер айтып, зуылдап алып асты.

– Та-а-к, болдың ба?

– Ер жеткен балаларыңыз, жақын-жуықтарыңыз бар ма? Бізге сенімді, қайратты жастар керек. Бізде айлық табыс жаман емес. Айына үш мың доллар. Коттедж үй болады. Гаражы, ауласы, машинасы...

Лысыйдың үсті-басына көңілі толмай, ерінін шығарған да емес, шығармаған да емес – ауызы біртүрлі боп отырған біздің би:

– Айынаушмыңдоллар? Үшмыңдоллардегеніңізтенгегеайналдырғанда-а, – деп, алға қарай кетіңкіреп қалған астыңғы ерінін жылдам жинап алды.

Қазір не көп – алаяқтар көп. Осы қу сондайлардың бірі болып жүрмесін деген сақтықпен, мен:

– Шырағым, ол неғылған батпан құйрық, – дей бастап ем, би:

– Біздің бұ қасқа енді сөйтеді ғой, – деп басындағы орамалын жұлып алып, әрмен қарай сілкіп жіберді. – Үйлерін шетелдіктерге беріп үй жасап, тағы басқа да тірліктер жасап жатқан жоқ па, жұрт қазір. Бұл...

– Жеңгей дұрыс айтады, жеңгейдің түсінігі бар адам екен, – деп Лысый пәлекет біздің биді тілімен түртіп қалды.

Маңдайым быт-шыт болып, мен Лысыйға қарадым.

– Біздің үйдің телефонын кімнен, қайдан алдың, сен қу?

– Біздің ең үлкен көкеміз, ең үлкен бастығымыз Мәскеуде тұрады. Сіздің және бірнеше адамның аты-жөнін, мекен-жайларын маған берген сол кісі. Көмектес деді.

– Бастығың кім деген?

– Кеңпейілов Кедір деген. Сіз ұмытып қалғансыз, біз ол екеуміз студент кезімізде сіздің үйде талай болғанбыз. Сіз құдайдан тілеген адамсыз.

«Құдайдан тілеген адамсыз» деген сөзі ішімді жылытып, мен берілуге қарадым.

– Сонда ол неғылған батпан құйрық?

– Бізге Америкадан, Канададан көп зат келеді. Алдыңғы кезекте жұмысшыларымыздың аузы-мұрнына тыққыштаймыз. Ауысып жатса өздеріңіз сияқты құдайдан тілегендерге...

– Слушай, сонда ол неғылған батпан құйрық?

– Сіз батпан құйрық дей бересіз. Бос жатқан батпан құйрық жоқ, аға. Бізде, мысалы, кант бар, вермишель бар, Вьетнам күріші бар...

– Бағасы?

– Бағасы – сутегін. Қолға квитанция береміз. Бізге теңгеден гөрі құжат тиімдірек.

Биге көзім түсіп кетіп еді, бетіне қан жүгіріп, адам болып қалыпты.

– «Жалмандаудың қажеті жоқ, берейін десе құдай өзі береді, құдай өзі береді» дейтін едің. Берді деген осы, – деп бидің тілі сыртқа шығып, аузының айналасында жүріп қайтты.

– Размері есімде жоқ, етік бар, шампан бар, – деп, Лысый інім әрмен қарай лыпылдатты. Нанайын ба, нанбайын ба?...

– Әзірге екі қап қант, бір қап вермишель, бір қап ұн ала тұрыңыздар. Сосынғысын – сосын.

Бидің ауызы жылдамдық ала бастады.

– Күн ыссы, ұн ашып кетеді. Бір қап жарайды. Қантың мен вермишеліңнен тағы бір-екі қап қарайлас, айналайын.

– Болады. Былғары пальто, еркектердің бөтенкелері бар. Размері есімде жоқ, қазір сұрап білейін, – деп Лысый орнынан түрегеліп, телефонға барды.

– Алло, Таня, а...а, Лариса, привет, это я... Жеңгей, жазып алыңыз.

Біздің би шапқылап жүріп қалам-қағаз тауып алып, Лысыйдың айтқанын айтқандай, айдақтатып-сойдақтатып жаза бастады.

– Етік женский. 37-размер. Бәтеңке швейцарский 39 размер. Кілем... персидский...

Алатын заттарымыздың рет саны 39 болып, қырыққа біреуі жетпей тұр еді. Лысый:

– Айтпақшы, импортный тырнақалғыш пен тісшұқығыш бар. Қаласаңыздар, – деп, телефонды бір пәле қып жіберді.

– Құрсын, тырнақалғышты қайтеміз, – деп біздің би төбеге қарап бір күліп алды.

– Қашан жеткізіп берейік? Ертең ондарда? Менінше бүгін дұрыс. Қараңғы түсе. Он бірлерге таман. Ақы-пұлына, айттым ғой, еш қиналмаңыздар. Тек транспорт пен жүкшілерге шамалап нетсеңіздер болды.

– Қанша? – деген менің сауалыма Лысый:

– Көп емес. 500 теңге жетеді, – деді өкшесі жырым-жырым «швейцарский» бәтеңкесін аяғына іліп жатып.

Түнгі сағат он бірлерде қара көрсетіп, азық-түлігімізді ырсылдап-пырсылдап он екінші қабатқа жеткізіп беретін Лысый бауырымыздан – міне, он екі жыл болды – әлі хабар жоқ.

Милиционер ағайындарды кеше ғана біреулерге қосылып жамандап, іске асырмай тастап ем, алдарына баратын болдым-ау, ойбай ғана құдай-ай! Міне, біз осылай байыдық.

ҚАРА ШАМАДАН

Есіктен ешкідей қара шамадан кіріп келді. Ән салып, газет басып тұрған мен де, машинаның артында аузы жыбырлап газет санап отырған Аухади де екеуміз де есікке қарай жүгірдік. Есікке мен бұрынырақ жетіп, ілмешегін ілдім. Аухади шамды сөндірді. Бас-аяғы санаулы секундтың ішінде екеуміз де суық қаруланып алдық. Аухади бүгін ғана басталған рулон қағаздың үстінде жатқан бір метрдей пышақты, мен клише тесетін бұрғыны алдым. Тың тыңдадық, терезеден сыртқа көз қыдырттық, ешқандай бет көрінбеді. Аухадиге менің төрт-бес айлық ағалығым бар еді, мынандай сын сағатта сонымды ескеріп, оған қуат беру мақсатымен өтірік батырси қалдым. Іште тұрып сыртқа айбат шектім.

– Уа, бұл қайсыларың түн ортасында түлен түртіп жүрген?

Жауап жоқ.

– Уа, орта есеппен нешеуіңдер?

Тіл жоқ.

– Бұл тегін емес. Екеуміздің біреумізге өшігіп жүрген бір дүлей күш бар, – деді Аухади. – Аанада терезенің ашық көзінен пышақ салбыратты. Енді міне тағы... Бұл қара шамаданның ішінде біреудің басы аузын ашып, есінеп жатпаса неғылсын...

Менде қай бір бүтін жүрек бар, «безгегім» ұстап қоя берді. Айт-айтпаса да бұл тегін шамадан емес. Бүгін түннен тірі шықсақ ертең коллективке қалайда хабарлау керек. Қауіпсіздік жағдай жасалмай болмайды. Бірде болмаса бірде терезенің ашық көзінде қос ауыз мылтықтың екі танауы үңірейіп, қорғасын түкіріп жібермесіне кім кепіл!

Аудандық газет редакциясы жанындағы осы баспаханада менің печатник болып қызмет істегеніме екі жыл. Баспахананың мехнатын басында барлар біледі. Мысалы, мына мен, яғни Саламат ағаларың осы уақыт аралығында не көрмеді. Маңдайларындағы бір-бір бетті ақырғы түзетуден өткізіп, әріп теруші қыздар күнмен бірге ұзатылып кетіп жатады. Сонан соң арттарына қарайлай-қарайлай корректорлар қол бұлғайды.

Сөйтіп барлық байлық, барлық билік бізге қалады. Мұның өзі бір жағынан бізге мақтаныш та еді. Өйткені бір ауданның ойдай газетінің жауапкершілігі біздің мойнымызда. Бүкіл аудан бізге қарап жатыр!

Екі жыл бойынғы жұмыс процесінде маған көмекші құтаймады. Есептеп қарасам осы уақыт ішінде он қаралы көмекшім болыпты. Бәрі де баспахана бейнетінің бірер күн «қызығын» көріп ізінше қол бұлғайды.

Енді қайтсін. Клише, әріп ұшады, жіп үзіледі, қағаз тастап тұратын таяқша сынады, октын-октын валикке газет оратылады, түнімен алас ұрып шығамыз. Міне әлгі: «Маған бай шақ келмеді», – деп бір мақтаншақ жеңгеміз айтқандай, маған көмекші шақ келмеуінің себебі осыдан. Рас, мына Аухадидің тұқымы бөлектеу екен, айналайын. Әзір сыр бермей жүр. Міне, енді қара шамаданды да көріп отырмыз.

Осынша өшігетіндей қайсымыз қай адамға қиянат жасадық, кімнің обалына қалдық, соны еске түсіру үшін екеуміз газет басатын машинаның артына келіп, ойласып қалдық.

– Оллаһи, өз басым аманмын, – деп қарғанды Аухади.

Менде қарғандым. Дегенмен де мен оған бір-екі адамнан сезігімнің барын айттым.

– Өткен жылы бір жексенбінің кешінде Бейбітшілік көшесінің бойымен қақайып кетіп бара жатсам, жинақ кассасының алдында әлгі ауданымызға танымал аласа кісі тұр.

– Айдабол!

– Сол аған. Тұрысы менен сәлем дәметіп тұрғандай. Сауабы тиер дедім де, иегімді айдалада бара жатып шошаң еткіздім. Ол да дайын екен, кідіртпей жауап берді де сұқ саусағымен өзіне іліп шақырды. Бардым. «Сен өсесің, сен өсетін жігітсің» деді. Дұрыстап рахметімді айттым.

Бірде онымен тағы да көшеде қауыштым. Ол арғы бетте, мен бергі бетте. Мені көре сала айқайлап, домалап жетіп келді. Жайшылық па деп едім, жайшылық деді. «Сен өсесің, сен өсейін деп жүрсін», – деді. Жақсылыққа жорып, тағы да молдау етіп алғысымды айттым. Ол кері домалап кете барды.

Тағы бірде дүкенде көгендеулі галстуктерді дөңгелетіп қарап тұрсам, біреу жауырынымнан шымшып тартты. Бұрылып қарасам, сол бір тұтам ағай, «Шығып кетші», – деді. Шығып едім, сонау сордың жағасына дейін шығынтты. Мен аздап секем алып; «Сіз мені өлтіргелі жүрген жоқпысыз?»

— деп едім, ол кейіңкіреп тастады да: «Мен тілектес адаммын, — деді. — Сен өсесің, сен өскелі жүрсің!».

Ит өлген жерге дейін шығынтқанда айтқан бар құпиясы осы. «Көңіліңді коньяк көтерсін», — дедім. Оның менімен ісі жоқ, бұйымын бітірген адамдай домалап алып асты.

Мен адам танысам мына кара шамаданның «авторы» сол. Ол мені не біреуге ұйғарып жүр, не бірдемеге бастап жүр. Ертең мен ол бір тұтамды жұтып жіберемін!

Енді екінші сезікті адамымды айтайын.

Биыл жұмыстан кейін Оспан екеуміз шахмат ойнап отырсақ, бойы көз шамамша екі-үш Айдабол шығатын бір жігіт салбырап тұрып алды. Мен: «Сізге кім керек?» — деп едім, ол: «Бізге сіз керек» — деп сыртқа басын ырғады. Басыма неше түрлі бәле келді. Кішкенеден кейін жаңағы жайсаңға тағы бір ұрланып қарап едім, ол қапы жібермеді, сыртқа басын ырғады. Мен міз бақпадым. Ол мені түсінбей қалды деді ме, әлде тақаппар санады ма: «Шығып кет деп тұрмын ғой», — деп жер тепті. «Шықпаймын, бірдеме бергің келсе мына кісінің көзінше бер», — деп, менде артықтау кетіп қалдым. «Жоқ, шығасың», — деді ол.

Шықтым.

— «Топан» деген роман жазып тастадым. Соны үйге барып оқып шығасың», — деді ол. Көндім.

Алдына салып үйіне айдап әкелді. Қасыма бір бақыраш көженің суын қойды. Сосын «Топанның» қолжазбасын шаңын бұрқыратып алдыма топ еткізді. Бір бақыраш көженің суының арқасында авторына алаң-ғұлаң қарап қойып, аттап-аттап шолып шықтым. Шыбын жаным үшін өкіртіп мақтап бердім.

Бір кезде ол: «Ал олай болса сен осы романның газетіне үзінді басып жібер», — деді қасымдағы бақырашты қозғап-қозғап қойып. Бақыраш қозғалған сайын шыбын жаным тыпырлап барады. «Бітіп тұрған бүтін дүниені жырымшылап, алақандай аудандық газеттің бетіне қор қылғанша жетінші поезбен Ақтөбеге қоя бер», — дедім мен тұтқыннан шығудың жолын іздеп. «Сен олай болса осыны толайым машинкаға басып бер», — деді ол. «Машинкаға басылғаннан гөрі қол жазбашасы құндылау, нанымды, өтімдірек келеді», — дедім мен. «Ал сен олай болса анада редакцияға түскен өлеңдерге шолу жасағанда менің поэзияма тіл тигізіп не әкеннің құны бар еді?» — деп, ол бақырашты тағы да қозғап-қозғап иманымды ұшырды.

Кешірім сұрадым, ең жаңа өлеңдерін сұрадым, тұтқыннан әрең құтылдым. Мына кара шамаданның иесі сол болмаса?

— Романисіңді қайдам, Айдабол ағай атақты ақ көңіл кісі деп естимін. Сіз түгіл, әне бір жылдары осы аудан басшыларының біреуінің кабинетіне кіріп барыпты. Кіріп барыпты да: «Ақсақал, столыңызға ие болыңыз, өссіз, өсірем» депті.

— Күн шықсын, сосын көрерміз, — дедім мен. Қазір валиктерді босатып, аздап мызғып алсақ? Жүз қаралы газет қалыпты, таң қылаң бере сартылдатып тастармыз. Қазір екеуміз де осы шөккен күйімізде ұйқының ауылына жүріп кетейік?

Жүріп кеттік.

...Атып тұрдық. Есіктің арғы жағынан «мына екеуі өліп қалған ба?» — деп айқайлаған үй сыпырушының даусынан шошып ояндық. Есікті ашсақ әжей, оның артында жетісіп, күліп баласы Нәкей тұр. Нәкей өткен аптада облыс орталығына командировкамен кеткен еді. Ол тырқылдап күлген бойы кара шамаданды өңгерді де жүре берді.



Арқиман

**Дүкен
МӘСІМХАНҰЛЫ**



АЛТАЙ БИ

(Тарихи дастан)

БІРІНШІ БӨЛІМ: БАТЫР БАЛА – ЕР АЛТАЙ

Әл-Қисса. Қазақ хандығы құрылған кезден бастап, XVIII ғасырдың 50-жылдарына дейін қазақ жеріне ойраттар бірде өршелене, бірде баспалап кіріп тоқтаусыз шапқыншылық жасап отырды. Қазақ халқы ойраттарды алғашқыда қалмақтар, кейін жоңғарлар деп атады.

Ең алғаш XV ғасырдың 50-жылдары ойраттардың қалмақ тайпасының билеушісі Үз-Темір тайшы өздерімен іргелес жатқан қазақ даласына шабуыл ұйымдастырады. Ол Дешті Қыпшаққа баса-көктеп кіріп, Ақ Орданы ойрандады. Одан Сыр бойына жетіп, қазақ ұлыстарын оңтүстік-шығысқа қарай ығыстырып, Түркістанды, Ташкентті басып алды. XV ғасырдың 70-жылдары ойраттардың шабуылдары жиілей түсті. Қазақ ханы Таһир (Тайыр) ойраттардың жолына кедергі жасау мақсатында Жетісуда ірі Жатан бекінісін салдырды. XVI ғасырдың екінші жартысында Хақназар хан тұсында қазақ әскері ойраттарға қарсы тойтарыс беріп, үлкен жеңістерге қол жеткізді. Тәуекел хан билік еткен тұста да қазақ жасақтары жау әскеріне қарсы күйрете соққы бере білді.

XVI ғасырдың орта шені мен оның 2-ші жартысында қазақ хандары ойрат билеушілеріне қарсы күресте едәуір басым түсіп отырды. Өйткені бұл кезде ойрат нояндары Моғолстанға қарсы күрес және ойрат қоғамының өз ішіндегі алауыздық салдарынан біршама әлсіреген болатын. Жоңғар хандығына біріккен төрт ойрат тайпасының шабуылдары, әсіресе, Батыр қонтайшының тұсында өрши түсті. Соның ішінде 1635, 1643-1644, 1651-1652 жылдары қазақ жеріне жасалған жорықтардың зардаптары қабағат ауыр болды. 1643 жылы Батыр қонтайшының туы астында 50000 жоңғар әскері Жәңгір хан бастаған қазақ жасағына қарсы ірі жорық ұйымдастырды. Қазақтарға қарсы бұл қанды жорыққа халха тайпасының билеушісі Алтын ханның баласы Омбо Эрдени әскері де ат салысты. Кейбір деректерге қарағанда бұл жорыққа Еділ қалмақтары да қатысқан. Жәңгір хан бастаған 600 ғана қазақ әскері қорғаныс ұйымдастырып, жедел көмекке келген Жалаңтөс баһадүр сарбаздарымен тізе қосып, 10 мыңдық жау әскерінің шабуылын тежеген. *1681-1684 жылдары қалмақ қонтайшысы Цебан Рабдан қазіргі Қазақстанның Жетісу және оңтүстік аудандарына басып кіреді. Қазақ ханы Тәуке хан шайқаста жеңіліске ұшырап, оның баласын ойраттар тұтқынға алды. 1684 жылдары ойраттар*

қазақ жеріне тағы да жойқын жорық жасайды. Осы жолғы қан-қасап шайқас кезінде және одан кейінгі жылдары Жетісу жерінде, қалмақ шабуылының өтінде отырған ішінара қазақ рулары (албан, суан, жалайыр, қаңлы, ысты шапырашты) Жетісудан ақырын-ақырын жылыстап, бас сауғалап Сыр бойына қоныс аудара бастайды.

1710 жылы Үш жүздің басын қосқан Қарақұм жиынында жауға қарсы күш біріктіріп тойтарыс беру жөнінде шешім қабылданады. Бөгенбай батыр біріккен жасақтың қолбасшысы болып бекітіледі. 1711-1712 жылдары 50 мың адамдық Қазақ хандығының әскері Жоңғар хандығына басып кірді. Бұл қыста болған жорықты ойраттар күтпеген болатын. 1713 жылы ойраттардың 3000 адамы бар әскер күшінің қарсы шабуылы жеңіліске ұшырады. 1715-1723 жылдары ойраттардың негізгі әскери күші Цин империясы әскерлеріне қарсы соғысып жатыр еді. 1722 жылы Цин императоры Кансидің өлімінен соң Цэбан Рабдан енді басты күшті Қазақ хандығына бұрады. Кенеттен жасалған сұрапыл шабуылды күтпеген қазақ қолы соғысқа дайын емес болатын. Әскер күшін біріктіріп үлгермеген қазақ хандары елдің оңтүстік-батыс аудандарына шегінуге мәжбүр болды. 1723 жылы Цэбан Рабданның 100 000 адамдық жасағын бастаған оның балалары Ғалдан Церен мен Шоно қазақ ауылдарына басып кіріп, ойран салды. Мұндай қанды жорықтар 1723-1727 жылдары аралығында тағы да бірнеше рет қайталанды. Бұл тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалған ел басына күн туған ауыр кезең еді. Тек 1726 жылы Қазақ хандығының хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары Ордабасыда бас қосып, ойраттарға қарсы күресті қайтадан ұйымдастыруға мүмкіндік алды. Қазақ халқының үш жүзінің әскери күшін топтастыруда Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер үлкен рөл атқарды. Бұланты-Білеуті өзендері аралығындағы жазықта болған жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста қазақ жасақтары жау әскеріне күйрете соққы берді. 65 000 қазақ қолы шамамен 40 мыңдық ойрат әскерлерін талқандап, зор жеңіске қол жеткізді.

Қысқасы XVIII ғасырдың орта тұсында қазақ халқы өз азаттығы жолындағы Отан соғысын жүргізді. Жалпықазақтық біріккен әскери жасақ жоңғар басқыншыларына ұйымдасқан түрде үсті-үстіне соққы бере бастады. Мұның өзі көбінесе бүкіл қазақ халқының күш-жігер біріктіруінің арқасында мүмкін болды. Қазақ халқын түгелдей қырып жіберу қаупі ел билеушілерін бұрынырақта араларында болған алтыбақан алауыздықты, берекесіздікті, өкпе-ренішті ұмытуға, ұлт болып ұйысып, жұмыла бірігіп, жоңғар әскерлеріне сілейте соққы беруге жұмылдырды.

Қазақтың билеушілері, билері мен батырлары қазақ мемлекеттілігін қалай да сақтап қалуға күш-жігерін барынша аямай жұмсады. Бұланты және Аңырақай шайқастары қазақ сарбаздарының жауынгерлік рухын күшейтіп, ерлік-жігерін аспандата биікке көтерді. Ол шайқастардағы жеңіс халық болып топтасқанда, жұрт болып жұмылғанда кез келген мықты жауды жеңіп шығуға болатынын анық көрсетіп берді.

Жоңғар басқыншыларға қарсы қарулы қарсылықты ұйымдастыруда қазақтың әр тайпасынан шыққан Қабанбай, Бөгенбай, Хангелді, Наурызбай, Райымбек, Жасыбай, Есет, Малайсары, Баян, Олжабай, Қожаберген, Түгел, Бөлек, Шақантай, Төленді, Қошқарбай, Байболат...т.б. да көптеген батырлар жаумен болған қанмайдандарда маңызды рөл атқарып қана қоймай, «түмен қол», «мың қол», «жүздік» деп жасакталған сарбаздарға қолбасшылық жасады. Сондай-ақ олар ірі көлемді қанды шайқастарда өздері бастап кіріп, майданда ерен ерлік көрсетіп отырды.

Жалпы Жоңғарлардың қазақ еліне шапқыншылығы табаны күректей бір ғасырдан астам уақытқа (1640-1750) созылды. Сол қалмақ шапқыншылығының ең көлемді әрі ең шешуші шабуылдары 1722-1725 жж., 1726-1729 жж., 1731-1735

Ұлысонар ғасырға біз көрмеген,
Сапар шектім сүрлеулі іздерменен.
Ол іздің сүрлеуі бар жадымызда,
Тарихтың қысқа жібі күрмелмеген.

Қазақтың тарихы бар алтын баулы,
Тот басқан алмас қылыш
күн көрмеген.

Кім білер ел қорғаған ер ұлдарын,
Қу толағайжастанған түндерде ерен.
Бәрін айтта бірін айт,

Алты Алаштың,
Біледі сокпақ жолын шын зерлеген.

Қу толағай жастанған оғландарын,
«Жау қайда!» деп жар салған
бағландарын.

Жыр етіп тасқа басып қалдырайын,
Қазағымның қара нар кормалдарын.

Жалаң төс жауға шапқан серілерім,
Жау көрсе жұлкынатын перілерім.
Жалғыз сүйем жер үшін

жан пида қып,
Жапанда жалғыз жортқан бөрілерім.

Жауына найза сұқпай құмар қанбас,
Ту ұстап түрен салмай тұмарланбас.
Қаһары айдағардай, бура нардай,
Ерлерше жекпе-жекке сұранған жас.

Қасқа бұлақ, қоянкөз көлдер аз ба?
Қаңырап құлазыған белдер аз ба?
Ойраттар ойнақ қылған сол даланы,
Азат қып ел қондырған ерлер аз ба?

Айдынды шайқар дауыл аласұрған,
Қайырылған қыран қазақ
қанатынан.

Тарихтың тарам-тарам жолдарында,
Даңқты ерлер аз ба дара туған!
Атқа қонса секілді кентаврдай,
Тот баспайтын құрыштан
жаратылған.

Ер Қабанбай, Науырызбай,
Райымбек,
Ерлікте асып туған Алашымнан.

Солардың ізін басып өкшелеген,
Ерлікті елі үшін еткен ерен.
Алтайдай батыр барын жұрт біле ме,
Сол жайлы жыр еді бұл кестелеген.

Жауды көрсе Ер Алтай батыр еді,
Дауды көрсе данышпан, ақыл еді.
Алтай десе Алтайдай асқақ еді,
Мың жауға жалғыз өзі татыр еді.

Халқына дауыл тұрса қалқан еді,
Жауына арыстандай тарпаң еді.
Жай күнде күзететін ел бірлігін,
Ол келгенде дау өзі-ақ тарқар еді.
Құдай берген ақылы, дарынымен
Жұртының көшін өрге тартар еді.

Ғажабы, қан жұтқанда құба мекен,
Досың да бетін теріс бұрады екен...
Есесіне жерінді қорғайтұғын,
Ел-ана ерлерді көп туады екен.

«Ақтабан шұбырынды» болған кезде,
Бейбіт ел торғайдайын тозған кезде,
Бар қазақ бас сауғалап Сырға барды,
Басқа амал,
шығар жол да болмады өзге.

Үш жүздің бар баласы көрші болып,
Бір-біреуін ес тұтып, қонсы қонып,
Сыр-ананың емшегін қатар еміп,
Қал-қадари күн кешті өсіп-өніп.

Бар қазақ су кешсе де бірге кешті,
Бірге асты қолтықтасып қыр-белесті.
Албанның қызылбөрік руы мен,
Арғынның алтайлары іргелесті.

Арғын алтай, Албаннан қызылөрік,
Жеп-ішті нанын жарып, тұзын бөліп.
Анда болды, баталы құда болды,
Бірі-бірінен келін ап, қызын беріп.

Кетпейді жүректен сыз, ойдан қайғы,
Тек Сыр-ана үмітпен жайрандайды...
Құдайындай сыйлады арғын,
найман,

Ақылман, сөзге шешен
Найманбайды.

Мың алты жүз тоқсан алты,
көктемінде,
Сұлу сырдың жайқалған көк белінде,
Әйелі Найманбайдың көп толғатып,
Ұл тапты нұр қосқандай көкте күнге.

Тарқады Найманбайдың наласы да,
Жанының жазылғандай жарасы да.

Арғын алтай ішінде туды ғой деп,
«Алтай» деп есім берді баласына.

Уақыт өтіп жатты шапқан аттай,
(Таң атқан ба арман-жүк арқалатпай)
Алтайы екі жасқа келген кезде,
Найманбай тағы ұл сүйді
балпанактай.

Аз болса да күндерде жан иіген,
Қазақтың ұлдар өрді әр үйінен.
Найманбай би шаттанып,
азан айтып,
«Әжібай» деп ат қойды сәбиіне.

Деп келсе де кесір күн
қам-қайғы егем,
Найманбайдың көңілі
марқайды ерен,
Төрт ұлының ішінде Әжібайы,
Егіздей қатар өсті Алтайменен.

Ай аунап, апта ағылып,
күн дөңгелеп,
Бір жылдан бір жыл туар
мүлдем бөлек.
Сөйтіп жүріп Алтай мен Әжібайлар,
«Он бес» дейтін келіпті бір белге де.

Өткенді айтсам жанымнан
құлайды өлең,
(Мен неге болмасты айтып
жылай берем?!)
Қазаққа үйіп-төгіп ЕР сыйлаған,
Тек қана Жапбар ием –
Құдай дер ем.
Бір ғана ер Алтайды сипаттасам,
Болмысы ер Алтайдың былай дер ем:

Қара нардай тұлғасы
Қарағайдай сұлбасы,
Жауырыны қақпақтай,
Білектері тоқпақтай,
Аймүйіз арқар құлжасы.
Ақылын оның сұрасаң
Саф алтынның тұнбасы.
Айласын оның сұрасаң,
Сунь Цзыменен¹ бір бәсі.
Шешендігін сұрасаң,
Жиреншенің шындасы.

Жанары отты қырандай,
Тіліп өтер түнекті.

Бұқа мойын бұландай,
Жолбарыстай жүректі.
Кең пейілін сұрасаң,
Ұлы байтақ Тұрандай,
Еліне болған тірек-ті.

Жау тисе елдің шетіне,
Бес қаруы сай еді.
Серт қып қолға ұстаған
Алдаспаны ай еді,
Ала өгіздей мөңіретіп
Жебесі тартқан жай еді.
Астындағы қаракер,
Ол мінгенде тай еді.

Жауына жасын оқ еді,
Жанып тұрған шок еді.
Алтай болса ауылдың
Уайымы жоқ еді,
Қарыны әр кез тоқ еді.
Алтайсыз кезде елінің
Қайғы-мұңы көп еді.

Қарағайдай тас жарған
Тұлғасы асқақ асқардан,
Алтай деген ер еді.
Жалаң төс шапқан жауына,
Жалаң қылыш шері еді,
Жалғыз жортар бөрі еді.
Онға жасы келгенде,
Қазақты қырған аяусыз,
Қалмақтай жауды білгенде,
Жүрегін ыза тілгенде,
Ақтабан болып жүргенде –
Азу тісін қайрады,
Бес қаруын сайлады,
Құлағында аттың ойнады.
Жеткенде жасы он беске
Білекке қылыш асынып,
Кек қайтарсам дер еді.
Алтай, Арқа, Алатау,
Қасиетті Қаратау
Көк тіреген Тәңіртау
Жер жанаты – Жетісу,
Жау қолынан азат қып,
Ел қондырсам дер еді.
Осы жайлар батырдың
Жас жүрегін мұнайтқан,
Қатқан қара шер еді.
Алтай менен Әжібай,
Міне осындай ер еді.

АЛҒАШҚЫ ЖОРЫҚ

Заманның он сегізінші ғасырында,
Қалмақтар жай жатпады шатырында.
Қазаққа көз алартқан хандар бітті,
Қалмақтың қатынының жатырында.

Жалпыға нұрын төгер жарық ғалам,
Хақ Тәңір пендесіне тарықпаған.
Қандыкөз жауызға да ғұмыр берген,
Жер бетін қанмен жуып тамұқтаған.

Жоңғардың жоны жалпақ даласында,
Айналған жалғыз өзі дара шыңға.
Цебан Рабдан хан болып
таққа отырды,
Мың жеті жүз жылдардың
шамасында.

Қазаққа ойы бар-ды ойран салмақ,
Жөнкілді Жетісуға қалың қалмақ.
Көшкен орман секілді
жүз мың қолы,
Жер жүзін жіберердей түгел жалмап.

Қазақтың жасыл белін, айдын көлін,
Тұманға тұншықтырды
қалың шаңдақ.
Тұтқиыл тиген жаудан абдыраған,
Қайғылы қазақ енді қайда бармақ!?

Аттандап, жау шапты деп:
«қалмақ, қалмақ..!»,
Қалың ел абдырады зарлап, сарнап.
Қазақтың көк аспанын тұман торлап,
Жас толды қара көзге көлдей парлап.

Қалмақтың қалың қолы
көшкіндей боп,
Қазақты шапты аямай екпіндей кеп.
Қапыда шапқан жауға
қауқар жетпей,
Қайран ел тартты сонда ауыр бейнет.

Дағдарып Алаш сонда қамығады,
Босқан ел алыс жолдан арығаны.
Қадірін азат күннің сонда біліп,
Бейбіт күнді аңсайды, зарығады.

Керегесін өрт шалып, уық сынып,
Ортасында түсті елдің шаңырағы.
Қарт таулар қалғып сонда
қайғы жұтты,

Бүрлемеді қайыңы, талы-дағы.
«Жұт жеті ағайын» дегені рас екен,
Сол көктем төлдемеді малы-дағы.
Алланың әмірінсіз болушы ма ед,
Он сегіз мың ғаламның соры-бағы.
Қоштасып туған жермен,
айдын көлмен,
«Елім-ай» сонда туған халық әні.

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшке ілесіп бір тайлақ бос келеді.
Туған жерден айырылған қиын екен,
Қара көзге мөлтілдеп жас келеді.....»

Қара көзден жас түгіл, қан сорғалап,
Жан-жаққа қазақ босты
жылай-зарлап.
Боз атанның бұйдасын жау кесті де,
«Алқа көлді» бетке алды
жан сауғалап.

«Ақтабан шұбырынды» болды қазақ,
Қу тағдыр сонда
Алашты қылды мазак.
Әдірем қалып сонда атақүлдік,
Қайғыдан қан жұтқаны қандай азап.

Қайғы алып қара аспанды
мұнарланды,
Бөрте бел шер көкірек қуарған-ды.
Аққу үркіп айдыннан аулаққа ұшты,
Аспаны Алашымның мұнарланды.

Жебелеп аш бөрідей Қара тауды,
Босқан ел қаша-қаша Сырға барды.
«Алқа көл» үріккен елге пана болып,
Қаралы қазақ сонда сұлаған-ды.

«Алқа көл сұлама» деп содан қалған,
Жеткен сөз ежелгі жыр ғазалдардан.
Кіші жүз қиян бойлап, Хиюа жайлап,
Тентіреп кетті жырақ оданда арман.

Сондықтан Сырды ана дейді Алаш,
Болмас-ты бұл сөзіме мүлде талас.
Сыр-Анадан қуат ап
жапырақ жайды,
Секілді тамыры терең мөуелі ағаш.

Осы арада кідіртіп қалмақ жайын,
Қазақтың тағдырына аялдайын.
Абылайдың ақ туын желбіреткен,
Ерлерін қазағымның баяндайын.

Хақ Тәңір ер ұлдарға шер бермес пе,
Батырға қалың елі дем бермес пе.
Тапталып жау қолында

Ер ұлдар алмай ма екен
калған жырақ,
ел-жерді еске.

Азаттық қазаққа кеп оралмай ма,
Жан кешу қанды жорық
ерлер кешсе?

Арманын аскак ердің Алла қолдар,
Сол шақта батыр Алтай келді
он беске.

Кетпейтін түнде түстен,
күндіз ойдан,
Алды ол көкорайлы белдерді еске.

Акку, каз, көгала үйрек, шағаласыз,
Қаңырап қалған, алды көлдерді еске.

Жиды Алтай оғландарын
жан-жағына,

Бас имей тағдыр салған қармағына.
Жасы он беске жеткен соң
қылыш алып,

Жауға шабар жетті ол арманына.
Құдай өзі жол ашып тұрған сынды,
Қырандай көкті тіліп самғарына.
Күн туғандай шайқасып ата жаумен,
Тұншықтырар өзінің қандарына.

Жиылды ауылының бағландары,
Бәрі де осы күнді армандады.
Өлсе шәһит, өлмесе ер атанар,
Не деп тұр кім біледі алдан бағы?

Ер Алтай жиып алып жігіттерді,
Жоспарын шабуылдың тізіп берді.
Топ-топқа бөлді сосын оғландарды,
Топ басылар тағы да іріктелді.
Ер Алтай Әжібайдың ағасы еді,
Жарасқан алтын тонның жағасы еді.
«Жассың» деп,
Әжібайға «қал» деп еді,
Қосыннан шегінбеді бала пері.

Әжібайға бәрі де «жассың» деді,
«Жасың сенің 15-тен ассын...» деді.
Әжібай осы кезде ағасына,
«Он үштемін!
Бала емес, Баспын...» деді.

Ер Алтай бек сүйінді інісіне,
Сүйінді тұлғасының ірісіне.

Он үштегі балаға ұқсамайды,
Сөздері де, қимылы, жүрісі де...

Бәрі де көп шыныққан ат ойнатып,
Мергендікті меңгерген
топайды атып...

Ара-тұра асынып бес қаруын,
Қарауылға да шығатын атойлатып...

Сол кезде топ алдына ата келді,
Сары би екен, Алтайға бата берді:
«Қолыңды жай, құлыным, міне бата,
Құдайым өзі сақтар баталы ерді.
Жау шапқан, елің босқан

заманың бар,
Мың шүкір, әке көрдің, ата көрдің...
Әке көрген ер бала оқ жонбай ма,
Ер сақтамай кім сақтар аталы елді.....
Жортқанда жолың болсын,

Алтай балам,
Жауды жеңіп бірі бол жоталы ердің...
Есен атаң аруағын Есте сақта,
Деп саған Алла атымен
бата бердім....»

Аттанды «жау қайда?»
деп қалың жігіт,
Аттары шығыс жаққа құлақ түріп.
Алатау бауырына ілікті кеп,
Кек кернеген жігіттер күн-түн жүріп.

Жігіттер тау сағалап тағат қылды,
Жұлдыз – бағдар,
ай-күнді сағат қылды.

Тұлпарлар қос құлағын қайшылаған,
Шабар жерім қайда деп жарап тұрды.

Қарағай, қайың-тал мен бұта-бүрген,
«Бұтаны аралайды жолын білген».
Аужайын қалмақтардың
байқап алмақ,

Жер шолып, аңыс аңдып,
құлақ түрген.

Қалмақтың камалы бар Қаскелеңде,
Оңай ма камал алу жас беренге.
Камалы қалмақтардың ұйқысырап,
Тықырды естімейді, тас керен бе?!

Жер шолып қаныққасын
жау жайына,
Жармаспақ қалмақтардың
шаужайына.

Әзірге тыныш жатқан жауды
үркітпей,
Тынықты Алатаудың байрайында.

Біреді күн жатты олар жауды барлап,
Шауып кіреді, шегінер жолды шарлап.
Жау қамалы тым-тырыс,
бейғам екен,
Осыны пайдаланып ұрыс салмақ.

Ер Алтай жүректі де айлалы әрі,
Даурықпай сабыр сақтап жайланады.
Қамалды қалай алу жайын ойлап,
Қайқы қылыш секілді қайралады.
Бас-аяғы елудей жігітпенен,
Осы түн жау шаппаққа сайланады.

Жігіттер мың сан алау отты жақты,
Тау жақтан төмен қарай тас құлатты.
Сасқан жау
«қазақ шапты қамалға» деп,
Дүрлігіп құр далақтап шапқыласты.
Садағын ала өгіздей мөңіретіп,
Жебесін айдалаға атқыласты.

Қара түн.
Шақ еді бұл ай тумаған,
Жаққан от қалың қолдай
жайқындаған.

Алтайдың айласына тау таңғалып,
Іштен тына қалыпты сайқын далам.
Ер Алтай азық-түлік, қару-жарақ,
Қоймасын өртейміз деп айқындаған.

Қалмақтар мың алауды жау деп ұқты,
Бұл-дағы Алтай тапқан айла мықты.
Құлаған тас қиратып бекінісін,
Қалмақтан алды түгел зәре-құтты.

Назары ауған шақта мың алауға,
Таудан тас тасқындай боп құлағанда.
Ер Алтай қойма жақты бетке алды,
Іздеген кез болғандай сұрағанға.

Бір сәтте нән бекініс өртке оранып,
Қамба тұр қос бүйірін отқа малып.
Азан-қазан, ұлар-шу,
«өөө, бурхан мин» деп²,
Қалмақтар шұрқырасты естен танып.

Астында қалып қойған
шаңдақтардың,

Бұл тарих сүрлеуі ғой қан дақтардың.
Сол түні көп шерігі жер жастанып,
Кебін киді Келені қалмақтардың,

Жүректен тарқатқандай
қайғы-шерін,
Таң ата тауға тартты Алтай ерің.
Өртенген қамба жатыр
бықсып жанып,
Елестетіп қазылған қалмақ көрін.
Жұтуда жас оғландар Жетісудың,
Жаныңды жадыратар жұпар лебін.

Әр жерде жас бөрілер
жалғыз жортқан,
Алқымдап қалмақтарды
қыл тамақтан.

Райымбек қосынына қосылмаққа,
Жан-жақтан келіп жатты
топтан-топтан.

Қасында Райымбектің кіл баһадүр,
Қайтпайтын шапқан қылыш,
атқан оқтан.

Райымбек Хангелдінің немересі,
Ақылмен айла тапқан
шаршы топтан.

Жалайырдан Жолбарыс пен
Ескелді бар,
Қаһарланса айбарынан
дауыл соққан.

Суаннан Сатай батыр жан серігі,
Жалыны артығырақ жанған шоқтан.
Жиналып кіл баһадүр, өңкей мерген,
Ойран төбе жерінде басты қосқан.

ҚОСЫНҒА ҚОСЫЛУ

Бұл шақта Ер Алтайдың
даңқы аспандап,
Жау қамалын жас бөрі
жүр талқандап.

Естісе Ер Алтайдың есім-сойын,
Дос шаттанып,
қанқұйлы жау жасқанбақ.

Аттанған «жау қайда?» деп
бір ауылдан,
Сексен шақты бозбала ер оғылан.
Жүздері нарттай лаулап
жарқылдайды,

Суырған қылыштайын қынабынан.
Қан майдан болады деп бір сұрапыл,

Батырлар азаттық деп бұлқынатын.
Хангелді ұлы жүзге сауын айтты,
Қалмаққа жеңілістің бұлты жақын.
Қамданды Алтай батыр бір жорыққа,
Сәтті аңсап арайлы азат күн туатын.

Қосынға қосылмаққа Алтай батыр,
Аттанды, уа, Тәңірім, алқай да тұр!
Жүрегі аттай тулап алқынады,
Онда бар ер Жолбарыс, Сатай батыр.
Онда бар Ескелді мен ер Өтеген,
Жау жүрек Қалыбек пен

Бақай батыр.
Жас жолбарыс «жау қайда!»
деп жалындаған,
Тағы бар Жалайырдан Қапай батыр.

Жорықта Әлмеректей абызда бар,
Соңғыға абыздардан аңыз қалар.
Әрі шешен әрі би Балпық та бар,
Нақылсөзді тасқындай ағызды олар.

Жорықта батырда жүр, бақсы да жүр,
Езде жүр, ер көңілді жақсы да жүр.
Күмбездей дулығалар жарқылдайды,
Сарбаздар қатар-қатар сап құра-дүр.

Сартылдап сауыт-сайман,
кару-жарак,
Қалың қол таусыларма бір күн санап.
Боз үйлер алты қанат төскей бетте,
Шошайма қос тігілген оған жанап.

Әлмерек жасауылға көз сүйінтіп,
Сөйледі түйдек-түйдек сөз түйілтіп.
Абыздың тандайынан шыққан сөзді
Тәңір өзі тұрғандай мың құбылтып:

Уа, батырлар, оғландар,
Сендерге бата берейін.
Сөз киесін терейін,
Рухыңды жебейін
Бүлкілдесін көмейім.
Қол бастаған батырға,
Сөз бастаған асылға
біріміз қалмай бәріміз,
Соңынан соның ерейік.
Жоңғарға қарсы аттанып,
Ер қаруы – бес қару,
Білекке соны ілейік.
Азаттық үшін ту ұстап,
Жауды жерден түрейік.

Түрен салып қалмаққа,
Сиынып құдай, аруаққа,
Амандық-саулық тілейік!
Найзағайдай көк тіліп,
Жасындайын төнейік.
Қарсы келген жау болса,
Көрге тірі көмейік!
Қартайдық деп тұрмаспыз,
Азаттық үшін жан пида,
Өлсек бүгін өлейік.

Көзімнің ағы-қарасы,
Бес саусақтың саласы
Сендерсіңдер оғландар!
Оттанда ыстық отан бар,
Соны жаудан қорғандар!
Қара бұлттай түйіліп,
Сауыт-сайман киініп,
Қарсы келген қалмаққа
Тамұқ болып орнаңдар!
Уа, баһадүр, батырлар,
Жай отындай жасыңдар!
Тасқын судай тасыңдар,
Таудан ары асыңдар!
Қара қалмақ көрсендер,
Албастыдай басыңдар!
Нөсер болып құйыңдар,
Батырларым бар менің
Ақырғанда дауысы
Найзағайдай шатырлар!

Азат күнді аңсаған,
Соғыстан әбден шаршаған,
Ел-жұртыңа шаттанып,
Жеңімпаз боп барыңдар!
Баһадүр боп барыңдар!
Шоктай болып жаныңдар.
Арғы бабаң ер түрік,
Батыр текті қаның бар.
Хақ тағалам қолдасын,
Әруақ-құдай оңдасын!
Жаудан аман қайтыңдар,
Сүйінші Елге айтыңдар!
Әумин, Аллаһу Ақпар!

СОҢҒЫ ЖОРЫҚ

Батырлар атқа қонды сатыр-сұтыр,
Сауыттар, қалқан-найза
шақыр-шұқыр.
Жоңғардан олжалаған зеңбіректер,
Қалмаққа ажал бүркіп, жасын түкір!

Қалың қол қозғалғанда
жер қозғалды,
Жер мен ел азаттыққа тең қозғалды.
Талай жыл қалмақ салған
қайғы мен мұң,
Жүректе қатқан қара шер қозғалды.

Жеткенде Көктеректің даласына,
Көрінді қалмақтардың қарасы да.
Қалмақтың да топаны аз емес-ау,
Осал емес қаруы, шамасы да...

Кең көсілген жазығы Көктеректің,
Іргесі «Жоңғар қақпа» – өткелектің.
Ұрысқа да қолайлы бір жер еді,
Әсіресе атүсті жекпе-жектің.

Шығысы Кекілік тау, Қойлығымен,
Өзендер өрнектеген ойды кілең.
Ақсу, Сарқан, Басқан мен Қаражиде,
Лепсі өзені ағуда өз жөнімен.

Қалмақ та қалың қолмен
қарсы келді,
Араға «жекпе-жек» деп жаршы келді.
Қалмақтың бір батыры ат ойнатты,
Бұжыр бет, дию қара қансұр өнді.

Қазақтар талас қылды жекпе-жекке,
Япыр-ай, батыр ұлдар шепте көп пе?
Түрінен күн тұтылды батырлардың,
Болмастай қайсыбірін өкпелетсе.

Сол сәтте «Я, аруаақ!» деп
Алтай батыр,
Жауына орнатпаққа заман ақыр.
Найзасын тік көтеріп алға шықты,
– Жас қой, – деп жұрт шулады, –
неткен батыл!

Астында Алтай ердің Көктеңбіл-ді,
Көктеңбілді ер Алтай көптен мінді.
Атылды жауына ол жолбарыстай,
Ойына ап қалмақ шапқан
өткен күнді.

Қалмақтан дию тектес біреу шықты,
Бұжыр бет, бітеу мойын, беті түкті.
«Өө, бурхан! Туслаач!»³
деп айқайлайды,
Не мықты, не болмаса
көңілі күпті....

Қалмақтың батыры екен Баяр деген,
Мың қазақты іремей сояр деген.
Нән найзасын көтеріп паңданады,
Арт жағында қара құрт Ноян,
Келең....

Қалмақ та қарсы шапты
қансұр болып,
Найзасын оңды-солды
шаншыр келіп.
Бұлтарып бойлатпады Алтай батыр,
От шықты қос найзадан
жарқыл болып.

Батырлар найза сілтеп,
қылыш сермеп,
Қап-қара болды лезде тұнық келбет.
Аюдай қалмақ батыр ақырады,
Селкілдеп тұла-бойын ашу кернеп.

Бір сәтте Алтай батыр көз ілеспей,
Көктеңбілдің баурына еңкейді ептей.
Еңкейе берді-дағы найза сұқты,
Өлсін деп жау да болса азап шекпей.

Найзасын қадапты ол қақ жүрекке,
Өкірді қалмақ батыр зарлы кепте.
Сөгілген тұсын байқап тор сауыттың,
Еңкейе бергені сол теңбіл көкке.

Қорқырап жатты қалмақ
дөңбектей боп,
Әрине, жау қолынан өлмек бейнет.
Қазақтың рухы тасып ұран салды,
«Уа, Алтай дәл өзіндей
ер жоқ қой!» деп.

Қазақтар қуаныштан айқайлады,
Тау-дала жаңғырығып
«Алтайлады...».
Осыдан соң қалмақтың сағы сынып,
Көрінді қазақтардың марқайғаны.

Басталды айқыш-ұйқыш
шанды жорық,
Қан қасап, судай аққан
қанды жорық.
Қазақтарға ғайыптан қайрат бітіп,
Қалмақтар сүмірейді сорлы болып.

Ер Алтай қылыштайын
жарқыл қағып,

Ойқастайды оңды-сол топты жарып.
Атты жауды түйрейді найзасымен,
Қылышымен жаяудың басын қағып.
Қан сасып дел-сал болып

дала жатты,
Қарға-құзғын қаптады бар алапты.
Қаражиде, Лепсі мен
Басқан, Сарқан,
Ағынымен қан-жынды ала қашты.

Қалмаққа ойран салды солай қазақ,
Көңілден тарқар ма екен
талайғы азап.
Жоңғарды түре қуып шекарадан,
Күнгеде жетті қазақ арайлы азат!

Азаттыққа қай бақыт тең келеді,
Қуаныштың тез жетті елге лебі.
Бір-ақ күнде қазақтың таңы атып,
Бақыты өрге қарай дөңгеледі.

Азат күнге қай бақыт тең келеді,
Ер елге, ел ерлерге дем береді.
Көктерек, Лепсі, Сарқан,
Қызқаш, Қойлық,
Алтайдың азат қылған жерлері еді...

Бұл жеңіс бірлігі ғой Алашымның,
Артта қалды қан кешкен
панасыз күн.
Біріксе алмайтұғын қамалы жоқ,
О, Қазақ, дара болып жаратылдың!

Аспаны Алты Алаштың жадырады,
Гүлдері даласының жамырады.

Соқыр көзден жас шықты
қуанғаннан,
Өлгеннен де естілді қабір әні...

Ұлар-шу, тірі қазақ көрісуде,
Ғасырлық қуанышын бөлісуде.
Тірілері сүйісіп ғашықтардай,
Жылап-сықтап еске алды өлісін де.

«О, АЗАТТЫҚ!
Сен қандай ғажап едің!!!
Шын кетті ме бұл бастан азап, өлім?!
Мың бір тәубә Жаратқан-
Пәруардигар,
Ұмытпапсың Алашты, Қазақ елін...»

...Кеңкілдеді абыз қарт, кейуаналар,
Деп жүретін жас-ұрпақ қайда қалар?
Дат басқан тай қазандар көтеріліп,
Таудай ет, көлдей сорпа,
қайнады олар.

Ұлан-асыр ой-қырда той қаптады,
Тау-даланың кеткендей жайнап бәрі.
Сай-саладан бұлақтар күліп ақты,
Асыр салып төрт түлік ойнақтады.

Көк аспаным – мәңгілік
көк туымдай,
Шүлен нұрын көктен де
төкті күн, ай.
Қазақты жаратқанда-ақ жер бетіне,
«Күн сөнгенше сөнбесін!»
депті Құдай.

ЕКІНШІ БӨЛІМ: ШЕШЕН АЛТАЙ – БИ АЛТАЙ

Әл-Кисса, «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде кара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-бабам Бумын қаған, Істеми қаған таққа отырған. Таққа отырып түрік халқына, еліне, төріне тұтқа болған, қалыптастырған» (Күлтегін жазуы. Милади 732 ж.).

Сол заманнан күні бүгінге дейін ежелгі түркі жұрты, олардың тікелей ұрпақтары қазақтар Кіндік Азия өңірін ен жайлап өсіп-өніп келеді. XVII-XVIII жауынгерлік ғасырларда осынау ұлан-байтақ, түгін тартсаң май аққан ұшы-қиырсыз маң даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, ат ауыздығымен су ішіп, ер толарсақтан қан кешкен қиянкескі шайқастардың арқасында жаудан қорғап, сақтап қалған болса, ел бостан, жер азат болғаннан кейін, енді әрі қарай бұл жерге ие болу, осы жерде тіршілік ету, өмір сүру, ұрпақ өрбіту, ел ретінде іргені бекемдеу міндеті тұрды. Осыны ойлаған қазақ ханы Абылай Сырдың бойына жан сауғалап барып ұйлыға қоныстанып қалған қазақтарға Жоңғардан босаған бұрынғы атақоныстарына жедел түрде қайыра

көшіп барып, ірге тебу туралы пәрмен шығарды. Сонымен Орта жүздің Абак керей баласы Алтай-Сауырға, Қара керей – Найман баласы Тарбағатай-Барлық, Алакөлге, Ұлы жүздің Жалайыр, Албан, Суан секілді тайпалары Жетісуға көш түзеді.

Осы ұлы көште Алтай би өз аталастарымен бірге Жетісу жеріне, атап айтқанда Лепсі, Қаратал, Ақсу, Көксу, Күренбел, Мұқыры өңіріне барып кереге жайды. *Жаугершілік заманның өзінде де ағайын арасындағы ірілі-ұсақты дау-дамайды шешудегі, алым жинаудағы, олжа бөлудегі әділдігімен «би» атанып кеткен Алтай Найманбайұлы, Жетісу жеріне қоныс аударып келгеннен кейін ресми түрде Албанның қызылбөрік тайпасының бұи ретінде тарих сахнасына шықты.* Тура билігімен, әділдігімен, тауып айтар шешендігімен есімі алыс-жақынға таралды. Қысқасы Алтай Найманбайұлы – ел шетіне жау тисе бес қаруын асынып шығып, қан майданның бел ортасында жүретін жаужүрек батыр әрі қолбасшы; ал ел ішінде дау туса ел берекесін, жұрт бірлігін, қоғам тыныштығын сақтау мақсатында жол ұстаған көсем, сөз ұстаған шешен болған, халық қалауымен би болған тарихи тұлға.

Бұл туралы назарларыңызға келесідей тарихи дәлел-дәйекті ұсына кетуді жөн санап отырмыз.

Патшалық Ресейдің әскери инженер-топографы, өлкетанушы, этнограф-жазушы, шығыстанушы-ғалымы – Иван Григорьевич Андреевтің (1743-1801 жж.) – «Описания Средней орды киргиз-кайсаков» атты еңбегінен «Волось кызыл бурюк, в которой старшина Ажибай-Алтай. Подвластных одного кибиток до 300 лошадыми и скотом не весьма богаты» (Алматы, 1998, 76-б.) деген жолдарды оқуға болады. Бұл бір.

Екінші бірі, XX ғасырдың орта тұсындағы сирек кездесетін жазба деректерде сақталған Әбзейіт Мәлікеұлының «Ер Әжібай» тарихи жыр дастанын айтуға болады. Ол кейіннен «Бабалар сөзі» сериясымен кеңінен жарияға жол тартты.

Дастанның алғашқы тарауынан-ақ кездесетін өлең жолдарында Алтайдың жай қатардағы азамат емес, өз заманының әйгілі адамы, айтулы тұлғасы, аузы дуалы, сөзі уәлі би-шешені болғандығын байқауымызға болады. Дастандағы:

«Төрт бала туған екен
Найманбайдан,
Бөрі боп төртеуі де данқын жайған.
Ақыл мен әділдікке болып артық,
Озбапты ешқайсысы ер Алтайдан.
Алтай би атаныпты, ақылды боп,
Әжібай батыр болған дүниеде жоқ.
Алтай би көңілденіп үйге қайтты,
Көшіріп, Тұмаршанын
жүгін артты...» –
деп келетін жолдарды оқуға
болады.

Ел аузындағы қариясөздің бірінде мынадай дерек кездеседі: бірде қырғыз жақтан дауға түскендердің ішінде Ешен деген ақын болыпты. Бұл кісі сол жолғы кеңесте айтар пікірінің көбін өлеңмен жеткізген дейді. Сол өлеңдерінің ішінде Алтай биге:

Бурундан Алтай сени жүрчүм
байқап,

Би болдың ел басқарып
сөзду чайқап.
Чалғыдай чөпкө
тиген жайлоодағы,
Түк қоймай маңайынды
жүрсұң жайпап.
Арғы атаң Шыбыл би де
арлан болғон,
Билікте бұд қазаққа қорғон болғон
Аттыға жол, ауыздыға
сөз бермес деп,
Сені Алтай,
шыбар атаң арман қылған, –
деп өлеңмен мадақ айтқан екен.
Міне осының өзінен-ақ Алтайдың өз заманында елге есімі белгілі би болғандығын, сондай-ақ оның азаматтық келбетін, өз заманындағы қазақ қоғамынан алатын орны мен тарихи рөлін айқын аңғаруға болады.
*Ал Алтай бидің кіндігінен тараған
Құлманбет, Көлбай, Қасқа, Сүйіндік,*

*Бәйтелі, Мәнжу, Қарабек, Меңдес,
Төлес, Зәңгі деген он ұлынан өрбіген
ұрпақ бүгінде өсіп-өніп іргелі елге,
үлкен руға айналды. Олар өздерін «Ұлы
жүз, Албан, Қызылбөрік, оның ішінде
«Атаймыз» деп атайды.*

АЛҒАШҚЫ АДЫМ

Деменіз қамсыз-мұнсыз

сайрап өтем,
Бұл өмір ақ пен қара майданы екен.
Сол майданның ішінде күн кешесің,
Жерден басқа кетпесең
жайға бөтен...

Бұл өмір мүдделердің шеп-аланы,
Анау сені андиды, сен ананы....
Біреуді байқаусызда қағып кетсең,
Ертең келіп ол сенен кек алады.

Біреу қолын алтынға малсам дейді,
Біреу күн боп аспанда жансам дейді.
Тонасам да, алдасам, ұрласам да –
Кедей бай, байлар
құдай болсам дейді,

Ағайыннан озсаң да, қалыссанда,
Жауменен атыссаң да, алыссаң да,
Тіршілік өз заңынан жаңылмайды,
Бұл пәниде ұжмақпен табыссаң да....

Тіршіліктің зырқырап доңғалағы,
Сол кетеді, қаласа оң барады...
Жау тиіп бір жағынан жатқанымен,
Ағайын даусыз болмас сонда дағы.

Ағайын тіршілікте керіседі,
Керіседі, қайтадан келіседі.
Біреулер еңбекпенен нанын тапса,
Біреулер арам асын жеп-ішеді...

Алдыңнан шыға бермес күткен елес,
Туады кейде судан, сүттен егес.
Бәрін айт та бірін айт бұл қазақтың,
Жер дауы, жесір дауы біткен емес.

Десең де «О, Жаратқан,
жарылқашы!»,
Қағыста қала қоймас қарымтасы.
Іргелес ауылдардың тағы да бар,
Сырымтасы немесе барымтасы...

Бір жорықта қолға да түседі ұры,
«Намыс па?»

Тұтпайды олар місе мұны!

Кей жорықта көз шығып,

бас жарылып,
Кейде тіпіті болады кісі өлімі.

Кісісі өлген шұрқырап жыласады,
Өлгеннің күн, өтеуін сұрасады...
Міне осындай кикілжің,

керістердің –
Бөрінің арты дауға ұласады.

Ел іші жаусыз болмас, даусыз болмас,
Көп іс бар бұл өмірде көңіл толмас.
«Тура билер туғансыз» деген қазақ,
«Туғанды би имансыз»,
қашан да оңбас.

Найманбай би – тура би болды елге,
Қарамады малына, мансап-шенге...
Қай даудан да шығарып әділ шешім,
Сала білді маңайын, елді жөнге.

Жауыңа да әділ бол, жолдасыңа,
Әділ болмай, мөр тұрмас қолға, сірә...
Найманбай би бір сынап

көрейін деп,
Жинап алды төрт ұлын ордасына.

Төрт ұлы да жап-жас-тын,
балаңкөрік,

Ордаға кірді жаймен салам беріп.
Әкеміз не шаруамен шақырды деп,
Өздерінше ой кешіп, алаң болып.

– Келіндер, төрлетіндер

құлындарым,
Бауыр етім, жүрегім, жұлындарым.
Бәрің де сезінетін жасқа келдің,
Елің менен жеріңнің мұңын-зарын.

Әкелерің Найманбай, мына менмін,
Сөзге жүйрік бірімін құлагердің.
Сендерден бір сұрайтын сұрағым бар,
Менің емес, негізі сұрағы елдің.

Екі аяқты пендені адам дейміз,
Ол жасаған уақытты заман дейміз.
Кей жағдайға сүйінсек
«жақсы» дейміз,
Кей жағдайға күйінсек
«жаман» дейміз.

«Жақсы» деген әрине, түсінікті,
Игі, ізгі, иманды, кісілікті...
Бұл дүниеде не «жаман»?
Найманбайды,
Осы сауал уайымға түсіріпті.

Ақыл жастан, — деген бар,
асыл тастан,
Жас озбақ, қарт шегінбек —
әлмисақтан.
«Жаман» деген немене, қаншау екен?
Осы сауал қойды ғой
шықпай бастан.

Бір сауал алдарына лақтырдым,
Өздеріңе келіп тұр құлақ түргім.
Жауапты да беріндер, осы қазір,
Шұғыл қажет болғасын
сұрап тұрмын, —

Деп Найманбай өз сөзін аяқтады,
Төрт ұлының көздері алақтады...
Аз-кем ғана кідіріп толғанғасын,
Кезекпенен сөздерін сабақтады.

Бәрі де өз жауабын баяндады,
Қайсы бірі тарихқа аялдады...
Шығуға әкесінің көңілінен,
Төрт ұл да, барын салды, аянбады.

Елтігендей әсем саз, көркем үнге,
Найманбай би тыңдады төртеуін де.
Төртеуі де ой өрді өз әліңше,
Көздерінде ұшқын бар, өрт өңінде.

Ұлдарымен өткізіп жарты күнін,
Алғандай рахаттанды жан тынымын.
Дегенменен би әке жасырмады,
Алтайдың жауабына тәнтілігін.

Дес бермес қызыл тілдің құлагері,
Бұл бидің өз ұлдарын сынауы еді.
Найманбай тәнті болған
жас Алтайдың,
Сондағы айтқан жауабы мынау еді:

«Сауалың қиын әкешім,
Ойымның айтсам төтесін,
Он жаман бар деп ойлаймын,
Сөзімнің кешір қатесін.

Біріншіден не жаман?
Бас-басына бек болған,
Алды-алдына шеп болған,
Берекесіз ел жаман.
Екіншіден не жаман?
Қасы мен досын білмейтін,
Жетегіне де жүрмейтін,
Есірік туған ер жаман.
Үшіншіден не жаман,
Күйдіретін тәніңді,
Жандыратын жаныңды,
Жалалы қаңқу сөз жаман.
Төртіншіден не жаман,
Төтеден шауып жеріңе,
Төндірген қауіп еліңе,
Шақырмай сені шайқасқа,
Аттандап шықпай айқасқа,
Жасырын келген жау жаман.
Бесіншіден не жаман,
Белінде жоқ құрағы,
Сайында жоқ бұлағы,
Көлденең жатқан тау жаман.
Алтыншыдан не жаман,
Айтқан тілді алмаған
Өзі біліп болмаған
Ақылсыз, жалқау ұл жаман.
Жетіншіден не жаман,
Әдеппен іс қылмаған,
Атаның даңқын былғаған,
Желіккен, жемір қыз жаман.
Сегізіншіден не жаман,
Өтірік мақтап, күлімдеп,
«Әулием, шейхім, пірім» деп,
Ішіңе кірген қас жаман.
Тоғызыншыдан не жаман,
Жер жыртып, тырмақ сермемей,
Мал бағып, маңдай терлемей,
Ұрлықпен тапқан ас жаман.
Оныншыдан не жаман,
Билігі әділ болмаған,
Күштіні ылғи қолдаған,
Әділдік үшін өлмеген,
Құлқынын ғана жемдеген,
Арамза туған би жаман.
Осымен сөзім тәмам-ды,
Берерсің әке бағанды.
Өмірде өзім байқаған,
Сөз еттім он жаманды.
Балалығым болса егер,
Сөге көрме балаңды», —
Деп Алтай сөзін ірікті жайыменен,

Жанғандай маңдайда күн,
айыменен... қашан да оңбас.

Найманбай би сүйсінді жауабына,
«Ұлымның өсіпті деп,
– пайымы ерен...»

Болар бала болады жастан айқын,
(Ондай ұлды үлкендер
жасқамайтын....)

Содан бастап Найманбай
жас Алтайды,
Жанынан болды екі елі тастамайтын.

Жас Алтай кейде төгіп
жалын жырды,
Өз ортасын жасындай жарып жүрді.
Найманбай жас тірнегін
шынықсын деп,
Кей-кейде дау-шарға да салып жүрді.

Ел іші жаусыз болмас,
даусыз болмас,
Көп іс бар бұл өмірде көңіл толмас.
«Тура билер туғансыз» деген қазақ,

«Туғанды би имансыз»,
Би Алтай шешті бәрін ақылға шақ,
Дау-шарды өлшемейді құлқынға сап.
Бимін деп, көш бастаған
серкемін деп,
Кекірейіп көрмеген кесір жасап.

Қасымнан қалған қасқа жолға түсті,
Есімнен қалған жолмен Орда тікті.
Хан Тәуке жарғысымен ел басқарып,
Демеді «анау осал, мынау мықты!».

Алкүрең шабытыммен аяндайын,
Бабамды ұлықтаудан аянбайын.
Алтай бидің дау шешкен,
кесім айтқан –
Сәттерінің біразын баяндайын.

Күн туса ел басына жау қайырды,
Бейбіт күнде би болып
дауды айырды.
Осылай батыр Алтай «би» атанып,
Халқына халқына есім-сойы
кең жайылды.

ТҰҢҒЫШ ТӨРЕЛІК

Әлқисса, қоңсы отыратын екі бай Аралбай мен Сауранбектің ылғи барымта-қарымталасып жүретін жігіттерінің арасында бір күні үлкен жанжал болады. Жанжал соңы Аралбай жігіттерінің жеңілісімен аяқталады. Бірақ Сауранбек ауылының бір жігітінің оң қолы шокпардың соққысынан шынтағынан үзіліп түседі. Сонымен екі жақтың ортасында бітіспес дау басталады.

Содан Сауранбек ауылының адамдары Аралбай ауылынан қолы үзіліп, мүгедек болып қалған жігіттің бір қолының құнын сұрайды. Ал қарсы жақтың адамдары болса, Сауранбек жігіттерінің Аралбай ауылына арнайы барымтаға дайындалып келіп, жанжал-төбелес шығарғанын алға тартып, құн төлеуден бас тартады. Ал Сауранбай ауылының атқа мінерлері әуел баста барымтаны бастаған Аралбайдың адамдары екенін, даудың алғаш содан басталғанын көлденең тартады. Екі тарап дауласа-дауласа ақыр аяғында Найманбай биге жүгінбек болады. Алайда сол тұста қалмақтармен арадағы бір үлкен дауға төрелік айту үшін Найманбай би Сайрамнорға кеткен болатын.

Бұл кезде ресми «би» аты болмаса да, шешендігімен, дау-дамай шешудегі әділдігімен алыс-жақынға Алтайдың да аты шыға бастаған-тұғын. Сонымен «Найманбай биге барамыз» деп, ниет қылып, жолға шыққан Аралбайлар мен Сауранбектер неде болса Алтайдың алдына барып, төрелігіне жүгініп көрмек болып шешеді.

Келген бойда Аралбай мен Сауранбек кезек-кезек Алтайға болған жайды және өз уәждерін баяндайды. Екі жақты мұқият тындап болған соң, Алтай сөз алып, істің төрелігін айтады:

– Ердің құны 100 жылқы. Бас және екі қол мен екі аяқ – осы бес негізгі

мүшеге 100 жылқыны бөлеміз, сонда әр мүшенің құны 20 жылқы деген сөз. Алайда жігіттеріңіздің барымтаға дайындалып келгені үшін және сайланып барып Аралбай ауылында төбелес шығарғаны үшін Сауранбек ақсақал, Сіз Аралбайға 10 жылқы ат-шапан айып төлейсіз. Ал қалған 10 жылқыны қолы жұлынып шолақ болған жігіт Аралбайдың малынан еркек-ұрғашысы араластырып өзі таңдап алады, — дегенде, Аралбай бай:

— Алтай шырағым, кісінің бір қолын 20 жылқыға бағалағаның, тым артық емес пе? — деген сұрақ қояды.

Сонда Алтай тамағын бір жөткірініп алып:

— Қайырсыз болса ағайын,
Қайырусыз малмен тең.
Қайғысыз қара су ішсең,
Қара түнің таңмен тең.
Он екі мүшең сау болса,
Қара басың ханмен тең.
Жер бастырған екі аяқ

пырақ емей немене,

Мандайдағы екі көз

шырақ емей немене.

Денің сауда бұл өмір

жаннат емей немене,

Адам үшін екі қол

канат емей немене.

Жыбырлаған екі қол

наның емей немене,

Қыбырлаған екі қол

малың емей немене.

Еңбек етер екі қол

ырыс емей немене,

Сермеп салар екі қол

қылыш емей немене.

Бұл шешімге көнбесеңіз, «қанға қан, жанға жан» жосығы бойынша қолға қол! Оң қолыңызды Сауранбектер кесіп алады, жылқыңыз өзіңізде қалады, — деп санқылдай сөйлейді.

Осы сөзден кейін, Аралбайдың үні ішіне түсіп, басы сылқ етіп салбырап қалады. Сонымен екі тарап Алтайдың төрелігіне келісіп ауылдарына қайтады.

ҚАЛМАҚ КЕЛЕҢІМЕН СӨЗ ҚАҒЫСУ

Жауына малын берген,

жанын берген,

Қайғының кешті қазақ зарын белден.

Тұла бойын кек кернеп Әжібай батыр,

Жау шабуға аттанды шағын қолмен.

Іштегі кек пен қайғы шын қабынып,
Әр бірі жау жайратпақ мыңдап ұрып.
Күндіз орман сағалап, ат шалдырып,
Суыт алға жортты түн жамылып.

Бес қаруын бәрі де сайлап алып,

Жылжып келед,

жоспары айдан анық.

Бейқам жатқан жау қолын

қырып салмақ,

Шырт ұйқыда жатқанын пайдаланып.

Қара түн шымылдығы түрілгенде,
Шығыстан таң ағарып, білінгенде,
Алдарынан көрінді қалың нөпір,
Көкпекті жазығына ілінгенде.

Қалмақ шығып Торайғыр

таз қырынан,

Қарсы алды

Көкпектікінің саздығынан.

Осы жолғы ұрыста қалмақпенен,

Қазақ жағы жеңілді аздығынан.

Қалмақтың саны менен

сырын болжай,

«Қашыңдар, — деді Әжібай, —

бірің қалмай!»

Қазақ жағы шегініп, Ілеге асып,

Аман-есен құтылды шығындалмай.

Тұтқын ұстау болса да қалағаны,

Қууға қалмақ аты жарамады.

Қалмақты адастырып, жолға тастап,

Іленің ну тоғайын паналады.

Әжібайда таусылып амал-қайла,

Тоғайда жата берді, барар қайда?

Қалмақтар өрт қойғанда ну тоғайға,

Қазақтар ытқып шықты алаңқайға.

Өрт қояд деп кім бұлай ойлаған-ды,

Ат та жоқ, бес қару да жайда қалды.

– Менің інім жекпе-жекте жеңіліп қолға түскен жоқ. Қазақ-қалмақтың салтында жоқ айламен тұтқындадыңыздар. Біздің елдеріміздің арасында соғыс өрті тұтанғалы бері біз де сіз сұраған қанша тұтқындарыңызды босаттық. Егер сіздер, менің інім Әжібайды тұтқыннан босатпасаңыздар, біз де көп ұзамай Қонтайшының інілері мен ұлдарына майдан ашып, оларды тірідей тұтқындаймыз. Сол кезде өз заңыңыз бойынша тұтқын сұраушы болмаңыз, – деді дауысы саңқылдай шығып.

Мына сөзді естіген Келең мойны салбырап аз-кем үнсіз отырып қалады. Сол кезде Алтай би:

– Алдына келдім Келенім,
Ақыл-сабырға кененім.
Құдайдың адал құлы деп,
Өзіне сеніп кеп едім.
Ер азамат бір елдің тірегі болар,
Әр кеуденің тулаған жүрегі болар.
Ер азамат зынданда сорламас болар,
Баһадүрді олайша қорламас болар.
Әжібай менің туған інім,
Маңдайда жанған күнім!
Жөн білсең, Келең тақсыр,
Інімді қолыма тапсыр.

Тапсырмасаң, тұрысар жерінді айт,
Кезек сенде, кесімді сөзінді айт, – дегенде, Келең:

– Істің шешімі, Сөздің кесімі мынау: Үш күннен кейін Әжібайды ауылыңа жеткізіп саламыз. Інінді ауылыңа алып барған біздің шеріктердің амандығына өзің кепіл бол, – деп сөзді түйіндейді.

Айтқандай үш күннен соң сегіз қалмақ шерігінің атқосшылығымен Әжібай аман-есен елге оралады.

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Әлқисса, Алтай ресми түрде би атанып, алыс-жақынға даңқы кеткен кездерде, елдегі той-жиын, ас-нәзірдің бәрінде жиылған жұрт биден тағылымды сөз, келелі кеңес сұрайтын. Сондай бір жиында, ауыл ақсақалы:

– Биеке, халқыңыз сізден әңгіме тыңдасақ, ақыл-кеңес естісек деп жиналып отыр, – деп Алтай биге қолқа салады.

Сонда Алтай би арғы-бергіден, шәриғаттан, шежіреден суыртпақтап көп әңгіме айта келіп, сөзін мынадай ақыл-кеңеспен түйіндеген екен:

«Сараңға мал бітсе,
соярға торым таппас,

Жаманға мал бітсе,
қоярға орын таппас.

Текті жерден қыз алсаң,
Бала тапса құлпырады.
Тексіз жерден қыз алсаң,
Бала тапса жұлқынады.

Байдың малы қорулы,
Жақсының түсі жорулы.

Болайын деген жігіттің алғаны
ііліп тұрады,
Тозайын деген жігіттің
алғаны шүйіліп тұрады.
Жетелі бидің сөзінің дау шешер
кесімі болады,

Жетесіз бидің сөзінің
ел бұзар кесірі болады».

Осындай сөз Алтайдан бізге қалған,
Жүректерден өшпестей орын алған.
Ұрпақтың санасында жарқырайды,
Ұр жақұт, кілең алтын,
гауһар маржан.

ЖЕТІСУҒА ОРАЛУ

Қазақтар жауды жеңіп елге қайтты,
Сәлемін қуанышты желден айтты.
Шаттығын бұлдыр
сағым белден айтты,
Қаз қонып,
аққу жүзген көлден
айтты.

Алтайдың данқы көкке өрлей берді,
Жұрт оны бек-төремен теңдей көрді.
Жоңғарды жеңгеніне қуанған ел,
Аңыз қып атын оның мөрлей берді.

Сағынған Жетісуын, сайран белін,
Үйрек ұшып, қаз қонған
айман көлін.
Ел көшті жер жанаты – Жетісуға,
Көш бастап Ер Алтайдай
маңмаңгерін.

Қол бастау қиын емес батырға шын,
Көш бастау сүйенеді ақылға тың.
Қалың ел көш тізгінін табыстады,
Білген соң батырмын деп
тасынбасын.

Аудырмай көшті Алтай алды жүріп,
Халқына билік айтты жарғы құрып.
Шын ерлік білекте емес жүректе
екен,
Еліне сөз айтпады сан құбылып.

Мұқыры, Ақсуға кеп ошақ қазды,
Ұрпағы керегесін кеңнен жазды.
Манайын береке мен тірлікке
үндеп,
Өткізді билік құрып қыспен жазды.

Өмір-өзен тоқтаусыз ағылады,
Ғұмыр – майшам,
күндіз-түн жағылады.
«Жоқ тумак, жас қартаймақ,
туған өлмек»,
Кәдімгі табиғаттың заңы дағы...

Бұл заңға бағынбайтын
бар ма амалың,
Жүрмейді алдағаның, зарлағаның...
Ажалға бір сәтке тосқау болмас,
Алтыннан соққан анау зор қамалың...
Бұл пәни міне осындай болады екен,
Пенделер бір-біріне қонақ екен.
Мезгілі толған күні Алла өзінің,
Аманатын қайтарып алады екен.

Мың жеті жүз сексен үш. Шілдесінде,
Таяп қалған сәт еді күн бесінге.
Алтай би бесін намаз оқып тұрды,
Далада, ақбоз үйдің іргесінде.

Намазын оқып болып, құлай берді...
Суық хабар кернеді былайғы елді.
Жетісу, Алтай, Арқа, Атыраудан,
Естіген жоқтай келді, жылай келді...
Бар қазақ дұға қылып данасына,
«Бір Алла алсын, – деді, – панасына».
Тапсырды Алтай биді жер қойнына,
Қаражиде өзені жағасына...

Ұлы жүрек сол жерде тыныстауда,
Рухымен де жолымды дұрыстауда...
Аландама артына ұлы баба,
Намыс туын ұрпағың тік ұстауда!

СІРГЕ ЖИЯР

*Ойхой, қазақ даласы, не көрмедің,
Қанша құрап, қаншама көгермедің?!
– М.Мақатаев.*

Ырыс пен рух тұнған бұл даланы,
Қорқаулар құтырына жұлмалады.
Қан ағып сайларынан, өзенінен,
Қырларынан қасірет, мұң борады.

Еңіреп қарағайы, шыршалары,
Олар да Тәңіріне мұң шағады.
«Кең жайлау құлазыды елі көшіп»,
Аспанын да қара бұлт тұмшалады.

Қарай ма деп заманның беті бері,
Қарс айырылар қарттардың көкірегі.
Қайда барсаң қаралы жесір ана,
Жәутең қаққан жалаңаш жетімегі...

Сұр дала сұлап жатты шалқасынан,
Өн бойы өрім-өрім қан сасыған.
Тек қана ыңырсыған үн шығады,
Жетісу, Атырау, Алтай, Арқасынан...

Ойраттар одырандап даламызда,
Күлге айналды кентіміз, қаламыз
да...

Тірі қазақты бір сұрақ мазалады:
«Өшеміз бе, Ел болып қаламыз ба?!»

Бас қосып тірі қазақ ұрандады,
Көптен бергі осы еді ұлы арманы.
Ата жауды Отаннан қуамыз деп,
Серттесті Алты Алаштың ұландары.

Абылайдың алдына барды дағы,
Абыздардан ақ бата алды бәрі.
Үш жүздің «Мен! Мен!»

деген жігітінен,
Сайлауыт сан мың түмен қол құрады.

«Жар бола көр, қолдай көр
Құдайым» деп,
«Ниет қылдық қалмақты
қуайын» деп...

Деді де атқа қонды Қабанбай мен,
Бөгенбай, Баян, Жауғаш, Райымбек.

Бір сүйем жер бермейміз бөтен елге,
Қалың қол жөнкілді бір төтен өрге.
Қол бастап

Наурызбай мен Жәнібектер,
Қарасай, Әжібай мен Өтегендер...

Қолдасып ұлы жорық сапарында,
Асырып айбынын да, қаһарын да,
Ер Алтай атой салып бірге жүрді,
Жаужүрек баһадүрлер қатарында.

Осылай азат болды Отанымыз,
(Отан барда асқақпыз, жоталымыз...)
Жалаулы тарихымнан бата алыңыз,
Алаулы ерлерімнен от алыңыз.

* * *

Осындай бір тарихты маған мәлім,
Жастарға айту еді бар арманым.
Бұл жырды Алматыда бастадым да,
Саты мен Күрметіде тәмамдадым.

Тәмат-тәмам.

¹Сунь Цзы – б.з.б. V-VI ғғ. өмір сүрген қытайдың әйгілі әскери стратег-ойшылы, оның «Соғыс өнері» дейтін әскери трактатының бүгінге дейін өз құнын жойған емес. Дүниежүзінің әскери істер мамандары Сунь Цзыны «әскери істер әулиесі» ретінде құрметтейді.

²«Өө, бурхан мин» – қалмақша. «О, жасаған ием!» деген мағынада.

³«Өө, бурхан! Туслаач!» – қалмақша. «О, құдайым! Жар бола гөр» деген мағынада.



Поэзия

**Ерғазы
МАНАПҰЛЫ**



ӘЛІППЕСІН ӨМІРДІҢ, ТАУЫСА АЛМАЙ КЕЛЕМІН...

ҚАМШЫ

Дырау қамшы бұзау тіс,
Бес карудың бірі еді.
Дойырларға дырау-күш,
Кең даланың жүрегі.

Оңында да, солында,
Ер жігіттің пірі еді.
Жайшылықта қолында,
Сәндік үшін жүреді,
Қайшылықта тірегі.

Тірлігінен мың күнгі,
Белгісі еді парықтың.
Бүлінгеннен бүлдіргі,
Алмайтұғын халықтың.

Осы қамшы есі еді,
Осы қамшы сесі еді.
Бағы да осы бес елі,
Қайтқан жаудың меселі.

Қанша мықты аңыз бар,
Пайымдасақ, пысықтап,
Ел басқарған абыздар,
Қамшыменен ұшықтап.

Тентектің де ұршығын,
Тезге салған деседі.
Ер жігіттің қырсығын,
Бір тартқаннан кеседі.

Би дауына көнбеген,
Айтылмаса жан сыры.
Хан алдына көлденең,
Кесе тастап қамшыны.

Дат сұраған уәжді,
Ақиқатты алға сап.
Осы игі дәстүрді,
Жақсылықпен жалғасақ.

Жыны бұған бақсылар,
Жеткен кезде уағы.
Қолына алып қамшыны,
Сайтандарды қуады.

Тасығанда несібең,
Мандай тер боп тамшылар.
Ал бүгінде сесінен,
Айырылған қамшылар.

Жөнді-жөнсіз шатылып,
Мәнсіз болып мұраты.

Сувенир боп сатылып,
Дүкендерде тұрады.

Майға салса еріген,
Қамшының да жаны бар.
Түп атасы теріден,
Тобылғыдан сабы бар.

Қасиетін қамшының,
Білетұғын ел керек.
Бабасының жан-сырын,
Жаза алмаған зерделеп,
Менің дағы жотамнан,
Тартып жібер кермелеп.
Уа, аруак!

ӘЖЕМ МЕНІҢ...

Қырдан асып қыркүйек те келіпті,
Сонау сәби сәттерімді жетелеп.
Самарқаулау көңіл, шіркін, желікті,
Сары әжемнің елесіне еркелеп.

Осы айда мен ырыс-құты тасыған,
Жар сала енген мынау
жарық жалғанға.

Бәрін қайта бастайыншы басынан,
Қанат байлап сол балауса арманға.

Балалығым базыналы мазасыз,
Сары әжемнің етегіне оралған.
Жүрегімнің төрін де ғана Сіз,
Еркелеткен жалын алған от алған.

Сары әжемді сағындым-ау
сары күзде,

Құс ұшырмай төбемізден өсірген.
Еркелік те, тентектік те бар бізде,
Түк жұрнақ жоқ кесепаты кесірден.

Дағды ма әлде қалыптасқан баяғы,
Қыркүйекті сағынышпен күтем мен.
17-сі әжем маған ұмытпай,
Жаңа кәстөм әперетін дүкеннен.

Бірге соққан болашақпен жүрегі,
Бұлдыр қағып сағым
күндер өтті алдан.
«Бастық болғын» дейтін және тілегі,
Бастықтардан, сірә,
көңілі көп қалған.

Зырыл қағып,
күнді күнге жықтырған,
Кім тоқтатқан
бастығы жоқ уақытты.
Кәстөм емес, қазір ойлап отырсам,
Әжем маған сыйлайды
екен бақытты.

Келіп қапты қыркүйек те қыр асып,
Абыр-сабыр дүрбелеңге түспедім.
Сандықтағы кимешекті алдым да,
Сағынышпен ұзақ-ұзақ иіскедім.

ӘУЛИЕАҒАШ

Басың да аман болсыншы
отың да аман,
Асыл заман, өтті не бір тасыр-заман.
Жеті құлаш діңінде қарағаштың,
Уақыттың хаты жатыр оқылмаған.

Биік қойман мен-дағы өзімді елден,
Жаралған уа, киелім, төзімдерден.
Жеті ғасыр куәсі – Әулиеағаш,
Бабамыздың бабасының
көзін көрген.

Уақытпен жарысып арындаған,
Кеудесіне жасырған сырын ғалам.
Қүдіреті жетеді бір басына,
Қасиеті күн сайын қалындаған.

Көретін жай зат емес құр сағынып,
Тартады тереңіне тұмса-қылық.
Қүдіретіне таң қалып жаратқанның,
Тәу етер «Әулие» деп жұрт ағылып.

Болмысында бедерленген
бар ғажабы,
Тамыры жалғап тұрған замананы.

Қойнауы құт-береке туған ауыл,
Шегірткесі шаттықтан шырылдаған.

Ауылым қиялыма кепіл берген,
Биік қойман қашанда еркімді елден.
Күн тұрсын төбемізде шуақ шашып,
Әжемнің таба наны секілденген.

Өрісі малға толған жоны майлы,
Ауылымды беу, кімдер танымайды.
Ырысын үлпілдетіп, шүлпілдетіп,
Жылдарды жылжытады
жонып айды.

Балалықтың тел еміп тәтті дәмін,
Шыбықты ат қып
мініп шапқыладым.
Дем беріп желпіндірген, жетелеген,
Ауылым – алтын тұғыр, бақ тұрағым.

Болмайды ұлдары ынжық,
қыз қапалы,
Иманды, инабатты, кіл баталы.
Қуанса аспанға атам бөркімді елмен,
Мұнайса ауыл жүрекке мұз қатады.

Жерім аман дейтұғын жұртым аман,
Абыздардан қаншама сыр тыңдағам.
Қариялар аман болсын, буындары,
Есіктің топшысындай сықырлаған.

Тірліктің осы емес пе сан ырғағы,
Қуаныштың түйірі қанындағы.
Маңдайымнан сипайтын
сияқты ма,
Әжемнің қолтаңбасы қамырдағы.

Аспаннан жұлдыз түнде жиі ақты ма,
Соның өзі жарасымды сияқты ма.
Гүліңнен күнде искейін о,
туған жер,
Мекен болған тұрақсыз, тұрақтыға.

ШОҚАН БАСТАУЫ

Тарихтың қоймасында
сыр қаптаулы,
Ақиқат көтермейді бұлғақтауды.

Перзентін пейіліне бөлеген жұрт,
Шоқанға теліп қойған бұл бастауды.

Қырандай қос канатын қомдана ма,
Шипалы су таңдайға бал,
жанға дауа.
Шоқан болып сылдырап ой төгеді,
Шоқандай нәр төгеді шөл далаға.

Ойына тәтті естелік оралды ма,
Жүр-жүрлеп жетелейді жол алдыға.
Бұл бастауға Шоқан кеп
шөлін басқан,
Сүйеніп ойға батқан тораңғыға.

Сан ойға толған шығар алтын басы,
Туған жердің аялап тау мен тасын.
Қашқардан қажып келген
сапарында,
Жусанға төсеп қойып жон арқасын.

Оған куә мына тау, әнші құмдар,
Әнші құмдар қиялға қамшы
ұрындар.
Құпияның қақпағын ашқысы кеп,
Ызыңдайды сонасы –
сар шыбындар.

Құлағыма ызындап сыр айтады,
Күлдіреді, сағынтып, мұнайтады.
Қаңбақты қуып ала жөнелгені-ай,
Жүйрік жел – жүйткіген құмай тазы.

Ағады жұлдыз болып ызғып арман,
Арман қусақ шығармыз
біз құмардан.
Тарау-тарау тарамдалған
соқпақтарда,
Атақты ғалым Шоқан ізі қалған.

Шырылдап қорғай да алған
сан қатерден,
Парызың туған елге бар ма өтелген.
Айналып кетесің ғой дана жұрттан,
Туған ұлын төбесіне тау көтерген.



Күзгі хат

**Сәрсен
ҚАДЫР**



БАБАЛАРДЫҢ ІЗДЕП ЖҮРМІН САРЫНЫН...

ШЕШЕ

Дүние ме, дүние— көш ағым,
Әп-сәтте бүгін босадым...
Сағынып кеттім, камығып,
Шешемнің жаққан ошағын!

Даладан жетсек құлдырап,
Ауызғы үй, еден сырқырап,
Танауға ұрып тұрушы ед,
Қазанның исі бұрқырап...

Жаныңды жұпар шәйғандай,
Кіреміз үйге айқайлай,
Таба нан ыссы, сары маймен,
Піл сүгірет үнді шәй қандай...

Бауырсақ тәтті болмай ма,
Пісірген шешен тоң майға?
Құбыладан қайтқан құс тізбек,
Ғажап қой шіркін, ондай да...

Ол күндер қазір бір арман,
Сол арман шықпас құмардан,
Ызылдап шәйнек шоқтағы,
Шаттауық тартып шығарған...

Сол бір жаз, қайтып келмейді,
Өксігін, жыла, сен мейлі...
Әйелің, мейлі келінің,
Шешеннің шәйін бермейді...
Өмірің өткен кеше ғой,
Жүректің түбін теседі ой...
Әкенің орны бір бөлек..
Шешенің аты «Шеше» ғой!

* * *

Күнмен бірге аулаққа мен де қашам,
Ымырт баса мұң шалық

әнге ұласам...

Ескі досым— домбыра! Одан басқа
Мен бәрінен түңілгем әлде қашан.

Ымырт мұңды... мұңды әуен...

мен де мұңды...

Жұтып тынды ақыры Теңге күнді.

Шешем еске түседі осындайда,
Мұңды әуенмен ораған жөргегімді...

Иегіне жабысқан көсе күздің,
Өлі жапырақ төсегі көшеміздің.
Жаздың даусы алыстан естіледі,
Әлдиіндей тербеткен шешеміздің...

Жалғаншынын
жәй басып кешкі реңі,
Тентек ұлдың ақылы кеш кіреді...
Күрең-қызыл іңірдің құшағынан,
Күрең күздің дауысы естіледі.!

ШҮЙКЕДЕЙ КЕМПІР

Қара кемпір еді, шүйкедей ғана,
Мама деуші едім, мен оны...
Жып-жылы еді, күркедей жана,
Қаңбақтай ғана көлемі...

Қарқара жаулық, аппақ шың,
Көкке жеткізгендей төбесін...
Сөзім жоқ менің, жап-жақсым,
Есімнен кетпес елесім...

Деуші еді маған, құлыным,
Жоқсың ба, шаршап-шөлдеген...
Көженің беріп тұнығын,
Қатты айтып, сірә, көрмеген...

Аруана ұстап сауынға,
Жабуын да өзі тігетін...
Қой айдап қайтсам ауылға,
Күн астынан мені күтетін...

Шешесі бөлек әкемнің,
Мамасы деуші еді, Сәрсеннің...
Бұл күнде мен де бөтенмін,
Әкенің сөзіне мен сендім...

Кездер ғой шіркін тамаша,
Парызым да көп, өтеусіз...
Отырдық талай оңаша,
Кәкемді жамандап екеуміз...

Бөтенмін, мама-ау, мен деген,
Адамша ойлай алмаймын...
Біреумін жырға шөлдеген,
Тасырлап тойлай алмаймын...

Сағындым рас көп болды,
Көздің бір жасы сірә шық...

Шүйкедей кемпір жоқ болды,
Шөкім бұлт құсап қыр асып...

* * *

Не көрмеген қасқамыз,
Тасқа түскен біздер жүріп
басқан із...
Бөрі тектес, ана сүті Ұмайдан..
Біздер деген, басқамыз ғой,
басқамыз!

Жан шынғырып
жалғандықтан қашқанда,
Адалдықтың туын тіктік аспанға,
«Шындық» деген,
шыға майдан үшін біз..
Таяқ жедік, дұшпан түгіл достан да...

Біз деген де қысқа татыр көктем де,
Жүрек жасын жуып көрдік отпен де,
«Сүйемін» деп,
күйіп қалған қасқаны,
Табаласа тұрлауы жоқ көп пенде...

Жүрек жалғыз, тасығанда қан аға,
Алып қаштық, ұлып қаштық далаға,
Тасқа соқтық толқындай кеп,
атылып,
Өмір өзен лақтырғанда жағаға...

Біз басқамыз, басқамыз,
Іздеріміз жазып кеткен тасқа аңыз,
Бізден қалған өлең болса оқыңыз,
Біздер қалған ізді, бірақ, баспаңыз.!

* * *

Тасырқасаң мызғымайтын
тас түнмін,
Жалғандықтан безіп жүрген
қашқынмын.
Жарық іздеп сілекейім шұбырып,
Жортып барам соқпағында
қасқырдың.
Жан дос болсаң жатырқама
сен мені,

Мен емеспін ғаріп пенде жердегі,
Мен емеспін тексіз құлдың тентегі,
Мен емеспін көрінгеннің ермегі.

Сенсең егер жатырқаман,
дос қылам,
Арманыңды бір арнаға қостырам...
Қарсы тұрып саған соққан дауылға,
Майыспаймын, керек болса
морт сынама!

Бас тарттырмай кетем кейде,
енді шын,
Шын дос болсаң сондай шақта
сен түсін.
Біреулердің бұзғанменен тұмсығын,
Мен ешкімнің дауламаймын
еншісін...

Қанмен берер қара өлеңнің төлемін,
Ақын болса жолында да өлемін.
Өсек жыйып, кесек терген
қырттардың,
Рас енді, оқымаймын өлеңін...

Керек те емес ондай итгің үргені,
Бөрі тектес, айға соқсын, жыр лебі...
Қазақ бола, жау болса егер қазаққа,
Қанжар қыл да жүрегіне ұр мені...

Жыртып таста, өртеп жібер
жан дәрмен,
Жантық болсаң күйлес болған
жалғанмен,
Жүрегіне қадалмасын кірш етіп,
Қалам емес, жазған
жырым қанжармен!

* * *

Ол мені сүйген де жоқ,
сүйе алған жоқ,
Жүргенмен көкжиекте
жиі арман боп.

Ол, бірақ қоштасқан күн меніменен,
Артына бір қарады жыларман боп...

Содан соң қайта оралды
көктем болып,
Самал боп, ту сыртымнан
өпкен болып...
Мен оны аймаладым, жақсы көрдім,
Бүтіндеп оң-солымды,
кеткен келіп...

Онда емес, барлық кінә
менде ме екен,
Кінәлі өлең десе сенбе, көкем...
Қаншама араздасып, табыстық біз,
Көңілің басын имес өргек екен...

Бірде ол қонып жатад ғарыштан кеп,
Жұлдыз боп,
жанбыр болып,
талыс таң боп.
Төсекке бірге жатып, бірге өретін —
Шамасы жөргегімнен
жабысқан дерт...

Мен одан ұзақ таңға қаштым, көріп,
Қуды ол — қыр шалдырып,
қасқыр делік.
Ілді ол қырандайын қызыл көрген,
Соқты ол ақ жал
толқын-тасқын болып...

Шақтарда бауырыңды мұңға басқан,
Таптарда тағатыңды шындап аспан,
Оранып оттан көйлек,
шығып кетсең,
Жолыңнан пері түгіл,
жын да қашқан...

Көрдің сен отқа қарып,
сотқа тартып,
Жүргенде тілді безеп,
жоққа шалқып.

*Проза***Құрманжан
ҚАСЫМЖАНҰЛЫ**

КИІЗҚҰЙРЫҚ ҚАРА АЙҒЫР

(әңгіме)

Шілде туып күн төбеден қадала түскелі Балықсу жазығы сарғылтым тарта бастаған. Үстірт өңір дегенмен аспан көгере қалғанда, шілінгір ыстығы ми қайнататын. Таң атып күн арқан бойы көтерілгенде-ақ жылқының жауы қара шыбынның қаптайтыны бар. Ана оқырасы құрғырын атай көрменіз, безілдеп келіп инесін қадағанда, небір бекіредей бестілердің өзі имелендеп жанын қоярға жер таппай кететін. Дәл осы кезде есті жарықтық өрістен біреу айдағандай топ-топ болып желе-шоқыра қыз бұрымындай ирелеңдеген Балықсудың иірімдеріне келіп түсіп жататын. Күні бойы су жағасында бас көтермей үйездейтін. Бұлақ басындағы қоқиған жалғыз там – Қырқымхана. Сиыр баласының ыстықтан бас сауғалар «құтты мекені». Елдің «құтты мекен» дейтіні маусым туғаннан шілденің басына дейін болатын қырқым науқанында малшы қауым бұл қырқымханаға асқа барардай ағылатын. Әр күні қымызға қызара бөрткен ауылдың ақсақал-көксақалдары үкімет қырқымшыларға асқан тайқазанынан бірге түстенетін. Алқа-қотан отырып, көппен бірге қауқылдасып, әртүрлі әңгімелер тиегі ағытылатын еді. Мұндайда «Байдың асын байқұс қызғанар» дейтіндей емес, ферманың шолақ белсенділерінің өзі ішін кеңге салатын.

Түс ауа айналадағы дүкені бар қостардың алдына қаңтарылған ат қарасы көбейіп, саудагердің саудасы қызатын. Күн еңкейе бұқакөзденген, аспан астын жалғыз билейтіндей үзенгіні шірене тебінген «батырлар» кезек-кезек ат ойнатып шығатын. Оған ауылдағылар әбден көз үйреткен. Мұндайда «мас келе жатыр» десе, бала біткеннің зәре құты қалмаушы еді. Қырқым аяқталса, жұрт жоғалған жоғын тағы осы босап қалған тоқал тамнан табатын. Тіпті, Ақдаланың (көрші ауыл) елі де пәленше күннен бері көз жазып қалған тана-торпағын осы «құтты мекеннен» іздейтін. Ал Шопан ата түлігі Балықсуға шамамен төрт-бес шақырымдай болатын Бестам мен Құнантөбенің арасындағы кең қырқалы жазықтың жусанын шайқап, изенін шымшып, бөрткендей болып бығып жататын. Түс қайта қойшылар шайдан келгенше, Жіңішкесудың жағасы ми-ми болып, қалың отар араласып кететін де, «ой, әкеңнің... аштан өле қалмас едің ғой, ей, осы уаққа дейін өгіздің басын мұжып отырдың ба?», – деп тақымдап, қойшыларын кінәлап, қуып жүрген мал иелері жиі көзге түсетін. Осыдан сәл жоғары Қонақай өзенінің батыс жағындағы кең шабындыққа арналған, Көкбасының қоруында болатын

Құркесіктің шөбі құтырына өсіп, ат тұяғын сиыр бүлдіргені қызылға бояп жататын.

Аттауынан бастау алып, аяғы Қотырқайға дейін баратын Балыксу бойындағы қаз жұмыртқасындай қатар тігілген ақ шаңқан үйлер күн санап сиреп, кара кемердің жағасы кетіліп жатты. Өне-міне дегенше, Балыксу жайлауындағы малшы ауылдың құйысқаны көтеріліп, ойжайлаудан төржайлауға көшуге буынып-түйініп қопақтай бастаған.

* * *

Жаңа ғана мал көздеп келген Тұржұма киізүйге кірді де, орын талғамай отыра кетті. Кемпірі екеуі ашылып сөйлеспегелі де біраз күннің жүзі болған. Отағасы Жамал ұсынған бір кесе қымызды бір деммен сіміріп жіберді. Құшырланып барып аузын жеңімен сүртіп, іш босатып кекірік ата терең күрсінді.

— Е, жалған дүние-ай, бұл жаздың да қызығы бітті-ау... Енді жайлау деген аты ғана болмаса, ұйқы бұзылар шақ келді, ақсақал-көксақалдармен қыдырып қымыз ішіп, қозықуырдаққа тойып, қолдың майын қонышқа сүртер күн қайда?! Жер тарылғалы алақандай жазық та тез тақырланатын болып алды. Шөп шабыс құрғырдың да уағы жақындап келді, — деп кемпіріне сүзіле қарап еріндерін жымырды да, жантая кетті. Шаңыраққа қарап үнсіз жатқан Тұржұманың жасы алпыстан жаңа ғана асқанымен, бейнетқор жанның жүзіне жайылған әжімдері тереңдей түскен. Баяғы оттай жанып тұратын бүркіт қабағының астындағы өткір жанарының да нұры әлсірей бастаған. Тек бөрі арығын білдірмес дегендей, жүзіне сән беріп тікірейіп тұрған қою кара мұрты ғана. Айналасы қыртыстанып, қызаранқы тартқан көздерін ашып-жұмып әлдебірденені уайымдап жатқанын кемпірі де сезді. Қымыз ішілген кесені алып жатып:

— Ана тентегің бір жағыннан шыққанда ғой, шөп шабысты мұнша уайымдамас едің, соны алдап-сулап шақырып алсақ қайтеді?! — деді Жамал жаймен ғана күңкілдеп.

— Атама оны... Онсыз да өз күнімізді көре аламыз, — деді басын жұлып алған Тұржұма. Аз-кем үнсіздіктен кейін қайта сөзін жалғап:

— Ол бала емес, бөле! — деді кемпіріне ажырая қарап, қатқыл үнмен. — Қит етсе жетесіздің сөзін сөйлеп жүріп, жүгенсіз жіберген сенсің! Оны енді тірі тұрып осы босағадан аттатпаспын... — деді отағасы тісін қайрап, атжағын бұлтита. Өмірі өркөкірек күйеуінің бетіне тік қарап сөйлеп көрмеген Жамал бұл жолы да әдеттегідей кеуде тұсы шымырлағанмен үнсіз қалды...

Тұржұманың бірбеткей тік мінезін Жамал ғана емес, жамағайынның бәрі біледі. Өзгенің айтқанына көніп, ығына жығылатын ол жоқ. Кез келген шаруада аталас туыстарының да ақылына пысқырмайтын. Өзі әкеден жалғыз. Ұлы Ербол да тура әкесінің аузынан түскендей, «ұқсамасаң тумағырдың өзі» еді. Бұл реткі өкпе-реніштің шығуына да сол «қалауымды істетем, мен өз жөнімді өзім білем» деген баяғы туабітті мінез себеп болған. Биыл фермадағы 11 жылдықты бітірген Ербол сабақты жаман оқымайтын. Өз ұстанымы бар ұстарадай кара бала оқу озаттарының бірі еді. Болашақ арманы әлсізге араша түсіп, әділеттің сөзін айтар құқық қорғау саласында қызмет ету болатын. Осы мамандық өз болмысына да дәл келетіндей... Әкесінің қарсылығына қарамай жұртпен бірге сынақ та тапсырып қойған. Алайда мұнда тегін оқу жоқ. Оған ең қиын соғатыны — оқу қаражатын төлейтін әкенің бұл ойына қарсылығы. Жалғыз ұл деп жанынан шығарғысы

келмейтінін іштей білсе де, көкіректегі бозбала аңсары жанына маза бермейтін. Осыдан екі ай бұрын Ербол қатал әкенің қалауын біле тұра, дастархан басында сөз бастаған:

– Әке, қаламайтынынды білем, бірақ мен қалаға барып, жоғары оқу орнында оқығым келеді. Ертең қара табан қойшы болмай, жөні дұрыс маман иесі атансам деймін, ол сіздерге де жақсы емес пе! – дегені сол-ақ екен, сөз соңын іле жөнелген ашулы әке:

– Үй, сен не деп көкіп отырсың, ей, сені бағып-қағып осы күнге жеткізген кім? Сол қара табан қойшы емес пе?! Соңымнан ерген жалғыз қарам ер жетті, бар шауаны енді соған тапсырам деп жүрген жоқпын ба?! Ал, мына жетесіз, әкесі жер ортадан асқанда дала безіп, қала кезіп қаңғып кеткің келеді екен ғой!

– Әке, мен ғана емес, елдің балаларының бәрі үйкүшік боп жүрген жоқ. Көзін ашып, қалаға барып, оқуын оқып жүр, ал маған үнемі өз құйрығын құалаған соқыр мысық бол дейсің, – деді әкесінің бетіне тіке қарап.

– Сен ана түтін – Тұрсын мен етікші Жакыптың опасыздарынан өнеге алайын деген екенсің. Қартайған әке-шешесіне мал бақтырып, бейнет тартқызып қойып, оқыған оқуының тамтығы жоқ, қалада тайрандап жүр. Солар көзі ашылып ғалым болар деп пе ең?! Ей, есуас, қала жағалағандардың бәрі бұзылып, пияншік боп келіп жатқанын өзің де көріп жүрсің ғой, – деді Тұржұма ұлына төне түсіп. Бірақ оған міз баққан Ербол жоқ.

– Бәрі бұзылып кетті деп кім айтады... – дей бергенде:

– Болды жетер, – деген айқай құлақ тұндырды. – Ешқайда да бармайсың, ешқандай оқу да жоқ саған ... – деп сөзді кесті. Бағанадан сөзге араласа алмай жаулығының ұшымен жасын сүртіп кемсендеген Жамал енді шыдамады:

– Садаған болайын, әкесі, жалғызыңның бетін қақпасаншы, мына заман оқығандардың заманы ғой, осыншама бірмойын болармысың?! Іштен шыққан шұбарың ғой, қатарынан қала ма енді, – деп кеңкілдегенде, одан ары тыңдауға шыдамы жетпеген Тұржұма айқайын тіпті де үдете түсті:

– Не... екеуің тіл біріктіріп алып, маған қарсы шықпақсындар ма сонда? Ей, қатын, мына мен үшін сен шешім айтатын болғанбысың? Мен де құзғын емеспін, мал-жанды өсіріп осы халге жеткенде қисая кетсем, бәрі далаға шашылып, ұры-қарыға талансын дейсіндер ғой! Жоқ, олай бола қоймас. Иттің күшігі, мен айттым бітті! Екінші қалаға барам деген сөзді аузына алушы болма, – деп ақыра сөйледі Тұржұма, бар даусымен ентігін зорға басып. Жанарынан жас парлап, қос қабағының арасы тершіп зорға шыдап отырған Ербол қыстығып барып, орнынан атып тұрды:

– Әке, қой соңында қор болып өмірімді өксіткім келмейді. Қалаға да бармаймын, қимай отқан сасық байлығыңның да керегі жоқ маған. Енді мені көрмейсіндер, – деп ашуға булыққан бойы адымдай басып үйден шыға жөнелген. Жер текпілеп қарғанып, боғын пышақтап әке, етегі жасқа толып ана қалған. Сол кеткеннен Ербол аудан орталығындағы нағашысының үйіне бірақ тартқан. Бірбеткей ұл ол жақта құр жүрмей Ұйғыр базарды жағалап, ұсақ-түйек сауда-саттықпен айналысып өз күнін көре бастаған.

* * *

Жайлауға малды кісі жалдап айдату керек. Болмаса бірге туған бауыры жоқ жалғыздік жылқышыға көмектесе қояр ешкім де табылмас. Оның үстіне осыған дейін де мал қосып, көмекке келетіндердің жасаған тірлігі отағасына жақпай, ауыр-ауыр сөз естіген. Сөйтіп беттері қайтқан. Тіпті

жақын-жамағайынның балаларын да қыңыр сөзімен қажыртып жүріп екінші келместей еткен. Шым-шытырық ой үстінде келе жатқан Тұржұма кілт ат тізгінін тартты. Әлгі алжыған кәрі бие мен соқыр айғыры есіне түсе қалған екен. «Енді жайлауға жете алмайтын күйсіз «кәрілерді» қайтсем екен» деген беймаза ой мазалай бастады. Үш күннің алдында ғана сол екі басты Жіңішкесу жағасынан сазға батып жазым болмасын деп, Құнантөбенің артындағы текшеге қақпалап жүріп зорға жеткізген. Жануарлардың өлгенінен өзге ештеңесі қалмаған болса да, соқыр қарасы дегенде Тұржұманың шығарда жаны бөлек еді. Енді бірден Құнантөбені бетке алды.

Жылқылары өзі қайырып кеткен текшедегі жырынды бұлақтың жағасында жүр екен. Өзге мал қарасы аса көп емес. Бір отар қой мен бірнеше үйір жылқыны ғана көзі шалды. Ел жайлауға бойдақ-сойдағын жеткізгелі мал қарасы да сиреп қалған. Тұржұма, шалдың тақиясынай үшкір басы шоқиып тұратын Құнантөбенің дәл үстіне шығып, аттан түсті. Астындағы ұзынша келген қаратөбел атының айылын босатып, жүгенін сыпырды. Қанжығадағы месті шешті де, қолтығына қыса тұрып, тізгінді шылбырға жалғады. Ал, жануар, шамалы қарпытып ал дегендей ат басын жіберіп, төбе үстіне отыра кетті. Қолындағы месті ары-бері толғап-толғап шайқалақтатып алды да, онсыз да қанжығада шайқалып майы бетіне шыққан боз қымызды езуінен тамыза ептеп көтерді. Асықпай қылқылдатып жұтып-жұтып алып, местің аузын қайыс баумен қайта байлады. Алақанымен аузын сүртіп, тізесінің тұсында шошайып тұрған шөпті сындырып алды да, тістелеп жатып, Киізқұйрық қараға телміре қарады. Осынау шілдеде қырқаның бетегесіне тойынған өзге жылқы баласы сауыры төңкеріліп, қос жамбасының арасына бармақтай сай түсіп дөңгеленіп алған. Ал кәріліктен тісі әбден мүжілген қара айғырдың арқасы пышақтың қырындай болып, қабырғасы арсиып алыстан саналып тұр. Кернейдей боп тірсегіне соғылған бір құшақ ұя құйрығы құймышағына ауыр салмақ түсіргендей. Ия, құлынынан қолында өскен жануары биыл 25 жаста. Тұмсыққа түскен ұзын кекілінің арасынан үңірейіп оймақтанған жалғыз жанары әлсін-әлсін айналаны шола қарайды. Жануар өзінен екі жас кіші қарагер биенің жанына құйрығын бұлғақтатып теңселе басып, желгенсіп барып, кіжініп қояды. Шалдың тілі секілді жануардың тілі де аузы ашылса саландап тоқтамайтын болыпты. Сүйекпен бірге кететін қу нәпсі мал екеш малда да бар ғой. Бие жанына жақындап, әлі де айғырлық жасағысы келеді. Онсыз да өз аяғын зорға басып тұрған кәрі биеге артылмақ болып қарекеттенеді. Қамшысын жартылай шығарып, қанша ұмтылғанымен кеуде құрғыр орнынан бір қарыс та көтерілмеді. Қолтық еті дірілдеп, шабынудан қалғалы қашан... Енді түк өнбесін білген жануар басын жерге салып, көк шымшылай бастады. Екеуінің де күйі тым нашар, екеуі де үйірге еруден қалған. Тұржұма бұл көрініске қарап тұрды да не күлерін, не күлмесін білмей мелшиіп қалды. Дәл осы кезде бұлақ басында тұрған екеуге бір үйір жылқы жақындап келді. Қартайса да ескі әдеті қалмаған соқыр қара шіңкілдеп бір кісінеді де, топ жылқының алдынан орағыта имелендей желіп шыға келді. Үйірдегі есік пен төрдей тоқпақжал торы айғыр да суырылып шығып, соқыр қараның жанына жетіп келді. Өзара иіскелесіп, бірер кісінескенсіп қойды. Артынша жай ғана басын шайқап, құйрығын бір қақты да, айналып желіп кетті. Өзге биелер де дым сезбегендей бұлақ суына бас қойып жатты.

— Е... жылқы, жарықтық, бүгінде қадірінді білер жан бар ма? Ойқастап

топтың алдынан басқа айғыр шыққанда, ана тобылғы торы арқасын сылып алар еді-ау... Есті жануар ғой! Қу сүйегі сықырлап, заманы кеткен кәріні біліп тұр ғой! Хайуан болса да қор етіп, тіс батырғысы келмеді. Бұл күнде мұндай тектілікті адам баласынан күту мұң! Жасым қырықтан асқанда Құдайдан сұрап алған ана тентегім реті келсе сақалға жармасар түрі бар ма қалай? Бірақ өйте қоймас, мінезі адуын болғанмен, тегі бар ғой, құйып қойған өзім. «Мінезсіз еркек – еркек емес, телпек» деуші едім, енді сол ұлдың шадыр мінезі немен тынар екен?.. Осы ойдан кейін болымсыз езу тартып, ауыр күрсінді де, қарт жылқышы шылбырға жалғанған жүгенді жамбасқа басып жантая кетті.

* * *

Жылқы фермасының бәсі озып, десі жүріп тұрған шақ. Үйсін тауына арқа сүйеп жатқан алақандай ғана ауылдағы Қамбар ата түлігі түмен бастан асып, жылқы бакқандардың мұртын балта шаппай тұрған кез. Ферма жылқылары түр-түсіне қарай боз топ, торы топ, қара топ, жирен топ сияқты болып өз нәсілімен бөлініп бағылатын. Қойшылардың көзі жаутаңдап, көктем шыға жылқы қостарынан қойшы мінер тай-байтал сұрап келетін. Ол кезде Тұржұма Атзауыттың (Ауыл аты) мақтаулы жылқышысы атанып, «қара топты» қолына алған. Әкесі жастау кеткендіктен анасының бір жағына шығып, шаруаға ертелеп араласқан. Атқұмар жігіт үкімет малының соңында мұрнына су жетпей жүріп отыздың ортасына келгенде зорға үйленді. Онда да анасы жылап-сықтай бергесін, Рәсіл қарияның кенже қызына құда түсуге көніпті. Тұржұманың бұл некеге бірден бас изеуінің тағы бір себебі де қыздың сұлулығы емес, қайын атасына жақын жүру болатын. Өйткені Рәсіл ауылдағы мүлт кетпес айтулы ат сыншысы еді. Сол некеден кейін Тұржұманың өмірі де, заман да өзгерді. Партияның кезекті құрылтайынан кейін тай қазан шағылып, жылқыны жеке меншікке үлестірген. Тек ұжымдық жұмыстарды ғана үкімет жүргізіп отырды. Ал басқа шаруа әркімнің өз қарекетіне қарай болып жатты. Тұржұма да ел қатарлы «темірмал» деп 25 жылға көтере берген бір айғыр, он бес биеге иелік етті. Сол тұста жалғыздығын көлденең тартып барын салып жүріп, Сәбет жерінен әкелінген қаратөбелдің үйірін алып қалған. Сондағы бар ойы тегі мықты осы жылқыдан бір жүйрік маңдайыма бітіп, мама ағашыма байланар деген үміт еді. Сол бір жылы қыстай қара суық қатты болып, көктем де шықпай созылып жатып алды. Шөп шабыста желкесі тартылып, сылбыр қимылдайтын шаруалардың көтерімі көбейіп, шығыны артқан. Қыстауда отырған Тұржұма да күйі кеткен буаз биелері мен жабағыларын ерте бастан қолға алды. Солардың ішінде оскырынып көзінен от ойнап тұратын бітімі бөлек, шымқай қара құнаны болды. Осы жануар бәйгелі болсам деген арманымды орындайды-ау, ит-құсқа жем қылып алмайын деп қондылау болса да қораға ерте кіргізген. Сәті түскенде соғым басына келген қайын атаға сынатып та көрген. Шыр айнала қараған қарт сыншы сақалын саумалап тұрып:

– Балам-ау, мына қылшық қараң құлында байланған ба еді? – деп сұрады.

– Е... ата, бұның құлынындағы асаулығы сұмдық болатын. Жұдырықтай кезінде басына үш жігіт жабылып жүріп нокта салып, желіге зорға тиектегенбіз. Үш күн бойы алысып, қара жерге денесін ұрып тоқтамады. Артынша мойнын қайырып ала ма деп ағытып жіберіп тыныш қылғанбыз. Өзі бір қыңыр. Содан бері жалына қол тигіздірген емес. Көрдіңіз бе, осылардың ішінде ту құйрығымен жүрген осы ғана, – деді Тұржұма мұрнын

тартып, мақтауын жеткізгендей. «Иммм» деп сәл кідірген ақсақал иегін қағып, басын шайқады:

– Балам, бұл жылқы баласының еркесі екен, арқасына ер салдырса дегеніңе жеткізер, бірақ мұндай мал мінерге бітпейді. Тек үйірге туған. Көзінен көкжал ығатындай өткір-ақ екен. Жолбарыс кеуделі, бекіре белді, тірсектері түйедей сіңірлі. Мұның тұла бойы тұнған күш. Құнан шығар күнінде-ақ екі ені толық түсіп алыпты, – деді айналып арт жақ тұсына келген сыншы еңкейе қарап. – Жалы қылшық болғанмен, құйрығы майда. Артынан шұрқырап төлергелі тұрған жануарғой бұл, – дегенде көптен күткен сыншы атаның сөзіне күйеу баласының көңілі аса тоймаған. Тек «арқасына ер салдырса дегеніңе жеткізер» деген бір ауыз сөзін малданып, «сол да сөз болып па? Әлі-ақ мұны тақымымда таң асырам» деп іштей марқайған. Бұл қыста итқұс малға көп тимеді. Десе де, Тұржұманың жабағыларынан үш-төртеуі көтеремнен өлді. Бірақ оған іш тартқан жылқышы жоқ. Не де болса, созылған қыста өзге жабыны қара құнанның жем-шөбіне ортақтастырмайын деп шешкен. Қылшық жүнді қарасының қазіргі еті де жаман емес.

* * *

Мамыр басы күн көзі көрініп, көк қылтиып, малшылар етекке түсіп төл алып үлгерген. Онсыз да қысы ұзақ өңірде маусым тумай күннің көзі жадырай қоймайтын. Жаз қызығын асыға күткен қауым көктеулікпен көршілес жатқан ойжайлауға жамбас сырғытып жатты. Желінің қазығы қағылып, айғырдың сауырына май жаққан күні Тұржұма көптің көзінше жылтыраған қара құнанның басына жүген салам деп жоспарлаған. Міне, бүгін сол күннің сәті түсіп тұр. Құнан болса да жабағысы арқасына қатып жүрген сәуіріктермен кіжінесіп, үйірге көз алартып жүргенін көргенде жылқышы іштей сүйсінгенмен; «Ой, жарым-ес, түріңе қарасаңшы. Айғырдың тісі батпай жүрген арқана ер салған күні көрерміз! Байтал түгіл бас қайғы боларсың әлі-ақ» деп мырсиып қоятын. Бүгін ала таңда бозторғайдың шырылымен оянған отағасы Жамалды оята салып, арқандаулы қаракерге ер салған. Қаратөбелдің үйірін айдап келіп, желінің қазығын қақпақ. Басты көздегені қара құнанды жуасытып, Ақанның Маңмаңкеріндей мәпелеп көрмек. Кеше кешке Жұмыр Тұрсынбектің бір жартысын алып беріп, асауына мініп беруге өтініш айтқан. «Мен, мен деген асауың тақымыма түскенде біледі ғой мені. Мөңку былай тұрсын, билейді ғой, ағасы, билейді...» – деп тілін шайнап қарқылдап бір күліп алған қызулау Тұрсынбек. – Маған билеткенің керек емес, үйреткенің керек. Есінде болсын, шырағым, ол көктемнің көтерімі емес, құнан күйлі-қуатты, байқарсың, – деген Тұржұма сұстана. Қатулы жылқышының сесінен ес жинаған Тұрсынбек «Ағасы, қанжығаң берік болса болды, басын өзін үйретіп берем» деген нық сеніммен. Тұрсынбектің «Жұмыр» атануының бір себебі тойдағы төбелестің майталманы болса, екінші себебі асау мінуден аты шыққан тақымды жігіттердің бірегейі еді. Не керек, көрші-қолаң жиналып, құлындардың шала қалған ноқталарын Жамалға, әне-міне дегенше, есісіп үлгірген. Желі арқан мен қазықтары, тиектер мен шықталары, тоқпағына дейін тегіс әзірленіп қойған. Тіпті жылқы терісінен тігілген қарасұр саба да, қарағайдың бүрімен ысталып, сарғыштанған қалпы өренің жанында жел қағып тұр. Бір қауым адам Рәсіл қарияның әңгімесіне ұйып, есік алдына жайғасқан. Не керек, ет пісірім уақытта жылқы да келді, әне-міне құлындарға ноқта салынып, желі басына шашу шашылған. Ырымдап Қаратөбелдің

сауыры майланып, қазық басына ақ құйылып, жақсы тілектер айтылды. Желі басында жұлқынған асау құлындарға көпшілік сүйіне қарап отырып, Жамалдың берекелі дастарханынан дәм татысты. Ақсақалдардан асықпай ас ішіуді өтінген Тұржұма, Жұмыр бастаған екі-үш жігітті ымдап шақырды. Қолдарына құрық алып, айғай салым жердегі өзенге қарай беттеді.

Үйездеп тұрған топ жылқыны аңдып барып үркіте-мүркіте айналдыра тастаған шалмасы, қара құнанның қылқа мойнына орала кетті. Лап беріп жағаға ұмтылған аттардың сонынан ілесе шыққан Тұржұма, қыл арқанды тістенген қалпы шірене тақымға басты. Топтан бөлініп арқанның бір ұшында бұлқынған жануарды жігіттердің бірі құлақтан басса, енді бірі құйрықтан тақымға алды. Арқанды сәл босатып демін алдырған жылқышы дереу асауға ер салуға бұйырды. Тырп етпестей тұқырып тұрса да, төсінен тартпа алып, құйысқанын салу онай болмады. Жарықтық маңына адам жуытпай, қарғылап алысумен болды. Бойынан халі кетіп әбден қалжырады-ау дегенде Жұмыр да ер үстіне қонуға ыңғайланған. Ол Тұржұмаға қарап ентіге: «Мен қашан қанжығаға жармасып алғанша, құйрықтан айрылмаңыз» – деді. Тұрсынбек лып етіп ер үстіне отыра кетті де, «жібер» деген дауыс шығысымен құлақ та, құйрық та босады. Қарақұнан аспанға кісі бойындай атылып барып, жерге түсті. Бір орында тұрып-ақ шыңғырып, көтеріліп қос бүктеле барып жерге зырк ете түскенде Жұмырдың іші-қарны ақтарылып қала жаздады. Тізгінмен қанжығаға жармасқан Тұрсынбек бастабында кәдімгідей шыдайтын сыңай танытты. Бірақ төрт-бес қарғығаннан-ақ қалпақтай ұшқан жігіт жерге жауырынымен жалп ете түсті. Құр ер тоқымға мөңкілей тулаған құнан Балықсуды жағалап құйындай құйғыта жөнелді. Артынан Тұржұма бастаған жігіттер тұра ұмтылған. Ыңыранып барып, демін зорға алған Жұмыр қос қолымен ішін басып, жер бауырлап отыра кетті. Әлгі үшеуі асауды су жағалай айналдыра қуып жүріп ұстап әкелді. Құнан әлі мөңкігенін қояр емес. Тағы бір кезек байқап көресің бе дегендей Тұржұма Жұмырға қарап ым қағып еді, бірден бас шайқады.

– Аға, мынауыңыз сұмдық екен, көкбеттің өзі, бетім қайтып қалды, – деді, кешегі өктем сөзінен жүзі қызарған Тұрсынбек.

– Мен көрейін, – деді Тұржұманың жалшысы Нұрбақыт. Банағыдай құлақтап тақымдап тұрып құнанға енді Нұрбақытты қондырды. Бірақ бұл жолы арқан ұшын ат иесі қолынан босатпады. Әй-пүйге келтірген жоқ. Нүрекең де қаңбақтай ұшып барып, көкжелкемен түсіп естен танып қала жаздады. – Ой, әкеңнің, мынау ешкімді шақ келтірмейін деп тұр ғой. Өзім-ақ көрейін әуселесін жаманның, – деген Тұржұма ашуға булығы атынан атып түскен. Жасы қырыққа жақындаған жылқышы «әу, пірім, қолдай көр, деп асаудың арқасына қона кеткенде, дәп өзі міне жуаси қалатындай көріп еді. Оқжыландай атылған сүлікқара мөңкудің нағыз шебері болып шықты. Қоянша бүктеліп, мысықша қарғи жөнелгенде, Тұржұма да жерге қадалған қазықтай майлы құйрықпен түсіп, жердің шаңын бұрқ еткізді. Өкпе-бауыры орнын таппай, демі сығылған қара мұртты жылқышы қара жерге дөңбекшіп, дем тарта алмай біраз қиналды. Осы кезде анадайдан бағып отырған Рәсіл қария да жетіп келген. – Амансың ба, балам? – деп орнынан тұра алмай жатқан күйеу баласының арқасынан қағып, қолтығынан сүйеді. Қатты ауырсынған жылқышы: «Оййй, әкесінің, басын кесем мынаның» – деді тынысын зорға алып. – Әй, шырақтарым-ай, мен жылқы танысам мынауың езуі жұмсақ жылқы емес. Жаратылысы бөлек жануардың көз шанағында әзәзіл түк көп екен. Мұндай Қамбар ата баласы тым сирек кездеседі. Қарашы

тұрған тұрысын, ішіне жын кіргендей, құр ер тоқымға тулап жатқанын. Бұл оңай оспақ дегеніңе көне қоймас. Оның үстіне буыны құрып тез шалдығар көктемнің көтерімі де емес. Біреу-міреуің мертігіп қалмай тұрғанда жалына жабысқанды қойыңдар түге, – деді қария бас шайқап. Арқанның бір ұшында көзі шарасынан шыға жаздап, қақпанға түскен арландай ауыздықты тістелеп, аласұрып тұрған құнанына шамалы үнсіз қарап тұрған Тұржұма: «Қайтсем де жуасытам бұны. Ертең-ақ тақымынан қылқұйрық құтылмаған Дотты шақырам. Сол береді мұның жазасын. Жігіттер қазір сендер барда бұл «көкбетті» жығып, шідерлеп алайын» – деді нығызданып.

Ертесі Тұржұма күн арқан бойы көтерілгенде еңгезердей денесін зорға сүйреп тысқа шықты. Айналаны шолып, құнанын көздеп еді, кешегі шідерлеулі жерінен бір адым аттамапты. Басын жерге салған күйі жануар әлі қасарысып тұр. Шайын ішіп, «Жылқы пірлі» Дотты әкелуге ниеттенген отағасы қара тентегінің жанына келіп еді, көзіне құнаны өзгеше көрінді. Көздері шүңірейіп, басы ісіп кеткен. Қара тер басып қалшылдап тұр екен. Кешегі айбат шегіп оскырыну, текеше тік қарғып, асаулық танытудың сықпыты да байқалмайды. Атынан қарғып түсіп бажайлап қараған Тұржұма, малын жылан шағып қойғанын сонда ғана білді. Енді қайтпек керек. «Топыраққа әлі тойына қоймаған жыланның уы өткір болады, анау-мынау ем қол болмайды» деп жатушы еді үлкендер. Тезірек ем жасамай, уыт денеге жайылса жылқышының бұдан біржола айырыларына көзі жетті. Бірден есіне оралған түйеші Қасымханның үйін бетке алып, қаракеріне қамшы басты. Шылғикайысы мол Балықсу жағасында мұндай жағдай жиі болып тұратын. Тек бұған Бураның зәрі ғана мыңға бір ем тұғын. Осы емнен аман қалған жылқы баласын Тұржұма осыған дейін бір рет өз көзімен көрген. Мұндай кереметке өзі де таңдай қаққаны есінде. Түйе жарықтық көктемде жылан жемесе, қом жинап, өркеші тұрмайды дегенді шалдардың аузынан естігені де бар. Тіпті аяғына шуаш байланған адам сол зәрмен бір мәрте жуынса құлан-таза айығады дегенді де құлағы шалған. Ол – ол ма, қатындардың; «тісі қақсағандар осы киелі түліктің зәрін мақтаға шылап алып, ауырған жерге басса дереу қойдырады» дегендері де жадында жаңғырып тұр. Ал ауылда жалғыз ғана түйе ұстайтын кісі Қасымхан қария болатын. Ендігі гәп ол кісіде әлгі таптырмас «дәрі» бар ма, жоқ па? Түйесі қайда екен? Не де болса, ат бауырын сабалап, алып-ұшып келеді. Бар үмітін үкілеген болашақ бәйгесі арам қата ма деген мазасыз ой сап ете қалса, «кеше неге ғана бос жібере салмадым» деген өкініш өзегін өртейді. Құдайға тәубе! Іс онына басты. Түйешінің бір керегі болар деп бөтелкеге құйып, сақтап қойған жарты литр шамасындағы «сарысуын» алды да, алғысын сан мәрте жаудырып, жылқышы кері қайтты. Қарақұнанның құлағы салбырап, қол еті дір қағады. Қара тер баспаған жері жоқ, ішін де соғып тұр. Жолай мал дәрігері Жұмабекті де ерте келген. Әлгінде Қасымхан қария зәрді ауру малдың салмағына шамалап беру керек екенін ескерткен. Құнан күйлі болғандықтан Жұмабек әкелген зәрдің жартысын құямыз деп шешті. Ол танауынан зонт салмақшы болып жақындап еді, өлімші халіне қарамай қарақұнан шыр айналып тағы шадыр мінезін танытты. Десе де, буыны босап қалғанға ұқсайды. Қозғалысы тым сылбыр. «Ой, әкеннің, жаман неме, саған қас қылғалы жатқан жоқпыз-ей» деп күйінген жылқышы шылбырдан тартып келді де, құлақтан ала түсті. Үш аяқ та шідерге қосылып денесін буған у, оған қоса құлақтан басқан қарымды қол жануардың қозғалуға мұршасын келтірмеді. Әне-міне дегенше, епті жылқышы ерніне шұра да салып, тұқыртып алды. Мұрыннан тығылған

резенке түікті үрлеп, құлаққа тосып асқазанға дәл барған-бармағанын тексеріп көрген Жұмабек лезде-ақ ем-домды аяқтады. Тұржұма еріндегі шұраны босатпаған қалпы оған аяқтағы шідерді де алдырып тастады. Қайыс нокта мен шұра салған жүгені сыпырылған қара құнан салбөкселеніп, тенселіп бір-екі қадам аттаған болды. Осылайша арғы-бергісі екі күнге қараған жоқ, кеселді құнан сауығып, қатарға қосылды. Бірақ осы қысқа уақыт ішінде жануардың еті ағып, түктері қайқайып сарғыш тартып кеткен. – Сен аман болшы, жануарым, биылға арқана ер салмай-ақ қояйын. Дот көкеңмен келесі көктемде таныссаң да кеш бола қоймас. Егер сол кезде тағы қыңырлық танытсаң, онда сыбағасыз қалмассың, Дот көкең көкеңді көзіңе көрсетер, – деп іштей күбірлеген.

* * *

Уақыт зымырап өтіп жатты. Қыстай қар теуіп шыққан қара дөнен көктем шыға тай-байталдарға құлақ жымырып, тықсыратынды тапқан. Арқасына жабағысы қатып жүрсе де, қысырақтың үйіріне лаң салып, азулы деген айғырларға да алақөздене айбар шегіп жүрді. Мұны көрген Тұржұма «үйірге туған жануар екен» деген қайын атаның сөзіне нанғысы келгенмен, «Бәйге» жасасам деген желігі оған қия қоймады. «Мына құрғырдың аузы көкке ілінсе, тағы тарпандығына басар, енді бұған жүген салуға асығайын» деген ойға келді. Қыс бойы соғымбасы жеген жерде әлгі атақты Дот деген жігітпен бірнеше мәрте дастархандас болып, қолқасын құлағына іліп қойған. Жұқалтан сарылау келген бір жапырақ Дот: «Менің тақымым аман болса, қара дөненге жуасу былай тұрсын, жатып-тұрғанды үйретіп берем» – деп кеуделенген. Айтса айтқандай, мындаған көп жылқы ішінен неше түрлі тарпаны шығатыны рас. Өзгенің тәуекелі жетпеген небір шадыр мінез асау мен аласұрған атан жілік айғырлардың жынын қаққан осы Дот болатын. Ол асауға мінгенде ердің қасынан қол салу, қанжығадан қармау, жалға жармасу дегенді білмейді. «Мен» деген көгайылдардың біріне жайдақ дінкелесте ер салған, енді біріне жалғыз жамбаспен-ақ отырып, бір орам темекісін тартқанша, асаудың да күйі бітіп, мойынсал болатын. Мұның ең мықтылығы – мінген жылқыға тақымы желімдей жабысып, қанша мөңкісе де құлау дегенді білмейтіні.

Көктеуге көшіп түсе сала, Тұржұма қара дөнненің арқасына екінші мәрте ер салуға асықты. Бүгін ғана Доттың көктеулігіне соғып, ертең ойдағы істі тындыруды уағдаласып қайтқан. Ол кешкі малын жайғап жатқанда ит үріп, жоғарыдан кісі қарасы көрінді. Сөйтсе, қыстай қолында баққан екі жабағысын жетелеп, Рәсіл қария келген екен. Аман-саулықтан кейін айтқаны, ауылдағы үйде шөбі таусылып, жабағыларын күйеу баласына аманаттауға әкеліпті. Қонақ үйге кірді, қас қарайып ел орнына жайғасты.

Ала таңнан атқа қонған Тұржұма жылқыларын өрістен айдап әкеліп үй маңына қайырды да, шайға кірді. Дастархан басында көсіліп көп тізе бүгіп отыруға дегбірі жетпеді. Екі шыны шайды құрдай сімірді де, тысқа шықты. Қайын атасына да кешкі дастарханда қара дөнненді жуасыту туралы айтып қойған. Бұл кісі не дер екен деп ыңғайын баққанда Рәсіл қария: «Еее, балам, жөн екен» дегеннен өзге тіс жармаған. Есік алдында елегізіп, Доттың жолына елендеп тұрғанда, жанына екі серігін ертіп, темекісін қисық тістеп ол да келді. Аман-саулықтан кейін, қане, аттан түсіндер деген отағасына: «Ағасы асауыңыз қане? Алдымен жұмысты тындырып, жеңгеміздің шайына сосын кірейік» – деді Дот, ат үстінен нығыздалып. Тұржұма да іркілген жоқ, дереу атқа қонды да жігіттерді бастап жылқыға қарай беттеді.

Он шақты тай-байталды қайырып жүрген кара дөненді тамқораға қайырып кіргізді де, Тұржұма әдетінше шалманы бір тастағаннан-ақ қылқа мойыннан түсірді. Шаптыққан асауды тақымдағы қыл арқанмен шірене тартып, біраз арынын алды. Жануардың танауы дүрдие қорсылдап ары-бері бұлқынып еді, шіреніп алған жылқышы онан бетер буындыра түсті. Көмекке келген жігіттердің бірі тебініп барып, құйрықты орай үзеңгі баудың астына басты. Төрт тағандап сіресіп тұрған сәтте тәжірибелі Дот келді де, ат үстінен Жұлпаш ерді еппен салып, төс тартпаны қамшымен іліп алып үлгерді. Осы кезде көзі қарауытып, тынысы тарылып кеткен кара дөнен бар күшімен тік қарғып барды да, жерге екпеттей құлады. Жаңағы тақымдағы құйрық та қолдан шығып кеткен еді. — Өлді, өлді, — деді Доттың жанына ере келген кара мұртты Сарқыт сұқ саусағын шошайтып көзі бадырая. — Болындар, дереу аттан түсіп, тұрғызбай басып қалындар, біреуің арқанды босат, тыныс алсын. Сен бала құйрықты шаптан алып тарт, — деген ат иесінің даусы барылдай шықты. Демі тарылып, тыпырлай жанталасып, есі ауып бара жатқан жануарды әлгі үшеуі бас салып бірі құлақтан жармасты, бірі шоктықтан басты. Ал үшіншісі құйрықты айтқандай шаптан шалып үлгерді. Құлақтан ұстаған Дот дереу тамақтағы қыл арқанды сәл босатып тыныс алдырды да, «уһ» деген батыр: «Жануар демін зорға алды, сәл болмағанда үзіліп кетер еді» — деп жымыды.

— Қане, есін жиып алмай тұрып, құйысқанды салып, шап тартпаны тартып алындар, — деді ат үстінде ентіге сөйлеген Тұржұма. Не керек жылқышылар да ерді қамдап үлгерді, кара дөнен де орнынан қопарыла атып тұрды. Там қораның есігіне қарай ұмтылған асаумен бірге Тұржұма да атын тебініп ере шықты. Бұл төртеуі асаумен тағы жарты сағаттай арпалысып жүріп басына жүгенін салды да, Дотты қондырып жіберді. Ал Тұржұма тақымдағы арқанды ұзарта түскенімен қолдан жіберген жоқ. Ә дегеннен асау басын қос тізенің арасына тықты да, шыңғырып барып, артқы аяқтарын аспанға лақтыра мөңкүді бастады. Толассыз қарғылап жатқан асаудың үстінде тістеніп алған Дот әзірге түсе қояр емес. Сол қолы тізгінде, оң қолындағы қамшысымен бауырлата сабалап жүр. Қанжығадан қармау деген ойына кіріп-шығар емес. Қос тақымы ат қабырғасына жабысып қалғандай. Бағанадан үй жақтан қарап отырған Рәсіл қария да атына мініп жақындап келді. Әудем уақыт ары-бері мөңкілеп, үстіндегі «Пәледен» құтыла алмай әбден дінкелеген көкбет асау төрт тағандап міз бакпай тұрып қалды. Көк өзек шақтың да әсері бар, тер басып, әлі құрыды. Ер үстінде ерлене тістеніп, миығынан жымыып, мығымсып Дот отыр. — Ер екенсің, — деді Сарқыт Дотқа басбармағын шошайтып, қасындағы серігіне масайрай қарап.

— Ой, әкесінің, мен бұл емес, мұның әке-шешесінің жынын қаққам кезінде, — деп масаттана өрекіп, кара дөненнің кара санын осқылай бастады Дотекен, дойырлана. Ал, ол қамшылар долы асауға мүлде әсер етпегендей қозғалыссыз, міз бағар емес.

— Қарашы-ей, мынаның көкбетін, мөңкігіш болса құмарынан шыққанша мөңкіп алмай не ойлап тұр енді мынау, — деген Тұржұма жақындап келіп, алты таспа бұзауісімен сауырдан тартып-тартып жіберді. Өтіп кетті-ау шамасы, кара дөнен оқ жыландай атыла кетті. Сол сәтте абайсыз андамай қалған Дот жерге домалап түсті. Дегенмен, жұмсақтау құлады. Ол орнынан тұрып болғанша, Сарқыт: «Әй мынау сенен мықты екен, өмірі жер иіскемеген жамбасыңды алып соқты-ау» — деп әзілдей қарқылдағанда Дот өзінше қызарып, намыстан өліп кете жаздады. — Әкелші бері, осы жолы

көрсетем оған. Ер үстінен түссем ер болмай кетейін, — деп тістене ұмтылды. Осы уақытқа дейін көз көрім жерде жүрген көршілер мен ауылдастар жиналып, асау қызығын тамашалар адам қарасы молайып қалған еді. Рәсіл қария: «Әй, балаларым, абайландар. Мынаның күйі жаман. Дегендеріне көне салайын деп тұрған ол жоқ, абайсызда мертігіп қалмандар» — деді Тұржұманың тақымындағы қыл арқанның бір ұшында сіресе қылғынып тұрған асауды нұсқап. Ақсақалдың сөзін елеген Дот жоқ. Ол өз атына міне салып, ептеп асауға жақындап барды да, лып етіп ер үстіне қона кетті. — Жіберіңіз, қане, — деп айқай салды тізгінге қолы тие сала. Жануардың ашқолтығына Доттың өкшесі тие сала баяғысынша мөңки жөнелді. Оған түйенің өркешіндей болып арқасына бірігіп қалған Дот ауып түсе қояр емес. Жиналғандардың бірі зор дауыспен: «Ой, бәрекелді, ер екенсің, асауға тас кенедей жабысады екен-ау» десе, тағы бірі: «Ой, Дотты білмейсіңдер ме, онда жылқының пірі бар» — деген елдің тамсану мен мақтаулары еміс-еміс құлағына жеткен сайын Дотекең нығыздана отырған. Енді бұдан ары қарай секіруге шамасы қалмаған асау тағы төрт тағандап сіресе қалды. Егер жуаси кетер жылқы баласы болса, ендігі изектей желіп, көндігер шағы болған.

— Ой әкеңнің, қанша зәлім болсаң да бұл жолы мені құлата алмайсың. Керек болса сенің үстінде ұйықтауға бармын, — деп көкіректенген Дот қара дөненнің қақ маңдайынан камшымен тартып-тартып жіберді. Жануар бұл жолы бар күшімен қоянша қос бүктеліп қарғығанмен, арқасындағы мына дүлейден құтылар емес. Дот басы-көзің демеді, соққыларын толастатпады. Дәрмені кеткен асау тағы сіресе қалды. Дот тақыр шаптан айналдыра тартып-тартып келіп, қос құлақтың дәл ортасынан асыра көсіп қалғанда камшының сабы сарт етіп сынып түсті. Өрімнің ұшы дәл танау үстінен тиген екен. Қара дөнен шынғырып барып, тікесінен тік шапшып, шалқалаған бойы өзін жерге бірақ ұрды. Шоқтығымен қара жерге қадала түскен асаудың дәл астында қалған Дот естен танды да қалды. «Не болып қалды, аман ба екен?» деп Доттың басын көтеріп жатқандарға Рәсіл қария да жақындай түскен. Тұржұма да көзі алақандай болып жетіп келді. Дот ұзақ ыңыранып барып, зорға дегенде дем алғандай болды. Әрең сөзге келіп: «Қабыыырғааам қирадыыы, өкпөөөөм езіліп кеттіііі, өлдім-ау» — деп ыңырана тіл қатқандай болды. Рәсіл қария ептеп дем салып жатты. — Ойбай, дереу мәшине табайық, ауылға ауруханаға жеткізейік, — деді Тұржұма есі шығып. Мұндайда көрші-қолаң көмегін аясын ба?! Бақтиярдың ауылға сүт таситын ескі көлігімен Тұржұма Дотты ауруханаға әкетті. Рәсіл қария көршілерге асауды там қораға каматты да, үйге қарай беттеді. Түс ауа қабағы салбырап Тұржұма да оралды. — Доттың үш қабырғасы сыныпты, Жұлпаш ердің басы оң жақ кеудесін басып қалған екен. Оңдырмапты. Өкпесі де аздап зақымдалған. Бірақ дәрігерлер «жақсылап күтінсе 2-3 айда сауығады дейді» — деді қабағы түсіп, өні қуарған Тұржұма.

— Аллаға мың да бір шүкір, — деді Жамал да жүрегі орнына түскендей болып. — Еее, жылқы жарықтық жалын төсейді ғой, егер сол жақ кеудесі ер астында қалғанда басқаша болар еді, Құдай анық сақтаған екен! Енді ана қара тентегінді қайтпексің, тамға каматып қойдым, — деді Рәсіл қария Тұржұмаға тесіле қарап.

— Оны жуастырмай тынбаймын, енді өзім мінем, оған көнбесе басын кесем, — деп қораға қарай беттеді Тұржұма. Рәсіл қария:

— Қой, шырағым, бала емессің ғой, жазым боласын, — деді артынан даусын соза. Бірақ оны Тұржұма естісе де естімегенге салып кете барды. Ол

қораға жақындай бергенде су жағасында жүрген екі қойшы жанына келді. Оларға Доттың жағдайын айтып болған соң Тұржұма: «Жігіттер, маған көмектесіп, мынаған өзімді бір мінгізіп жіберіңдерші, егер өзіме көнбесе, басын кесем мұның» – деді түсі сұрлана.

– Ой, ағасы, атақты Дотты жер қаптырғанда сіз жоламаңызшы бұған, нағыз шу асаудың өзі екен бұл, – десті екеу бірінің сөзін бірі қостап. Ақыры бірмойын көкелері айтқанынан қайтпағасын, екеуі әупірімдеп жүріп, зорға дегенде қара дөненге Тұржұманы мінгізді. Үстіне қона кеткені сол еді, әдет алып алған асау алдыңғы екі аяқты тік көтеріп, өзін артқа қарай бірден тастай салды. Ебі кеткен Тұржұма бұл жолы ат қос аяғын көтере бергенде-ақ бір жағына ауа бастаған еді. Абырой болғанда ер баспады, тек бір жақ тебінгінің астында қалған жуан саны оңбай жаншыла түсті. Анадайдан байқап тұрған Рәсіл қария да жылдамдап басып жетіп келді:

– Тіл алмадың ғой, амансың ба, балам?

– Аманмын, – деді де орнынан ақсалаңдай тұрған Тұржұма жерде жатқан жарты құлаштай қазықты қолына алды. Ептеп басып барды да, қойшының тақымында қылғынып тұрған қара дөнненің қабақ тұсынан бар пәрменімен періп қалды. Жұлқына тік шапши барып жерге құлаған қара дөнненің бір жақ шекесі қызыл түске бояла кетті. Сабыр сақтап, үндемей тұрған Рәсіл қария бұл жолы шыдап тұра алмады. – Әй, ала өкпе, малды да солай қорлауға бола ма, мына жылқының киесі ұратын болса, ана қазығын бір күні өз басына тиер. Қай атаң өйтіп малды бастан ұратын еді. Өне бір көзі ағып түсіпті, көрсетер саған Құдай осының зауалын, – деді де ашуға булыққан ақсақал үйге қарай алқына басып жүріп кетті. Тұржұма қайын атаның сөзіне сәл ойланып қалды. Қалшылдап тұрған асауға зер салып қарап еді, шынымен қамшылар жақ көзінен қан сорғалап тұр. Қолындағы қазыққа қарап еді, қазықтың бас жағына ала үшкірлеу бір бұтағы шодырайып тұр екен. Өзі не істерін білмей дағдарып қалды. Жанындағы екі қойшыны тағы қолқалап, жабылып жүріп қараның ертоқымын алды да, көзіне киіз күйдіріп басты. Рәсіл қария ренжүлі күйі ауылға қайтпақ болып қамданып еді, ақсақалдың алдында айыбын таныған Тұржұма мен Жамал жата жабысып алып қалды.

Мал жайғалып, кешкі тамақ ішілді. Қария құтпан намазын оқып алған соң сөз бастады:

– Қарағым, Тұржұма, сен мені тында, ана дөнненің бүгін түнімен жақсылап күзет, егер күре тамыры жарылмаса қансырай қоймас. Бірақ оны ат қылып мінем дегенді қой, балам, елде «жылқы малы өскенде жүйрігі, кері кеткенде жорғасы көбейеді» деген. Қазір ауылда жылқының өсіп тұрған шағы. Бірақ бұл дәуір де ұзаққа бармас. Көнекөз сыншылардың айтуынша, өскен жылқының ішінде ноктаға басы сыймайтын, жалына қол тигізбес тума тарпаңы да болады дейтін. Мұндай асау жылқы баласында тым сирек кездеседі. Ондайды тек үйірге қосып, басына жүген құрық тигізбей еркін жібереді екен. Қара да тұр, мынауың соның өзі. Мұның бір көзін ағыздың, Алла отбасына жамандық бермесін. Ертең жеті шелпекке құран оқытып, Қамбар атадан кешірім сұра. Шығын келсе, малына келсін деп тіле, енді мұны үйірге қос та жібер, бұл босағаға тегін біткен жоқ. Малыңның құты болар. Өле-өлгенше жат қолына берме, өлсе өз ажалымен өлсін! – деп түйді сөзін сақалын салалай тарап. Көңілі кобалжып, бойын сәл үрей билегендей болған Тұржұма ақсақалға бір ауыз сөз қайтарып ләм демеді. Оның аузынан шыққан сөз әлдебір әулиенің үніндей болып естілді. Содан не керек, соқыр қара осылай үйірге маталған. Малдан шығын шықпады. Бірақ сол жылы

Жамалдың екі жасар тұңғышы аяқ асты ауырып қайтыс болып кетті. Сол кезде жөргекте жатқан Ерболдан кейін Тұржұма шыр еткен сүйе алмады. Кейде Тұржұма Ерболтайын еркелеткен кезде «қара айғырдың жалғыз көзіндей, менің жалғызым» деп мойнына мінгізіп, мауқын басатын. Жалғыз көзбен жалғыз ұлдың қандай байланысы барын өзі ғана білетін шығар. Онысы да, әйтеуір, тегін емес-ау...

* * *

Қара айғыр жеті жасқа толған күзінде құйрығы ұялана бастады. Екі жыл ішінде шимайланған қылдары кернейдей болып бірігіп қалған. Содан бастап, ел-жұрт оны «Тұржұманың киізқұйрық қара айғыры» атап кеткен. Жануар кезінде Рәсіл қария сынағандай төлшең болды. Үйірде құлын ертпеген қысыр бие болмайтын. Бір жылы көктемде Мұратқан ақсақал «Жамбасы мерткікен айғырымды төлеп бер, болмаса ана киізқұйрық қаранның көзін құртам» деп шағымданып келген. Сөйтсе, Мұратқанның айғырын шайнап бездіріпті де, үйірін тартып алыпты. Ал Тұржұма: «Үйіріне ие болмаған өз айғырыңның сорлылығынан көр» деп Мұратқанның өзін қуып жіберген. Ақыр соңында үлкендер араға түсіп жүріп, екеуін өзара жарастырыпты.

Несі бар екен, қыс бойы бүкіл ауылдың жылқышылары екіден, үштен жабағысымен тай-байталын қасқырға жем қылып жүрді. Ал Тұржұманың жылқысы одан аман. Кейін де Киізқұйрықтың көкжал арланмен алысып, екі қасқырды мерт қылғаны ел аузында аңыздай болып айтылып жүрді.

Бұл оқиға қыстың күні болған. Тұржұма ертелеп тұрып Үйсін тауының теріскей бетіндегі Қызылкезеңде жататын жылқысын көруге барса, айғырының бір жақ саны мен омырауының терісі жалбырап қалған. Тіпті сирақтары мен бас терісі де сау емес. Түгіне жабысып шашақтала қатқан қан түйіршіктері мұз болып қалыпты. Апыр-ай, не болды екен деп өзге малын түгендесе дін аман. Із шолып қараса, кезеңнің арғы жақ тепсеңінде бір көкжал қансырап жатыр, алақандай арқа терісі сыпырылып кеткен. Әлі өле қоймапты. Ал оның арғы жағындағы өзекшеде бір қаншық қасқыр серейіп қалыпты. Киізқұйрыққа тістері ілінген сорлылар жойқын тепкіден жайрап түскен тәрізді. Болжамдап қараса, шамамен 4-5 көкжал айғырмен бетпелбет келген. Қаншаға созылғанын қайдам, жан алып, жан беріскен шайқаста үйірін қорғаған соқыр қара екі бөріні жер жастандырып, қалғандарын қуып тынған шамасы. Сол кезде жаралы жануарын жаны ашып іштей қатты аяғанмен, Тұржұманың көкірегін керемет бір мақтаныш кернеп, Киізқұйрыққа қатты сүйінген. Қос көкжалды бөктеріп әкеліп жұртқа көрсеткенде бас шайқап, тандай қақпаған жан болмады. Содан бастап Киізқұйрық қараны бала-шағадан үлкендерге дейін ауыл жұрты құрмет тұта бастап еді.

Ал оның үйірінің маңынан саяқ ат пен анау-мынау жылқы баласы жанап өте алмайтын. Соқыр қарадан сескенетін. Жазды күні жылқысы Балықсуға түскенде үйір соңынан айбат беріп, түйедей, қара бөріше жортып, жалғыз өзі анадайда келе жататын. Қос себегіне кезек тиіп бұлғақтай соғатын ондай киіз құйрық өзге малда жоқ. Алақандай жапырақ құлақтарының арасынан төгілген тоқпақ кекілі де жанарсыз көзін жаба, желге таралып жануардың кесек тұрпатына бөлекше әр беретін. Ең бастысы, Тұржұманың босағасынан жүйрік үзілмеді. Сол жылдарда бәйгеден аты келіп, мейманасы тасыған сәттері аз емес. Өртекесте аламанның алдын бермей, тіпті, ішкі Қытай жеріне қымбат бағамен сатылған жүйріктері қаншама. Жұрттың көзін

қарықтырар Шалқұйрық қаралар мен талай Сүлікқаралар Киізқұйрықтың кіндігінен туды. Алыстан ат арытып келген атқұмарлар желідегі еркек құлындарына дейін құда түсіп, талап әкететін еді ғой...

Осының бәрін көз алдынан кино лентасындай бір өткізді де қарт жылқышы тері мөстегі қымызынан құшырлана бір сімірді. Заманы кетіп, кәрілік мүжіген жануарына мейірлене қарап, «Өгіз аттай желмейді, дәурен қайта келмейді» деп терең бір күрсінді де, атына қарай беттеді.

* * *

Тұржұманың жалғыз өзі енді бар шаруаға жетіспесін білгесін, Мөкіш деген бір мұңғұл жігітті айлығына келісіп қойшылыққа алды. Бет көрсе жүз ұялар деген. Көші-қон таяған сәтте малына мал қосып жүрген Ришат есімді ұйғыр жолдасы да ұлын ертіп, көш қамдасуға көмекке келген. Ендігі көңілі орныққан Тұржұманың бар ойы арасы 20 шақырымнан асатын төржайлауы Бессалаға аман-есен көш қондыру болды. Жұртта қалған қос кәрісін тек Құдайға аманаттады. Мың дегенмен малының басы, босағасының құты, мініп-түсіп қызығын көрмесе де, кең далада бірге өмір өткізіп жан серігіне айналған соқыр қарасын көп ойлайтын...

Тұржұма малдың басын өрістен-ақ жайлауға бұрып, айдаушыға жөн көрсетті де, ат басын үйге қарай бұрды. Ендігі ойы киізүйін жығып, теңін бумак. Ол үйге жете бере есік алдындағы мамада тұрған (мама ағашта) Кержорғаны бірден таныды. «Қайын ағам келген екен ғой, бұл кісі қайдан жүр екен» деп таңырқай қалған. Босағадан аттай бере төрдегі Жамалдың ағасы Айтжан ақсақалға:

— Ассалаумағалейкүм, аға, — деп сәлем берді.

— Уағалейкумассалам, амансындар ма, Тұржұма, кел отыр, шырағым, — деді бәсең дауыспен қолындағы қымыз ішкен кесесін дастарханға сырғытып жатқан Айтжан. Жамалдың көзі жыпылықтап, әлдебірдененен алаңдаулы. Көз шанағына толған жас кірпігін қағып қалса төгілгелі тұр. Тұржұма «Ерболға қатысты болды ғой, әлгі тентек үйге қайтам» деп елші жіберген-ау шамасы» деп түйді бұл келісті. Өйткені іштен шыққан жалғызына қанша ара түскісі келгенмен, күйеуіне қарсы шығуды кешірілмес күнә санайтын Жамал жалғызына қатысты бір жағдай бола қалғанда осылай етегін жасқа толтырып, іштен тынатын-ды. Сәл үнсіздіктен кейін бұл өлі тыныштықты Айтжан бұзды:

— Көш көлікті болсын, Тұржұма, шырағым!

— Айтқаныңыз келсін!

— Менің беймезгіл келгенім әлгі жиен, сендердің ұл туралы. Ербол кеше біздің үйге келіпті. «Жақында Қазақстанға кетем, қағаз-құжаттарым дайын болып қалды, «өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген, енді атажұртқа біржола аттанамын» — дейді. Әке-шешен хабардар ма деп сұрап едім, «айтпадым» деп жер шұқиды. Мұны естіген Жамал аузы аңкиып, сілейді де қалды. — Кемпірден сұрасам отбасында ұсақ-түйек реніштерің болған екен. Хош, иттің сыры иесіне мәлім деген, шырақтарым, балаларыңның мінезін білесіндер. Сонымен не дейсіндер енді, — деп Тұржұмаға сұраулы көзбен қарады.

— Ой, мына тентекті-ай, а? Мұндай үлкен шаруаны ақылдаспай ма екен адам деген, — деп күңкілдеген Тұржұманың аузына бұдан өзге сөз түспей абдырап қалды. Осыған дейін араға жүріп «Жалғыз баланды далаға кума, шешесіне де онай емес, Ерболға да ақыл айтып үйіңе әкелейік, бір

жағыннан шығыссын» деген жақын-жамағаттың сөзін отағасы құлағына ілмеген. Тіпті Жамалдың да ана жүрегінің жалынышына селт етпеген. Енді, міне, ұлы біржолға үйден кетпек... Көп баланың бірі болса, жөні басқа. Жар дегенде жалғыз екені енді есіне түскендей есеңгіреп қалды. Осыған дейін күйеуінің бетіне тік қарап сөйлеп көрмеген Жамалдың одан әріге шыдамы жетпеді.

– Бәріне сен жазықтысың, қу дүниенді қимадың. Оқимын деген баланы оқытып, тым болмағанда бір тілегін орындағаныңда ғой, – деп көкірегі қарс айрылған Жамал кеңкілдей жөнелді. Бұл жолы әйелінің мұндай ауыр сөзіне адуынды отағасы ләм-мим деген жоқ. Оның да ой-санасы аласапыран...

– Қой енді, көз жасыңды тый, Жамал шырағым, бір-бірінді жазғырғанды қойыңдар. Ербол кетсе жат жерге кетіп бара жатқан жоқ. Өз еліне, өз Отанына барар. Алла амандығын берсе, әлі-ақ ата қонысқа өздерің де көшіп барарсыңдар. Осы ауылдың өзінен қаншама отбасы кеткенін білесіңдер ғой. Ел ауған жаққа қызыр ауар деген, қазақ баласының ендігі болашағы сонда, өз Отанында, өз елінде, – деп терең күрсінген Айтжан киізүйдің шаңырағынан аспанды шола көз тастады.

– Дұрыс қой, аға, біздің заман кетті, бірақ осы жалғыз ұлдың, болашақ ұрпақтың ертеңі үшін ол жаққа түбі көшсем деген ой мені де мазалап жүргені рас. Бірақ бұның бұлай бізбен қоштаспай кетпек болғаны жанға батады екен, не десе де әке-шешесі емеспіз бе? – деді Тұржұма діріл аралас дауыспен тіл қатып. Мұнысынан арадағы өкпені ұмытып, ұлына мейірленгені байқалды.

– Әп бәрекелді, оны уайымдамаңдар. Мен бүгін үйге қайтып, ертең Ерболды осында жіберем. Келіп, жандарыңда болып, жайлауға көшіріссін. Содан кейін, ақ баталарыңды беріп жолға саларсыңдар, – деді Айтжанның жүзі жадырап.

Ербол да келді. Жамал ұлын айналып-толғанып, маңдайынан сүйіп мауқын басты. Тұржұма да өткен өкпе-ренішті ұмытып, жөніне келген. Аман-саулықтан кейін: «Әке, өткенде артық кетіп, ашуыңызға тидім, жаныңызды ауырттым. Мені кешіріңіз. Ендігәрі олай етпеспін, тек бар болашағымды мына жат елде емес, өз елімде жасағым келеді. Жан қалауым сол! Маған алаңдамаңыздар, Алматы жаққа барып өзім жайғасып алған соң, сіздерді де көшіріп алып кетемін ғой» – деді Ербол екеуіне қиыла қарап. Әкенің байқауынша енді Ербол жас бала емес. Еңгезердей азамат болған. «Қысқа ғана уақыт ішінде өз бетімен қияметі көп құжат жасатып, визаны да алдырып алғанын көрмейсің бе?! Ондай шаруаның жай жапсарын тіпті мен де біле бермеймін, ақылыңнан айналайын...» Осы ойдан кейін әке жүрегі елжіреп, ұлын мейірлене маңдайынан иіскеген.

Жайлауға көшіп барысымен Тұржұма Ерболды аттандырудың қамына кірісті. Саудагер іздеп, малын сатып, баланың керек-жарағы мен жол қаражатын қамдады. Сәті түскен сәрсенбіде ақсарбас атап сойып, туыс-туған, ел-жұртқа бір шәугім шайын да берген. Ақсақалдар Ерболға ақ батасын беріп, Алладан ақ жол тіледі. Жамал жалғызын іштей қимағанымен көз жасын сүрте жүріп, әр қонақтың жылы лебізіне жалғыз өзі ыждағатпен бетін сипаумен болды. Сөйтіп, Ербол да көп ұзамай Қорғас өткелін бетке алып, атажұртқа аттанып кетті. Жамал құлынына ақ жол тілеп, жанары жасаурап, кемсеңдеп үйде қалған. Ала таңнан жолға шыққан Тұржұма Ерболды жөнелтпек болып аудан орталығындағы автобекетке өзі бірге келді. Жалғызын маңдайынан қайталап иіскеп, ақ жол тілеген ұлы көлікке мініп жүріп кеткенше сонынан антарылып біраз тұрды. Үйден ұзап

шықпаған жас бала қанша өз елім дегенмен, осыған дейін ат ізін салмаған шетелге кетіп барады. Алматыға аман жетіп, мекенжайын жазып берген туыстарды адаспай тапса екен. Е... бала деген бауыр етің ғой... Осындай ой үстінде тұрған Тұржұманың күтпеген жерден көңілі босап, көзінен жас бұршақтап кетті. Барбиған жуан саусақтарымен жасын сүртіп, «Аллаға аманат, құлыным, сапарың оң болғай» деп өзіне өзі күбірледі...

* * *

Киізқұйрық қарасын соңғы рет көшерде көрген. Енді қарт жылқышы жайлауға тура тартпай, ойда қалған екеуге бір соғып қайтуды құп көрді. Тұржұма ауданнан келіп, ауылда қалдырған өз атына қонды да, Құнантөбеге тартты. Межелі жерге жетіп, жер шолып ары-бері қарап еді, әлгі екеуі көрінбеді. Байтақ жатқан адырлы қырқада бір де бір мал қарасы да көзге түспеді.

Бұлар ұзақырап жайылған болса, суатқа Жіңішкесуға түсер деп топшылаған мал иесі енді Бестам жақты бетке алған. Желе-шоқыртып Жіңішкесудың бойындағы иін-иінді аралап келе жатқанда, су жағасындағы ойдымның алсынын шымшылап тұрған қаракер биеге тап болды. Жануар атты адамды көрді де, таныды ма қайдам, кісінеп жіберді. Тұржұма әлдебір суық хабар естігендей селт ете қалды. Бие тұрған иінді айнала бажайлап ары қарай көз жүгіртіп еді, су жағасындағы батпаққа батып жатқан қара айғырын көзі шалды. Жануар су ішпек болғанда, алдыңғы қос аяғы жағадағы сазға түскен шамасы. Сол сазбалшықтан аяғын қайта суырып алуға дәрмені жетпей құлаған тәрізді. Біраз жанталасқан тырбын іздері жатыр. Бірақ дәм-тұзы осы арада таусылған екен. Тұржұма киізқұйрығының жанында ойға шомып ұзақ отырды. Енді соқыр қараның келмеске кеткенін ойлағанда жүрегі сыздап, жаны ауырды. Ол жарықтық малының басы, үйірінің айғыры ғана емес, өзімен үнсіз тілдесе білетін сырласы, кең далада болмысы үйлескен жан серігі еді! Тұржұма енді жақындарынан айрылып жапан далада жалғыз қалғандай күй кешті. Егер Киізқұйрық қарасы адам болып жаралғанда, нағыз қазақтың қас батыры болып туар ма еді?! Тұла бойын рух пен намыс билеген дүйім топтың баһадүрі болар еді ау!...

Сүт пісірім уақыттан кейін өзіне келгендей болып еді, кірпігі суланып кетіпті. «Қой, біреу-міреу көре қалса, «малы өлгенге бола Тұржұма жылап отыр» деп сөз қылар, қош бол, жануарым, бақидың пырағысың ғой» – деп күбірледі де, қамшысымен жер таяна орнынан тұрды. Белдіктегі қынынан бәкісін шығарып, жылқысын бауыздап ырымын жасады. Артынша киізқұйрығы мен кекілінен бір-бір тұтам кесіп алып етігінің қонышына тықты да, қам көңіл жылқышы атына қонып, Жамал жалғыз қалған жайлауды бетке алды! Осы кезде аспан жақта қарға-құзғынның қарасы көбейе бастаған...

Күні бойы жол соққан Тұржұма үйіне түн ауа жетті. Жамалға баласының жөнін айтты да, салулы төсекке құлай кеткен. Таңға жуық Тұржұма түс көрді. Түсінде Ербол кең даланың төсін қақ жарып, жер апшысын қуыра жайдақ атпен шауып барады. Бағыты – қарсы беттегі Ақбас тау. Ал баланың астындағы мінген аты Тұржұмаға тым таныстай сезілді. Антарылып, анықтап қарап еді, өз көзіне сенбей қалды. «Әне құйрығы..., дәл өзі... Апырай, мынау Киізқұйрық қара айғыр ғой... Киізқұйрық...» – деп дауыстап барып оянып кетті...

*Сөз сәулесі***Гүлжаһан
ОРДА**

ТАМШЫМЕН ТЕҢІЗ ТОЛҚЫТҚАН

(«Ақсақ Темірдің алмас қылышы» жинағы негізінде)

Қазіргі қазақ әдебиетінің белгілі өкілдерінің бірі – Сабырбек Олжабай оқырманға сатиралық «Ашутас», «Мүсәтір», «Емеурін», «Ұрланған тауық туралы хикая», «Жалдамалы құда», «Ақырзаманның ауруы», «Ғасыр машақаты», прозалық «Жылыбұлақ», «Ақсақ Темірдің алмас қылышы», «Акілгек», детективтік «Қыз жылаған түн», «Айбалталы айкезбе», поэзиялық «Ай астындағы ару», драмалық «Қара көзілдірікті келіншек», «Тұмарға тұмшаланған тағдыр», комедиялық «Тісіңнен шығарма, Тымпи» және «Бақыт құсы» тәрізді ертегілер жинағымен жақсы таныс.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» нысаналы бағдарламасының «Әдеби өлкетану» тақырыбын зерттеу мақсатымен қаламгердің «Ақсақ Темірдің алмас қылышы» атты повестер мен әңгімелерінің жинағын оқып отырмыз. Кітаптың алғысөзіне Аманхан Әлімұлы жазушының шығармашылығы туралы: «Сабырбек Олжабай – қазақ әдебиетіндегі соңғы кезде қатқылданып, қасаңданып бара жатқан, бастауында Сайын Мұратбеков, Қарауылбек Қазиев, Нәсредин Серәлиев секілді лирикалық проза жанрының өкілдеріне жататын, соңғы жазушылардың санатындағы қаламгер», – деген екен.

«Ақсақ Темірдің алмас қылышы» повесін оқи бастағаннан өзімізге Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романынан жақсы таныс тарихи оқиғаға кез болдық. Әбіштен кейін бұл тақырыпқа жазушының батыл баруының себебі неде деген ой туды. Әмір Темірге байланысты негізгі оқиға екі шығармаға ортақ болғанмен, оны суреттеу, оқырман жүрегіне жеткізуде екі қаламгер екі түрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді пайдаланған. Ә.Кейілбаев түс пен ой ағымы арқылы психологизмге ерік берсе, С.Олжабай Әмірдің бейнесін ашу мақсатында алғашқы шығармада кездеспеген бірнеше оқиғаны қамти отырып психологизмді

драматизммен ұштастырған. Солардың бірі – XIV ғасырдағы Шығыс Түркістан, Жетісуды Шыңғысханның ұрпағы басқаруы, Тоғылық Темірдің Моғолстан мемлекетін құруы, Әмір Хусейн мен Темірдің арасындағы қыл өтпейтін достық болса, екіншісі – Сарай-Мүлікке қатысты оқиға. Аталған оқиғаларда «айламен, айлакерлікпен, түлкібұланмен, қулық-сұмдықпен өмір сүретін алмағайып, аласапыран заманда ол барлық қаскүнемдікке шімірікпей барғандығы» шынайы суреттелген. Жазушы Темірдің жауының көзіне тік қарайтынын түз тағысы көкжалдардан көп үйренгендігімен, соғыс тактикасында қасқырлардың жемтік аулаудағы шеберлігін жақсы меңгергендігімен толықтырған. Құтырынған қасқырлардың боз боранда, сақылдаған сары аязда, қап қараңғылықта шабуылды үдететіні тәрізді Темір де бірде-бір шайқаста жеңіліп көрген емес. Түркіменстанның Мерв деген жеріндегі қақтығыста оң аяғы мен оң қолына оқ тиген сәтін былай сипаттайды: «Темірдің шыбын шаққан құрлы көрмей қасқайып қарап тұруы құла дүздегі қасқырдан дарыған қасиет еді». Содан кейін екі саусағы жұлынып, ақсандап жүретін Темірдің оң шынтағы бүгілмейтін болған.

Әмір Хусейн қарындасы Ұлжай Теркенені Темірге берген соң олардың арасы қанша жақындай түссе, Ұлжайдың қайтыс болуы олардың арасын алшақтата түсті. Самарқан тұрғындары билеушіге наразылық білдіріп бас көтергенде, Темір осы сәтті пайдаланып Самарқанды басып алды. «Жүрегіне қан қатқан Темір Тарағайұлы қандыбалақ серігі Әмір Хусейннің мойынына ажырғы кигізіп, терісін тірідей сыпырып, етін боршалап өлтірді. Сонда да селк еткен жоқ» (1, 14). Сенім артқан досынан құтылып, өзін Мәуереннахрдың жоғары билеушісі деп жариялауы оның мақсат-мүддесін ашуға қызмет етіп тұр. Темір – көздегеніне қандай жолмен болса жете білетін жан.

Әмір Хусейннің Бибі ханым атымен белгілі шағатай ұрпағы Сарай-Мүлікке қатысты оқиғаның да осындай қатігездікпен аяқталуы Темір бейнесін толықтыра түседі. Сарай-Мүлікті жазушы былай сипаттайды: «Онсыз да Ай дидарлы бегімнің ажары атқан таңдай аппақ: құлын мүсін, шымыр иық, қыпша бел, көріктей көкірек тұсы, ши ерін, қиғаш қас, қыр мұрын, жәудір жанар жан біткеннің жүрегіне шок түсіретін» (1, 15). Иран, Үндістан, Грузия, Әзербайжан, Дағыстан, Сирия, Персия, Палестина, Ауғаныстан сияқты алпауыт елдер мен әлемнің 27 мемлекетін табанымен таптаған Әмірдің от құшағына қаншама хас сұлу өзі құлағанмен, Сарай-Мүлік қарсылық танытты. Темір хан тұқымының шолжаңын көтере алмады, ол Шыңғыс хан ұрпағы Қазан ханның немересін алып Темір «Курган» деген құрметті атақты иеленбек еді.

Баһадүр тыңшының көмегімен Хасеннің отауын анықтап, төсек үстінде ұсталған Хасеннің басын өзінің алмас қылышымен шаптырғанда: «Бибі ханым жендеттің қолындағы затқа шошына қарады. Есік алдындағы итаяққа Хасеннің басын салып әкеліпті. Көзі шарасынан шығып кетердей бақырайған Хасеннің басынан сорғалаған қан итаяқтан асып жерге тырстыр тамды. Осы тамшының әр тырс еткен дыбысы үйдегілердің жүрегіне қанжар болып қадалатындай» (1, 18). Бибі ханым сыралғы серігі, ғашығы Хасеннен айырылған соң «Құдай бұйырды, біз көндік. Илмес басты

иілдірген Сіздің алмас қылышыңыздың алдында біз бейбақ не істей алатын едік?» деп мойынсұнды.

Хан тұқымынан шыққан ай дидарлы Сарай-Мүлік Темірдің бас бәйбішесі болды. Жазушы сарайға Шолпан-Мүлік келгеннен кейінгі екі қатынның күндестігін «Күндестің күлі де күндес» болатынымен шынайы суреттеген. Бәйбіше хас сұлудың өзі болғанмен, жас әрі қылықты, ажарлы да ақылды Шолпан-Мүліктің ай дидарынан Күннің өзі жасқанатын. «Бірақ сұлулық жүрген жерде сұмпайы еріп жүреді. Бұл сұмпайының бір аты – қызғаныш. Ол Күннен де ыстық. Оның жалыны шарпыған жер өртеніп бітеді», – деп күндес туралы оқырманға мағлұмат береді.

Сондықтан да жазушы Темірдің тас жүрегін жібіткен Шолпан-Мүлікті сүріндірудің сан тарау жолын іздеуден шаршаған бәйбіше туралы былай дейді: «Он төртінде гарем тұтқыны болып, сатқындық пен сұркиялықтың сан сырын меңгерген Бибі ханымның жүрек сандығында талай бықсық бұғып жатты». Оны бір себебі – сүйген ғашығы Хасеннің кегін алу болуы да ықтимал.

Оқиғаның шарықтау шегі – көкке шаншылған мұнара. Византия жорығынан жеңіспен келе жатқан Темір Афросиабтың биігінде Самарқанға ерекше салтанат қосып, көкпен таласып тұрған мұнараға таңырқай береді. «Мұнара көкке шаншылып тұр. Ұшар басы бұлттарға барып тірелетін мұнара алыстағы адамды сұлу сымбатымен өзіне шақыра, тамсандыра түседі екен де таяу қалғанда тұла бойға өзгеше бір мұң тұмшалайды. Япырау, мына мұнара ғашық жүректің алыстағы арманына деген сағынышын үрлеп, қоздатып тұр емес пе?», – деп ойлаған Темір Шолпан-Мүліктің шебердің жүрегіне шоқ түсіргенін сезеді.

Жазушы Темір бейнесін толықтыруда Арыстан баб, Ахмет Ясауи кесенелеріне қатысты оқиғаларды қосқан. 1396 жылы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін салдыртқанда Иран жігіті Мұстафаның балдызы Мәрзияның бет пердесін сыпырып алғаны үшін басын алмас қылышпен киып түскен болатын. Араға біраз жыл салып екінші шебер кездесіп отыр, бұл жолы Жағыпар-аддин ұстаның үкімін ойша шығарып қойды. Түс көру көркем шығармада алдағыны болжау мақсатында қолданылатын болса, Қожа Ахмет Ясауидің кесенісін салдырғанда түсінде көрген көк өгізді осы мақсатта пайдаланған. Зейд-ад-дин Әбу Бекр көк өгіз Арыстан баптың әруағы екенін ескертіп, алдымен Арыстан бабка кесене тұрғызып, содан кейін барып ісін жалғастыруға кеңес берген болатын.

Құрылыстың жобасын өзі жасатып, Шираздан шебер шақыртып мұнара салдырғаны үшін өзі кінәлі боларын Шолпан-Мүлік білмеп еді. Осы сәтті тиімді пайдаланған бәйбішенің құрт түскен қызыл алмасы оқиғаны шиеленістіріп Темірді ұйқыдан айырды. Бойын билеген өшпенділік пен жауыздықты, қызғанышты жеңе алмай ұйқыда жатқан Шолпан-Мүлікті өз шашымен буындырып өлтірді. Қандай қанішер, қатігез болса да оның да ет пен сүйектен жаралған екі аяқты пенде екенін жазушы былай суреттейді:

«Шошып оянып жүресінен отырған Әмір темір: «Иә, енді Шолпан-Мүлік маған жеткізбейді» деп күбірледі. Сосын үлкендерден зәбір көрген балаша өксіп-өксіп жылады.

Бұл оның адам болып жаралғалы тұңғыш рет жылауы еді. Ғұмырында көзінен жас шықпаған қаһарлы да қатігез жан оңашада осылай егілді.

Иә, тағдыр болатты да балқытады, тасты да үгеді. Жаратқанның әміріне қарсы келер құдірет жоқ» (1, 38).

Ә.Кекілбаевтың романында Пірі «Кие үркіткен, әруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан», – десе, С.Олжабайдың повесінде емші: «О, ұлы падишах! Сіздің жүрегіңізде терең бір құсалық пен өкініш бар. Олардың сыры өзіңізге мәлім. Жүрегіңізді жеңе алғанда ғана орныңыздан тұрасыз», – дейді. Пірінің сөзі Әміршінің есіне шебердің киесін үркітіп, оның құмырашы әкесінің әруағын ренжіткенінен хабар берсе, повестегі емшінің сөзі жазықсыз ұста мен Шолпан-Мүліктің өлімін есіне салады.

Бір апта бойы ар азабынан бой көтере алмай жатқан падишах емші кеткен соң және бір аптадан кейін атқа қонып, әскербасыларына «Атқа қонындар!» деп бұйрық берді.

Екі шығарманың да шешімі – Темірдің жорыққа атануы. Ол күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалдырған сан сауалдың жауабын тағы да жорықтан іздемек. Құсалық қарғысы тиген Әмір Темір жан жарасын бұл жолы да қанмен жумақ. Жазушының жетістігі – Темірге қатысты жаңа оқиғаларды пайдалана отырып, оның шынайы бейнесін жасауы. Соның бірі – жазықсыз Шолпан-Мүлікті буындырып өлтіргені үшін егіліп жылауы.

Ал, «Сұңғыла» повесіне біз өмір сүріп отырған қоғамның бір шындығы арқау болған. Тұңғат пен Айнұрдың кездейсоқ танысуы екі баласы бар жігіттің айрандай ұйыған отбасының шырқы бұзылуына себеп болады. Сүйген жары Жансаяның көзі тәрізді Айнұрдың томпақ көзіне арбалып қалған Тұңғат оның құрығына қалай түскенін білмей дал болады. Өзінің ісінен жерініп қанша қарсылық білдірейін десе де, Айнұр телефон соқса айтқанына еріп кете беретінін жазушы былай суреттейді:

«Жарыққа айналып келе беретін жынды көбелектей Айнұрдың қасынан ұзай алмады. Не сиқыры бар? Түсіне алмады. Түсінуге шамасын келтірмеді...

Тұңғат үшін барлық ерік-жігерін шідерлеп тастаған осы қыздың бір бәлесі бар. Қанша жерден ұмытайын десе де жем жеген ақырына қаша беретін жылқы тәрізді бұл да Айнұрға қайта айналып келеді».

Оқиғаның шарықтау шегі – екі ғашықтың Калифорнияға ұшып кетуі болса, шешімі – Тұңғаттың Айнұрдан суынуы. Оған себеп – Калифорниядағы дарлингтония атты жапырақтары кобраның басына ұқсас, алашұбар қорқынышты өсімдік. Не ағашқа, не гүлге ұқсамайтын бұл өсімдік маңайына жақындаған шыбын-шіркей тәрізді тірі жәндікпен бірге адамды да жапырақтарымен орап, қанын сорып өлтіреді екен. Айнұрды дарлингтонияға ұқсатқан Тұңғат одан қалай суына бастағанын өзі де білмей қалды. Азған жердің шөбі де азады екен-ау деп ойлаған ол, өз еліндегі сұңғыла деген шөпті есіне түсірді. Гүлдері шұбар-шұбар сұңғыла да қауынға уын жайып, пәлегін солдырады. Өсімдік пен адам арасынан ұқсастық іздеген ол Айнұрдың арбауына еріп, ұлдары Бақыт пен Бағдаттан, жары Жансаядан айырылып қала жаздағанын дер кезінде түсініп есін жияды.

Жазушы адам мен табиғат арасындағы ұқсастықты салыстыра отырып,

Жер-Ананы жаралап, жердің қаны болып табылатын мұнайды сүліктей сорып жатқан адамзат баласынан жиренеді. Тазалық Періштелердің ғана арасында болса, сол мекенде тұрақтап қалуды арман етеді. Себебі, жер бетін жайлаған былықтан қашып құтылу мүмкін емес еді.

Жинаққа енген әңгімелердің құрылымында ортақ ұқсастық болғанмен, тақырыбы жағынан алуан түрлі. Кейіпкерлері де бір-біріне ұқсамайтын түрлі ортадағы, әртүрлі жастағы жандар. Алдымен көзге түстіні – «Үрей», «Соғыстың соңғы солдаты» әңгімелері. Алғашқы әңгімедегі жаратылысы жұмбақ Мүсірәлінің бар құпиясы әңгіменің соңында ашылады. Түнімен сандырақтап, бастығырылып, әлденеден үрейленіп жүретін оның қылығын жарты ғасырға жуық отасқан жары Хадиша да түсінбейді. Соғысқа бір аяғын беріп, балдақпен келген жігіт көп ұзамай Хадишаға үйленді. Колхоз бастығы ұсынған қызметтердің біріне де келіспей, бір отар қойды алдына салып елден жырақта оқшау жүреті шопан болды.

Ауылдағы санаулы соғыс ардагерлерінің шындыққа қиыспайтын әңгімелеріне құлақтарының құрышы қанған оқушылар араға жылдар салып Мүсірәліні кездесуге шақырады. Ол қанша бармаймын дегенмен, өз баласы қоймаған соң келісімін беріп мектепке барады. «Соғыс деген – қасірет. Жаратқан оны сендерге көрсетпей-ақ қойсын», – деп әңгімесін бастаған ол оқушыларға Белорусия майданы туралы айтып берді. Смоленск ауданы Кленник поселкесі маңындағы ұрысты қаз-қалпында айтқаны сонша, өзін батыр етіп көрсетуге тырысқан да жоқ. Пионер жетекшісі мойнына алқызыл галстук тағып, оқушылар соғыс ардагерімен қимай қоштасты.

Органшы ұлы әкесіне: «Әке, Ұлы Отан соғысының ардагерісіз. Батырсыз! Неге совхоз басшыларынан жеңілдік сұрамайсыз?», – деген сауалынан кейін өмір бойы адам баласына айтпаған сырын айтуға тура келеді. Кім көрінгеннен үрейленіп жүретін оның бар қорқынышы – соғыста жараланып белден төмен шойырылып жарадар болып жатқанда жаны үшін неміс солдаттарына айтқан «Сталин капут!» деген сөзі екенін естігенде бір жағынан күлкің келеді, екінші жағынан кейіпкерге жаның ашиды. Ол сөзін өзінен басқа тірі жан естімегенмен, немістердің тастап кеткен тамағын талғажау етіп жан сақтағанын өмір бойы кешіре алмай, біреу келіп бетіне басатындай үрейленіп жүретін Мүсірәлі – соғыс зардабын тартқан буын өкілі.

Өмірінің соңында ажалмен арпалысып жатқанда қаһарлы Сталиннің: «Сен бе, Сталин капут!» деп жүрген» деп жауар бұлттай болып келіп тұруы да оның ойынан хабар беріп тұр. Ар азабы мазалаған оның соңғы сөзі де «Жолдас Сталин!» болып өмірден өте берді.

Жазушы шағын оқиғадағы соғыс ардагерінің үрейімен сол дәуірдің шындығын көрсеткен. Осы әңгіменің жалғасы ретінде «Соғыстың соңғы солдатын» атауға болады. Темірхан мен Назипа балаларына той жасай алмай, Жеңістің 65 жылдығына соғыс ардагерлеріне 65 мың сыйақы, жылына бір рет берілетін 25 мың жәрдемақы берілетінін біліп, әкелерінің алатын ақшасына балаларының үйлену тойын жасамақ болады. «Е, пайдамыз немеремізге тигелі жатыр екен ғой, ала қойындар» дегенмен, мамыр айына жетпей Мырзабай ата қайтыс болады. Жазушы 2010

жылдардағы оқиғада күнін көре алмай отырған ерлі зайыптылардың тіршілігімен егемендіктің алғашқы жылдарындағы ел экономикасының құлдырауын көрсетіп отыр.

«Елес кезген еңселі үй» – мистикалық әңгіме. Алғашында қызы Әсемгүлге, кейін баласы Сәбденге көрінген елес адамдар көп ұзамай түнімен үйдің ішін азан-қазан етіп шуылдап, заттарды ары-бері ауыстыра бастайды. Ғалымдардың биолокациялық құралдары үйдің жерасты геомагнитті толқындар үстіне жақын орналасқаннан десе, молда-имамдар әруақтарға құран бағыштау керектігін түсіндіреді. Қой сойып аруақтарға құран бағыштаған соң, бір аптадай тынышталған елестер отбасын қайта мазалай бастайды. Келесі молда үйдің адам мүрдесінің үстіне салынғанын айтады. Мәулен аруақтарға сенбеймін деп жүргенде қызы Әсемгүл сүйгенімен қашып кетіп жерге қаратса, баласы Сәбден асылып қалады. Көкшетаудағы үлкен ұлы Арлен қызметін осында ауыстырып, ата-анасымен бірге тұру үшін бұл үйден көшулерін талап етеді. Алтын сарайдың бәрі бақыт әкелмейтінін түсінген олар басқа үй алып көшіп кеткенмен, «қарғыс атқан үй» сатылмады, ол үйде түнімен жын-шайтандар ойнақ салатынды шығарды. Күндіз барып сол жерді паналап ішімдік ішетін қаңғыбастардың өзі ол үйге түнелей қаша жөнелетін.

Әңгіме «Бақ бәсекесінде Мәулен талай жанға тізе батырып еді. Бойын кісәпір кесірлік пен топас тоғышарлық жайлаған ол талайлардың ақысын жеді, жолдарын кесті. Бәлкім тағдырдың мына ызалы жазасы сол құнамақорлық қырсықтығының өтеуі ме екен? Кім білсін-ай, кім білсін?! Анығы Аллаға ғана аян ғой...» деп аяқталады. Осыған қарап, пенделердің Алланың құрығынан қашса да құтыла алмайтынын, әр істеген ісінің өтемін көзі тірісінде көретінін байқаймыз.

«Көгентікен» әңгімесіндегі диканшы Шалбайдың үлкен қаладағы қызы бір зәңгіге күйеуге тигенде, ауылға қол ұстасып бірге келуші болма деп тыйым салғанмен, шаруаға мінетін биесі Нұртайдың есегінен қашыр тапқанда жерге кіре намыстанды. Қашырды көрген Нұртай:

«Құрдас, мынауың кәдімгі қашыр. Бұлар қара жұмысқа өте көмбіс келеді. Өз малымның тұқымы еді ғой, маған қи. Қой соңына мінейін, арбаға жегейін. Ақысына қалағаныңды аларсың», – деген сөзіне күйініп, бие мен қашыр құлынды пышақтап, екі өлікті қорадан жырақтау жерге сүйреп апарып көміп тастады.

Жазушы осы оқиға арқылы оқырманға ой салған, малды бауыздап, не сатып жіберуге болады. Ал, зәңгіден туған бала не болмақ?

Әңгіме: «Сыр сәскеде Шалбайдың денесі кенеттен өртболып күйіп-жанып, үркер туа үзіліп жүре берді...» деп ақталады.

Ашуы басылмаған Шалбайдың қазасы күйіктен болғанын білген оқырман малдан құтылғанмен, адамнан құтылуға болмайтынын, шетелдіктерге шыққан қыздардан мәнгүрттер туып, тектің бұзылатынын түсінеді. Нұртай – бүгінгі нарыққа үйренген дүние табудың жолын білетін жан болса, Шалбай – ата баба жорлын ұстанған дүниеден ар мен абыройды биік қоятын ұлттық қарактер. Бір-біріне қарама-қарсы екі құрдастың өмір тіршілігімен бүгінгі таңдағы замандастарымыздың тұрмыс-тіршілігін шынайы бейнелеген. Шағын әңгімеде жазушының көтеріп отырған екінші мәселесі – адам баласының табиғат заңына

қарсы тұра алмайтыны. Шалбай биесін оңаша ұстағанмен, жайлаудағы айғырларға жете алмаған ол жақын жердегі есекке барып мауқын басып отыр. Биенің әрекетінен табиғат заңына қарсы тұруға болмайтынын ұғынамыз.

«Құл» әңгімесінің оқиғасы үйленгендеріне отыз бес жыл болса да, соның отыз жылы құлағына тыныштық болмаған Әубәкірдің жер ортасы жасқа келгенде қатыннан да, баладан да безуімен аяқталған. Отағасының жынына тию үшін сиырдың әукесі тәрізді «Әуке» деп атайтын Сағымгүл қашан қарасаң «боранды түнгі аш қасқырдай ұлиды» да отырады. Арыстанды-Қарабас желіндей бір бастаса, бір аптаға дейін құлағының құрттын жейтін ол дүкенге өзін бара бер дегені үшін Әубәкірді «асыранда құл» дейді. Шайпыауыз қатынның қанша сөзін көтерсе де соңғы сөзін көтере алмай, қан қысымы көтеріліп есінен танған ол жедел жәрдеммен ауруханаға түсті. Есін жиғанда тым құрыса ұлдары Мамдияр мен Шадиярдың, қыздары Гүлсім мен Гүлнардың артынан іздеп келмегеніне қайран қалады.

Лирикалық шегініспен өткенін еске алғанда, бұл үйленгеннен бері атасы Жора Жұпарбаевичтің ашса алақанында, жұмса жұдырығында екенін түсінді. «Әртістің қолындағы қуыршақ сияқты тек қана иесінің қалауымен қимылдап, осы күнге дейін өмір сүріп келіпті». Өткен отыз бес жылын көз алдынан өткізіп, ары-ойланып, бері ойланып ауруханадан қашып шығады.

«Қою қараңғылыққа тастай батып бара жатқан қашқынның қиялы қай қияда екенін Жаратушыдан өзге ешкім де білмейтін еді...».

Жазушы екі ұл, екі қызы өскенше бір отбасын асырап отырған отағысының отырса опак, тұрса сопақ болғанының астарына үңілген. Бар өткізгені – қызметке қайын атасының орналыстырғаны. Сол күннен бастап кеңседе атасының барып кел, шауып келімен өмірі өтсе, үйде құлағына тыным болмаған жанның өткен өмірінен ғана емес, бала-шағасынан безіп қашып бара жатуы оқырманға ой салады. Жазушы бір азаматтың түбіне жеткен қатынның кесірлігін сынға алады. Сағымгүл сияқты әкесінің даңқымен жүргендер қаншама жанның түбіне жетіп жатқаны бір Аллаға ғана аян.

«Қызы жоқ кемпір» әңгімесіндегі Бәтима кемпірдің өмірі де оқырманға жақсы таныс. Төрт ұл тапқан Бәтима кемпір қырық жыл басқарған шалы Бексұлтанды ықтырғанмен, төрт ұлға өмірі жүрмеді. Төрт ұл тапқанмен, өзімен қатарлардың қыздары аналарының туған күнін алтындарын тағып, үлде мен бүлдеге орап отыратынын көрген кемпір бір қыз таппағанына өкінді. Төрт ұл ішімдікке жақын болып, болмашыға өзара қырқысқанда кемпір мен шалдың белі бүгілетін. Үйдің бар шаруасы еңкейген кемпір мен шалға қарап қалғанда келіндер төркіндеп, ұлдар өз шаруасымен жүрді.

Қара күз келіп, жаңбыр жауып тұрғанда пешке от жағуға шамасы келмеген кемпір жатып қалды. «Бүк түсіп жатқан кемпіріне Бексұлтан бұл жолы соншалықты аянышты бір сезіммен қарады. Беу, бір кем дүние-ай десеңші...».

Елдің жылтырағына қызғатын әйел емес пе деп ойлайтын шалы оның өмір бойы бір қыз тумаппын деп армандап жүргенін енді түсінді.

Мұсылман халқы ұрпақ жалғастығын ұлдан өрбітетіндіктен, қыз балаға қарағанда ұлды жоғары қояды. Ал, өмірде ата-анаға қыздың жақын, бауырмал, тілекші болатынын көріп жүрміз. Әйелдердің сонынан кеткен ұлдар ата-анасы не киіп, не ішіп отырғанына бас қатырмайды. Бексұлтан мен Бәтиманың бейнеттің зейнетін көріп отыратын шағында тыным таппай белдерінің бүгілуі – ұлдардың санасыздығынан.

Қазақ халқы «қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп үлкен кісілерге ерекше құрмет көрсететін. Қазіргі таңда осы құндылықтарымыздың да жоғалып бара жатуы өкінішті. Жоғарыдағы әңгіменің заңды жалғасы – «Шамның сынық сәулесі». Сексенге келіп мерейтойын атаймын деп отырған Ақбілектің аяқ астынан шалы Мұхит қайтыс болды. Қыз күнінде бар жерден шығып, отбасылы болғанда Мұхиттың арқасында таршылық көрмеген Ақбілек әже шалының артынан кетуге бейіл. Бар бәле Мұхит кеткен соң басталды. «Е, Алла! Өзімді алсаң да, пейілімді ала көрме» деп өскен Абілектің молшылықта өскен үш ұл мен екі қызы әкеден қалған дүниеге таласып масқара болды. Балаларының дүние қоңыздығы Ақбілектің есіне Созақ сахарасындағы Келіншектау хикаясын түсірді. Жазушы тасқа айналған байдың ашкөз қызы секілді дүниеқоңыздардың бүгін де арамзда жүргенін нақты оқиғалармен суреттеген.

Әкесінің саяжайында достарымен демалып жатқан Жақсылықтың үстіне достарын ертіп інісі Ізгілік барады. Ағасы кет дегенде кет қоймаған інісін қосауызды мылтықпен атып салып, ол бірнеше күн жансақтау бөлімінде жатып ауруханадан аман шығады.

Осы оқиғадан кейін балаларынан безінген кемпір Қарт Қаратаудың етегінде Мұхит он бес жыл басқарған кеңшардағы ескі таныстарға кетіп қалады. Ешкімге салмақ салмай, бос жатқан бір үйді тазалатып, жападан жалғаз тұрып жатқанда артынан ұлы Жақсылық іздеп келеді. Баласына деген реніші басылмағанмен, немересі Мұратын көргенде Ақбілек әженің омырауы иіп сала берді. Бірақ түсінде көрген өлеусіреген шамның жарығы есінен кетпей қойды. Ақбілек әже кеудесінде жаны барда Мұхиттың жағып кеткен шамын өшірмейтіні белгілі. Бірақ ол кеткен соң бұл шаңырақтың болашағы беймәлім екенін оқырманның іші сезеді. Түсті болашақты болжау үшін пайдаланған жазушы оны өлеусіреген шам арқылы ұқтырған.

Лирикалық шегініспен өрбитін «Ақылды ойыншықтар дүкені» әңгімесінің оқиғасы мүлде бөлек. Есін еміс-еміс білетін Манарбек анасы «бірер күннен кейін келіп сені алып кетемін деп» балалар үйіне тастап кеткенін біледі. Ол ұзақ жылдар анасын сарғая күткенмен, артынан іздеп келмеді. «Оның жұдырықтай жүрегі шер-шеменге, запыран-заһарға, әлемдегі барлық қасірет-қайғыға лықа толғаны соншалық, жүрегі беріштеніп бітті. Сондықтан ба, ортайған көңілінің орнын ештеңе де толтыра алмады».

Оның қасіретін ұмыттырған Жансая болды. Жансая екеуі балалар үйінде бір-бірімен табысты. Балаларын ойнатып жүрген Манарбек пен Жансаяның Аңсарды «Ақылды ойыншықтар» дүкеніне кіргізбей алдаусаратып басқа жаққа алып кетуінің басты себебі – қалталарының жұқалығы. Бірақ олар балаларын одан да қымбат ана мен әке махаббатына бөледі. Жазушы бүгінгі таңда қанша қаракөздің көздері жәудіреп балалар

үйінде жүргенін Манарбек пен Жансая тағдырымен есімізге салады. XXI ғасырда жетімдер үйінің көбеюі – «Жетімін жылатпаған қазақтың» ұлттық болмысын жоғалуы.

«Дәнібектің дарағы» әңгімесінен адам баласының өз тағдырын өзі жасайтындығына куә боламыз. Мырзабек байдың қойын бағып жүрген Дәнібектің бір серкенің басын көбейтіп, отау құрып, үй салып, егін егіп диқаншылық жасап ақ жағдайын түзегені мен бай берген бір серкені сойып жеп үнемі жарымай жүретін Алшынбайдың тіршілігі параллел суреттелген. Дәнібек бір серкесін көбейтіп, балаларын қыста аңмен, жазда құспен асыраса, ішер асқа жарымаған Алшынбайдың қатыны үнемі қолын жайып тіленіп жүргені. Ондайда Мырзабай мырзалық танытып ішіп-жемін беріп отырады. Алшынбай үнемі Мырзабекті байға жамандап жүрсе, Мырзабек өз шаруасымен жүретін еңбекқор жігіт. Ол сарттардан көргенін істеп, кесектен там тұрғызып, оның айналасына бау-бақша отырғызып, оны мал түспесін деп шеңгелмен қоршап алды. Соның арқасында Мырзабайдың дастарханынан қазақ ішінде табыла бермейтін алма, өрік, жүзім сияқты жемістер үзілмейтін болды. Қазақ арасынан шыққан диқаншыны жұрт «диқан Дәнібек», жомарттығына карап «Дархан Дәнібек» атай бастады.

Қазан төңкерісінен кейін Мырзабекпен бірге Дәнібекті де тәркілеп, өзін Итжеккенге айдаған. Колхозға үй салғанда большевиктер оның үйінің қышы мен ағашын түгел тасып алып кеткен. Содан қалған діні жуан бір ағаш «Дәнібектің дарағы» аталып кеткен. Дәнібекке қатысты оқиғаларды бала күнінде ағайынан естіген кейіпкер араға отыз жыл салып сол жерге барғанда:

«Жалғыз кәрі ағаштың тарам-тарам бұтақтары шашын жайып жіберіп күніреніп жылап отырған азалы анадай ыңырсыды. Дірдектеп, суық желден тоңғандай қалтырайды».

Жазушы кәрі ағаштың ыңырсуымен Дәнібектің қасіретін көрсетуге тырысқан. Ары өткен мен бері өткенге сая болған жалғыз ағаштың араға жылдар салып қартаюы заңды. Ел кие тұтқан ағаш бұл кезде өзінің ғана емес, отырғызған иесі мен қазақтың қаралы тарихының мұңын шағын тұр еді.

«Жарқ етіп жоғалған бейне» әңгімесінде «Сексеуіл» бекетінен түсіп қалған Сағыныш Айдардың қалаға оқуға баруына себепкер болса, «Жетіқарашы» әңгімесіндегі жасы ұлғайған құда-құдағи Әріпхан мен Гүлдариганың нәпсіге ие бола алмауынан үш шаңырақтың шайқалуына куә боламыз. Мектепте бірге оқыған кластасы Әріпхан туған құдасы болғанда да олардың арасындағы байланыс жалғаса берді. «Құтырынған құда мен қылмандаған құдағи кесір-кесапатынан үш шаңырақ ортасына түсті». Жазушы әр нәрсенің шегі болатынын, қазақтың менталитетінде жоқ нәрсенің бүгінгі таңда ел өміріне араласа бастауын нақты мысалмен көрсеткен.

Жатын бөлмеде жатқан екеуінің үстінен түскен «Қуанышбек әйелін салып қалды. Ол байбалам салып, ойбайлап, өтірік талып қалды. Құда ұры итше құйрығын екі бұтының арасына қысып тайып тұрды».

Авторлық ұстаным Қуанышбектің: «қасқыр да қас қылмайды жолдасына» деген қайда?» деп жүрегі бұлқынады. Бұлар ұялас бөлтіріктер

емес пе еді? Енді соның бірі ақшуан шығып, өз үйіріне шапқаны қалай? Әй, тегі табиғат та тағыланып бара жатыр-ау, шамасы. Соның ішінде адам табиғаты мүлдем түзелмес тозақы қалыпқа айналып шыға келгені несі?», – деген сөзіне сыйып тұр.

Қуанышбек анасын сағынып сандырақтап жатқан қызына жедел жәрдем шақырып жүргенде көктен бір жұлдыз ағып түсті. Өн бойы түршіккен Қуанышбек «Балаларымнан аулақ! Балаларымнан аулақ!», – дей берді.

Жазушы бүгінгі таңда ел өмірінде сирек те болса кездесетін осындай жабайылықты сынай отырып, ана деген ардақты атқа лайық бола алмай жүрген замандастарына сын жебесін қадаған. Нәпсінің құлы болған әйелдерді қалай ана деп атарсың? Жаһандану заманында қазақтың арғы-бергі тарихында болмаған осыған жайттардың ел өміріне еніп келе жатқаны ашы болса да шындық. Осылайша жазушы өмірдің көлеңкелі жақтарын шынайы сурттеуде ұлттық құндылықтарымыздың жоғалу бастауын замандастарының есіне салған.

«Жаңа үйдегі бөтен әйел» әңгімесінде аналары қайтыс болған соң, қызының әкесінің үйленген әйелін қабылдай алмауына куә болсақ, «Жұмақтан қашқан періште» әңгімесінде Ләззаттың адам шошырлық тағдырына тап боламыз. Бұл әңгімені ХХ ғасыр басындағы М.Жұмбаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің заңды жалғасы деп қабылдауға болады. Араға бір ғасыр салып қайталанған оқиғада оқырманға ой салады. Үйленгендеріне жеті-сегіз жыл болса да бала көтермеген Ләззат Күмісбекті қанша үгіттегенмен дәрігерге бармайды. Дәрігер Ләззаттан кінәрат жоғын айтқан соң, оның есіл-дерті бала сүйіп ана болу болатын. Көп ұзамай оның да реті келіп, еншісі бөлінбеген, бір үйде тұратын қайынағасы Алтынбекпен көңіл жарастырады. Көп ұзамай балалы болғанмен, олардың арасындағы байланыс үзілмей, бір күні абысыны Қарақат екеуінің үстінен түседі. «Күмісбектен ажырап кетемін бе деп амалсыз осы тірлікке барып едім» деп ақталғанмен, ол абысынының «Ал, туарынды туып алдың ғой, енді неге тоқтатпайсыңдар?» дегеніне жауап бере алмады. Шолпан Сәрсенбайды, Ләззат Күмісбекті сүйгендіктен осындай жолға барғанмен, бұл – қазаққа да, дінге де тура келмейтін әрекет еді.

Ақілгек әже шарифат жолымен «Құтырғаннан құтыл» деген соң, Күмісбек Ләззатқа талақ айтып, ол ауылдан кетеді. Бір бала үшін ардан аттағанмен, Ақілгек әже немересін алып қалады. Баласын бір көру үшін таныс үйдің сыртына келіп тұрғанын былай суреттейді: «Жұмақ бағында жүріп Ібілістің соңынан ілесіпті». Баласын көріп тұрып аймалай алмаған келіншектің іші шерге толды. Ол көкжиектен «Қан көрді. Қорқынышты. Қап-қара...».

Жазушы қолда бар алтынның қадірін білмей, нәпсінің құлы болған Ләззаттың адасуымен үлкен мәселені көтерген. Мұндай жағдайда қазақ халқы ата-анасы жоқ жетім баланы асырап алуға кеңес береді. Бала үшін ардан аттау ұлттық менталитетімізге тура келмейді. Бірақ әр ана бала сүйуге құқылы екендігін есімізге алатын болсақ, Шолпан мен Ләззатқа жаның ашып мүсіркейсің.

«Жанардағы жұмбақ мұң» әңгімесіне балабақшаға бара жатып

әжесінен әкесінің қашан келетінін сұрай-сұрай шаршаған Саматтың күн өткен сайын көзін мұң баса бастағанына куә болсақ, «Төркіндеп қайтқан келіншектегі» жарасқан екі жұптың бір перзентке зар болып жүргені арқау болған. «Мен оны кінәлай алмадым» әңгімесіндегі Бану тағдыры бүгінгі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның былығы мен шылығына қанықтыра түседі. Қалаға оқуға келіп, не ішіп-жеміне ақша таппай, не оқуға төлеуге ақша таппай қиналған Бану жоқшылықтың кесірінен төрт жыл бойы қалталы біреудің жекеменшігіне айналады. Дипломын алған күні жебеушісі пәтерінен қуып шығып, ол үйге ауылдан келіп жаңа оқуға түскен өзінен жас қызды кіргізіп қояды. Іштегі шерін ащы су мен көк түтінмен шығарып үйренген Бану жұмысқа тұру үшін тағы бір көкесінің қоластына бармақ. Бір сәттік оқиғадағы екеудің әңгімесіне бір буынның қасіреті арқау болған. Ол – қазіргі таңдағы ақылы оқудың зардабы мен ауыл тұрғындарының өлместің күнін көріп отыруы. Ата-анасынан көмек болмасын білген жастардың амалсыздан жеңіл жол іздеуі – ащы болса да өмірден алынған шындық.

Қорыта айтқанда, жазушы шығармаларына өмірдің күнгейі емес, көлеңкелі жақтары арқау болған. Ол шағын әңгімелерде бір сәттік оқиғалармен қоғамдағы үлкен мәселелерді көтеруге болатынын көрсетті. Біз өмір сүріп отырған қоғамның көпшілікке белгісіз былықтары жекелеген кейіпкерлердің тағдыр тауқыметімен шынайы бейнеленген. Адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы байланыстарды параллель суреттеу арқылы оқырманға ой салған жазушы Әмір Темірден бастап, біз өмір сүріп отыраған қоғамдағы өмір шындығын көркем шындыққа айналдырған. Шығармаға негізінен адам баласының қателесуі, шалыс басуы, адасуы сияқты оқиғалар негіз болған. Темірдің де шуақты күндерін емес, ең бір қасіретті шағын алып отырғанынан хан мен қараның да өмірде шалыс басатынын байқаймыз.


Кітаптың соңғы бетін жапқанда біз өмір сүріп отырған қоғамның қатігездігіне қайран қаласың. Шағын әңгімелердегі тура жолдан адасып Пейіштен қашқан замандастар, біреудің отбасын бұзатын сұңғылалар, ар-ұяттан безген құда-құдағилар, нәпсінің құлы болған жас қыздар, балаларының рақатын көрудің орнына солардың санасыздығынан белі бүгілген қариялар, дүниеге таласқан бауырлар, ішер асын таппай отырған отбасылар, тастанды балалар, бір перзенте зар болған ерлі-зайыптылар, дүниеге мастаған көрсоқырлар – бәрі де бүгінгі өмірден алынған біздің замандастар. Осылайша жазушы бүгінгі қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді бір отбасы, жекелеген кейіпкерлер тағдырымен шынайы бейнеледі. Сатиралық шығарма жазып жүрген жазушының тілінен бірде юмор, енді бірде сатиралық мысқыл байқалады.

Жазушының «Ешқайда бастамайтын сүрлеу», «Жанардағы мұң», «Жұмақтан қашқан періште» әңгімелері түрік тіліне аударылғанынан оқырмандарының аясын кеңдігі байқалады. Әдебиетте шекара жоқ, жалпыадамдық құндылықтар – қай халыққа да ортақ. Тамшымен теңіз толқытқандай әсер сыйлаған аталмыш туынды сол үшін де құнды. Себебі, жазушы шығармаларынан адамзатқа ортақ ар-ұждан, адамгершілік, абырой сияқты мәселелер менмұндалайды.



Күміс қанат тырмалар

**Хушанг Муради
КЕРМАНИ**



БАЛА МӘЖИТТІҢ ХИКАЯЛАРЫ

Иранның танымал жазушысы Хушанг Муради Кермани 1944 жылы Керман облысындағы Сирч ауылында дүниеге келген. Балалық шағы атасы мен әжесінің қасында өткен ол мектеп бітірген соң Тегеран қаласына барып, драма өнері мен ағылшын тілінің аудармашысы деген екі мамандықты игереді. Оқуын тәмамдап, Керманға қайтып оралады да жергілікті радиоға орналасады, әңгіме жаза бастайды. 1973 жылы кішкентай Мәжит пен оның әжесі туралы «Мәжиттің хикаялары» деп аталатын әңгімелер жинағы жарық көріп, оқырмандар жылы қабылдады. 1985 жылы «Мәжиттің хикаялары» әңгімелер жинағы жыл кітабы атанды. Бұл жинаққа жалпы саны 93 әңгіме енген.

Хушанг Муради Керманидың бала тағдыры мен оның үлкен арман-тілектеріне арналған одан басқа да көптеген әңгімелері бар. Оның әңгімелері 1986 және 2014 жылдары Ханс Кристиан Андерсон атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты деп танылды. Шығармалары ағылшын, армян, араб, неміс, француз, испан, голланд және түрік тілдеріне аударылған.

1990 жылдардың басында режиссер Киюмарс Пурахмад «Мәжиттің хикаялары» жинағына сценарий жазып тоғыз бөлімнен тұратын сериал түсірді. Сериалдың әр бөлімінде Мәжит бір оқиғаға тап болып отырады.

Бүгінгі таңда Хушанг Муради Кермани – Парсы тілі мен әдебиеті Академиясының мүшесі.

«Мәжиттің хикаялары» жинағынан Ирандағы қарапайым халықтың өткен ғасырдың 70-жылдарындағы өмірімен танысуға болады. Жазушы бір сұхбатында «Мәжиттің хикаялары» әңгімелер жинағындағы бас кейіпкердің прототипі өзі екенін айтқан. Дегенмен бірқатар оқиға ойдан шығарылыпты. Мәжит – сол кезден бері оқырманын жоғалтпаған кейіпкер. Бұл шығарма жарыққа шыққалы қаншама ирандық балалар мен жасөспірімдер Мәжит арқылы тәрбиеленді, әлі де тәрбиеленіп жатыр.

«Мәжиттің хикаялары» әңгімелер жинағын Иран балаларының сүйіп оқитыны соншалық, бірнеше кітаптан тұратын жинақ үлкен тиражбен 22 рет басылып шықты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультетінің Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы ирантану бөлімінің студенттері аталмыш жинақтың сегіз әңгімесін (Кітапқұмар, Мысық, Түбіт жемпір, Дабыл, Шақыру, Самаурын, Сапар, Естелік сурет) тұңғыш рет қазақ тіліне аударды.

Бұл аударма – Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы парсы тілін үйренушілерге арналған «Гүлстан» үйірмесінің арнайы жобасы. Енді қазақ оқырмандары Иран елінің тұрмыс-тіршілігімен, әсіресе қарапайым халықтың өмірімен жақын таныса алады. Иранның алыс бір ауылында туып өскен Мәжитке ұқсайтын арманшыл, қиялшыл және ақкөңіл бейкүнә бала қазақ оқырмандарының да жүрегінің түбінде жасырынып жатқаны даусыз.

Ғалия ҚАМБАРБЕКОВА,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

КІТАПҚҰМАР

Көшеміздегі жалғыз дүкеннің сатушысы Мәш-Асадолла кітаптың бетін жыртып алып, орап-орап қағаз пакет жасадыда ішіне темекі салып, таразының үстіне қойды. Салмағын өлшеген соң пакеттің аузын жауып, қолыма ұстатты. Одан бөлек қант пен шай, куркума алдым да ақшасын төлеп, үйге қайттым. Үйге келген соң әжем қағаз пакеттерді босатып, кітаптың жұлынған беттерін қоқыс жәшігіне таста деп маған берді.

Жазғы демалыс еді, қолым бос, істейтін жұмыс жоқ. Уақыт өткізу үшін бөлменің бір бұрышына отырып, темекі, қант, шай және куркума орап салған әлгі кітап беттерін оқымақ болдым. Он бесінші беттен жиырма екінші бетке дейінгі сегіз бетті түгел жыртып алыпты. Алдымен куркуманың сарғыш қалдығы мен қанттың ақ ұнтағын асықпай, бабымен үрлеп тазалап алдым. Сосын бір-бірлеп оқуға кірістім. Неткен керемет кітап еді. Қарапайым, түсінікті тілде жазылған. Әңгімесі де қызық! Сегіз беттің бәрін оқып шықтым. Шыны керек, осы кезге дейін оқулықтан басқа кітап оқып көрмеппін. Жаңағы сегіз бетті оқып, кітаптың қызығына батып кеттім. Бір өкініштісі, әңгіменің қызықты да әсерлі жеріне келгенде бітті де қалды. Жиырма екінші беттен арғысы жоқ.

Әңгімеде әкесінен таяқ жеген баланың үйден қашпақ болғаны баяндалады. Бала қашқысы келеді, бірақ қорқады. Ақыры тәуекел етіп, үйінен шығып кетеді. Қайда барарын өзі де білмейді... Хош, тақырып әсерлі болатын. Баланың қайда барғанын және оның басына нендей тағдыр түскенін білгім келді. Бірден дүкенге бару керек деп ойлады. Сатушыға барып, кітаптың қалған бөлігін алып, оқымақпын. Сол-ақ екен орнымнан тұрдым да оқтай ұшып, азық-түлік дүкеніне келдім. Ентігіп тұрып: «Сәлеметсіз бе, ана кітаптың қалған бөлігі қайда? Беріңізші маған. Бір оқып шығып, қайтарып беремін. Одан кейін ол кітапты не істесеніз де өзіңіз білесіз», – дедім.

Сөзім әсерлі болсын деп сыпайы сөйледім. Ешбір жайдан хабары жоқ Мәш-Асадолла қасын керіп, таңырқаған күйде:

– Қандай кітап, айналайын? Менде ешқандай кітап жоқ, – деді.

Басымды бір жағыма қисайтып, бейкүнә адамның кейпіне түстім де: «Жаннан тәтті балаларыңыз үшін айтыңызшы, жаңа маған кітаптың бірер бетін жыртып, шай мен қант орап бердіңіз. Сол кітап қайда? Қалған беттерін оқуым керек», – дедім.

Қарияның ерні салпыып кетті, таң қалғаны байқалып тұр. Сәлден соң салпыған ернін түзеп, түйілген тілін жазып, «оны қайтпек едің?» –

деп сұрады. Көңілін табайын деген оймен таразының табағын алдым да дүкеннің сыртына шығып, табактың түбіндегі қанттың ұнтағын қағып-қағып жібердім. Қалғанын жеңіммен сүртіп тазалап, қайтадан орнына қойдым. Сөйттім де мән-жайды баяндай бастадым: «ол кітап үйінен қашқан бала туралы екен. Одан кейінгі тағдыры не болғанын, басына не күн туғанын білгім келеді. Ол үшін кітаптың қалған бөлігін алуым керек».

Мәш-Асадолла сақалын сипап пырс-пырс етіп күле бастады. Тісі жоқ еді, селкілдеп күле береді. Күлгені сондай сүйкімді. Сосын сүйкімді күлкісі тиылмастан: «Бара ғой, айналайын, бар. Онсыз да жұмысым көп, үлгере алмай жатырмын. Ол кітап сенің дертіңе дауа болмайды», – деді.

«Бері қараңызшы, мен ол кітапты сатып аламын. Менде біраз керексіз қағаз бар, соның бәрін сізге әкеліп берейін. Сатпаймын, су тегін. Ақысына он тиын да алмаймын, жарай ма?» – дедім.

«Бұл кітап сатылмайды. Мен кітап сатушы емеспін. Бұл оқуға арналған кітап емес. Парақтап жыртып, ішіне темекі, қант, бұршақ, ірімшік пен куркума орап беретін қағаз ғана. Түсіндің бе? Бар айналайын, жұмысыңды істел!» – деді.

Өзі бір мінезі ауыр адам еді. Оңайшылықпен жібімейді. Бірақ мен де оңай шағылатын жаңғақ емеспін. Көңілін аулау үшін таразының екінші басындағы табакты алдым. Түбіне ақшыл шаң тұрыпты. Көңілімнің таза екенін көрсін деп дүкеншінің тура бетіне қарап тұрдым да үрлеп қалдым. Табақтағы шаң қарияның бет-аузын басып қалды.

Көңілі хош, пырс-пырс етіп күліп тұрған дүкенші әу деп аузын ашуға үлгермеді. Көзіне шаң кіргенде барып, «Мұның не, балақай?» – деуге ғана шамасы келді. Әрине, сондағы түріне қарап жаным ашып кетті. Қария көзін уқалап жатып, бұрқылдап: «Есің дұрыс па! Бұл тұз ғой. Таразының табағында тұз жатқан. Көзім ашып кетті, қопалақ! Сенен біреу көмек сұрады ма? Саған біреу табағымды тазалап бер деді ме?» – деп ұрса жөнелді.

Артық қыламын деп тыртық қылғанымды сонда түсіндім. Жаксы атанып, кітабын сұрап алғым келген. Керісінше, жағдайды ушықтырып алдым. Кешірім сұрау керек деген ойға келдім. Бірақ мұндайда құрғақ сөзден пайда болмайтынын білемін. Қария әлі көзін уқалап әлек болып тұр. Әдейі істемегенім анық. Арам ойым болған жоқ, ұрынып қалдым. «Тезірек барып, көзін жуатын су әкелейін. Мүмкін кешірет» деп ойлады. Мұным дұрыс еді. Жүгіріп отырып үйден бір үлкен кесе су алып келдім. Не деп жұбатарымды білмеймін. Жағымды сөз айтып күлдіргім келді. Сөйттім де аузымды бұрап, тәтті тілмен былай дедім:

– Көзіңізге тұз үрлегенім үшін кешірім өтінемін. Ренжіменіз. Есесіне көзіңіз енді тұзды болады. Тұз ғана емес, бұрыш та араласқан сияқты ғой. Менің кінәм жоқ, рас айтамын...

Бірақ сөзімді аяқтатпады. Ашуланғаны сонша, екі қолыммен ұстап тұрған су толы кесені қағып жіберді, оқыс қимылдағаны соншалық, кесе ұшып барып анадай жердегі қант салынған кенеп қаптың үстіне түсті. Қант су болып қалды. Қария бір сәт көзінің ашығанын ұмытып, қант салған қапшыққа қарап қалыпты. Мыс кесе әлі де тоқтамай, серіппе құсап шыр көбелек айналып тұр. Даңғырлаған дауысы дүкенді басына көтерді. Мен түк кінәсі жоқ адамша біресе дүкеншіге, біресе су төгілген қантқа қараймын. Мәш-Асадолла ашудан сөйлей алмай, тісін қырш-қырш еткізіп шықырлатумен болды. Екеуіміз де айтарға сөз таппай, бір бірімізге тесіле қарап тұрмыз. Өзінен де бар. Болмашыға ашуланып, кесемді төңкерердей не көрінді? Мұндай кезде адам салқынқанды болуы керек қой. Ашу мен

ыза әманда бәрін ушықтырып жіберетінін білмей ме? Алдымен оның тұзға бөккен көзіне жаным ашыды. Екінші жағынан, қантқа да обал. Бұл жерден тезірек кетіп қалғым келді. Бірақ майдан алаңын тастап қашпай, салқынқандылық танытуым керек деп ойладым. Әйтпесе кітаптың қалған бөлігіне қол жеткізе алмаймын. Аз-кем ойландым да орнымнан тұрып бір жұтындым. Дауысым шықпайды. Қанша қиын болса да жігерімді тас-түйін жинап, сөйлей бастадым. Дірілдеген үнмен: «Қайта кесенің сынбағаны жақсы болды. Егер шыны кесе көтеріп келсем быт-шыты шығар еді. Мыс кесе осындайда жақсы екен».

Қыңырлығым мен бірбеткейлігімнен мезі болған дүкенші жан-жағына алақтап, жіберіп ұратын бір зат іздей бастады. Бірақ көзіне мардымды ештеңе ілікпеді. Күйініп кетті. Біреуі қирайды, біреуі сынады деп қорықты. Осындайда керек болады деп алдын ала бірдене дайындап қоймаған екен. Бірдене табылып қалар деп дүкеннің артына қарай жүрді. Қолының астында тұрған таразының тасын алып, басымнан бір-ақ ұруына болар еді. Таразының тасы темірден жасалады, сынбайды, қирамайды. Бірақ онда менің басым жарылады. Тас лақтыру өте қауіпті. Өзіне де, маған да зиян келеді. Бұл кісі түсінігі жоғары, жанашыр, ғажап адам еді! Қысқасы, ол дүкеннің артына қарай кетті. Бір сұмдықтың болатынын біліп, күтіп тұрмын. Осы сәт кенет шешім қабылдап, дүкеннің ішіне зу етіп кірдім де көзді ашып-жұмғанша әлгі кітапты алдым. Мәш-Асадолла дүкенге қайтадан кіргенімді көріп: «Нең бар мұнда, сыртқа шык!» – деді.

Кеудеме қысып ұстап тұрған кітапты көрсетіп: «Өтінемін, мейіріміңізді төгіп, мына кітаппен ұрыңызшы мені! Басқа зат іздеп әуре болмаңыз!» – дедім.

Ол шынымен қолымдағы кітапты алып, басымнан ұрмақ болды. Сол кезде кітап жыртылып, қалған бөлігін оқи алмай қалам ба деген ой келді. Кітапқа зиян келмесін деп сыртқа атып шығып едім, кітап желдей ұшып, көшенің ортасындағы лай сулы арыққа түсті. Тез еңкейіп кітапты арықтан алып шықтым. Сөйттім де дүкеншіге қарап: «Көп рақмет, сіз өте мейірімдісіз! Кітапты оқып болған соң әкелемін», – дедім. Артымнан айқайлап: «Бала емес, бәле екенсің, қазір Бибіге барып бәрін айтамын!» деген даусы естілді.

«Бибі» дегені – әжем. Мен оны «Бибі» деген соң басқалар да солай атап кеткен. Ол мені жақсы көреді, кішкентайымнан бағып-қағып өсірді. Өте мейірімді, қарапайым жан. Орнымен қатал да болады, қателік жасауыма жол бермейді. Дүкеншіні қалай ренжіткенімді естісе жанымды шығарады. Сондықтан Бибіге ұсталып қалмау үшін үйге бармай, үйдің артындағы жазықта, айқай-шудан аулақ жерде кітаптың қалған бөлігін оқығым келді.

Жазықты дәл ортасынан қақ жарып үлкен өзен ағады. Өзеннің екі жағын ала биік ағаш өсіп тұр. Ағаш арасы биік-биік бұта мен арамшөпке толы. Қалың бұта мен шөптің арасында, ағаштың көлеңкесінде отырып, кітаптың беттеріне жабысқан қоқысты өзеннің таза суымен жуып шықтым. Қағаз қатты суланып, жыртылып кетпеуін қадағалап, еппен ғана сүрттім. Содан соң қалтамнан әжем берген беторамалымды шығарып, жақсылап сүртіп, кептірдім. Үйінен қашқан баланың тағдыры қалай болғанын білу үшін ерекше құлшыныспен кітаптың қалған бөлігін оқуға кірістім. Бірақ оқып бастағаным сол еді, көңілім су сепкендей басыла қалды. Өйткені кітаптың он беті жоқ болып шықты.

Қатты абдырап қалдым. Мұқият қарадым, иә, сол кітап. Бірақ мен кеткен соң дүкенші тағы бірнеше бетін жыртып, сатып алушыларға әр түрлі дүние орап беріпті. Қанша қиялдасам да, ойша құрастырып көрсем де

жиырма екінші бет пен отыз екінші беттің арасын жалғай алмадым. Оқиға мүлде өзгеріп кеткен.

Көңілім түсіп, қабағым түйіліп орнымнан тұрдым да кітапты қолтығыма қысып алып, қайтадан азық-түлік дүкеніне бардым. Мәш-Асадолла қаптың ішіндегі қантты шығарып, соған қарап тұр екен. Әжемнің мыс кесесін таразының қасына қойыпты. Қантты ойлап қынжылып тұр ма екен, мені байқамады. Жөтелген болдым. Сонда да естімеді. Құрғап тұрған ернімді бір жалап алдым да дауысымды көтеріп: «Мәш-Асадолла, қантыңыз қатты су болып қалмап па?» – дедім.

Бұл жолы естіді. Өткір көзімен атып жіберердей қарап еді, өңменімнен өтіп кетті. «Тағы не керек? Кітабыңды алдың ғой, енді жөніңмен жүр, жолама!» – деді.

«Кітаптың қалған беттерін кімге жыртып бергеніңізді айта аласыз ба? ...Таразының қасында тұрған мыс кесе біздікі, жаңа сізге су әкеліп бергем», – дедім.

Мәш-Асадолла бұдан әрі шыдай алмады. Жолбарысша атылып келіп, білегімнен ұстай алды. «Қабырғаңды уатып тастамасын десең аулақ жүр! Енді ондырмаймын!» – деді.

– Жарайды. Дегеніңіз болсын! Жайыңызға қалдырып, өз шаруаммен кетейін. Кітабыңызды да қайтарайын. Міне, алыңыз. Кітаптың аты қандай екенін көріп алсам болғаны», – дедім.

Мұқабасына қарап, кітап атауын жадымда сақтап қалдым. Кітаптың аты «Тауға қашу» екен. Кесені алып, үйіме қайттым. Дүкеншіден әжеме ештеңе айтпауын өтіндім. Әрине бұған дейін айтып қоймаса. Бірақ айтпайтынын да білемін. Қорқытқан түрі ғой. Өзі бір жақсы адам, қайырымды. Беталды мазаламағанымды түсініп, кешіре салды.

Салпақтап үйге келдім. Бірақ есіл-дертім әлгі кітапта. Аяқталмаған оқиға көңілімде қалып қойды. Ойымнан шықпайды. Шөл қысқан адамға бір кесе салқын су беріп, енді ұрттай бергенде қайтадан тартып алғандай күйдемін. Дәмін таттым, бірақ шөлім қанбады. Келесі күні кітап дүкендерінен әлгі шығарманы тауып, сатып алу үшін әжемнен үш теңге ақша алдым.

– Кешіріңіз, аға, сізде «Тауға қашу» деген кітап бар ма?

– Жоқ, бізде жоқ.

– Кешіріңіз, аға сізде «Тауға қашу» деген кітап бар ма?

– Қарап көрейін, болуы керек.

Қарады. Дүкеннің бұрышында, сөрелерде бір-бірінің үстіне үйілген кітаптардың бәрін қарап шығып: «Жоқ екен», – деді.

Біздің қалада кітапхана жоқ. Тек үш-төрт кітап дүкені бар. Балаларға арналған кітаптар жоқтың қасы. Ақыры ол кітапты таба алмадым. Бірақ, соны іздеймін деп жүріп кітап дүкендерімен және ондағы түрлі кітаптармен танысып үлгердім. Дүниедегі барлық кітапты оқып шыққым келді. Бірақ оның бәрін сатып алу жағы қалай болмақ? Дегенмен жалға алуға мүмкіндігім бар. Содан бастап кітап жалдайтынды шығардым, бір түнге он тиын төлеймін. Әрине, кепілге бір теңге ақша тастап кетемін. Дегенмен әлі де болса сол «Тауға қашу» кітабын тауып оқығым келеді. Тіпті, бірнеше рет өзім де жалғасын жазып көрдім. Үйден қашқан баланың тағдырын қиялыммен жалғағым келді. Бірақ, жазғаным көңілімнен шықпады. Одан да басқа әңгіме жазайын деп шештім. Өміріме жақсылап бір көз жүгіртіп шықтым да әр түрлі хикаяларды жаза бердім, жаза бердім...

Аударған Әйгерім БӨРІБАЕВА

ДАБЫЛ

Махмұд мырзаникіндей үлкен дабылым болғанын қалай армандағанымды білсеңіз ғой. Қолжетпес нәрсені армандап, қиялға берілу бір басқа да, дабылым болса деп армандау бір басқа. Көңілім кеткені соншалық, дабылға ессіз ғашық диуана болдым. Таң атқаннан кеш батқанша есіл-дертім дабыл болды да тұрды.

Кейде түсімде үйіміздің шатырында тұрғанымды көремін. Беті жылтыр былғарымен қапталған жап-жаңа дабылды шатырдың күмбезіне сүйеп қойған екенмін. Қолымда жақсы жонылған ыңғайлы екі таяғы бар. Сонымен дабылды мықтап соғамын. Әр сокқанда даусы жер жарардай жаңғырады. Тіпті жүз үйден әріге жете ме деймін. Дабылдың даусы қала халқын таң қалдырады. Түсімдегі осы үнге рахаттанып, бойыма қан тарап, тәтті ұйқыға бөлене бердім. Оянып кетсем, түсім екен. Жастығымды құшағыма қысып алыппын. Қолымның ізі жастықтың екі жағындағы мамығынан айқын көрініп тұр. Бұл түсім үнемі қайталана берді. Оянып кетсем дабылдың орнына жастықты тоқпаштап, екі жағынан қауырсыны шыққанша соққылап жатамын. Әжеме білдіртпей қауырсынды жинап, жастыққа қайтадан салып қоямын. Орнымнан тұрып, сатымен шатырға көтерілемін де көршіміз Махмұд мырзаның үйіне мойнымды созып, баспалдағының астындағы кішігірім бөлмеге қараймын. Дабыл сол бөлмеде тұрады. Махмұд ағаның дабылды сол бөлмеге қойып, сол бөлмеден алып шығатынын талай мәрте көрдім. Несін жасырайын, мені дабылмен таныстырған, дауысына елітіп, өзіне құмар еткен де Махмұд ағаның осы аспабы.

Ол кездері рамазан айында түн ортасында ауыз бекітетін уақыт пен ауызашар уақытын еске салу үшін әр түрлі ырғақпен дабыл соғылатын. Біз тұратын жерде осындай бірнеше дабыл болды. Мухаррам айының аза тұту күндерінде де дабыл қағылады. Сап түзеген халық оның үніне қосылып, бірдей ырғақпен кеудесін соғып тұрады.

Бұның бәрі құдды кеше болғандай. Махмұд аға түн ортасында дабыл сокқанда дабыл үні көшенің тұрғындарын оятатын. Солармен бірге менің де арманымды оятушы еді. Кейде үйдің шатырына, кейде ағашқа шығып алып, күндіз-түні Махмұд ағаның дабылына қарайтынмын.

Шіркін таяғын ұстап, дабылды бірнеше рет соғып көрер ме едім деп армандаймын. Өз қолыммен сезініп көргім келді. Бірақ алғашында Махмұд ағадан сұрауға батылым жетпеді. Бір күні сұрап көруге бел байлады. Үйдің шатыры арқылы Махмұд ағаның шатырына өттім де: «Махмұд аға, мен де дабыл соғып көрсем бола ма?» — деп сұрадым. Бірақ ол кісі қарлыққан даусымен: «Жоқ, бұл саған баланың ойыншығы емес», — деп дүрсе қоя берді.

Бір жолы тар, камонче, скрипка, сырнай және дабыл секілді музыкалық аспаптар сататын дүкенге бардым. Дабылдың бағасын сұрадым. Өте қымбат екен. Оны сатып алардай ақшам жоқ. Әжеме айтып едім, бірақ Биби: «Қайдағы жоқты айтпа. Оны қайтейін деп едің? Бар да сабағыңды оқы», — деп қысқа қайырды.

Бірақ дабылға деген қызығушылығым басылмады. Көңілімді жаулап алып, ойымнан шықпай қойды. Дабылым болса түн ортасында дабыл соғып, тұрғындарды ұйқыдан оятсам деп қиялдаймын. Бір күні үлкен қағаздың бетіне дабылдың суретін салып, бояп, бөлменің қабырғасына іліп қойдым. Өкініштісі, бұл дабылдан дыбыс шықпайды. Дабыл ұратын таяқшаларды жасап алуыма болар еді. Бірақ ол Махмұд ағаның дабыл таяғындай немесе дабыл мен тар сататын дүкендегі таяқ секілді болмасы анық.

Дегенмен тырысып көрмекпін. Екі кепкен ағаш тауып алдым да әдеміліп жонып шықтым. Бірақ бұл таяқшалармен бензин құятын бакты соғуға қиындадым. Таяқшалар дайын, бірақ дабылым жоқ.

Көңілім кеткені сонша, ақыры бір күні әрекет етуге бел байладым. Сол үшін таяқ жеуге де, ұрыс етуге де дайын едім. Таяқшаларымды алдым да ақырын барып ашық тұрған қақпадан Махмұд ағаның ауласына кірдім. Демімді ішіме тартып, айналаны бақыладым. Егер Махмұд ағаның жұбайы Хадиша ханым көріп қойса: «Сәлеметсіз бе, балғаңызды алуға келдім. Шеге қағайын деп едім», — дей салармын. Алайда Хадиша ханым бұл кезде ас пісіретін бөлмеде жүрсе керек. Махмұд аға үйде жоқ. Ауладағы анар ағашының астында бірнеше тауық қыт-қыттап, жем іздеп жүр. Мені көргенде үркіп, азан-қазан болды да қалды. Ештеңе сездірмей жолымды басқа жаққа бұрып, бақшаны айналып жүре бердім. Тышқан секілді жыбырлап, кездейсоқ ашық қалып қойған бөлмеге ендім. Дабылды бөлменің бұрышына, қабырғаға сүйеп қойыпты. Есіктен түскен жарық дабылдың бетіндегі былғарыны жалтыратып жібергендей. Алдымен асықпай қарап, тамашалап біраз тұрдым. Арманым қол созым жерде тұр! Жүрегім дүрсілдеп, аузымнан шығып кетуге сәл-ақ қалды. Ақырын ғана бетіндегі былғарыны сипадым. Қандай тегіс әрі жұп-жұмсақ! Одан сайын қызыға түстім. Сұқ саусақпен бірнеше аккорд ойнап, дауысын естігім келді. Таяқтың бірін дабылдың жанына қойдым. Ақырындап қолымды алға создым. Саусақтарым дірілдеп тұр. Ақырын ғана бір рет ұрып көрдім. Дауысы қандай, дабылда аккорд ойнағандай ғажап сезім! Үні де құлағымның пердесіне жұмсақ естіліп, жан дүниемді төңкеріп әкетті.

Кез келген сәтте Хадиша ханым келіп қалуы мүмкін. Бұл өмірде ұрланып дабыл соғып, оның даусын ешкім естімегенін қалаудан жаман нәрсе жоқ шығар.

Қызық. Дабыл өзгелерге хабар беру үшін жасалған аспап. Ол жұртты ояту үшін немесе халықты жинау үшін жасалған. Ал мен оны өзімнен басқа ешкім естімейтіндей ұрғым келеді. Егер Бархут шөлінде жүрсем, солай істеуге болар еді. Бірақ бұл жерде ондай мүмкіндік жоқ, Хадиша ханым бар, көршілер бар. Дегенмен дабылда ойнап көруге көңілім кеткені сонша, ештеңеге мән берген жоқпын.

Ақыры дабылда бірнеше аккорд ойнап көрдім. Ештеңе өзгерген жоқ, біртіндеп батылдана түстім. Өз өзіме: «Түрегеп тұрып ойнайын, бәрібір ешкім естімейді. Тіпті ақырын болса да таяқпен ұрып көрейін», — дедім. Ақыры таяқпен ұрады екем, өзінің таяқтарымен ойнап көрейін. Сөйттім де сөредегі дабыл таяқшаларын тауып алдым. Дабылдың тура алдына келіп тұрдым. Ойнауға икемделіп аяғымның арасын аштым да қолымдағы таяқшаларды жоғары көтердім. Бірақ қолымды төмен түсіруге батылым жетсеші! Ақыры сермеп қалдым. Не боп жатқанын көрмеу үшін көзімді тарс жұмып алдым. Дабылдың даусы бөлме ішін азан-қазан қылып, аулаға естілді. Кенет баспалдыққа жақындап қалған Хадиша ханымның аяқ дыбысы естілді.

Хадиша ханым «дабылға не көрінді, өзінен өзі даңғырламайтын шығар» деп келе жатқан болар. Сорыма қарай, бөлменің бір-ақ есігі бар. Соның өзі көптік еткелі тұр. Аядай ғана бөлмеге қанша есік керек? Өте ыңғайсыз жағдайда қалдым. Сол есіктен атып шығып, көзді ашып-жұмғанша көшеге шығып кетсем ғой! Бірақ бұл мүмкін емес. Хадиша ханым ұстап алып, желкемнен сүйреп әжемнің алдына апарар еді. Әжем де ондырмасы анық. Өмірімнің соңына дейін ұмытпайтындай етіп жазалайды. Енді біреудің үйіне рұқсатсыз аттап баспайтын боласың деп сабар еді. Қысқасы, менде таңдау болмады. Таяқшаларды тастай салып, тасбақаша тізерлеп отырдым да дабылдың артына тығылдым. Кішкентай болғаным қандай жақсы, үлкен

дабылдың артына сыйып кеттім. Кенет бағым жанып, сол маңайда жүрген тауықтардың бірі басын көрсетті. Хадиша ханым бұны тауықтың тірлігі екен деп қалыпты. Тауыққа бірдеңе деп зекіп, кіш-кіштеп қуып жіберді. Бөлменің есігін жауып, сыртынан бекітті де өз шаруасымен кетті.

Қараңғы бөлмеде дабылмен оңаша қалдым. Бөлме ала көлеңке, түк көрінбейді. Бірте-бірте есіктің жақтауынан түсіп тұрған күннің нұрына көзім үйрене бастады. Сәлден соң ақырындап дабылды көре бастадым. Бетіндегі жұп-жұмсақ былғарыны сипадым. Бірақ дәл қазір оны сипаудан басқа ештеңе істей алмаймын. Ақыры сипаудан да жалықтым. Бөлменің іші сап-салқын, ауасы ылғал екен. Нағыз ұйықтап алатын жер. Бірте-бірте кірпігім айқасып, денем ауырлай бастады. Дабылдың жанына созылып жаттым да дабылды құшақтап ұйқыға кеттім. Әлемдегі мен үшін ең қымбат нәрсе осы дабыл секілді. Кенет дабылдың тарс еткен даусынан оянып кеттім. Көзімді ашсам, дабылдан үстінен жерге секіріп түсіп жоқ болған тышқанды көрдім. Тышқан құйрығымен дабылды қағып, қаша жөнелді. Ішімнен дабылды құйрығымен қалағаныңша соғып, лезде қашып кете алатын тышқанға айналып кетуді армандадым.

Орнымнан тұрдым. Есіктің саңлауынан ауланы жақсылап қарап алдым. Қас қарайып, кеш батып қалыпты. Жүрегіме қорқыныш сезімі ұялай бастады. Дабылым болса деген арманым жайына қалды. Бөлменің бұрышына барып, тіземді құшақтап отырдым да ойға кеттім. «Дабыл үшін осынша әуре-сарсаңға түсетіндей не көрінді? Қандай бақытсыз едім. Мен әлі баламын ғой!», – дедім. Өзіме жаным ашып кетті. Тіпті жылауға шақ қалдым. Осы кезде ауладан әжемнің даусы шықты. Уайымдап, қатты мазасызданып Хадиша ханымға: «Мәжит түстен бері жоқ. Іздемеген жерім қалмады, таппадым. Қайда кетті екен? Уайымдап жүрмін. Бірдеңеге ұрынып қалмаса жарар еді!» – деп жатты.

Әжем сөйлеп тұрып жылап жіберді. Хадиша ханым болса: «Ол мұнда жоқ. Балалармен ойнап жүріп, ұмытып кеткен болар, бәлкім» – деді.

Әжем көктемгі бұлттай түнеріп жылап, еңкілдей бастады. Мен оның жылағанын көрмедім. Бірақ бәрін сезіп тұрмын. «Әже, мен мұндамын» – деп айқайлағым келді. Бірақ не болғанын білмеймін, еркелегім ұстап кетті. Ішімнен ақыры өзімнің осында тығылып отырғанымды айтады екенмін, ақыры оның арты жазаға алып келеді екен. Ендеше неге құмарым тарқағанша дабылды армансыз бір соғып қалмасқа деген ойға кеттім. Сол-ақ екен сөредегі таяқтарды алып дабылға жақындадым. Қазір ойнамағанда қашан ойнайсың деп жігерлендіре түстім өзімді. Дабылға қарап: «Сен үшін осыншама әурелендім, енді ішімдегіні шығаруым керек!» – дедім.

Қысқасы, дабылда ойнауды бастап кеттім. Токпаштап жатып бірырғақ таптым. Дәм, дер, дерам, дәм, дәм! Дер, дерам, дәм, дәм! Жаным рахаттанды. Шаршағанымша соққылады да тоқтай қалдым. Дабылдың дауысы тынған кезде аулада айқай-шу болып жатқанын естідім. «Не дейді?», «онысы несі?» – деп дабырлаған дауыстар шығып жатты. Есіктің саңылауынан қарадым. Аулаға адамға толып кетіпті. Осы төңіректің тұрғындары жиналып тұр. Барлығы бір-біріне бөлмені нұсқап көрсетіп тұр. Бөлмеге келуге ешкімнің батылы жетпейді. Ал әжем болса... Әжем тіптен есінен танып қалған. Біраз адам оның мұрнына раушан мен сірке суы араласқан жалбызды иіскетіп, есін жинатпақ болып жатыр. Хадиша ханым тоқтамай шынғырып, сүмбіл ағашындай дірілдейді: «Мына үйде жын бар! Бұл бөлмеде ешкім жоқ! Есікті өзім жауып шыққанмын. Қараңдар, сыртынан жапқаным көрініп тұр. Дабылдың дауысын естідіңіздер ме, қалай күшті ойнағанын? Жын емегенде кім ол? Бізден артық ойнайды. Уа, Құдай! Өзімді саған тапсырдым!» – дейді.

Көшенің басында тұратын дүкенші Мәш-Асадолла есікке жақындап, ашпақ болды. Бірақ оны әйелі мен баласы ұстап алып, жалбарынып: «Құдай

үшін жолама! Біздің бейшара етпе. Жетім ете көрме!» – деп шырылдайды.

Барған сайын істің насырға шауып бара жатқанын байқадым. Аулаға адам лық толды. Есікті ашуға ешкімнің батылы жетпеді. Мен олардың бәрін есіктің саңылауынан тамашалап отырдым. Мен олардан, олар менен қорықты. Бөлмеге жын кіріп кетіп, ойнақ салып жүр деп ойлады.

Есіктен қарап отырған кезімде мойны күжірейген, денелі үш адам көрдім. Қолдарына сойыл ұстап алған. «Бісмәллә, бісмәллә» деп бөлмеге жақындай берді. Бір-екі қадам жүрсе бөлменің есігіне жетеді. Зәрем зәр түбіне жетті. Қазір мені таяқтың астына алады. Сойылмен сабайды. Кім екенімді, мұнда не үшін келгенімді айтып та үлгермеймін. Өлтіріп, денемді аулаға лақтырып тастайды. Сол-ақекен, аузымды есіктің саңылауына қойып: «Мен Мәжитпін, ұрмандар!» деп айқай салдым.

Даусымды естігенде әлгі үшеуі қолдағы сойылдарын тастай салып, кері қашты. Басқалар да шыңғырып, соларға ілесе қашты. Жұрт дүрлігіп көшеге қарай босты.

Іс одан сайын насырға шапты. Әлгілердің қолы маған бір жетсе соққының астына алып, денемді паршалап тастайды. Құлағымнан басқа дене мүшешінің бәрі бөлініп қалар ма еді, кім білсін. Амал жоқ, есіктің саңылауынан айқайлап мән-жайды түсіндіруім керек болды. Қайтадан аузымды есіктің саңылауына тақап әңгімемді бастадым: «Қорықпаңыздар, мен Мәжитпін! Жасырынып келіп дабылда ойнап көргім келіп еді, қамалып қалдым. Менен қорықпаңыздар! Мен де өздеріңіз секілді адаммын. Екі құлағым, бір аузым бар. Маған сеніңіздер. Сіздерге ешқандай зияным жоқ. Сыртқа шығуым үшін бөлменің есігін ашыңыздар. Бет-әлпетімді көрген соң бәрін түсінесіздер. Қорықпаңыздар. Қатты сыртқа шыққым келеді. Хәлім нашар. Осыдан есікті ашсаңыздар, енді қайтып дабылға құмар болмау үшін, шарасыз жағдайға түспеу үшін дұға етемін!».

Бірталай айттым. Біреулер естігендей болды. Дегенмен әлі де қорқып тұрғаны байқалады. Екі-үш адам жақындап келіп, дірілдеп-қалтырап есікті ашты. Ақырын ғана күлімсіреп сыртқа шықтым. Қолымда дабылдың таяқтары бар. Айналып, бәріне бір қарадым. Көрші-қолаң маған көз алмай қарап тұр. Көріп тұрса да тіл қатуға ешкімнің батылы бармады. Мен өзімнің тірлігім үшін қатты ұяла бастадым. Басымды төмен түсіріп, адамдардың арасынан өтіп үйге кірдім. Әжем жаңа ғана есін жинап, шәрбат ішіп отыр екен. Мені көрген бойда шәрбатын жерге қойып, орнынан атып тұрды да құшақтай алды. «Мәжит, қайда болдың? Махмуд ағаның бөлмесінен дабылдың даусы шыққанын естідің бе?», – дейді.

– Иә, естідім.

– Қорықпадың ба?

– Жоқ, неге қорқуым керек?

– Қалай қорықпадың? Бәрі қорықты.

– Дабылды соққан өзім болғандықтан қорыққан жоқпын. Әрине, бөлме қараңғы, аздап қорықтым.

Жарықтық әжем менің төрт-бес сағат бойы бөлмеде қамалып отырғанымды естігенде жаны шырқырап: «Мәжит, қалқам! Қараңғы бөлмеге қамалып қалғаныңда қатты қиналдың ба?» – деді.

Мен: «Иә, дабыл жанымда бола тұра, оны ойнай алмағаным үшін қатты қиналдым. Дабылдың таяқтары да жанымда болды, бірақ соны ойнауға батылым жетпеді. Мұнан ауыр азап бола ма?», – дедім.

Арман, қиял мәңгілік емес екен. Дабылым болса деген арманның орнын бірте-бірте басқа армандар басты. Сол армандардың әрбірі мені есейгенше қинаған әрі қуантқан баспалдақ болып еді.

Аударған Әйгерім МҰРАТОВА

САМАУРЫН

Көршіміз Тахере ханымның қызы тұрмысқа шығатын болып, бәріміз шақырылды. Осыған орай қыздың жасауын жабдықтау үшін көршілердің атынан «қайырлы болсын» сыйлығын алуға ақша жиналды. Әдетте мұндайда пайдалы, құнды нәрсе апару қажет. Әжем замандастарының, қыз-келіншектердің, туған-туыстың арасында кемелдігімен, көрегендігімен, талғампаздығымен танымал болатын. Сондықтан «құтты болсын» сыйлығын алмас бұрын қалыңдықтың үйіне барып, бастан-аяқ зерттеп, не сатып алуға болатынын біліп келу әжемнің мойнына жүктелді.

Бибі жамылғысын орай салып, қалыңдықтың үйіне барды. Сөзден сөз суырып, әңгімеден-әңгіме шығарып, қалыңдыққа бір жақсы самаурын керек екенін біліп келді. Осылайша Бибі «модәрхәрж» яғни ақша жинаушы болып сайланды. Ақшаны әркім шамасына қарай береді. Әжем өзі де ақша қосып, той өткен күннің ертесінде Кәукәб ханымды, бауырының келіншегін, Ақрам ханымды ертіп базарға шықты. Мен де бірге бардым.

Базарды аралап жүрміз. Бибі өте талғампаз, ешбір самаурын көңіліне жаға қоймады. Көп іздеген соң Бибі оттығы қалың, су құятын күбісі кең мыс самаурынды таңдады. Басқа әйелдер де құп көрді. Мұндай мәселеден ештеңе түсінбейтін маған да ұнады. Самаурынның түсі жылтыраған тоқ сары, түсі қызғылт екен. Сырты айна секілді, қарасаң бетінді көресің. Бірақ бет-аузынды қисайтып, пішінін өзгертіп, ұзартып жібереді екен.

Бибі қалыңдықтың туыстарының алдында абыройымызды сақтап қалу үшін «қалай да осы самаурынды алу керек» деді. Алайда самаурын қымбат болып шықты, жинаған ақша жетпейді. Қанша саудаласса да сатушы бір тиын арзандатар емес.

Әжем жарықтықтың, жатқан жері жайлы болсын, мінезі ғажап еді. Бірдеңеге көңілі құласа қолы жетпей тынышталмайтын. Кәукәб ханымды шетке шығарып, құлағына сыбырлап: «Мына самаурын көзімді жаулап алды. Қалай да осыны сатып аламыз немесе самаурын алуды мүлдем ұмытамыз. Қалған ақшасын өзім төлеймін. Бір шығындансақ та осы дүниені алайық. Қолданған сайын бізді есіне алып, дұға етіп жүреді. Есте қаларлықтай сыйлық болғаны дұрыс қой», – деді.

Қысқасы, Бибі ана кісіден-мына кісіден алған ақшасына тағы қосып, есеп-қисабын тексеріп шықты да самаурынның асты-үстін тағы бір қарап, сатып алды.

Самаурынды базардан үйге жеткізу менің жұмысым. Бибі мен серіктері оттығы қалың, мақтаулы самаурынды үйге аман-есен, сындырып алмай апаруымды тапсырды. Шүмегін немесе тұтқасын жұлып алмай абайлап жүр деп қатаң ескертті. Өйткені Бибінің айтуы бойынша, егер самаурынға бірдеңе болып қалса жүз адамның жауап беруіне тура келеді. Құдай өзі сақтасын. Мен де белді бекем буып, топ-томпақ, әдемі, бірақ ап-ауыр самаурынды құшақтап, қиналсам да үйге аман жеткіздім. Орта жолда қатты шаршадым. Екі білегім талып, қолым көтертпей, жансызданып қалды. Бірақ, сыр бермедім. Мұның қаншалықты маңызды шаруа екенін ескеріп, соңына дейін шыдадым. Басқалардың ойында ешнәрсе жоқ, алдыға түсіп алып, жарқын-жарқын күліп қойып, әңгімелесіп барады. Арттарында самаурынды қолтығыма қысып ыр-ыр етіп келе жатырмын. Әйтеуір, самаурынды бір шоқ гүлдей аман-есен үйге жеткіздім.

Үйге келген соң жұрттың көзі самаурынға түсіп, Бибіні мінсіз талғамы үшін мақтап жатты. Кәукәб ханым «Бұлай болмайды, бір адамға салмақ

болып кетеді, әділ болу керек», – деп Бибінің өз қалтасынан қосқан ақшасын өзгелерден жинап берді.

Осы жерге дейін жұмыс жақсы жүріп жатты. Кәукәб ханым: «Самаурынды осында жеткізу үшін еңбек сіңірген Мәжит тағы бір септесіп, түстен кейін қалыңдықтың үйіне апарса жақсы болар еді. Біз де артынан баратын едік», – деді.

Осы сөз ауызынан шыққаны сол еді, мен де қырсығып, үйреншікті сылтауымды айта бастадым. Қабағымды түйіп: «Менің қыруар шаруам бар. Үй жұмысын орындауым керек, арғы күні емтиханда бейшара болып қалармын. Құдай үшін бұл шаруаны маған міндеттемеңіздерші», – дедім.

Жұрт бұл сөзімді ұната қоймады. Бүйтіп бас тартады деп ойламаса керек. Бибі: «Ештеңе етпейді. Ана самаурынды қалыңдықтың үйіне тез апарып, жылдам қайтып кел де сабағың мен жаттығуыңды жаса», – деді.

Ақылды, әзілқой Кәукәб ханым қалжыңдап: «Қызымды саған бергім келіп жүрген мені айтсаңыздаршы. Шынымды айтсам, күйеу баламның жалқау болғанын қаламаймын», – деп соғып тұр.

Осы бір у-ду сәтте оның төрт жастан сәл асқан қызы жылап жіберіп: «Мен де Мәжитті қаламаймын», – деді.

Бибі бұны шын көріп, кішкентай қызға: «Балам, Мәжиттің не айыбы бар?» – деп дүрсе қоя берді.

Мұның соңы насырға шауып, дау-жанжалға ұласып кету қаупі бар еді. Соны байқадым да амалсыз көндім: «Жарайды, дауласпаңыздар. Самаурынды өзім-ақ апарамын. Бірақ самаурынды себетіне салып апаратын велосипед тауып берсеңіздер», – дедім. Кәукәб ханым ұсынысымды қабыл алып, күйеуінің велосипедін беретін болды.

Шамамен түскі сағат екіде самаурынды жаңа дорбаның ішіне салып, Кәукәб ханымның күйеуі Хусейн мырзаның велосипедінің себетіне әдемілеп байлап берді. Сырғып құлап кетпеуі үшін мықтап таңып тастады. Бибі самаурынның шүмегін суырып, ішіне салып қойды. Самаурынды аман-есен жеткізу үшін қажеттінің бәрін жасады.

Содан кейін маған «велосипедке мінуші болма» деп қатаң ескертті. Себебі, жолдың кедір-бұдырынан құлап қалсам самаурын бүлініп қалуы мүмкін.

Көшеден бұрылып кеткенше Бибі мен Кәукәб ханым артымнан айқайлап, самаурынды аманаттап тапсырып жатты. Бірақ, екі-үш көше өткеннен кейін велосипед тұрғанда жаяу жүргенім дұрыс еместігін байқадым. Велосипед самаурын тасу үшін жасалған арба да емес. Адам үстіне мініп, тепкішегін басып, желдей жүйтікисін деп ойлап шығарылған бұйым. Сол арқылы баратын жеріңе тезірек жетіп, шаруанды бітіресің. Осылайша, ескертулер құлағымда тұрса да велосипедке мініп алдым. Әрине, самаурын бүлініп қалмасын деп барынша мұқият болуға тырыстым. Тепкішегі биік екен. Ал менің аяғым кішкентай, тепкішекке жетпейді. Жанталасып велосипедтен түстім де көшедегі бір ағашқа тіреп қойдым. Шалбарым жыртылып қалмасын деп балағымды түріп алдым. Тәуір киімдерімді кигенмін, жыртылып қалса өкінетін болдым-ау! Сөйттім де оң аяқты велосипедтің орындығы мен рөлінің арасындағы белдеу темірдің астынан өткізіп, велосипедтің басы мен темірді екінші қолыммен құшақтап жолға түстім.

Көше бойы тас пен топырақ. Велосипед дірілдеп, себеттегі самаурын тарсылдап, ішіндегі шүмегі де тарс-тарс етіп жатты. Самаурынның тарсылдаған даусына мән бермедім. Оқтай ұшып, қалыңдықтың үйіне жеттім. Бірақ қанша жерден уақыт үнемдеп, ерте жетіп алғаныммен Бибі

мен оның серіктерінсіз ішке кіре алмайтынымды, кіруге ұялатынымды білдім. Олар менің артымнан жылдам келеді де бәріміз бірге кіретін болып келіскенбіз. Алайда мен ерте келіппін. Көшеде жарты сағат бәлкім одан да көп уақыт бос жүре алмас едім. Арттағылар жеткенше уақытты тиімді өткізгім келді. Ойлана келе жақын жерде тұратын Суфра шешейдің үйіне бармақ болдым.

Суфра шешейді көрмегелі көп уақыт болған. Өзі бір иманжүзді мейірбан адам, бірақ тұрмысы төмен. Мені қатты жақсы көретін. Жерлес едік, кішкентай күнімде мені емізген екен. Жақында ауырып қалыпты деп естігенмін, жағдайын сұрап шықсам деп ойладым.

Қысқасы, велосипедтің тізгінін бұрып үйдің алдына бардым. Қақпа ашық екен, велосипедіммен ішке кірдім. Суфра шешей ағаштың көлеңкесіне кілем төсеп, сонда аяқ созып жатыр екен. Назары маған түсті. Көздері оттай жанып, жүзі нұрланып кетті. Орнынан тұрып, жаныма келді де құшақтап жылай бастады. Көз жасы тоқтаусыз ағып кеңк-кеңк етіп жылап: «Менің жағдайымды білуге келетіндей күн қай жақтан шықты екен бүгін? Әрине, соншалықты опасыз емессің. Сені қалай емізгенімді білесің бе? Қандай қиын күндерді бастан кешкенімді білсең ғой. Бір күні келіп қалар деп әрдайым көзім осы есікте болды. Қош келдің! Келгеніңе қатты қуанттым», – деді.

Шынымды айтсам, бұл сөздері көңілімді босатып жіберді. Көзіме жас үйірілді. Велосипедті қабырғаға тіреп қойдым. Суфра шешей көз жасын жаулығымен құрғатып жатып: «Кел, отыр. Қане айта қойшы, қайда болдың, не істеп жүрсің, нешінші сыныпта оқисың?» – деді. Асықпай бәрін баяндап бергім келді. Кенеттен велосипедке қарасам екі мысық велосипедтің айналасында ойнап жүр екен. Бірінің үстіне бірі секіріп, ары-бері қарғи береді. Велосипедті құлатып, қалыңдықтың самаурынын бүлдірсе ұятты болармын деген ой келді. Сөйттім де тездетіп самаурынның жібін шеше бастадым. Құшақтап көтеріп Суфра шешейдің бөлмесінің бұрышына қойдым. Самаурынды байқап қалған Суфра шешей жаныма келді де қайтадан құшақтады. Бетімнен сүйіп, жылай бастады: «Ақылыңнан айналдым. Неткен мейірімді едің, Мәжит! Неге сонша әуре болдың? Мен сенен мұндайды күтпеп едім», – деді де өз сұрағына өзі жауап беріп: «Неге күтпедім? Әрине, күттім. Ақ сүтімді бердім, өсірдім. Күтуім орынды. Мені ойлап жүрген кішкентай басыңа Құдай ұзақ ғұмыр берсін, Мәжит», – деді.

«Суфра шешей, бұл самаурын саған тиесілі емес», – деп бірнеше рет айтпақ болдым. Бірақ дәл қазір сөйлей алатын емеспін. Тілім тамағыма байланып қалған секілді. Аянышты көзбен қарап отырдым да қалдым. Өзіме өзім: «Артынан түсіндіремін, бірден айтқаным дұрыс емес. Көңілі жабырқап, аяқ-асты құлап қалып жүрер...», – деп ойладым.

Суфра шешей самаурынды дорбадан алып шығып, былай деді: «Самаурыным жоқ екенін қайдан білдің? Бірнеше күннен бері шәйнектен шай ішіп жүрмін. Құдайдың қарғысына да жарамайтын бір самаурыным бар еді. Қанша рет жөндеттім. Бірақ әлі шүмегінен су ағады». Сосын, көкке қарап: «Ей, Құдайым, неткен қайырымды едің! Кеше түсімде жасыл сәлдесі бар, жүзі нұрланған бір адам үйге кіріп бір түйіншек беріп еді. Түс дегенім шындыққа айналды», – деді.

Осылайша қуанышы аяғына тыным бермеген Суфра шешейге қадала қарап, не істерімді білмей отыра бердім. Бәрін бастан-аяқ баяндап берейін деп бірнеше рет оқталдым. Бірақ жүрегім дауаламады. Өзімді қинап жымиып қана отырдым. Суфра шешей самаурынды құшақтап алып бөлменің ортасына қойды да жақсылап қарап шығып: «Мәшалла, талғамың қандай

керемет! Мына самаурынды сатып алуға әжең көмектескен болар деп ойлаймын. Айтпақшы, әжеңнің халі қалай, жағдайы жақсы ма? Сен үшін қанша қиналды десеңші», – деді. Байғұс кемпірдің қуаныштан төбесі көкке бес елі жетпей қалды. Әңгімеге тартып, жағдайымды сұрай береді. Сосын самаурынды мұқият қарап шығып: «Енді өзің әкелген мына самаурынмен шай қайнатып жібер. Жақсылап демдеп, хош иісін бұрқыратып отырып ішейік», – деді. Самаурынды көтергісі келіп еді, мен тоқтатып, білегінен ұстадым. Суғра шешей жымыып: «Өзің әкелген самаурынды өзің қайнатқын келді ме? Жарайды, тұтата бер. Қолыңның құрбаны болайын», – деді.

Амал жоқ, тілім байланып, жүрегім алай-дүлей болып, қолым дірілдеп жұмысқа кірістім. Ішімнен: «Шай ішіп отырған кезде бәрін асықпай айтармын», – деп ойлады. Суғра шешей артқы бөлмеге барып, бір тәрелке алып келді. Онда екі кепкен анар мен бірнеше жаңғақ бар екен. Жұрттың бәрі маған «Балаларың отбасын құрып әрқайсысы өз жөнімен кетті, енді саған қарайтын ешкім жоқ» деуші еді. Сенің жағдайымды сұрап келіп, самаурын әкелгеніңді көрсе не дер екен», – деді.

Жүрегім қысылып, не істерімді білмедім. Бар ойым Бибі мен қалған тойшыл қауымда. Менің қандай күйге душар болғанымды білмей күтіп отырған шығар.

Самаурын бұрқ-бұрқ етіп қайнады. Мен тура тізерлеп отырған будда мүсініндей қолымды тіземе қойып, самаурынға қарап қатып қалыппын. Қайнағаны сонша, дірілдей бастады. Қақпағының тесігінен ыстық бу атқылайды. Менің одан еш айырмам болмады. Мен де іштей дәл солай қайнап жаттым. Тілім икемге келіп, тезірек айтқым келді. Бірақ бұл мүмкін емес. Қолымнан келмеді. Суғра шешей бір татым шайды шәйнекке салып үстіне су құйды, шүмегін бұрады да самаурынның үстіне қойып: «Мәжит, мына анардың біреуін жей тұр, мен қазір қайтып келемін», – деді.

«Суғра шешей, Тахере ханымның қызы тұрмысқа шыққанынан хабарыңыз бар ма? Бибі қыздың жасауын көруге бармақшы. Тойға бардыңыз ба? Әттең барғаныңызда ғой, қазір оған арнап самаурын апаруыңыз керек болар еді», – дедім. Осыны айтқанша, жаным мұрнымның ұшына келгендей болды. Негізі айтқым келгенді айта алмадым. Орнынан тұрып бара жатқан Суғра шешей аяқ киімін киіп жатып: «Мені шақырған жоқ. Мейлі, маған бәрібір. Сен тұрғанда оларды қайтемін!» – деп аулаға шықты да қабырғалас көршілерін шақырып: «Келіңдер, шай ішіндер! Мәжит келген. Оны мен емізгенмін деп ылғи айтушы едім ғой, өзім өсірдім дейтінмін. Маған арнап сыңары табылмайтын бір самаурын әкеліпті. Құдайым қартайғанша дерт пен ауру бермесін оған!» – деді.

Мені көру үшін екі әйел келді. Көршілері келген соң жағдайым бұрынғыдан да нашарлай түсті. Суғра шешей ерні ерніне тимей мақтап отыр. Риза болған көршілер көзінің астымен маған қарап қояды. Суғра шешейдің мактауы бітер емес, содан мазам кетті. Шай ішудің өзі азап болды. Бибідің ащы айқайын ішіп отырғандаймын. Шайды әрен ұрттап, өз-өзімді зорлап жұттым. Қалыңдыққа арналған әдемі, жарқыраған самаурыннан өзімді мазақтап тұрған түрімді көрдім. «Қазір Бибі қандай күйде, не істеп жатыр? Достары мен серіктерінің алдында не деп жауап береді екен? Баруын барып алып, мені жер-көктен іздеп жүрген шығар. Суғра шешейге самаурынмен бірге келгенім үлкен қателік болды» деп ойлап отырдым. Кенет орнымнан тұрып, жартылай жеген анарым мен шайды алып: «Сау болыңыздар, мен кетуім керек. Кеш болып кетті», – дедім.

Суғра шешей самаурынды салып алып келген дорбаны төрт бүктеп, ішіне бір түйір науат салып берді. Кешкі ас ішіп кет деп ілтипат білдірді.

«Қала алмаймын, рұқсат болса кетуім керек. Бірақ менің бұйымтайым бар. Мүмкін болса маған мына самаурынды қайтып беріңізші. Ұнамай тұр маған. Шүмегінен суы сорғалап, әрең ағады екен. Мен сізге үлкенірек самаурын әкеліп беремін. Бұл самаурын сіздің талғамыңызға сәйкес келмейді», – дедім.

Суғра шешей тағы да көңілі босап, құшақтай алды. Көздері жаска толып: «Ол не дегенің, Мәжит-ау? Самаурын сөз жоқ, керемет! Бұдан артығы болмас. Өзің неткен мейірімді, қарапайым едің! Мен үшін осының өзі үлкен самаурын болып тұр. Әжеңе сәлем айт. «Көп әуре болыпты, самаурын өте керемет. Суғра шешейге ұнады, қатты қуанды де. Мына науатты шайға салып ішсін, сәлемдемем болсын. Аяғы ауырғанға пайдалы. Бара ғой, жаным. Бибі уайымдап отырған болар, тезірек бар», – деді.

Суғра шешейдің үйінен шыққан соң абдырап, не істерімді білмей қалдым. Не қуанарымды, не жыларымды білмедім. Тағдырдың басқа салғанына көндім. Бір жағынан мұнайсам, екінші жағынан қуанып тұрған сияқтымын. Қуанған себебім, Суғра шешей әдемі де керемет самаурынға ие болды. Ал мұнайғаным – Бибі ыңғайсыз жағдайға қалып, елдің алдында абыройы төгілетін болды.

Қалыңдықтың үйіне құр қол бара алмаймын. Кенеттен басыма бір ой сап ете қалды. Аяғымды велосипедтің ортасынан шығардым да жолдың ар жағына өтіп, үйге қарай тарттым. Есігі жабық болатын. Оны қалай ашудың қулығын білемін. Бибі бөлменің кілтін гүл құмыраның астына қояды. Кілтті алып, бөлменің есігін аштым. Науатты алып, кесеге салдым. Бибінің кіп-кішкентай ескі самаурынын алып, дорбаға әдемілеп салдым. Сосын велосипедтің себетіне мықтап байладым. Есікті жауып, қалыңдықтың үйіне қарай оқтай ұштым.

Ойлағанымдай-ақ, әжем абыржып жүр екен. Әрбір келген адамға басын созып, мені қашан келеді деп алаңдап отырғанға ұқсайды. Бес есікті бөлмеде бір топ әйел мен ер адамның арасында отыр. Қалыңдық пен оның анасы төргі бөлмеде, жақсы жерге орналасыпты. Қолыма самаурын ұстап кіргенімді көргенде Бибі қуанғаннан орнынан тұрмақ болып еді, тұра алмады. Самаурынды қалыңдықтың жанына апаруымды ишарамен білдірді. Мен де ишарамен сыртқа шақырып, айтар сөзім бар екенін түсіндірмек болдым. Бірақ өйтуге мүмкіндік болмады. Ақыры түйіншекті қалыңдықтың жанына қойдым да тышқан сияқты зып беріп шығып кеттім. Ауладан оқиғаның немен аяқталатынын бақыламақ болдым. Бибі сол отырған жерінде күлімдеді де былай деді: «Бізден де бір естелік болсын деп қалыңдыққа шағын бір сыйлық дайындағанбыз. Құдай қаласа, ұнайтын шығар». Содан кейін орнынан тұрып самаурынның жанына барды. Мен оның түйіншек ішіндегі самаурынның тым кішірек көрінгеніне таң қалғанын байқадым. Ақырындап түйіншекті аша бастады. Есіктің жанындағы қабырғаға сүйеніп тұрдым. Жаңбырда қалған торғайдың балапанындай дір-дір етемін. Ішімнен құдайыма жалбарынып, әжем құлап қалмаса екен деп тілеймін.

Бибі бірінші түйіншекті ашып еді, жиналған қауым қол соғып, ысқыра бастады. Бибі өзі де қол соғып, мәртебесі көтеріліп қалды. Кәукәб ханым мен басқа серіктері де бір көтеріліп қалды. Екі езулері екі құлақтарында. Бибі екінші түйіншекті ашты. Сөйтіп одан күйе-күйе, мыжырайған ескі самаурынды көпшіліктің алдына алып шыққаны сол-ақ, таңданғаннан аузы ашылып қалды. Жиналған қауым қол соғуын тоқтата қойды. Бибінің серіктерінің де күлкілері сап тыйылды. Енді бөтен қыздар сықылықтап күле бастады. Бір тізесін

бүгіп шокиып отырған Бибі бойын билей алмай, тізерлеп отыра кетті. Қалыңдықтың анасы:

– Қолыңыз дерт көрмесін, Бибі. Қатты әуреге түсіпсіз. Сізден мұндайды күтпеп едім, – деді.

Мен сүмбіл ағашындай дірілдеп тұрмын. Көзімнің астымен түрі өзгеріп кеткен қонақтарға қарап, ернімді тістелей беремін. Кәукәб ханым: «Біз сатып алған самаурын қайда?» – деп сұрады.

Бибі не дерін білмеді. Қолын жерге тіреп, орнынан тұрды. Түрі қуарып, шафрандай сарғайып кетіпті. Орнынан тұруға шамасы болмады. Жанына жүгіріп барып, қолтығынан демеп тұрғызғым келді. Бірақ әйтеуір бойын жинап, өзі тұрды. Аулаға шығып, көзімен мені іздеді. Мені көргенде тілі байланып қалғандай болды. Сөзін неден бастарын білмей тұр. Әбден есін жинап алсын деп ойлап, қолынан ұстап хауыздың жанына апардым. Салқын сумен бетін жуған соң шеткері шығып, баспалдаққа отырғыздым. Суғра шешейдің үйіне барғанымды айтып бердім де: «Қазір сенің абыройың төгілді, бірақ Суғра шешейдің алдында менің абыройымды төге көрме! Әттең сен де сонда болып, қалай қуанғанын көргенінде ғой. Мен өзім ақша жинаймын, самаурынның ақшасын қайтарып беремін, қайғырма!», – дедім де қолын сүйдім.

Бибі – түсінігі мол, кешірімді адам. Мені мұқият тыңдап алған соң орнынан тұрып, Кәукәб ханымды онашаға шақырды. Ақырындап мән-жайды түсіндірді. Кәукәб ханым Бибіге қарағанда сөзге шебер еді. Көпшіліктің арасына барып, болған жайды қалыңдық пен анасына, келген меймандарға айтып берді. Суғра шешейге әдемі де қымбат самаурынның бұйырғанын бәрі көрді де кішіпейілдік танытты. Мән-жайды түсінген қонақтар күлкіге қарық болып қалды.

Бибінің күйелеш-күйелеш самаурынын үйге алып қайту тағы да менің үлесіме тиді. Сондай-ақ базарға барып жаңа самаурын сатып алып, оны қалыңдықтың үйіне апару да маған жүктелді. Қысқасы, екі-үш күн бойғы жұмысым самаурын тасу болды. Бұл жолы Бибі мен көршілер самаурын иесінің қолына тигенше мені бақылаумен болды. Жолай біреудің үйіне амандық сұрап кіріп кетпеуімді қадағалады.

Аударған Әйгерім БӨРІБАЕВА

ЕСТЕЛІК СУРЕТ

Құдайдан жасырмағанды сізден несіне жасырайын. Суретке алғаш рет алтыншы сыныптың емтиханына орай түскенмін. Оған дейін фотоаппараттың назарына ілігіп көрмеппін. Өзім де фотодағы түрім қандай болатынын көруге тырысқан емеспін. Айна болмаса өз-өзімді танымай өтуім де мүмкін еді. Бір күні мектептен суретке түсіп кел деген тапсырма алдым. Жеке іс-парағымды ашу үшін керек екен. Алғашында сенбедім. Одан кейін мәселенің өте маңызды екенін білгенімде қуанғаным соншалық, өз-өзіме ие бола алмай, ұшып кетуге жақын қалдым. Осы мейірімділігі үшін мұғалімнің қолын сүйіп алғым келді. Біресе қуанғаннан ысқыра жаздадым. Әйтеуір өз-өзімді ұстап, үйге қарай жүгірдім. Әжеме келдім де:

– Әже, мені қалай болғанда да суретке түсіруіңіз керек, басқа амал жоқ, – дедім.

Құдай алдынан жарылқағыр әжем қабағын түйіп: «Бісміллә, тағы қандай қулық ойлап таптың? Суретті қайтпек едің? Кім үгіттеп жүр сені?

Әскерге барайын деп пе едің? Өскенде ақша тапқан соң өзің барып түсесің. Менің ондайға ақшам жоқ. Өзіңді көргің келе ме, айнаның алдына бар да кара», – деді.

Мен дауыстап күліп: «Ха... ха...ха! Қай ғасырда қалып кеткенсің, әже? Мектепте суретке түсіп келуді тапсырды. Суретті апармасам емтиханға кіргізбейді. Мүлдем қабылдамай қояды. Мен енді үлкен болдым, есейдім. Қорытынды емтихан тапсырғым келеді».

Әжем бұл сөзімді де қабыл алмады. Қанша айтсам да көнбейді: «Емтиханымды тапсыр, әлде сенің орнына суретің тапсыра ма?» – дейді бұрқылдап.

Мен: «Бибі, олар маған жеке іс-парақ ашпақ. Сертификат береді. Сертификат болмаса сабақ оқығанымнан пайда жоқ. Алегер сертификатым болса, мемлекеттік мекемеде жұмыс істеймін, жалақы аламын», – дедім.

Әжеммен ары қарай салғыласудан пайда жоқ еді. Бірбеткейлігіне салып: «Молда болудың, сабақ оқудың, адам болудың суретке түк қатысы жоқ. Кітап, дәптер, қалам алғың келсе, оны түсінемін. Бірақ мынауың ақылға қонбайды», – деп қарап тұр. Сосын одан әрі шүйлігіп: «Шыныңды айт, мұндай өтірікті кім үйретті саған?», – деп сұрады.

Бірте-бірте сөйлеуді де қойып, түріме қарап: «Өзің ойлашы, бас киімді түзеп, айнаға қарап көрші. Мына түрің суретке түсуге жарай ма өзі? Мойның күжірейген, бетің топ-томпақ. Қызыл шырайлы болсаң бір жөн. Мына түрмен түскен суретің неге жарайды? Сол жағын ойладың ба? Түр-түрпаты суретке түсуге келетін адам бар, келмейтін адам бар. Мына сен сияқты не бой жоқ, не түр жоқ, сірінкенің шиіндей адамның қай жерін түсіреді? Заман не боп кетті өзі! Тапқан ақшама қарныңды тойдырсам да жеткілікті. Тыриған түрінді суретке түсіріп береке таппаспын», – дейді.

Әжеммен мәмілеге келу мүмкін емес еді. Суретке түсіруге келіспегені былай тұрсын, түр-сипатымды мазаққа айналдырып, қор қылды. Көндіре алмасымды түсіндім. Келесі күні мектепке барып мұғалімге: «Ағай, әжем мына тыриған түріңмен суретке түсе алмайсың. Сабақ оқып, емтихан тапсырудың суретке түсуге қандай қатысы бар деп сенбей қойды», – дедім. Мұғалім күліп: «Әженді мектепке шақырып кел, өзім сөйлесейін», – деді.

Сол күні түстен кейін әжем екеуіміз мектепке келдік. Жол бойы налып, ұрысып келді: «Екі сынып сабақ оқығаның үшін осыншама әуреге түсірдің, ары қарай не болмақ!» Мұғалімдерді де сырттай сөгіп, оңдырмады. Мен оның айтқанына мән берген жоқпын. Көңілім жай. Арқа сүйер адамым бар, түбі жеңіп шығарымды біліп, сабыр сақтадым.

Әжем ашулы күйде мектепке жетті. Тіке тартып кабинетке кіріп кетті. Артынан еріп кіруге батылым жетпеді. Сөмкемді қолыма ұстаған күйі есіктің саңылауынан қарап тұрдым. Несін жасырайын, жүрегім дүрс-дүрс етеді. Әжемнің қырсықтығынан суретке түсе алмай қалам ба деп қорқа бастадым.

Мұғалім мектепке әлі келмеген екен. Тезірек келсін деп тіледім. Құдай тілегімді қабыл етсе екен. Осылай қиналып тұрғанда құтқарушы періштедей боп ұстазым келе қалды. Алдына жүгіріп шығып, амандастым да:

«Ағай, әжемді алып келдім, іште отыр. Абайлаңыз, өте ашулы, ұрсуы мүмкін. Ақшам жоқ деп жыласа сенбеңіз. Аз болса да менің суретіме жететіндей ақшасы бар», – дедім.

Мұғалім мені жүре тыңдап, аяғын жылдам басып келеді. Мен оған ілесе жүгіріп, тоқтамай сөйлеп келемін. Мұғалім кабинеттің есігін ашып

жатып: «Жарайды Мәжит, уайымдама. Құдай қаласа, бәрі дұрысталады», – деді.

Мен де бірге барып, оқиғаны өз көзіммен тамашалағым келді. Әжем жеңе ме, мұғалім бе? Шыны керек, кіруге батылым жетпеді. Онда кіру үшін арыстандай батыл жүрек керек. Әдетте бұл кабинет мұғалімдер мен директор шәй ішіп, әңгімелесіп күлетін, балалардың таяқ жейтін жері болатын. Енді ойлап көріңіз, қандай надан бала ол жерге өз еркімен кіргісі келеді? Мұнда келген ата-ана әлдебір баланың үстінен шағым айту үшін, оны жазалауды сұрау үшін, ақшасының жоқтығын айтып баласының абыройын түсіру үшін ғана кіреді. Сондықтан балалар үшін директордың кабинеті өте қауіпті. Бұл кабинетке бірде-бір оқушы жайдан-жай кіріп, ұстазы оған күлімсіреп шәй ұсынып, әзілдеп әңгімелесіп шығарып салған кез бұрын-соңды болмаған.

Мені таң қалдыратын нәрсе мынау. Мұғалімдердің де осы кабинет туралы балалық шағының естеліктері ащы да жағымсыз болар-ақ. Сонда бұрынғы жағымсыз естеліктерін еске алмай, қалайша рахаттанып отырып шәй ішіп, өмірден ләззат алады екен?

Сәмкемді қолтығыма қыстырып алып дәлізде отырдым. Сәмкемді жайлап ашып, ішіндегі кәкір-шүкірді ары-бері сапырыстыра беремін. Мысалы, қалам іздеген болсам да, шын мәнінде ойым қаламда емес, кабинеттің ішіндегі әңгімеде. Құр отырған жоқпын, құлағым түрік. Бибінің дауысы анық естіліп тұр: «Сіздер, ұстаздар, мына балалар өскенде пайдасын көретіндей болуы үшін сабақ оқытудың орнына суретке түсіндер дейсіздер. Әлде осыншама молда болған, Хафиз кітабын, Құран мен дұға кітабын, Әмір Арсланды оқығандардың бәрі суретке түскендіктен сауатты болды ма? Шәкірттері де, өздері де бірде бір суретке түспей-ақ данышпан болды емес пе? Қандай кітап болса да оқығанда бұлбұлдай сайрап тұрған баяғының молдаларына жүз рақмет! Адам бойындағы дертін кімге айта алады?».

Бибі қызынып алып, сөйлеуге кірісіп кетіпті. Мұғалім енді ғана «мектеп ережесі, оқу заңы, іс қағаздарын жасау және емтихан тапсыру үшін сурет қажет» дегенді айта бастап еді, Бибі тоқтатып тастады. Мен де есіктің сыртында құр отырған жоқпын. Демімді ішіме тартып, әр жолы әжем сөйлегенде қабағым түйіліп, мұғалім немесе директор сөйлегенде қайтадан жадыраймын.

Кабинеттің саңылауынан бір көзіммен сығаласам, Бибі тынышталып шай ішіп отыр екен. Мұғалім сөйлеп жатыр. Бибі кеңсе қабырғасында ілулі тұрған камшы мен шеңбердің астында отыр. Әжемнің жұмсарып келе жатқанын көріп көңілім тынышталды. Орнымнан тұрып, бүгілген денемді жазып, терең тыныс алып, кабинеттің есігінен әрі қарай бірер қадам жүрдім. Салмағымды бір аяғымнан екіншісіне ауыстырып, қозғалақтап біраз тұрдым. Бір бет шығарма жазып тастайтын уақыт болды. Бибінің сыртқа шығатын ойы жоқ. Орныма қайта оралдым да не болып жатқанын білу үшін құлағымды тосып тыңдадым. Бибі тағы да сөйлеп жатыр: «Енді сіздер молда болу үшін, емтихан тапсыру үшін суретке түсу қажет деп тұрсыздар. Солай-ақ болсын, қарсы айтарым жоқ. Бірақ, құдай үшін Мәжитке айтыңыздаршы. Мені мұнда шақырып мазалай бермесін. Біраз күн бұрын ол үйдегі төсеніштің бірін жыртып алып, соның жібін орап, өзіне доп жасамақ болды. Қаншама рет осында келіп, сендерге айтпақ болдым. Құлағын бұрап тұрып, ескерту айтындар дегім келді. Бірақ сонда да келуге уақыт таба алмадым.

Мұны естігенде жүрегім кенеттен лок ете қалды. Әжемнің кабинеттен

құр қол шыққысы келмейтінін түсіндім. Ойланып-ойланып, шамамен бір ай бұрын не істегенімді есіне түсіріпті. Енді бұл қауіпті жерден тезірек кетуден басқа амалым қалмады. Осындай есеппен қашып кетіп, сыныпқа барып тығылдым. Іштей: «Ақыр соңында, суретке түсіруге көнген екен. Әжем қалай болғанда ақшасын бостан босқа жұмсамайды», – деп ойлап қоямын.

Сабақта отырғанымда артымнан әжем келді. Сыныптан атып шықтым. Әжем:

– Әй, Мәжит, қайда барасың?, – дейді. Жүгіріп бара жатып: «болды, суретке түспей-ақ қойдым. Құдай үшін, мазамды алмаңыз!» – дедім.

– Қорықпа, Мәжит! Мен сені суретке түсіруге апарамын.

– Бибі, кабинетте ұстазға не айттың?

– Ештеңе, сен туралы айттым. Жақсы бала, кейде ғана мазамды алады дедім.

– Мен бәрін естідім. Сен маған тұзақ құрып жаттың.

– Жоқ, сабыр ет, түстен кейін мектептен келген соң сені фотоға түсіруге апарамын, – деп жұбатты әжем.

Түстен кейін әжеммен бірге «Аға Тағи» фотостудиясына бардық. Бұл есімді кейін жаттап алдым. Сабырлы, мейірімді, еңбекқор қария еді. Ақырын, мұқият жұмыс істейтін. Бірақ қолы дірілдейді. Білегін ішіне салып түсіретін ескі фотоаппараты болды. Ол мені орындыққа отырғызды. Артымда жіптері жалбыраған, оңып кеткен қара перде ілініп тұр. Біртүрлі кобалжи бастадым. Не болар екен деп ойлады. Келді де дірілдеген қолымен иегімнен ұстап, басымды көтерді. Қарияның қолы дірілдегендіктен менің басым да дірілдеп тұр. «Иегім мен басымды әдейі қозғап тұр. Сурет жақсы шығу үшін керек шығар. Яғни бұл да қажет», – деп ойлады. Басымды оңға-солға қозғап едім, қария: «Қозғалма, айналайын, суретің дұрыс болмай қалады», – деді. Сөйтті де менің орныма отырып, «міне былай отырасың» деп көрсетіп берді. Басын көтеріп, мойнын кеуіп қалған таяқтай тіп-тік ұстайды. Көзін үлкейте ашып, екі қолын бір-бірінің үстіне қойды. «Жарайды, қалжындап тұрған жоқпын», – дей бастап едім, Бибі сөзімді бөліп: «Ағаң не айтса соны істе», – деді.

Басымды тік ұстап, қозғалмай отырдым. Фотограф сонымды ұнатып: «Бәрекелді, жақсы бала екенсің, тура осылай отыр» деді. Сосын салбыраған қолымды көтеріп, аяғымның үстіне жинап қойды.

Мүсін сияқты қақиып отырмын. Көзімнің қарашығы ғана қарияны іздеп ары-бері қимылдайды. Қария фотоаппараттың ар жағына барды, Бибі ар жаққа кетіп қалды. Әжем менің қимылсыз отырғанымды көріп, сүйсініп тұр. Бұрын мұндай сыпайы түрімді көрмеген ғой. Қария фотоаппараттың жалбыраған қара матасының астында кірді де: «Әй, бала! Жақсы, өте жақсы. Тек камераға, камераның тесігіне қара. Мына тесікке», – деп көрсетті.

Орнымнан тұрдым да камераға таяп барып, тесігіне бір көзімді тосып қарадым да: «Тесіктен ештеңе көрінбейді. Сіз тіпті көрінбейсіз», – дедім. Қария ашуланып кетті. Ашудан беті қызарып, қолы бұрынғыдан бетер дірілдей бастады.

– Әй, мен саған камераның тесігіне көзіңді қада деген жоқпын. Барып орнына отыр, шырағым. Сол жерден, отырған жеріңнен қара, түсіндің бе? Қараптан-қарап әуреледің-ау! Дені дұрыс па өзі, мына баланың. Қозғалма. Осыған дейін фотоаппарат көрмеп пе едің? Суретке түспеп пе едің, отыр! – деді.

– Жарайды, кешірім сұраймын.

Қайтадан орныма барып, орындыққа отырдым да қолдарымды ағайдың айтқан жеріне қойдым. Ар жақтан әжем: «Менің балам суретке түсіп көрмеген, не істеу керегін білмейді. Қатты қызығып кеткен ғой. Әрине өзі де мазасыздау бала. Кешіріңіз енді», – деді де маған бұрылды. «Мәжит, суретте көзің үлкен болып шығуы үшін көзіңді жақсылап ашып кара. Суретің әдемі болып шықсын».

Сосын ағайға бұрылып: «Мына баланың көзі атасының көзіне ұқсаған. Құдай жарылқасын, оның да көзі мен қасы үлкен еді. Мен көзім әжем айтқандай үлкен боп көріну үшін кірпіктеріме салмақ салып көзімді бақырайтып отырмын. Сәл қинасам кірпіктерім жыртылып, қарашығы ұясынан шығып, жерге түсіп кетердей. Қария: «Жоқ, жаным, жоқ. Көзіңді қатты ашпа, қалыпты болуға тырыс, өзінді қинама. Атанның көзін ұмыт. Ештеңе болмағандай маған байсалды кара. Суретің жақсы шықсын десең, жақсы нәрсе ойла», – деді.

«Жарайды, сіз маған осылай қолдау білдірсеңіз, суретім міндетті түрде жақсы шығады. Бірақ маған жақсы ой келмей жатыр. Қанша тырыссам да жағымсыз нәрселер есіме түседі. Дегенмен, жарайды. Тырысып көрейін», – дедім.

Әжем қайтадан сөйледі: «Дұрыстап отыр, Мәжит, сөйлеме. Көзіңді жақсылап аш, ернің кішкентай болып көрінуі үшін гүлдің қауызындай қылып жиырып отыр», – деді. Мұны естігенде абдырап қалдым. Ерін гүлдің қауызындай болуы үшін оны қалай жиыру керегін түсіне алмай әлекпін. Дегенмен көзімді ашып отырамын, жақсы нәрселер ойлауға тырысамын. Қозғалмай, қақиып отырмын.

Қысқасы, жалығып кеттім, тезірек құтылғым келді. Әжемнен айна сұрадым. «Ернімді сіз айтқандай қылу үшін жаттығуым керек. Бірақ, мұнда айна жоқ екен», – дедім. Әжем де қайтар емес. «Біреудің қолын сүйіп жатқаныңды елестет, сонда ернің жиырылады, әдемі болып шығасын», – деді.

Жағдай нашарлап кетті. Мына жақта фотограф қария ашуланып отыр. Ал мен ернім гүлдің қауызындай болуы үшін кімді елестетіп сүйсем екен деп әуре-сарсаңға түстім. Ойыма түскен ешбір адамды сүйе алмайтынымды білдім. Маған ұнайтындарды елестеттім, батылым бармайды және бұл дұрыс емес. Ойымның өзінен ұялып кеттім. Ұялсам суретім де бұзылары анық. Қарияның қаны басына шапты. «Бибі, өтінемін, менің жұмысыма араласпашы. Ерігіп жүрген біреу емеспін мен! Суретке түсіріп болғанша бірер минут үндемей тұршы», – деді. «Жарайды, сурет жақсы шықса болғаны. Әйтеуір көзі үлкен болып шығатын болсын», – деді әжем.

Бұл жолы қария Бибіге жауап бермеді. Қайтадан маған таяп келіп, басымды түзеді де, камерасына өтіп:

– Дайынсың ба? Қозғалма, – деді.

– Дайынмын, мырза.

– Мәжит, көзді ұмытпа, көзді, – деді ар жақтан Бибі.

Әйтеуір түсірді-ау. Суретім аман-есен шықты. Сурет болғанда қандай сурет. Айдай! Көзім – тана көз. Аузым – гүлдің қауызы. Қас дегенің қиылған. Бас пен мойын, құлақ, бәрі ұқыпты. Денем – тік. «Көзің үлкен-ақ болыпты, бірақ әдемі шықпапты», – деді әжем. Бірақ суретім өзіме қатты ұнады. Сондықтан суреттің бірін өзіме беруін сұрадым. Жұрттың бәріне көрсетпекпін. Жүзі күлімдеген, өзі томпақтау келген көршіміздің қызы Нәргеске көрсетемін деп ойлады. Әжем менің көңілімді қалдырмады. «Тағы екі фото басып шығарыңыз», – деді. Естелік болу үшін біреуін маған, екіншісін өзіне қалдырды.

Келесі күні мектепке тиесілі фотоны ұстазға апарып бердім. Ал Нәргеске бергім келген фотоның артына: «Мен, Мәжит мырза. Әрқашан фотоға қарап мені есіңе алуың үшін осы бір қарапайым фотомды ұсынамын», деп жаздым. Сөйттім де астына өзім жазған мына өлеңді қосып қойдым:

Естелікке берейін, суретімді өзімнің.

Мәңгі сақтап жүргейсің, қарашықтай көзіңнің.

Қараған сәтте суретке, көңіліме енерсің,

Бейшара менің жүрегім, нұр шаттыққа бөленсін.

Күн батарда Нәргестің дүкенге шығып бара жатқанын байқап, жолын тостым. Жолығып, суретті ұсыну үшін көшенің шетінде тұрмын. Көп ұзамай сұлбасы көрінді. Бірақ қасына барып, суретті өз қолыммен беруге батылым бармады. Суретті өзі тауып алсын деп тура келе жатқан жолдағы көшенің ортасына әдемілеп қоя салдым. Нәргес алыстан келе жатты. Қолында нан мен айран. Арасында ұрланып айраннан ұрттап қояды. Жан-жағына қарап, тостағанға аппақ төрт саусағын малады. Сосын оны аузына салып жалайды. Жалап болған соң айранға қайтадан төрт саусағын малады. Мен көшенің бұрышында Нәргестің суретті алғанын күтіп, аңдып отырмын. Нәргес әлі келе жатыр. Суретке жақындап қалды. Жақындаған сайын жүрегім қаттырақ соға бастады. Бірақ жолым болмады. Нәргестің бар назары саусағын жалауға ауғандықтан суретті көрмей өтіп кетті. Көрмегені былай тұрсын, кішкентай сүйкімді аяғымен суретті басып өтті. Аяғымен жүрегімді таптап кеткендей сезімде болдым.

Кенет тасадан атып шығып: «Нәргес, не істедің сен?!» – деп айғайлады. Ол шошып кетіп, қолындағы айран құйған кесесін құлатып алды. Кесенің күл-паршасы шықты. Айран менің сүйкімді суретімнің үстіне және оның аяқ киіміне төгілді. Қолындағы наны да құлады. Іс насырға шапты. Алдына барып еңкейіп, нанды алдым да сүйіп қолына бердім. Суретті айран мен кесенің сынған бөліктерінің арасынан тауып алдым. Суретті жалап, айраннан тазарттым. Нәргес маған біртүрлі қарады. Әлі де абдырап тұр, абыржуы басылар емес. Аяққа тапталған, үстіне айран төгілген суретті шалбарыма сүртіп жіберіп көрсеттім. «Мынау менің суретім. Қарашы, қандай әдемі шыққан. Аяғыңмен басып кеттің, әділетсіз. Сосын періштелер қарғап, қолындағы айран құйған кесең құлап қалды. Суреттің үстіне айран төгілді. Мен соны тазартып жатырмын. Мына сурет саған», – деп артына бірдене жазғанымды, сол өлеңді өзім шығарғанымды айттым.

Сурет туралы қанша айтсам да Нәргес оған қарамай қойды. Бар ойы сынған кесе мен төгілген айранда ғана. Кенет жылап жіберіп, ары қарай кете берді. Ал мен суретімді ұстап жалғыз қалдым.

Қараңғы түсті. Көшеде ешкім жоқ. Сынған ыдысқа, төгілген айранға бір қарадым да үйге келдім. Жолшыбай сурет пен артындағы жазуға қайта-қайта қарап қоямын. Бірақ қараңғыда суреттегі өлең де, келбетім де көрінбеді. Нәргес апасына ештеңе айтпады деп ойлады. Бірақ есіктен аттай бергенімде үйге Нәргестің апасы келді. Айқайлап ұрсып кетті. Әжем де бар ашуын төкті. Содан соң суретті тартып алып, жыртып-жыртып хауызға шашып жіберді.

Жыртылған сурет хауыздың суына түсіп, жайылып тарап кетті. Үлкен көз, пісте мұрын, гүл қауызындай ерін, станокпен алынған шаш, жүректен шыққан өлең, бәрі-бәрі сумен жайылып баяу жүзіп барады. Хауыз түбінен балықтар көрініп, суреттің жыртылған бөліктерін тұртумен болды. Хауыздың жағасындағы ағашқа ілінген бос тордың көлеңкесі ғана суға түсіп тұр.



Ел тынысы

ТАСҚЫННЫҢ ТАУҚЫМЕТІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

2024 жылы еліміздің біраз өңірін қамтыған алапат тасқын Жылыой ауданын да айналып өтпеді. Табиғат апаты аудан тұрғындарын әбігерге салып, орасан зор шығынға ұшыратты.

Жылыой. Кең Жылыой – киелі мекен, қасиетті өңір, құтты аймақ. Қазақстандағы екінші Алтын киімді адам осы өңірден табылды. Исі қазақтың пірі – Бекет ата осында дүниеге келді. Қазақ мұнайының қара шаңырағы Қарашүңгіл осы ауданда орналасқан. Дүние жүзіндегі алпауыт компаниялардың бірі – «Тенізшевройл» осында мұнай өндіреді. Соның арқасында ауданымыз ел қоржынына қомақты қаржы салып отыр.

Ауданның тағы бір мақтан тұтар нәсібі – Жем өзені! Асан қайғы бабамыз айтқан «бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған» ұлы Жем. Қандай жұт, қасіретті ашаршылық болғанда да Жемді жағалағандардың өзегі талмаған.

Өкінішке қарай, табиғаттың өз заңы бар. Жем суы соңғы кездері тартылып барады, кейде бірнеше жыл үзіліп қалатын жағдайға жетті. Дегенмен, еліміздің батыс аймағындағы ауа-райының құбылмалылығына, жауын-шашын мен қардың түсуіне қарай жиырма-отыз жылда бір рет арнасынан асып, жағадан 15–20 шақырымға дейін жайылып кетеді.

2022–2023 жылдары Жем өзенінің көктемгі көтерілуі алдыңғы жылдармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болатыны алдын-ала хабарланып, қауіпсіздік шаралары дер кезінде алынып отырды. Бірақ 2024 жылы Наурыз айының соңына қарай күн кенеттен ысып, қардың, күзде түскен мол ылғалдың тоңы тез еруінің салдарынан Жем суы күрт көтеріліп, ағысы күшейіп кетті.

1993 жылы Құлсары қаласы суға кеткенде Жем суының ағысы секундына 1200 текше метр болған екен. 2024 жылғы ағыстың қарқыны секундына 2000 текше метрге дейін жетті. Бұндай күтпеген тасқын жағдайды ушықтырып жіберді.

Қазгидромет 2024 жылы Жем өзенінің қандай көлемде, қашаннан бастап таситыны туралы алдын ала мәліметті нақты хабарлай алмады.

Күрес пен қорғаныс: Соған қарамастан қорғаныс шаралары ертерек қолға алынып, Жем өзені мен оның аудан орталығы Құлсары қаласы арқылы өтетін Құрсай саласының жағасын биіктету, Жем бойындағы Ақкиізтоғай, Шокпартоғай, Тұрғызба ауылдарын айналдыра бөгет салу жұмыстары шұғыл қолға алынды. Аудан халқы қорғаныс ісіне түгел жұмылдырылды. 29-шы наурызда су басу қаупінің алдын алу және қатерді жою жөніндегі штаб құрылып, ұйымдастыру шаралары бекітілді.

Біз аса қауіпті аймақтардағы бекіністерді нығайтып, бөгеттерді биіктетіп

жүргенде Құлсарыдан 25-30 шақырымдай жоғарыда Жем өзені арнасынан асып, жойқын су 3-ші сәуір күні түнде Қарағай елді мекенін басып, Құлсары қаласының «Болашақ» ықшам ауданының құбыла беттегі үлкен бөлігінен өтіп, Жадырасын ықшамауданына кірді.

4-ші сәуірде «Жылыой ауданы аумағындағы жергілікті ауқымдағы табиғи апатқа қатысты төтенше жағдай жариялау туралы» № 8 шешім шығардым.

Қорғаныс шаралары күндіз-түні толассыз жүргізілді. Құлсары қаласындағы және ауылдардағы қауырт жұмыс қызып тұрған тұстарға 11 шатыр тігіліп, далалық асхана ұйымдастырылды, қорғаушылар кезекпен шатырларда көз шырымын алды. Аса қауіпті аймақтар деп танылған Құлсары қаласында, Ақкиізтоғай, Шокпартоғай, Тұрғызба ауылдарында, Жаңа Қаратон кентінде жүргізілген қорғаныс жұмыстары 15-ші сәуірге дейін жалғасты.

Кейін мәлім болған деректерге сүйенсек, қауіпті жағдайдың туындауына Ақтөбе облысы аумағынан бастау алатын Жем өзені бойындағы 4 дамбының үшеуі бұзылуы әсер еткенге ұқсайды. Сол өңірде шығатын «Диапазон»



интернет-ресурсында көктемгі су тасқынында 15 дамбы жарылғаны туралы ақпарат жарияланды.

Қазақстан Республикасы Премьер Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев Мұғалжар тауынан еріген қар суының алдын алу мақсатында Ақтөбе облысында тиісті гидробекеттер жасақталмағанын, Қазгидрометтің болжау құралдары тиісті деңгейде орнатылмағанын атап айтып, Жылыой ауданында орын алған су тасқынын табиғи апат деп жариялады.

Қауіпті тасқын аймақтарын тәулік бойы бақылау мақсатында жауапты қызметкерлер басқаратын кезекші топтар ұйымдастырылды.

15-ші сәуірден бастап тасқынның қарқыны қайта бастады. 17-ші сәуірде Жем суы арнасына түсті.

Жан аямай жасалған тосқауыл жұмыстарының арқасында Құлсары қаласының 70 пайызын, Ақкиізтоғай, Тұрғызба, Шокпартоғай ауылдарын, Жаңа Қаратон кентін су басу қатерінен аман алып қалдық. Тасқын толастасымен оның зардаптарын жою жұмыстары жедел басталып кетті.

Апат кезіндегі ынтымақ пен көмек: Жұмыстың қауырт болуына қарамастан зардап шеккендерге көмектесу қолға алынды. Тасқын қаупінің аса күшейген кезі – 4-ші сәуірде үйі құлаған, су ортасында қалған 30 мыңға жуық тұрғын

Құлсары қаласындағы мектептердің ғимараттарына, Майкөмген ауылына, «Теңізшевройл» компаниясының Теңіз вахталық қалашығына, Маңғыстау облысында, Атырау қаласында ұйымдастырылған эвакуациялық пункттерге орналастырылды. Ауданда тасқыннан зардап шеккен 3697 тұрғынға бюджет қаражатынан бір жолғы көмек көрсетілді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп халқымыз тегін айтпаған. Аудан халқы қауіпті тасқынға қарсы күреске жұмыла кірісті. Аудандағы көптеген мекемелердің басшылары қарамағындағы жұмысшылардың жалақысын сақтай отырып, қорғаныс жұмысына босатты.

Маңғыстау облысы мен өз облысымыздағы 20-ға тарта кәсіпорын мен мекеме, «Теңізшевройл» компаниясы жүздеген техника, мыңдаған адам бөліп, қиын сәтте қасымыздан табылды.

Атырау облысындағы жергілікті атқарушы органдардан 162 адам, 151 техника; Төтенше жағдайлар министрлігінің жергілікті өкілеттіктерінен 350 адам, 31 техника, 17 жүзу құралы, 19 су сорғыш; Ішкі істер министрлігінен 230 адам, 35 техника; Қорғаныс министрлігінен 570 адам, 30 техника; Ұлттық ұланнан 125 адам, 10 техника көмекке келгенін атап айтқан жөн.

Ел басына қиындық түскен кезде қол ұшын берген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен, еліміздің түкпір-түкпірінен қомақты гуманитарлық көмектер келіп, 5 тарату пункті арқылы Құлсары қаласындағы, Тұрғызба, Шокпартоғай ауылдарындағы зардап шеккендерге үлестірілді. Барлық гуманитарлық көмек мөлшері 881,3 тонна шамасында болды.

Жылыойға көмек қолын созған волонтерлер саны 10000 ға жетті.

«Жаны күйген тәңірісін қарғайды» деген нақыл бар. Үй-жай, дүние мүліктен бір сәтте айырылу кім-кімге де оңай емес. Далада қалғанына ашынған әрі осындайда еліріп кететін, қаншама текті халық болсақ та әр жерде де кездесетін арандатушылардың айдап салуына ерген халық аудан әкімдігінің алдына жиналып, наразылық білдіріп, қисынды— қисынсыз талаптар қоя бастады.

Сабақ пен тағылым: Осынау келеңсіз жағдайда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты сабырға шақырып, «...барлық шығын өтеледі» деп мәлімдеуі мен облыс басшысы Серік Жамбылұлы Шәпкеновтің жанымыздан табылуы, Парламент депутаттары, Министрліктердің басшылары ауданымызға келіп, халықпен көзбе-көз сөйлесуі бізге үлкен қолдау болды.

Қандай қысым көріп, қиындыққа тап болсақ та тасқынға тосқауыл жұмыстарын да, тасқын зардаптарын біртіндеп жоюды да тоқтатқан жоқпыз.

2024 жылдың 14-ші сәуірінде жергілікті тұрғындармен тиімді байланыс орнатып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында Құлсары қаласы аумағында су тасқынынан зардап шеккендермен тұрақты жұмыс істейтін, құрамы 16 адамнан тұратын Жылыой аудандық қоғамдық штабы құрылды. Олардың арасында қиын-қыстау сәтте жастардың арасынан суырылып шыққан көшбасшылары, сындарлы қоғам белсенділері, жергілікті беделді кәсіпкерлер, заң мәселелері мен банк операциялары жөніндегі консультанттар, дін қызметкерлері бар еді. Сонымен қатар, алаңкөңіл тұрғындарға адвокаттар, нотариус қызметкерлері, сот орындаушылары кеңес беру жұмыстарын тынбай жүргізді.

Тұрғындарға бір жолғы материалдық көмек төлеу, бүлінген тұрғын үйлер мен жарамсыз болып қалған дүние-мүлік үшін өтемақы төлеу, төтенше жағдайдың мерзімін ұзарту, несие төлеуді кейінге қалдыру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, тағы басқа мәселелер жөнінде ақыл-кеңес беріліп, заттай көмек көрсетілді.



Бұл бастама әр тұрғынға су тасқынының салдарын жою және өңірді қайтадан қалпына келтіру тұрғысында тиісінше қолдау көрсетіп, шұғыл да нақты ақпарат беріп отыруды қамтамасыз етуге жағдай жасады.

Қалпына келтіру және жаңғыру: 2024 жылы орын алған су тасқыны біздің өңір үшін үлкен сынақ болды. Табиғи апаттан кейін Жылыой ауданында, әсіресе Құлсары қаласында толықтай қалпына келтіру және жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Бұл жұмыстардың басты мақсаты халықтың тұрмыс сапасын арттырып, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңа деңгейге көтеру болатын.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) бағалау және өтеу бойынша аудан әкімдігінің 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 100 қаулысымен аудандық комиссия құрылды.

Нәтижесінде 2920 жеке тұрғын үйді, 812 тұрғыны бар 19 көп пәтерлі корпусты, 31 әлеуметтік нысанды және 353 шағын және орта кәсіпкерлік нысанды су басқаны анықталды.

Су тасқынынан зардап шеккен тұрғындар үшін Жылыой ауданы Құлсары қаласындағы «Болашақ» шағын ауданынан әрқайсысының жалпы ауданы 100 шаршы метр құрайтын бір типті 100 тұрғын үй салу қолға алынды. Әр үйдің құрылысын жүргізуге 10 сотық жер телімі бөлінді.

Су тасқынан зардап шеккен «Кең Жылыой» мәдениет үйі, Орталық стадион, Жылыой аудандық музейі, №5 Абай атындағы орта мектеп, №19 жалпы білім беретін мектеп, Достық ықшам ауданындағы көпір, «Өркен», «Айгөлек» бала бакшалары, №1 Жылыой аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және адамдар көп шоғырланатын басқа да орындар қалпына келтіріліп, қазіргі таңда жұмыс істеп тұр.

Солардың қатарында Кең Жылыой аудандық мәдениет үйі қайтадан пайдалануға беріліп, мәдениет пен өнерді сүйетін тұрғындардың көз қуанышына айналды. Жөндеу барысында ғимараттың шатыры, есік-терезелері толық жаңартылып, жылу, су, және электр жүйелері заманауи талаптарға сай қайта жасакталды. Көрермендер залы жаңа креслолармен жабдыкталып, акустикалық жүйесі жаңартылды. Сахнаға заманауи жарық және дыбыс беру жүйелері орнатылып, сахналық

шымылдык толық жаңартылды. Өртістерге арналған және дайындық бөлмелері кең, жарық әрі ыңғайлы етіп қайта жасақталды. Ғимараттың ішкі кеңістігі — фойе мен холлдар — ерекше заманауи дизайнмен әрленіп, кіреберіс алаңына ұлттық рухты айқындайтын «Домбыра» мүсіні орнатылды. Сыртқы жарықтандыру жүргізіліп, ғимараттың ажары ашыла түсті.

Білім беру саласында да су тасқыны салдарынан зақымданған бірқатар білім мекемелері жаңғыртылып, оқушылар үшін қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдай жасалды. Мәселен, №19 орта мектеп «Реновация» жобасы аясында күрделі жөндеуден өткізіліп, мектептің материалдық-техникалық базасы толық жаңартылды.

Болашаққа бағыт: Осындай апатты қайта болдырмау мақсатында Жем өзенінің тасуына толық тосқауыл болатын құрылыстарды қолға алдық. Атырау облысы құрылыс басқармасымен ынтымақтаса отырып, 2024 жылдың тамыз айынан бастап Жем өзені мен Құрсай өзегінің түбін терендету және жағаны бекіту жұмыстары жүргізілді. Өзен арнасының түбін терендету жұмыстарының жалпы ұзындығы 96 шақырым (Құрсай каналы — 46 шақырым, Жем өзені — 50 шақырым) құрады.

Аудан бойынша жалпы ұзындығы 65,3 шақырым құрайтын (Құлсары қаласы — 42,8 шақырым, Ақкиізтоғай ауылы — 5,3 шақырым, Тұрғызба ауылы — 10,8 шақырым, Шоқпартоғай ауылы — 6,4 шақырым) бөгет салынды.

Жем өзені бойынан су қоймасын салу үшін Атырау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы мен «Казгипроводхоз Институты» ЖШС арасындағы келісімге сәйкес Жылыой ауданында Жем өзенінің бойындағы Аралтөбе учаскесінен сыйымдылығы 220 млн. текше метр болатын су қоймасының техникалық-экономикалық негіздемесі жасақталуда. Бұл су қоймасының пайдалануға берілуі аудан экономикасының өркендеуіне, негізінен, мал шаруашылығын дамытып, балық өсіруге, егіншілікті дамытуға игі әсерін тигізер еді.

Айта кету керек, су қоймасын салу Жем өзені мен қолда бар және болашақта игерілетін су ресурстарын кешенді пайдалануға мол мүмкіндік туғызары сөзсіз.

Алдағы уақытты Жем өзеніне судың қаншалықты мөлшерде келетіні жоспарлы түрде алдын ала зерделеніп, өзен арнасын терендету, жағалауын нығайту жұмыстары тұрақты жүргізілетін болады.

Иә, өтер іс өтті. Алапат тасқынның зардаптары жойылды. Бұның өзі аудан басшысы ретінде мен үшін үлкен сынақ, тағылымды сабақ болды.

2024 жылғы су тасқыны — ауыр сынақ қана емес, ел бірлігінің, төзім мен сабырдың айғағы.

Бұл апат қауіп-қатер төнген сәтте Жылыой халқының ынтымағы арта түсетінін көрсетіп, мемлекеттің қамқорлығын және халықтың рухани биіктігін тағы бір дәлелдеді.

Тасқын өтті, тағылым қалды. Табиғаттың кезекті тексеруінен абыроймен өттік деп есептеймін, болашақта алдымыздан шығар кез-келген сынаққа да дайынбыз деп нық сеніммен айта аламын.

Жылыой халқының жігері мықты, еңсесі биік, бұл — кез-келген қиындықты жеңуге жетелейтін қасиет!

**Жұмабек
ҚАРАЖАНОВ,**
Атырау облысы,
Жылыой ауданының әкімі



Сөз маржаны

ЖЫЛОЙДЫҢ АЙТҚЫШТАРЫ

Өткен ғасырда Жылойда ойы орамды, сөзі салмақты, тілі өткір, әзілі ұтқыр айтқыштар аз болмаған. Олардың бір тобын көпшілік «Жылойдан жеті қуы» деп атапты.

БАҚТЫБАЙ АҚЫН

Бақтыбай толықша, орта бойлы, бетінде шешек дағы бар бұжыр қара кісі болыпты. Өлеңді табан астында шығарып, өзіндік әуезбен, орташа қоңыр дауыспен термелете айтатын болған.

АМАНБЫСЫҢ, СҰРАУБАЙ

Шегем Бақтыбай ақын бір жиынға келсе ақын Сұраубай Үттібаев өлең айтып отыр екен. Бақтыбайды танымайтын жас ақын өлеңді төкпелете, толассыз айтып, кезек бермепті.

Сұраубай бір тыныс алғанда Бақтыбай домбырасын қаттырақ шетіп-шертіп жіберіп, термелей жөнеледі:

– Аманбысың, Сұраубай,
Жарамадың, шырағым,
Амандық, саулық сұрауға-ай,
Өлең айтсаң дұрыс айт
Сөз айтпа мұндай құранды-ай!

Сол кезде Сұраубай ұшып тұра келіп, Бақтыбайдың қолын алып, кешірім сұрапты.

ҚҰРДАСЫНЫҢ ӘЙЕЛІНЕ АЙТҚАНЫ

Бақтыбай Жем бойында отырған Хасен құрдасына кездеседі, Хасен үйіне ертіп келіп, есіктен кіре:

– Қатын, көрпе сал, қонақ келді, — деп дауыстағанда әйелі:
– Қайдағы қонақ, сенің қонағың таусыла ма, — депті.

Артынан келе жатқан Бақтыбай сол сөзге орай былай деп өлеңдетіпті:
Хасен сорлы неғылсын,

Мені сыйлап шақырды.
Есіктен аттай бергенде,
Есектей қатын ақырды.
Осындай қатын алғаннан
Хасенжан-ау, алмағаның мақұл-ды.
Ұялып қалған әйел:
– Ойбай, құрдас екен ғой, – деп, әзілге айналдырып, қызыл қуырдақ,
күрен шәймен аттандырыпты.

ҮЙІНЕ АСАНҒАЛИ КЕЛІП ЖЕТТІМ

Бақтыбай Доссор кентіндегі «келсең, соқпай кетпе» деп жүрген Асанғали құрдасының үйіне барады. Келген жерден әйелі ананы айтып, мынаны айтып, кетер деген оймен көже ғана береді. Асанғали көрінбейді. Оның үйде барын сезген Бақтыбай әндетіп қоя береді:

Доссорға барайын деп талап еттім
Көңілімді бөтен ойдан талақ еттім.
Ағайын, қатар, жүрген құрдасым деп,
Үйіне Асанғали келіп жеттім.
Әйелі «ет жоқ еді» деп баян етті,
Көрмедім Асанғали қарабетті.
Әйелі көже берді жәйін айтып,
Көжеден бір-екі ұрттап бердім қайтып.
Асанның мүшкіл етіп күйі-жәйін,
Салғаны мен келгеннен сары уайым,
Есептеп шотқа соғып қойған екен
Айтады жаман қатын берген шәйін.
Бұны естіген Асанғали түкпірдегі бөлмеден шыға келіп, құрметпен қой
сойып, көрші-қоланды шақырып думандатыпты.
– Артында әзілі қалмаса құрдастың несі құрдас, – депті кейіннен.

БОЗДАН ЖАДЫРАБАЙҰЛЫ

Боздан колхоз құру ісіне белсене араласып, ауыл совет төрағасы, колхоз бастығының орынбасары, ферма менгерушісі болып жұмыс жасаған. Әзілқой, тапқыр, қулығы мол кісі екен. Жаратпайтын адамының атын атамай «кертпенқұл», «тегіс жуан», «жылансырт», «шойнақ», «кесік құлақ» т.б. деп атайтын болыпты.

МЕН ӨЛГЕНДЕ...

«Бозекең қатаң ауру» дегенді естіп, Құлсары мешітіндегі намаздан кейін «дүмшесі» бар, «сымағы» бар, Уәли бастаған бес-алты молда Бозекеңнің көңілін сұрауға келеді. Келсе кең бөлменің қақ ортасында Бозекең жатыр екен. Бетін селдір ақ матамен жауып қойыпты. Бұлар келіп Бозекеңді айнала отырады. Бозекең қимылдамайды. Тым-тырыс, үнсіз жата береді. Бұлар аңғарып қараса екі қолы екі жағында, екі саусағының арасынан бас бармағын шығарып жатыр.

Біраз отырғасын Уәли молда нөкерлеріне шығуға ымдайды.

– Не білдіңдер? – деп сұрайды Уәли сыртқа шыққасын қасындағылардан. Олар иықтарын көтереді.

– Боздан «жарлы адаммын» деп жатыр, – дейді Уәли. – Бармағын шығарғаны – «ертең мен өлгенде мынауымды аларсыңдар» дегені.

АУЫЛҒА ЖЕТУДІҢ АМАЛЫ

Боранқұлда Боздан мен Сағындық көрші тұрыпты. Екеуі әзілдес, қатар адам, бір-бірімен қатты ойнайды. «Қарақұм» совхозының директоры Әміров Ешмұқан деген кісі Сағындыққа күйеу екен. Түнгі пойыздан түскен Бозекен таң атпай Опорныйдағы директор Ешмұқанның үйіне келіп:

– Мен Құлсарыда жүр едім. Рациямен шұғыл хабар салыпты. Ауылға тез жетсін, «Сағындық қатаң» депті. Ендігі жүріп кеткен болар, байғұстың балашағасына қиын болды-ау! Боранқұлға тез жетейін, көлігіңмен көмектес, – депті директорға.

– Қатаң десе, кім біліпті, тұз-дәмі таусылмаса тірі болар, бізге де жекжат қой, жаманат болса хабарлауы керек еді, – деп, Ешмұқан өзінің «ГАЗ-69» машинасын беріп, Бөкеңді Боранқұлға аттандырыпты. Ол кезде Опорный мен Боранқұлдың арасына көлік сирек қатынайды, алпыс шақырымдалалық. Келгесін Бозекен ат басын тура Сағындықтың үйіне тіреп, шоферге:

– Сен кідіре тұр. Тыныштық сияқты. Сағындық сірә қайтпаған болар. Мен кіріп шығайын, – деп, үйге кіріп, біраздан соң қайта шығып:

– Паралич соғып қатты құлаған екен, жас сорпа, қою шай ішіп терлеп, беті бері қарапты, директорына сәлем айт, – деп шоферды қайтарып жіберіпті.

Сағындық бұл кезде бұраубай басында жұмыста жүрген көрінеді.

ҚҰТЫЛУДЫҢ АМАЛЫ

Бозекен Боранқұлда үйіне келе жатса, көрші Кейкіннің әйелі жолығады.

– Ауылда кім бар? – деп сұрайды үй сыртындағы машинаға көзі түсіп.

– Ой, әлгі Мырзағұл антұрған ғой, Кейкіннің құрдасы. Разведкаға жұмысқа келген екен. Мас. Үсті-үстіне арақ сұрап мазамызды алып болды. Кетер емес, – дейді.

Кейкіннің одан құтыла алмай отырғанын сезген Бозекен екі үйдің арасында әрлі-берлі жүгіріп, еңтігіп Кейкіндікіне кіреді. Қара тер, үсті-басы алқа-салқа.

– Жай ма, жарқыным? – деп үйдегілер үрпиісіп қалады.

– Қайдан жай болсын. Бүгін үш күн болды. Сағындық құтырып ауырып, кол-аяғын байлап, құдыққа салып бағып отырмыз. Ауылда машина жоқ еді, мына машина жақсы келді ғой. Құдай сәтін салар, пақырдың бағы бар екен. Осы машинаға саламыз. Барғанша үш жігіт ұстап отырады. Құлсарыға барғасын әрі қарай мелисамен апарар, бізге тек Құлсарыға жеткізсек болды.

– Апара алмаймын, – деп Мырзағұл шоршып түседі.

– Е, неге?

– Бұл машина разведкіге жұмысқа келді.

– Шырағым, мында келгесін Сәбеттің қарауыңдасың. Мына Сәбеттің қаулысы саған да, маған да заң. Қане, Кейкін, мына шөпірге қаулы шығарып бер.

– Ойбай, машинама Құлсарыға жарамайды. Өзім де ауырамын.

– Мынау қикандап отыр ғой. Қане, қаулыңды шығар, қикандаса рациямен Құлсарыға хабарлаймын! Осыдан құтырған Сағындық кісі өлтірсе мына шөпір жауап береді.

– Мәрім кеңседе қалды, мәрсіз қаулы пайдаға аспайды ғой, – деп Кейкін шарасыздық білдіргендей болады.

Сол екі ортада Мырзағұл жылыстап шығып кетеді де машинасымен тайып тұрады.

Бұларға керегі де осы еді.

ЫҚСАН АТШЫБАЙҰЛЫ

Ықсан Атшыбайұлы 40-ыншы жылдары «Киров» колхозында басқарма болған, тілге ұста, әзіл сөзге шебер кісі екен. Боздан Жадырабайұлымен дос-жолдас болып өткен. Екеуінің арасындағы әзіл-қалжындар, өнегелі әңгімелер халық арасында кең тараған.

ҮШ САЙ ҚАЛАЙ БӨЛІНГЕН

1946 жылдың ерте көктемінде Маңғыстауға қарайтын Үш сай, Шиланды деген жерлерге Жылыой ауданы малдарын төлдетпек болады. Сол жердегі Маңғыстаулық малшыларға қыстауларынан ерте көшуді хабарлауға басшылар Боздан мен Ықсанды жібереді. Олар ертесіне жолға шығады. Екі күн жол жүріп, Үшсайға құлайды. Бір малшы ауылға келсе, шай қайнаулы, бұларды күткен Маңғыстаулық жігіттер бар екен.

Қиын кезең, елдің негізгі қорегі тары мен сүт, сары май. Бұлар келген соң бес-алты қонақтың алдына үлкен зеренмен бөріткен тары әкеледі. Ортасына сары май құйылған. Екі күн бойы жөнді тамақ ішпеген Бозкең мен Ысекең бір-біріне қарапты. Ойлары – сары майды қалай бұру. Сол кезде Боздан Ықсанға қарап:

– Сен кеше байқадың ба, Үш сай қалай бөлінген? – деп сұрайды.

– Жоқ, байқамадым.

– Менің байқауымша былай бөлінген сияқты, – деп, Боздан қолындағы қасықтың қырымен зерендегі үюлі тұрған тарыны үш тіліп, ортасындағы сары майды өздерінің алдына қарай ағызып алыпты.

НАҒАШЫЛАРЫМ АШТАН ӨЛГЕН-АУ

Ертеңіне Маңғыстаулық жігіттермен ел аралап келе жатқанда әр жерден молалар кездеседі. Кездескен сайын Боздан:

– Бұлар менің нағашыларымның моласы, – деп, айта беріпті. Оның нағашылары Адай екен. Кеште бір ауылға қонуға келгенде Ықсан:

– «Аштан өлген адамның моласы болмайды» деуші еді. Бүгіндікке нағашыларымның моласы көрінбеді ғой, – депті. Оның нағашылары Таз руынан екен, Боздан сол рудан. Тапқыр сөздің өзіне қарата айтылғанын бірден аңғарған руы Боздан күліп жіберіпті.

КОЛХОЗДЫҢ АЛАЖАҒЫ

Жылыой өңірінде Дүйіс, Сары деген ауқатты кісілер болған. Олар заманында әзіл сөзге жүйрік, қалжыңды түсіне білетін адамдар екен.

1946 жылы колхоздан қарызға тары, мал алған адамдардың бермектерін 10 күн ішінде жинап алу туралы қаулы шығып, әр колхоздан алажақтарын жинауға өкілдер шыққан. Солардың бірі болып Бозекен, оның қасына өшетшік (счетчик) болып Кейкін Ықсанұлы ерген. Олар тізім бойынша елді жағалап, колхоз дүниесін жинастырып бола келгенде Сарқырауықта отырған Дүйіс шалдың үйіне кез келеді. Боздан қасындағы Кейкінге:

– Қазір Дүйістің үйіне барамыз. Мен колхозға бережағың бар деймін, сен мені мақұлда. Тізімде жоқ боса да үндеме, – дейді.

Кешке қарай екеуі Дүйістің үйіне келеді. Есік алдында оншақты жандық бар екен. Жолаушылар Дүйіске амандасып, Боздан:

– Елдің колхозға бережақтарын он күн ішінде жинау туралы қаулы шықты, соны жинап жүрміз, сіздікі де бар көрінеді, – депті.

– Әй, Боздан ку, сенің сөзіңе сенбеймін, менің басқарма ініме бережағым жоқ сияқты еді, әй балам, сен де бір сазарып қалған неме екенсің, мына қудың сөзі шын ба? – деп сұрайды Дүйіс. Бозекеннің сөзін қия алмаған Кейкін:

– Мен ештеңе білмеймін, алажақты жинау үшін ғана еріп жүрмін, осы кісі біледі, – деп Бозданға сілтейді. Сонда Дүйіс шал:

– Әй, ку, сенің сөзіңе сеніп отырған жоқпын, бірақ інім қысылса көмектесемін. Ана есіктің алдында он шақты жандық бар, соны алындар, – депті.

Бозекен он саулықты Құлсары базарына әкеліп сатып, сол мезгілдегі қат заттарды алып, ауылдағы жоқ-жітікке бөліп беріпті.

ІНІМЕ КӨҢЛІМ ТОЛДЫ

Жемнің төменгі бойында сөзге шешен, ескі әңгімелерді, тарихты жақсы білетін Шарға таз Әжмұхан деген кісі болған. Баласы Сұлтан көп жылдар есеп қызметінде болды. Кәзір Әжекеңнің немерелері Ақтау, Жаңа Өзен қалаларында тұрады.

Сол Әжекеңді сөйлетейін, Бозекенді сынамайын деп Ықсан:

– Әжеке, Жемнің жоғары бойында Келдібай Боздан деген бар, төменгі таздарды таз деп есептемейді, – дейді.

Әжмұхан оған:

– Сол Бозданды маған кездестірші, өзінің қандай адам екенін көрейін, – дейді.

Ықсан Бозданды ертіп әкеліп, екеуін жүздестіреді. Боздан жөнінде әңгімені көп естіген Әжекең онымен әңгімелесіп, інісінің ақылына көңілі толып:

– Өрелеген атты өрге жібермейтіндерді қозғалтпайтын балам екенсің, – деген екен. Сонда Ықсан қалжындап:

– Ә, қорқайын дедің бе, – дегенде, Әжмұқан:

– Қорықсам інімнен қорықтым. Көрдім, көңілім толды, жай сайқымазақ емес, ел азаматы екен, – депті.

АРЫЗҚОЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ықсан колхозға басқарма болып көшіп келе жатқанда Боздан қасына үш-төрт арызқой адамды ертіп, «көш көлікті болсын» айтайық, апайға сәлем берейік деп Бақаның (жер аты) тұсынан қарсы алыпты. Ықсанның жиырма шақты қойы, тауықтары, екі есегі, екі иті бар екен. Бес-алты жыл колхозға басқарма болған Ықсан басқа жұмысқа ауысып, кейін көшеді. Боздан тағы да баяғы көшті қарсы алған адамдарды ертіп келеді. Қоштасып тұрып:

— Ә, ә... колхозымыздың малы түгел екен, — депті қасындағыларға қарата. Бес-алты жыл басқарма болғанда Ықсан досының артынан «жеп кетті, алып кетті» деген сөз ермесін деген әдісі екен.

Бозекеннің ертіп жүргендері атақты арызқойлар болған.

ЕШТЕНЕ ДӘМЕТУГЕ БОЛМАЙДЫ

Ықсан қайтыс болғанда Бозданға хабар береді. Қайғылы хабарды естіген Бозекен:

— Ықсанды алған құдайдан енді ештеңе дәметуге болмайды, — деп теріс қарап жатып қалыпты.

ИСА МАЙЛЫБАЕВ

Колхоз бастығы, совхоз директорының орынбасары болып ұзақ жылдар жұмыс істеген аулшаруашылығы маманы. Адамға қатты айтпайтын, бірақ біреудің әдепсіздігі, орынсыз мәселе қоюы жөнінде айтайын дегенін жай қақпай сөзбен шебер жеткізетін кісі болған.

ЕСКІШЕ МЕ, ЖАҢАША МА?

1962 жыл екен. Оның алдыңғы жылы ақша ауысқан болатын. 10 сомға бір сом. Адамдар дүкенге барып товар сатып алайын дегенде, не сауда жасарда алмақшы затының арзан-қымбатын анықтарда әуелі ескі ақшамен мөлшерлеп, сосын жана ақшаға аударып жүрді. Міне, сол кезде жайлауға малшылар көшеді. Жүктіеп-түсіретін, мал айдасатын, қысқасы малшыларды көшірсетін қосымша адам күші қажет болады. Сондай шаруамен совхоз директорының орынбасары Исекеңе бір ферма басқарушысы келеді. Шаруасын айтып малшыларды көшірісуге 30 адам сұрайды. Исекең ондай адам жоқ екенін, сұраныстың орынсыз екенін меңзеп;

— Қосағасы, мына сұрап тұрған адамың ескіше ме, жаңаша ма? — депті.

БАЙҚАП ҚОЙ

Исекең темекі тартады екен. Ол кезде баласы Қабдеш 9 класта оқитын. Әкесінің үйдегі папиросынан ептеп алып тартып жүреді екен. Исекең оны сезіп қалып:

— Қабдеш, екеуміздің темекіміз азайып қалыпты, біреу-міреу алып жүр-ау, байқап қойшы, — депті.

КАДР ТАҢДАУ

70-ші жылдардың бас жағында Гурьевте ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық мәжілісі болыпты. «Коммуниз таңы» совхозының директоры Тұрдығали Мәмбетов еңбек демалысында болады да оның орнына Исекең барады. Жиналғандар қонақүйге орналасады. Кеште Исекең орналасқан люкс бөлмеге бір топ директор жиналады, қонақ болады, преферанс ойнайды. Екі мәрте ойында Теңіз ауданынан келген совхоз директоры ұтыпты. Үшінші партия басталғаннан оның қолы жүрмей, мизер айтқанда құлап, бес алыпты. Ол ашуланып, картты жыртып лақтырып, «ойнамаймын» деп кетіп қалыпты. Қалған ойыншыларға қарап Исекең:

— Осы облыстық партия комитеті кадр таңдауды дұрыс білмейді. Совхозға директор тағайындау үшін әуелі преферанс ойнатып, тексеріп алу керек қой, — депті.

ЕНДІ КЕЛМЕЙ-АҚ ҚОЙШЫ

Исекең ауырып жатады. Ондайда дәстүрге сай ауыл адамдары, ескі таныстары көңіл сұрап келіп тұрады ғой. Өзімен құрдас біреуі 2-3 рет келіпті. Келген сайын:

— Ойпырмай, Исеке-ай, жүдеп қалған екенсіз, әлсіреп қалған екенсіз, — деп айта беріпті. Исекең әлгі сөзге төзе алмай:

— Енді менің көңілімді сұрамай-ақ қойшы, топырақ салуға бір-ақ келерсің, — депті.

ҚАЖЫМҰҚАН ДЕП ЖҮР МЕ ЕКЕН?

Бірде Исекең гаражда қызметкерлерге тапсырма беріп тұрса алдында тұрған машина кейін жүріп кетіп, аяғын басып қалады. Содан бір айдай үйде емделсе керек. Көңілін сұрай келгендерге:

— Антұрған, Жәрдемхан (жүргізушінің аты) мені Қажымұқан деп жүр ме екен, — деген екен.

ОЛАРДЫ ҰРЫП ҚОЙМАСА БОЛМАЙДЫ

Ферма орталығы Майкөмгенде тәнертең кеңсеге келе жатқан Исекеңді шала мас бір шофер тоқтатыпты. Кеңсе алдында Исекеңді күтіп тұрған кісілер алыстан манағы кісінің қолын сермеп, Исекеңе бірденелер айтып, қайта-қайта құлап-тұрып жүргенін көрген.

Исекеңді күтіп тұрғандар:

— Исеке, жаңағыны қатты ұрдыңыз ғой, — депті. (Иса кішкентай кісі болатын).

— Исекең:

— «Е, оларды сөйтіп ұрып қоймаса болмайды», — деген екен.

ҚАРНЫҢНЫҢ ЕТІ

Ауылдас, жеделдес ағасы Айсекең жақсы ішетін кісі екен. Бірде дәрігерлер:

– Қарнында жара бар, – дейді. Содан Айсекең:

– Мұнан былай арақты қойдым, – депті. Бір аптадан кейін қызара бөртіп келе жатқанда оны көрген Иссекең:

– Қарныңның еті қандай жақсы еді, аға, жарасы тез біте қойған, – деп, жеңіл әзілдесе керек.

ХАЛТ, ХЕНДЕ ХОК!

Ұлы Отан соғысына қатысқан Иссекең соғыстағы бір ерлігіңізді айтыңыз деген балдыздарына:

– Күзетте түн ортасында қалғып отырған дос орыс жігітін қорқытпақ болып, немісше:– «Халт, хенде хок!» – деп айқайлап, орныма келіп жата қалдым. Қорыққан күзетші аспанға оқ атып, полкты аяғынан тік тұрғызды.

Осындай бір «ерлік» жасап едім, – деп, балдыздарын күлкіге қарық қылыпты.

АЙТҚАЛИ СҰЛТАНОВ

Атырау өңіріне атағы жайылған ақжүрек ағалардың бірі. Қызылқоға ауданында аупарткомның бірінші хатшысы, Жылойда ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметтерін атқарған.

ІШКЕ ОТЫРҒЫЗЫП АЛАМЫЗ

Айтекең бірде облыс орталығына жиналысқа барып, сол сәтті пайдаланып Новобогаттағы жекжаттарына сәлемдесіп қайтуды ұйғарыпты. Хатшы жалғыз жүре ме, қасында шөпірден басқа тағы бір жолдасы бар екен. Оны астауға мінгізіпті. Қаладан шыға бере милиционер тоқтатып, шөпірге ұрса бастапты.

– Жабдықталмаған қорапқа неге адам мінгізесің, праванды әкел, – деп жекіріп жатқанда Айтекең:

– Қарағым, қазақ баласысың ғой, мына шөпірге ұрсып-ұрсып қоя бер, былайырақ шыққасын ана кісіні кабинге мінгізіп аламыз ғой, – деп ара түсіпті.

Милиционер күліп жіберіп:

– Аға, ішке үшінші кісіні отырғызғанның айыбы астауға мінгізгеннен екі есе ауыр болады. Ал, сіз таза қазақ екенсіз, сол үшін босатайын, – депті.

МОТОРЫ ТҮСІП ҚАЛЫПТЫ

Жұмыс бабымен кештетіп сиыр ауылға соққан Айтекең әрі жүрейін десе, шөпірі:

– Айтеке, жаңа байқамап па едіңіз, жолда көлденең жыраға кездескенде машина қатты шоршыды ғой, – депті. Сонда Айтекең:

– Е, байқадым, төбемді соғып алдым деп айттым ғой саған, – дейді жайбарақат.

– Сол жерде моторым түсіп қалыпты, көлікпен барып алып келмесем машина қозғалар емес.

– Ой, ақымақ, тоқтап моторды салып алу керек еді ғой, бар, алып кел, – деп өзін қоярда қоймай дәмге шақырып тұрғандарға ілесіпті.

Сөйтсе, қу шөпірдің осы ауылда алайын деп жүрген қалыңдығы бар екен...

КӨЙЛЕГІҢ БАСҚА ЕДІ ҒОЙ

Ертеректе машина жоқ, бастықтар атпен жүретін болған. Шаруашылықты аралап түнделетіп ауылға оралған Айтекең қатты шаршап, ат үстінде мызғып кетіпті. Көлігі кілт тоқтаған кезде көзін ашса, ат бір ағаш қақпаға келіп тұр екен. Қараңғыда әрі ұйқылы-оюу Айтекең қайда келіп тұрғанын анық айыра алмай тұрғанда үйден бір әйел шығыпты. Бұл:

– Қарағым, аупарткомның бірінші хатшысы Айтқали Сұлтановтың үйі қайсы? – деген екен.

Әйел үндеместен қақпаны ашып, атты жетектеп, үйге кіргізе беріпті. Ат үстінен еңкейіп өз жұбайы Ғайниды таныған Айтекең:

– Ғайнимысың, әй, антұрған, тәңертең көйлегің басқа еді ғой, – депті.

ҚОЙЫС ШОТЫҚБАЕВ

Мұнай барлау саласында ұзақ жылдар басшы болған, беделді, қатарға жағымды, ілтипатты азамат болған кісі. Әсіресе әзілқойлығымен, юмормен сөйлеуге шеберлігімен танымал болған.

ШӨЛДЕСЕҢ СУДЫ БАЙҚАП ІІІ

Бірде жаздың ыстықтау кезінде бір топ барлаушы бұрғылау алаңына кетіп бара жатады. Жолшыбай су атқылап жатқан бұрқаққа (фонтан) тоқтайды. Автомашинадан Қойысекең шелек алып тезірек барып су ішіп жатады. Қойысекеңмен қатар, әрі әзілдес Алдонғаров Құмар ілесе жетіп:

– Ау, қашаңғы ішесің, біз де ішейік, – деп Қойысекеңді асықтырады. Бұл ішіп болмайды. Су жерге төгіліп жатады. Біраздасын Қойысекең:

– Мә, тіпті дұрыс ішкізбедің ғой, – деп қауғаны бере салады. Сөйтсе бұл адам ішпейтін ащы су екен. Қойысекең суды ішкен болып, жерге төге берген ғой. Аңқаулау Қүмекең мұздай суды ащы екенін сезбей тартып алады да жолшыбай іші кетеді.

МЕКТЕПТІ ҮЙГЕ ЖАҚЫНДАТ

Жылыойда бұрғышы, барлау тобының бастығы, орталық қызмет бастағы болып, Қараарна, Прорва, Теңіз кен орындарын ашуға үлес қосқан барлаушы Ержанов Жұмабай мен Шотықбаев Қойыс құрдас, дос, жұмыстас болған. Екеуі техникумда бірге оқыған. Қара-арнада разведка бастығы болып тұрғанда бір күні әйелі Жұмабайға:

– Осы анау шеттегі мектепті біздің үйдің жанына көшіріп салуға болмай ма? – депті.

– Е, неге?

– Кеше қалаға барып едім, Қойыс жалғыз баласы Сүлейменнің оқуы үйдің қасында болсын деп школды үйінің жанынан салдырып жатыр екен. Сен де дырдай бастық емеспісің. Тым болмаса бес балаңа пайдаң тисін, олар сөмке арқалап ел шетіне қашаңғы барып жүреді?!

Пәленің Қойыстан келгенін білген Жұмабай:

– Қой, шалабынды шайқама. Қойыс сені алдаған ғой, – депті.

САПАРБЕК СӘРСЕНОВ

Ұзақ жылдар бойы «Кең Жылой» газетінде еңбек етті. Балаларға арналған төрт өлең кітабы шыққан. Сәкеңнің суырып салмалығы да бар еді. Сәкең айтты деген шумақтар оны білетіндер арасында кең тараған.

ТҰМСЫҚ ТУРАЛЫ

Бірде Сәкең бір құрдасының үйінде өткен тойда үй иесінің өтінішімен асаба болады. Дастархан басындағылар небәрі жиырмашақты адам екен. Әуелі қонақтардың үлкендеріне рет-ретімен сөз беріледі. Алты-жеті тостыдан кейін шеткірек отырған біреу қызыңқырап қалса керек, Сәкеңе қарата:

– Әй, тамада, күйеу бала, тұмсығың қоқайып, өзгені көруден қалдың ғой, – деп маған неге сөз бермейсің дегендей кейіп танытады.

Сонда Сәкең:

Қайнаға-ау, пұшықтықтың қырсығынан,

Көп мұрын жапа шекті қыршынынан.

Қалауын қарындасың тапқан жоқ па,

Не зиян көріп едің тұмсығымнан? – деп әлгі қайнағасына сөз береді. Жұрт жарасымды әзіл-қалжыңға риза болып, дастархан басы қыран-топан құлкіге бөленіпті.

ОТЫЗ ЖЫЛ ОЗА ШАУЫП

Наурызға орай өтіп жатқан мерекелік кеште Сәкеңді «жезде» деп әзілдесе беретін бір келіншек «Ағажан» әнін шырқайды. Әншінің әуезді үніне елтіген Сәкең:

Шіркін-ай, әнің дертке ем-дәрі екен,

Төрінен жүрегімнің алған мекен.

Өзіңмен қатар тумай айналайын,

Отыз жыл оза шауып нем бар екен, – дейді.

Осы сәтте отырған қыздардың бірі:

– Ағай, қатар туғанда не болар еді? – деп қалады. Ақын мүдірместен:

– О-о, онда қаным ойнап сынаптайын,

Алысып ауыздықпен құр аттайын.

Оралып көк шалғынға шомылар ек,

Ар жағын сен сұрама, мен айтпайын, – деген екен.

Отырғандар тосын да ойнақы жыр шумағына риза болыпты.

Ел аузынан жиып-теріп журналға жолдаған:

Нұрдәулет АҚНАЗАРОВ,

Атырау облысы, Жылыой ауданының Құрметті азаматы



«Жұлдыздың»
шеберлік мектебі

Жоржи
АМАДУ



КҮРЕС ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МЕЙРАМЫ

(сұхбат)

– Жазумен шұғылданғаныңызға қырық бес жыл болды, жиырма роман жаздыңыз. Кім үшін, не үшін жазасыз?

– Менің өмірім мен шығармашылығым халықтың өмірімен тығыз байланысты. Мен халықтан үйрендім және бүкіл шығармашылығымды түгелімен соған арнадым. 1931 жылы жарық көрген «Карнавал елдері» атты романнан бастап «Соғысудан жалыққан Тереза Батистаға» дейінгі жазғанымның бәрі Бразилия халықтарының, атап айтқанда, Байя халқының арасында өмірге келіп, сонда дамып-өркендеді.

Байя – сиқырлы өлке, Бразилия сол жерден басталады, какаоның әлемдегі ең ауқымды алқабы сонда орналасқан. Мен жас кезімнен жаза бастадым, балалық шағым тым еркін өтті, сол жерде туып-өстім, жазғанымның бәрі сол өңірден тамыр тартып жатыр.

– Әлемнің отыз жеті тіліне аударылған «Байя жазушысы», өзіңіздің әмбебаптығыңызды қалай түсіндірер едіңіз?

– Өз елі мен өз уақытының жазушысы болып, халқының шындығы туралы толғанған адам ғана әмбебап қаламгер бола алады. Әлемнің әр түкпірінде тұратын адамдар Байя халқын танып-білуге қызығушылық танытты. Егер мен, айталық, формашыл-жазушы болсам, олар бүйтіп қызықпас еді. Еуропада ондаймен айналысатын жазушылар менсіз-ақ толып жатыр.

– Халықаралық деңгейде танылуыңыз өміріңізге қандай да бір өзгеріс әкелді ме?

– Ешқандай. Мен тек жазған кезде ғана жазушымын, одан басқа ешкім емеспін. Сосын қарапайым өмір сүріп жатқан, өмірді сүйетін кәдуілгі адаммын. Менің достарым көп – барлық жерде бар. 1948 жылдан бастап 1950-інші жылдың соңына дейін Парижде тұрдым, сол кездегі достарым әлі де қасымда. Осыдан жиырма жыл бұрын тамақтанатын мейрамхананың

кожайыны үшін мен — жай ғана «кітап жазатын бразилиялық мырзамын». Базарда немесе көшеде кездесіп қалатын Байя халқының өкілдері үшін кәдімгі Жоржимін. Әрине, мені көп адам оқиды, кітаптарым жүздеген мың таралыммен шығып жатыр, бұл рас; мәселе мынада — халық менің кітаптарымнан өзін көреді. Соған қарамастан, жай ғана «Жоржимін».

— Қаламыңыздан шыққан туындылардың бәрін жинақтай келіп, тағы бір рет көз жіберіңізші, солардың бәрінде «халықтың шындығымен» байланысып тұрған не нәрсе?

— Өз халқымның мінезі жайында жазғанымның бәрі де сол. Біз — қан араласуынан пайда болған халықпыз, ақ нәсілділердің — негізінен, португалдардың, үндістердің және негрлердің қаны араласуынан біз дүниеге келдік. Негрлерден қайрат-қажыр, өмірсүйгіштік пен төзімділік бойымызға сіңген. Кейбір елдердің, мәселен, Мексиканың тұрғындарымен салыстырғанда бізде үндіс қаны аз, сондықтан Бразилия халқы торығуға салынуды білмейді; сосын бізді отарлаған — өлімді көп ойлайтын, сондықтан өміртанымы қасіретке бейім испандар емес, португалдар ғой.

Осындай будандасу, әртүрлі нәсілдер мен қан араласуы — нәсілдік мәселені шешудің таңғажайып үлгісі, кейбір елдерде, мысалы АҚШ-та бұл мәселе әлі күнге дейін шешімін таппай отыр. Менің ойымша, Бразилия будандасу арқылы гуманизмді дамытудың әлемдік үрдісіне орасан зор үлес қосты, бұл оның елден ерек таланты мен өмірлік қуатының қайнар көзі. Менің кітаптарым осы бұлақтан бастау алады.

— Бразилияда билік құрып тұрған әскери режимнің осыдан 12 жыл бұрын орнатқан (Кастелу Бранкудың үкіметі 1964 жылы бірқатар антидемократиялық шаралар қабылдап, соның салдарынан Бразилияда әскери диктатура орнатылды — аудармашы) идеологиялық бақылауы мен қуатты насихат жұмыстарын жүргізуі ел мәдениетін табиғилықтан айыру қатерін төндірмей ме?

— Мәдениетті табиғилықтан айыру, мәдени дамудың жатжұрттық формаларын таңу әрекеттері өзіміз ұлт ретінде қалыптаса бастаған кезден бері жүріп жатыр, бірақ біз ештеңеге қарамастан ұлттық мәдениетімізді өркендетуді жалғастырып келеміз. Ондай қатер бар және аса ауқымды, бірақ мен халқымыздың рухани қайсарлығына сенемін; Бразилия зиялы қауымының қайсарлығы таң қаларлық, тіптен белгілі бір деңгейде қаһармандықпен ұштасып жатыр.

Мәселен, Шико Буарки ди Оланданы (1944 жылы туған бразилиялық музыкант) алайық, танымал композитор, цензура оған қарсы бітіспес күрес ашты, өйткені оның әндерінен халықтың үні есіп тұрады. Менің пайымдауымша, жеке басының ар-намысын қорғау, күрестен тайсалмау, не істеу керектігін анық түсіну тұрғысынан Шико көптеген елдердің зиялы қауымының өкілдері үшін үлгі бола алады. Ол ешқашан торығуға бой алдырмайды, «жағдай қиындаған сайын жақсара түседі» деген өтірікті ешқашан айтпайды; «амалымыз қалмады» деген шарасыздыққа ешқашан ұрынбайды. Бес ән жазса цензура соның бесеуіне де тыйым салады, енді ол алтыншысын, жетіншісін жазады — әйтеуір біреуі жарыққа шығады, цензура қапы қалып, әлгі әнді бүкіл халық айтып жүргенін бір-ақ біледі.

– Менің түсінгенім бойынша, цензура эстрадалық әндерге, теледидар мен радиоға қатал қарайды, бірақ әдебиетке олай емес сияқты. Сонда қалай, әдебиет әлсіз болғаны ма?

– Әдебиет әлсіз емес. Егер тарихи-әдеби үрдісті тұтас қарастырсақ, біз оның аса қуатты қару екеніне көз жеткіземіз. Теледидар мен радио хабарлары – өтпелі дүние. Танымал әндердің ғұмыры ұзағырақ болады. Ал жақсы әдебиет – ғасырлар бойы ұмытылмайды. Бір мың алты жүз бірденесінші жылдары жазған Грегорио Матосты (отарлық кезеңдегі бразилиялық сатирик-ақын, 1633-1696 жж.. – аудармашы) алайық – оның өлеңдері әлі де маңызды, ал өзі әлі де наразылықтың ақыны, оның поэзиясы адамдарға бүгін де сұрапыл әсер етеді. Мәселе мынада, тікелей әсер ету тұрғысынан теледидардың мүмкіндігі көп. Жақсы бағдарламаларды 15 миллионнан бастап 20 миллионға дейін адам көреді. Ал кітап, мысалы Калладоның кітабы әр жолы 10 мың данадан үш рет басылып шықты. Әр кітапты бес адам оқыса 150 мың адамнан тұратын оқырмандар аудиториясы пайда болады. 20 миллион телекөрсеткішпен салыстырғанда бұл түк емес. Сондықтан да цензура бірінші кезекте бұқаралық ақпарат құралдарын нысанаға алады, ал әдебиет өз мақсатына араға біраз уақыт салып барып жетеді.

– Сізге неге ешқашан цензуралық шектеу қойылмаған?

– Ыңғайсыздау болса да айтайын, цензура кейбір адамдарға тиісе алмайды, өйткені менің атым Бразилияда кең танымал. Сұрағыңызға сұрақпен жауап берейін: Бразилияның (Бразилияның астанасы) жоспарын неліктен әлі де Оскар Нимейер жасап жүр? Өйткені ол әлемдегі ең ұлы сәулетші. Мен, әрине, ұлы жазушы емеспін, Байядан шыққан кішкентай ғана қаламгермін, бірақ халқым мені жақсы көреді, шет елдерде танымалмын, жанжал шығып кетеді деп қауіптенетін болар.

Екінші жағынан, 1971 жылы Бразилияда алдын-ала цензура дегенді енгізбек болғанда өзімнің жақын досым, кейін марқұм болған Эрико Вериссимо (1905-1975 жж.. өмір сүрген бразилиялық жазушы – аудармашы) екеуіміз ондай цензура енгізілетін болса кітаптарымызды Бразилияда жариялаудан бас тартамыз деп мәлімдеме жасадық. Біздің мәлімдемемізге Бразилиядағы барлық жазушылар мен суретшілер қосылды, сөйтіп алдын-ала цензура енгізілмей қалды...

– Цензураның қысымына қарамастан, Бразилия әдебиетінде назар аударуға тұрарлық қандай жаналықтар өмірге келді деп есептейсіз?

– Бұл – Бразилия халқының ең үздік салт-дәстүрімен тығыз байланысып жатқан байыпты әдебиет, басқаша айтқанда, Бразилияның ұлттық тақырыптары мен адамдарын зерттейтін ғылым. Қазір роман саласындағы алуан түрлі тәжірибе жасау үрдіске айналған, мен оны пайдалы деп есептеймін: шығармашылығын жаңғыртуға, жаңа формалар іздеуге әркімнің де хақы бар.

Атап шығайын ба? Ең алдымен Эрико Вериссимоның, Карлос Друммонд де Андраденің, Виниссиус да Мораэнстің, Аденис Фильбенің есімдері ойға оралады. Жастардың арасынан Кампос де Карвальо, Жоан Убальдо Рибейро

секілді тамаша романистерді атар едім. Грасилиано Рамос пен Жозе Линс де Рега тәрізді Латын Америкасының классиктері мен өзімнің досым, тілге жаңалық енгізудің аса көрнекті өкілі Гимараэнс Роза туралы айтып та тұрған жоқпын.

– Сізді, Жоржи Амауды «белгілі бір топтың мүддесін көздейтін жазушы» дейді. Ескі де жаңа мәңгілік тақырып: біреулер «топ мүддесін көздеме» жақсы әдебиет шықпайды деп есептейді, екіншілері «топ мүддесін көздеу» әдебиеттің түбіне жетеді деп пайымдайды, үшіншілері әдеби шығармашылықпен айналысу дегеннің өзі әу бастан саясаттан бас тарту дегенді білдіреді деп соғады. Сіздің пікіріңіз қандай?

– Менің ойымша, шығармашылығында саясаттан толық тысқары қалған бірде-бір жазушы жоқ – қаншама қашқақтасаң да саясатты айналып өте алмайсың... Өз басым адам ретінде, азамат ретінде осынау буржуазиялық қоғамды қорғаштаған автордың романын көркем туынды ретінде мадақтайтын сөздер табыла қоймас деп ойлаймын.

...Меніңше, «топ мүддесін көздеуден» әдебиет өспейді де, өшпейді де. Әдебиетті көкке көтеретін де, құзға құлататын да жазушының таланты ғана.

Хорхе Луис Борхестің шығармашылығын алыңыз. Саяси тұрғыда одан бойынды аулақ салуға болады, саяси сенімім бойынша мен оған мүлдем ұқсамаймын, бірақ оның аса көрнекті жазушы екенін қалай жоққа шығарасың? Сол үшін оны қаралаудан қандай пайда бар, жалпы, «топ мүддесін көздегені» үшін жазушыға күйе жағудың керегі жоқ. Толыққанды әдебиет ондай қаралауға қарамастан-ақ өмір сүріп, толыға береді.

Өз басым «топ мүддесін көздеу» арқылы әдебиет жақсара түседі деп есептемеймін, дегенмен жақсы жазушының халықты жақтап, халықтың дұшпандарына, қанаушыларға қарсы шығуына септігін тигізеді деп пайымдаймын.

– Енді соңғы сұрақ. «Сиқырлы жер» туралы жазғаныңызға қарамастан, сіз реалист жазушысыз. Әдебиеттегі реализм туралы ұстанымыңыз қандай?

– Реализм ешкімге шектеу қоймайды, ал реализмді шектемек болған адам сол арқылы оны жалғандыққа итермелейді... Реализм – күн нұрына бөленіп тұрған, сонымен бір мезгілде қара түнекке шым батып бара жатқан, әрі қарапайым, әрі таңғажайып болмысты көркемдікпен бейнелеу.

– Өлім туралы ойланасыз ба – мен әдеби өлімді айтып тұрмын? Шығармаларыңызды жүз жылдан кейін де оқиды деп есептейсіз бе? – Ол жайында ойлап көрмеймін. Мен тек қолымнан келгенінше еңбек етіп, әдебиетті дамытуға өз үлесімді қосқым келеді. Кейбір жазушыларды көзі тірісінде оқып, өлген соң оқымайды, кейбіреулерді – керісінше. Әдебиетте кімнің тағдыры қандай боларын кім біліпті?

Бір ғана нәрсені айта аламын: жазушының қаны кітаптарында ағып тұрса, онда шынайы өмір бейнеленіп, автордың жүрек соғысы байқалатын болса, шығармаларында халықтық мереке де, күрес те көрсетілсе, ондай кітаптардан әйтеуір бірдеңе қалады.

1976 жыл.

Сұхбатты аударған
Нұрлан ҚАМИ



Жұлдызнама

АЙ

Күннен кейінгі көзге алдымен шалынатын аспан денелерінің бірі – Ай. Ай бізге (Жерге) ең жақын орналасқан аспан денесі. Ол – Жердің табиғи серігі. Ай Жерден 380-385 мың км-дей қашықтықта. Диаметрі жағынан Ай Жерден 4 есе, ал массасы жағынан 81 есе кіші. Ғалымдар түрлі тәсілдермен айға дейінгі қашықтықты сан рет анықтай отырып, бұл қашықтықтың 384 мың км екендігін дәлелдеді. Ай – жердің табиғи серігі. Ол біздің планетамызды айналып тұрады. Ай Жерге үнемі бір жақ бетімен көрінеді. Өйткені ол бір мезгіл ішінде Жерді және өзінің осін айналып шығады. Айдың жерді толық айналып шығуына бір ай уақыт керек. Ай бізге жарық болып көрінеді. Оның себебі, Айдың жерге қараған бетіне күннің сәулесі түсіп, жарықтың шағылысуы нәтижесінде Ай жарқырап көрінеді. Айда суда, ауа да, атмосфера да жоқ. Онда дыбыста болмайды. Бұл жағынан алғанда Ай – дыбыссыз, тым-тырыс, қараңғы дүние. Ол жарық пен жылуды Күннен алады. Айдың жылу өткізгіштігі аз. Сондықтан, оның қызуы (температурасы) әр уақыт тұрақты болады. Айдың Күн жақ бетінің қызуы 120-130°C, ал жылы көлеңке жақ бетінің қызуы 150-170 °C суық. Ғалымдар Айдың көзге көрінетін жағын жақсы зерттейді. Онда қоңыр түсті теңбілдер байқалады. Метеоридтер ұдайы соққылағандықтан Айдың беті тегіс емес. Онда ой-қырлар, шұңқырлар, кратерлер, таулар көп. Таулардың биіктігі 9 км-ге шейін барады. Қазаншұңқырлардың (кратерлердің) түбі тым терең. Сондықтан болар оларды астрономия ғылымында «теңіздер» деп атайды. Бізге Айдың қашан да бір жақ беті ғана көрініп тұрады. Ай Жер сияқты өз осінен айналады және Жерді айналады. Жерді бір рет айналу мерзімі – 27-29 тәулік. Жер Ай мен Күннің арасына дәл келген кезінде ай тұтылады. Ай фазасы әрдайым өзгеріп тұрады. Соған байланысты ол «жаңа туған ай», «ширек ай», «жарты ай», «толған ай» болып аталынады. Әр айдың 15-і кезінде Ай Күнге тура қарама-қарсы тұрады да, бізге толған ай болып көрінеді. Бұл кезде Күн де батады, Ай туады (Ай да батады, таң да атады). 15-інде толған Ай одан кейін кеми береді. Кеміген сайын ол 50 минуттай кешеуілдеп туып отырады. Бара-бара Ай таусылып, «өліара» (ескі Ай мен жаңа Айдың аралық кезі) басталады да, ай көрінбей кетеді. Себебі, бұл кезеңде Ай Жер мен Күннің екі арасына келеді де, бізге оның қараңғы беті қарап тұрады.



Қадірлі ағайын!

*2026 жылға «Жұлдыз» журналына жазылу жүріп жатыр.
Әр айдың 10-на дейін жазылсаңыз, келесі айдан бастап журнал
қолыңызға тиеді.*

Жеке адамдар үшін	қала	ауыл	Мекемелер үшін	қала	ауыл
Индекс: 75685	бағасы	бағасы	Индекс: 25685	бағасы	бағасы
1 айға	1183,86		1 айға	1449,52	1403,86
3 айға	3551,58		3 айға	4348,56	4211,58
6 айға	7103,16		6 айға	8697,12	8423,16
12 айға	14 206,32		12 айға	17394,24	16846,32

«Жұлдыз» журналына жергілікті «Қазпошта» бөлімшелері, сондай-ақ «Эврика пресс», «Евразия пресс», «Ернұр пресс», «Қазпресс» мекемелері арқылы жазылуға болады.

Құрметті оқырман!

*«Жұлдыздың» электрондық нұсқасын **juldyz.info**
сайтынан оқи аласыздар.*

Juldyz (Star): 050000, Almaty, pr. Ablai-khan 105; tel. 8 (727) 272-59-44;
f. 1922; monthly; magazine of Writers of Kazakhstan; literary, artistik,
socio-political; **Editor-in-Chief Dauren KUAT**

Мұқабаны даярлаған М.Тұрсынов.

Нөмірдегі авторлардың фотосуреттерін әзірлеген —

Б.Байғонысова.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ: 050000. Алматы қаласы. Абылай хан даңғылы, 105-үй, 1-кабат.

Байланыс телефондары: 8 (727) 272-59-44, 8 (727) 261-65-74. **E-mail:** juldyz_kz@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасының байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада № 12121-Ж куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Қазақстан Жазушылар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қаласы)

Айына 1 рет шығады. Таралым 5000. Тапсырыс 2237. Басуға қол қойылды: 10.10.2025 ж.

Қағазы 70x108 1/16. Офсетті басу. Баспа табағы 13.

Журналды жеткізу және тарату ісі жергілікті байланыс мекемелерінің міндетінде.

Журнал редакцияда теріліп, беттеліп, «Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында басылды.

С. Мұқанов, 223 «В».